

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ 902(574)631/635:929

Оспанов Ерболат Берікұлы

Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры

6D020800- археология және этнология

Философия докторы (PhD)

Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:

Ж.К. Таймагамбетов

Тарих ғылымдарының докторы

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Раду Йовита

PhD доктор, Нью-Йорк университеті

Жоспар

Белгілеулер мен қысқартулар.....	3
Кіріспе.....	4
11. Х.А. Алпысбаевтың интеллектуалды биографиясы мен ғылым-педагогикалық қызметі.....	16
1.1 Отандық археология мен тұлғатанудың теориялық-методологиялық мәселелері.....	16
1.2 Х.А.Алпысбаевтың ғалым ретінде қалыптасуы және оған ықпал еткен ғылыми орта.....	26
2. Х.А. Алпысбаев және әлемдік археология.....	38
2.1 Х.А. Алпысбаевтың Еуразия аумағындағы тас дәуірі мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары.....	38
2.2 Ғалымның Костёнки-стрелецкая археологиялық мәдениетін зерттеуге қосқан үлесі.....	48
2.3 Х.А. Алпысбаев еңбектеріндегі палеометал дәуірі мен жартас суреттерінің сауалдары.....	60
3. Х.А. Алпысбаевтың Қазақстан тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесі: тарихи-археологиялық және тарихнамалық талдау.....	71
3.1. Х.А. Алпысбаевтың палеолит дәуірі ескерткіштерін зерттеуі және ғылыми тұжырымдамалары.....	71
3.2. Мезолит және неолит мәдени-тарихи кезеңдеріне қатысты ғалымның ізденістері.....	85
3.3. Ғалымның жарық көрмеген тас ғасыры ескерткіштері мен материалдары: ғылыми айналымға енгізу тәжірибелері.....	96
Қорытынды.....	112
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	115
Қосымша А.....	128
Қосымша Б.....	133
Қосымша В.....	135

Белгілеулер мен қысқартулар

АН – Академия наук
БҒМ – Білім және ғылым министрлігі
ВКП – Всесоюзная коммунистическая партия
ҒА – Ғылым академиясы
ҒК – Ғылым комитеті
ИА – Институт Археологии
КазССР – Казахская Советская Социалистическая Республика
ҚазҰУ – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы
КСР – Кеңестік Социалистік Республикасы
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ЛБ – Ленинград бөлімі
РАИМК – Российская Академия истории материальной культур
ССР – Советская Социалистическая Республика
УССР – Украинская Советская Социалистическая Республика

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Диссертациялық жұмыс Алпысбаев Хасан Алпысбайұлының Қазақстан тас дәуірін зерттеуге қосқан үлесіне арналған. Жұмыста ғалымның өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметі концептуалды ойлары, тұжырымдамалары мен пайымдамалары баяндалған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Интеллектуалды биографиялық жанр тарихи зерттеудің арнайы түрі болып табылады. Ғылым дамуына өз үлесін қосқан ғалымдардың еңбектерін саралау ісі соңғы жылдары отандық археология тарихнамасында дамып келе жатыр. Мұның өзі бірнеше факторлар арқылы түсіндіріледі: біріншіден, тұлғатану арқылы ғылыми-тәрбиелік мәні жоғары құнды мағлұматтар алынады әрі белгілі бір ғылым қайраткерінің соқпақты тағдыры жүйеленеді; екіншіден, жеке ғалымдардың ғылыми ізденістері сараланып қана қоймайды, сонымен қатар жалпы ғылымның дамуы да таразыланады; үшіншіден, зерттеушілер ғұмыр кешкен ортаның мәні мен сол замандағы уақыт лебі де зерделенеді. Осы тұрғыдан келгенде, биографиялық жанрдың өзіндік мәні мен мағынасы, археология тарихнамасында да алар орны мен рөлі зор екендігі байқалады.

Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев – отандық археологиядағы ірі тұлға, ұстаз, ғылымды ұйымдастырушы әрі кәсіби маман. Саналы ғұмырын археологияға арнаған Х.А. Алпысбаев тас ғасырын зерттеуге мол үлес қосты, соның ішінде отандық палеолиттану, мезолиттану және неолиттану салаларында өлшеусіз еңбек етті, осы салалардың негізін қалады десе де болады, сондай-ақ әлемдік археология тарихында қомақты орны бар костёнки-стрелецкая археологиялық мәдениетінің ескерткіштерін зерттеуге атсалысты, ішінара қола дәуірін, жартас суреттерін зерттеуге де арнады. Ол ондаған жылдар бойы өзінің археологиялық зерттеулерін ұйымдастырып маңызды деген бірнеше тарихи-археологиялық мәселелерді көтерді, қызықты ғылыми тұжырымдар жасады.

Алайда әлі күнге дейін отандық археология тарихнамасында ғалымның сан салалы ғылыми қызметін, педагогикалық жұмыстарын, көпқырлы келелі ойлары мен тұжырымдамаларын талдап, ғылыми үлесін бағамдап берген, іргелі пайымдамаларын таразылаған еңбектердің жазылмай жатқандығы да белгілі болып отыр. Мұның өзі біздің тарапымыздан көтеріліп отырған тақырыптың өзектілігін нақты көрсетеді. Өз кезегінде Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың еңбектерін зерделеудің көкейкестілігі бірқатар сауалдардың аясында тоғыстыруға болады.

Біріншіден, Х.А. Алпысбаевтың өмір мен шығармашылығын талдау – зерттеушінің заманындағы қазақстандық ғалымдардың да еңбектерін сараптамадан өткізуге мүмкіндік береді;

Екіншіден, отандық археология ғылымының қалыптасуына және дамуына қатысты сауалдарды көтеру сынды мәселелерді қоюға септігін тигізеді;

Үшіншіден, зерттеушінің ғылыми көзқарастарының қалыптасуы мен дамуын зерттеу отандық тарихнамадағы археология тарихы секілді дербес ғылыми бағыттың дамуына жола ашады;

Төртіншіден, ғалымның тұжырымдарына шынайы талдау жүргізу әлі күнге дейін ғылымда шешілмей жатқан мәселелерді оңтайлы қарастыруға практикалық тұрғыдан маңызға ие бола алады.

Сайып келгенде, Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың ғылыми қызметін шынайы әрі толыққанды тереңдетіп қарастыру уақыт пен жаңа белеске көтеріліп дамып келе жатқан отандық тарих ғылымының, соның ішінде қазақстандық археологияның заманауи талаптарынан туындап отыр.

Қазақстан археологиясына мол үлес қосқан Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың ғылыми-педагогикалық және ғылымды ұйымдастырушылық қызметін зерделеу зерттеу нысаны болып табылады.

Ал диссертациялық ізденіс зерттеу пәніне ғалымның өмір жолы, қоғамдық қызметі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары кіреді.

Зерттеу жұмысының негізгі хронологиялық шеңбері Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың өмір сүрген жылдарын қамтиды. Сонымен қатар, ол тапқан ескерткіштер бойынша одан кейін жасалып жатқан далалық ізденістер диссертацияда ішінара жүйеленгендіктен, оның хронологиялық шегінің жоғарғы тұсы қазіргі уақыттарды да қамтиды.

Диссертациялық жұмыстың аумақтық шеңбері Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев жүргізген кеңістіктіктегі масштабты, яғни Қазақстан аумағын, Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы жерлерін де қамтып отыр. Жекелеген теориялық-методологиялық, т.б. сауалдар бойынша Орталық Азия аумағы да қамтылады.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі

Қолдағы материалдар отандық археология тарихнамасында Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың ғылыми шығармашылығы туралы жазылған іргелі ізденістердің жоқтығын көрсетіп отыр. Ол жайында ХХ ғасыр соңғы жылдарына дейін ешқандай мәселелер көтеріле қоймады. Жазылған еңбектердің дені естеліктер, еске алу тұрғысында болғандығын да айта кеткен жөн. Мәселен, 1998 жылы Түркістан қаласында Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың мерейтойына қатысты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды [1]. Бұл жиынды ғалымның мерейтойына орайластырып Ж.Қ. Таймағамбетов ұйымдастырды. Оған бірнеше зерттеушілер қатысып, өз естеліктерімен бөлісті. Ж.Қ. Таймағамбетов жинағында Х.А. Алпысбаевтың ғұмырнамасына тоқталып кетті [1, 6-11 бб]. Одан басқа Х.А. Алпысбаевтың жұмысы барысындағы сол кезеңдегі жаналықтары мен жетістіктері туралы Р.Сүлейменовтың мақаласынан көре аламыз [1, 14-17 бб]. Сонымен қатар Х.А.

Алпысбаев жайлы О. Смағұлов, А.Г. Максимова, Н.О. АлдабергенOV секілді ғалымдар ойларымен бөлісті [1, 18-26 бб].

Барлығы зерттеушінің ғылым жолындағы жетістіктеріне тоқталып өтіп, бірлі-жарымды естеліктерін айтып кетті. Дегенмен бұл мақалалардың басым бөлігі мемуарлық сипатта деп тұжырым жасауға болады. Зерттеушінің ғылыми-шығармашылық мұрасына нақты-тарихи талдау жасаған мақалалар саны аса көп еместігі де байқалады.

Кейіннен Х.А. Алпысбаев туралы археолог Д.С. Байгунаков өзінің шағын мақаласын жариялады [2, 3-5 бб]. Оның мақаласы «Х.А. Алпысбаев және Қаратау тас дәуірі ескерткіштерінің сауалдары» деп аталынады. Автор жоғарыдағы конференцияда сөз сөйлеген мамандардың пікірлеріне шағын талдау жасап өтті де, зерттеушінің Қаратау өңіріндегі атқарған далалық ізденістеріне татымды баға берді.

Ол әлемдік археология саласындағы Х.А. Алпысбаевтың Қаратау жоталарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының алатын орнын нақты көрсетіп берді, осындағы түрлі археологиялық нысандардың өзіндік маңызын бағамдай алды. Дегенмен автор мақаласында зерттеушінің тек Қаратау өңірінде жүргізген стационарлық ізденістерімен ғана шектелген еді.

Бұдан кейін Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев ғұмырнамасы мен ғылыми шығармашылығы туралы біздің тарапымыздан мақала жарияланды [3, 277-281 бб].

Біздің тарапымыздан зерттеушінің өміріне қатысты мұрағаттық құжаттар негізінде биографиялық талдау жасалынып, бұрын беймәлім болып қалып келген бірқатар жайттар, әсіресе оның отбасына қатысты, әлеуметтік жағдайы жайлы, оқыған кезіндегі және жұмыс істеп жүрген жылдарындағы өмірінің қалтарысты тұстары туралы бірқатар мәселелер нақтыланды әрі толықтырылды.

Айта кету керек, Х.А. Алпысбаев еңбектерін жүйелеу тас дәуірі ескерткіштерінің зерттелуімен тікелей байланысты. Ол алғашқылардың бірі болып палеолиттік ескерткіштердің зерттелу тарихына тоқталып кеткен. Нақты айтқанда өзінің «Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана» атты іргелі еңбегінде отандық палеолиттанудың қалыптасуын бір ізге түсірді [4]. Автор еңбегінде өзінің кейбір ізденістерінің нәтижелерін де көрсетті. Осы бағыттағы жұмыстарды кейіннен археолог Ж.Қ. Таймағамбетов те біршама жандандыруға тырысты. Бұл зерттеуші өзінің «Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч.Валиханова» атты монографиясында палеолиттану тарихын ішінара толықтырып кетуге талпынды [5]. Дегенмен негізгі материалдар автор тарапынан қысқаша мазмұнда әрі шолу түрінде ғана берілген болатын. Кейіннен Ж.Қ. Таймағамбетов [6, 22-40 бб.] «История изучения палеолита Казахстана» деген тақырыптағы мақаласында палеолиттік ескерткіштердің зерттелу тарихын біршама толыққанды сипаттап кетті. Мәселеге кеңінен келіп, өзі ашқан бірен-саран ескерткіштерді де осы жұмысында көрсетіп берді. Ол 1980 жылдар ортасына дейінгі ғана палеолиттік ескерткіштердің зерттелу

тарихын баяндап шықты, соның ішінде Х.А. Алпысбаев зерттеген нысандарды атап кетті және оның отандық археологияға қосқан үлесін бағамдап өтті. Кейіннен Ж.Қ. Таймағамбетов шәкірті Д.С. Байгунаков та Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың ғылыми мұрасын жүйелеуге біршама үлесін қосты. Ол да өзінің кандидаттық диссертациясында қазақстандық палеолиттік ескерткіштердің зерттелу тарихын толымды түрде жүйелеп шықты [7, 29 б]. Алайда Д.С. Байгунаковтың ғылыми ізденісі алдыңғы авторлардың еңбектеріне қарағанда біршама толыққанды әрі мазмұнды болып шыққан. Біріншіден, ол әрбір ескерткіштен алынған материалдарды, табылған еңбек құралдарының үлес салмағын, ескерткіштердің мәдени-тарихи орнын, т.б. сондай – ақ жекелеген археологиялық нысандарға қатысты сауалдарды жан-жақты баяндап берген; екіншіден, ол сонымен қатар Х.А.Алпысбаев зерттеген мезолит пен неолит дәуірлерінің ескерткіштерін де жүйелеген еді. Еңбегі сонысымен де құнды. Нәтижесінде Д.С.Байгунаков тарапынан Қазақстан тас дәуірінің мәселелеріне қатысты бірегей еңбек жазылған деуге болады. Тас дәуірінің үш мәдени-тарихын кезеңін саралаған еңбегі кейіннен бірлескен монография түрінде жарияланды [8].

Дегенмен жоғарыда аталған ғалымдардың ешқайсысы да Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың ғылыми мұрасын толымды түрде зерттеуді алдарына мақсат етіп қойғандығы байқалмайды. Өйткені зерттеушілердің барлығы да басқа мәселелер төңірегінде, яғни өз ғылыми ізденістерінің мақсаттарына қарай өзіндік сараптамалық ойларын өрбіткен еді.

Жалпы алғанда, Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың еңбегі әріптестері тарапынан ішінара болса да үнемі бағаланып отыр. Мәселен, Д.С. Байгунаков пен Ғ.Т.Бексеитов [9, 11-15 бб] «Қаратау өңіріндегі палеолит ескерткіштері және жаратылыстану ғылымдары: зерттеулер, әдістер және нәтижелер» деп аталатын баяндамаларында ғалымның далалық ізденістері жайлы аздап қаузап кетті.

Авторлар Х.А. Алпысбаев Қаратау өңірінен 200-ден аса тас дәуірінің тұрақтарын тауып, ғылыми айналымға енгізді деп оның еңбегін жоғары бағалады. Мұнымен толық келісуге болады.

Тағы да айта кететін бір жайт, Х.А. Алпысбаев ғылыми мұрасы ішінара болса да тас дәуірі мәселелеріне қатысты басқа тақырыптар қозғалған кезде көтеріліп отырды. Әсіресе өткен ғасырдың екінші жартысында ғалымның әріптесі болған Алан Георгиевич Медоевтың (1934-1980) ғылыми ізденістерін саралаған жұмыстарда да көрініс тапты. Геолог әрі археолог А.Г. Медоев туралы ең алғашқы рет ғылыми мақала жазған Д.С. Байгунаков болып табылады [10, 92-95 бб]. Ол биографиялық жанрда А.Г. Медоевтың ғұмырнамасына тоқталумен шектелмей тас дәуірі сауалдарына қатысты көзқарастарына тарихи-археологиялық тұрғыдан баға берді де, негізгі тұжырымдарын талдап, озық пікірлерін тереңдете талдап өтті.

Кейіннен Қазақстан жоғары палеолиті мәселелерімен шұғылданған археолог Д.Ожерельевте А.Г. Медоев ізденістеріне баға беруге талпынды [11].

Әдетте бұл екі ғалымды зерттеушілер қазақстандық палеолиттанудың негізін қалаушылар ретінде таниды. Көптеген ғылыми еңбектерде жүргізілген талдау жұмыстарында екеуінің отандық палеолит дәуірі мәселелеріне қатысты ойлары, пайымдаулары қатар жүреді. Олардың палеолиттануға қосқан үлесін құрметпен бағалау академик Ж.Қ. Таймағамбетов [12] еңбектерінде де жиі кездесіп жатады.

Көрнекті археолог Ж.Қ. Таймағамбетов өз кезегінде Х.А. Алпысбаевтың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ешқашан қаперінен шығарған емес. Бұл зерттеуші новосібірлік ғалымдармен бірлесіп жариялаған бірнеше монографияларында Х.А. Алпысбаевтың ғылыми тұжырымдамаларын оңынан бағалап кеткен [13, 14, 15]. Археолог Ғ.Т. Бексеитов те өзінің ғылыми еңбегінде Х.А.Алпысбаевтың Қаратау палеолитін зерттеудегі рөлін жоғары бағалаған болатын [16, 206-212]. Ол зерттеушінің кейбір ғылыми тұжырымдарын одан ары дамытуға талпынған болатын.

Ресей археологы А.А. Цыбанков болса Х.А. Алпысбаевтың Қаратау жотасы Ақкөл көлінің маңындағы археологиялық зерттеулеріне жоғарғы баға бере отырып ашылған тас ғасыры ескерткіштері қазіргі таңда жаңа көз қарастағы қайта зерттеулерді талап етеді деген [17].

Қазақстандық археологтар ізденістерін ағылшын тілінде жарнамалаумен айналысып жүрген Ренато Сало, Жан-Марк Деом сынды шетелдік әріптестердің еңбектерінде Х.А. Алпысбаев жайлы мәселе толықтай көтеріле қоймады [18]. Дегенмен жанама немесе жалпылама түрде болғандықтан бұл аталған ғалымдардың еңбектерінде Х.А. Алпысбаевтың ғылыми мұрасына толыққанды баға беріле қоймады, негізгі мақсаттары басқа болғандықтан зерттеушілердің барлығы да ғалымның бірлі-жарымды көзқарастарын, ғылыми ұстанымдарын атап кетумен ғана шектелген еді.

Х.А. Алпысбаев жайлы энциклопедиялық басылымдарда да ғылыми-көпшілік мақалалар жарияланды. Олардың арасынан Ж.Қ. Таймағамбетов [19, 298 б], Д.С. Байгунаков [20], З.Н. Төлєнова, т.б. [21] еңбектерін атап кеткен абзал. Әрине, бұл анықтамалық басылымдарда Х.А. Алпысбаевтың өмір дастаны жайлы азды-кемді мәліметтер берілді. Мысалы, өзінің мақаласында Ж.Қ.Таймағамбетов жалпылама түрде мәлімет беріп, ғалымның негізгі зерттеулерін, оның ішінде Бөріқазған, Тәңірқазған сынды ескерткіштерді тапқандығын айтып өтті. Оны ары қарай өрбіткен Д.С.Байгунаков Отарар өңіріндегі Х.А. Алпысбаев тауып зерттеген Жаңашілік-1-3, Маятас, Шілік, Тасқотан, т.б. ескерткіштер туралы ғана баяндады, ал З. Төлєнова ғалымның Қазақстан археологиясына қосқан үлесін атап кетумен шектелді. Мұндай қысқа көлемдегі ақпараттар беретін жұмыстарды анықтамалық еңбектердің мақсаты мен міндеттерінен туындаған деуге де болады.

Сайып келгенде, жоғарыда талданған еңбектерде Х.А. Алпысбаев өмірбаяны мен ғылыми шығармашылығына қатысты біршама тұжырымдар жасалған деуге болады. Мұның өзі Х.А. Алпысбаевтың көпқырлы ғылыми тұлғалық қасиетін де айғақтайды. Зерттелініп отырған мәселеге жасалынған

тарихнамалық талдау бүгінгі күні Х.А. Алпысбаев ғылыми мұрасы, оның ғылымға қосқан үлесі туралы кешенді еңбектің жоқ екендігін нақты көрсетеді. Қолдағы бар материалдар, яғни жоғарыда аталынған еңбектер Х.А.Алпысбаевтың жекелеген қырларын ғана ашады. Алайда әлі күнге дейін оның өмірі жөнінде, ғылыми шығармашылығы жайлы біртұтас әрі жан-жақты еңбектің болмай тұрғандығы анық байқалады. Мұндай жағдай біздің тарапымыздан көтеріліп отырған мәселенің өзектілігін тағы бір нақтылай түседі. Әрі Қазақстан археологиясында өзіндік қолтаңбасын қалдырған зерттеушінің отандық ғылымға қосқан үлесін саралау қажет екендігін нақты аңғартады.

Зерттеудің деректік қоры

Диссертациялық ізденістің деректік қоры бірнеше топтан тұрады. Бірінші топқа мұрағаттық құжаттарды жатқызуға болады. Ең алдымен ҚР ЖБҒК «Ғылым ордасы» архивіндегі Х.А. Алпысбаевтың жеке дербес №Ф81.ОП1 қорын атаған ләзім. Бұл қорда ғалымның жеке құжаттары, фотолар, отбасылық фотолар, т.б. сақталған. Одан кейін біздің тарапымыздан пайдаланылған зерттеушінің отбасылық жеке қоры да бар екендігін ескерткіміз келеді. Сонымен қатар келесі бір деректік-мұрағаттық қор Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтында сақталып тұр. Институт мұрағатында Х.А. Алпысбаев басқарған археологиялық отрядтардың ғылыми есептері, суреттері, сызбалары, күнделіктері, т.б. сақталған. Бұл материалдардың барлығы Х.А. Алпысбаевтың өмір белестерін нақтылауға, қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұнын айқындауға, жұмыстарының нәтижелерін таразылауға және оның үлесін бағамдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертант ғылыми тағылымдама аясында Санкт-Петербург қаласында болып, ондағы мұрағат қорымен де жұмыс істеді. РҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының архивінде Х.А. Алпысбаевтың 1954 ж. аспирантурада білім алуы мен оның кандидатық диссертациясын қорғау кезеңі бойынша бізге беймәлім деректер мен құжаттар жинақталып диссертацияда көрініс тапты. Сондай-ақ Х.А. Алпысбаев өмірінің қалтарыста қалған беттерін жаңғыртуда аталған зерттеушілердің еңбектері, соның ішінде хаттары да пайдаланылды.

Қарастырылып отырған тақырып бойынша екінші маңызды деректік қорды жарияланған материалдар құрайды. Ең алдымен Х.А. Алпысбаев жазған монография ерекше маңызға ие. Одан басқа бұл археологтың ғылыми-көпшілік еңбектері, ғылыми мақалалары, тезистері, т.б. өзіндік құндылығымен ерекшелінеді. Олар ғалым өміріндегі әртүрлі кезеңдерінде жазылды. Зерттеушінің ғылымға қосқан үлесін саралау үшін еңбектерінің маңызы өте зор әрі сол материалдардың негізінде ғалымның тарихи мәселелерге қатысты көзқарастарын таразылауда таптырмас деректік қор болып табылады.

Үшінші топтағы деректік қорды Х.А. Алпысбаев ғылыми мұрасына қатысты зерттеулер, оның ғұмырнамасы туралы естеліктер, сұхбаттар, бұқаралық-ақпараттық құралдардағы материалдар, т.б. құрайды. Төртінші топтағы зерттеудің деректік қорды энциклопедиялық басылымдар, оларға

шыққан Х.А.Алпысбаев жайлы еңбектер, бұл ғалымның анықтамалық басылымдарға жарияланған еңбектері құрап отыр. Сайып келгенде, зерттеудің деректік қорында жинақталған материалдар құрамы әркелкі және ақпараттық ресурсы қомақты әрі жан-жақты. Мұның өзі отандық археологияға өзіндік ғылыми үлесін қосқан Х.А. Алпысбаев ғылыми-педагогикалық ғұмырнамасы туралы толыққанды әрі шынайы ақпарат алуға, оның ғылыми-шығармашылық мұрасын тиянақты зерделеуге мол мүмкіндіктер туындатады. Зерттеудің деректік қорына жасалынған талдау Х.А. Алпысбаевтың ең алдымен Қазақстан тас дәуірі мәселелері бойынша еңбек етіп, танымалдылыққа ие болғандығын нақты көрсетеді. Қорыта айтқанда, біздің қолда жинақталған қомақты деректік қор алдымызға қойылған мақсат пен міндеттерді шешуге толық мүмкіндік береді деп айта аламыз.

Диссертациялық жұмыс мақсаты Х.А. Алпысбаевтың археологиялық ізденістерін, ғылыми-педагогикалық қызметін кешенді әрі жүйелі түрде зерттеу болып табылады.

Алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге тарихнамалық шолу жасау, дереккөздерін талдау;
- археолог Х.А. Алпысбаевтың биографиясы мен кәсіби қызметін толыққанды сипаттап шығу;
- ғалымның ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметінің негізгі ғылыми бағыттарын, сүбелі еңбектерін зерттеу;
- зерттеушінің костёнки-стрелецкая археологиялық мәдениеті ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесін таразылау;
- археолог-маманның палеометалл дәуіріндегі, жартас суреттері секілді алуан түрлі ескерткіштерді зерттеуге қосқан үлесін бағамдау;
- археолог Х.А. Алпысбаевтың отандық палеолиттануды қалыптастырудағы рөлін саралау;
- ғалымның қазақстандық мезолиттану мен неолиттануды дамытуға бағытталған ізденістерін сараптамадан өткізу;
- далалық ізденістер кезінде ғалымның тауып, зерттей алмай кеткен бірқатар ескерткіштердің материалдарын техникалық-типологиялық талдаудан өткізіп ғылыми айналымға енгізу;
- кезінде археолог зерттеген ескерткіштердің бүгінгі жай-күйін талдау, оларда басқа мамандар тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғастырылған болса, онда археологиялық нысанның одан кейінгі зерттелу тарихын жүйелеп, ғылыми маңызын айқындау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерінен туындап отыр. Ол нақты фактілерге және олардың рас екендігіне сүйенетін тарихилық, шынайылық принциптеріне негізделген. Жұмыста мәселені өрбуі мен өзара байланыста көрсетуге молынан мүмкіндік беретін жүйелілік ұстаным пайдаланылды. Зерттеу барысында ғылыми және

жалпығылыми принциптер мен ұстанымдардың барлығы қолданылды. Әсіресе деректанулық, тарихнамалық, тарихи-археологиялық, онтологиялық, проблемалық-хронологиялық, сипаттау, тарихи-генетикалық, логикалық (анализ, синтез, индукция), тарихи-салыстырмалы секілді жалпыға белгілі тарихи талдау әдістері жүйесіне сүйендік. Х.А. Алпысбаевтың қомақты ғылыми мұрасын логикалық тұрғыдан реттеп бір жүйеге келтіру мақсатында қалпына келтіру әдісі де қолданылғандығын айта кетуге тиіспіз. Сонымен қатар Х.А. Алпысбаевтың кеңестік дәуірде өмір сүрген кездегі ғылыми көзқарастарына ықпалын тигізген идеяларды кеңінен түсіну мақсатында жұмыста биографиялық және тарихи-антропологиялық ұстанымдар, дереккөздік сыни әдістер кешені де пайдаланылды. Бұл әдістер мен ұстанымдардың әрбірі өзіндік сипатымен ерекшелінеді. Мысалы, биографиялық әдіс Х.А. Алпысбаевтың азамат, кәсіби маман әрі ғалым болып қалыптасуын, жеке адами қасиеттерінің дамуын, мәдениеттілігін, зияткерлік болмысын және этикалық талғамдарын айқындауға жетелесе, қолданылған негізгі кешенді әдістер зерттеушінің отандық тас ғасыры археологиясына қосқан үлесін нақты түрде бағамдауға жол ашады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Диссертациялық зерттеу жұмысындағы басты ғылыми жаңалығы – археология тарихнамасында Х.А. Алпысбаевтың тек палеолиттанушы, қазақстандық палеолит дәуірін зерттеуші ретінде қалыптасқан бейнесін ғана емес, оның отандық және әлемдік ғылымдағы көпқырлы қызметін тиянақты көрсетуімен ерекшелінеді. Отандық археологияда толымды әрі тиянақты түрде алғаш рет:

1. Алғаш рет интеллектуалды биография жанрында ғалым Х.А. Алпысбаев жайлы жаңа көзқараста мәліметтер берілді. Х.А. Алпысбаевтың археолог маман ретінде қалыптасу жолына белгілі ғалымдар М.Е. Массон, А.П. Окладников, П.И. Борисковскийлер өз ықпалдарын тигізді.

2. Х.А. Алпысбаевтың археолог, тарихшы, өнертанушы ретіндегі ғылыми және педагогикалық қызметі кешенді әрі жан-жақты зерттелді;

3. Ғалымның костёнки-стрелецкая археологиялық мәдениетін, жарта суреттерін, қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізген «паспортизация» жұмыстарын, әлемдік тас ғасыры археологиялық мәдениеттерінің даму ерекшеліктерін айқындап берген ізденістеріне баға берілді;

4. Ғалымның археологиялық ізденістері бір жүйеге түсіріліп, ашқан ғылыми жаңалықтарына сараптамалық талдау жасалынды да, отандық палеолиттану, мезолиттану және неолиттануға қатысты далалық ізденістері жүйеленіп, негізгі концептуалдық ойлары сараланды;

5. Зерттеу жұмысында жеке тұлғаның ғұмырнамасын тарқатып беру негізінде қазақстан тас дәуірі археологиясының даму белестері мен негізгі кезеңдерінде атқарылған далалық ізденістер жүйеленіп, кеңіс дәуіріндегі Қазақстан тас ғасыры қортындылары мен жетістіктері таразыланады.

6. Археолог тарапынан материалдары жинастырылып зерттелмей қалған бірқатар ескерткіштері Саудакент, Сарыкөл, Құршабақты, Шолақтау материалдары алғаш рет техникалық-типологиялық талдаудан өтіп, ғылыми айналымға енгізілді;

7. Х.А. Алпысбаевтың тапқан ескерткіштері бойынша қазіргі күнге дейін жалғастырылып жатқан археологиялық нысандардағы зерттеу ісі бір жүйеге түсірілді де, ғалымның тас дәуірі сауалдары бойынша негізгі тұжырымдарының эволюциясы айқындалынды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми-практикалық маңызы Алынған нәтижелер отандық археологиядағы тас дәуірінің даму ерекшеліктерін талдауға, жүйелі ғылыми көзқарастар легін қалыптастыруға мол мүмкіндік береді. Сол себепті зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелерді қазақстандық тас ғасыры мәселелерін, отандық археология сауалдарын қарастыруда пайдаланылуға болады. Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы ізденістің нәтижелері мен қорытындыларын Қазақстан археологиясындағы сан алуан мәселелермен айналысып жүрген жас мамандарға арналған нұсқаулық түрінде болуында десе де болады. Автор тарапынан алынған пайымдаулар мен тұжырымдамалар облыстық, аудандық деңгейдегі өлкетану музейлерін жасақтауға, мектептерде «музей» бұрыштарын қалыптастыруда, сонымен қатар Қазақстан археологиясы, тас дәуірі археологиясы, ежелгі тарих сынды бағыттағы оқулықтар мен оқу құралдарын, анықтамалық басылымдар жазуда да қолданыла алады. «Тарих», «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары бойынша бакалавр, магистратура, докторантура салаларында да оқу үдерісінде пайдалануға мол мүмкіндіктер бар. Сонымен бірге, жұмыстың қорытындыларын тас және палеометалл дәуірлеріндегі ғылыми мәселелерді шешуге арналған мәдени-тарихи жобаларды жасауда қолданса да болады.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар

1. Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев археолог ретінде Ташкент қаласында Орталық Азия университетінде білім алу барысында қалыптасты. Бұл уақытта ол жерде өз заманың беделді және белгілі ғалымдары дәріс пен археологиялық ізденістерді үйлестіре білді.

2. Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев археолог ғалым болып Ленинград қаласында (қазіргі Санкт-Петербург – *авт.*) аспирантурада жүрген уақытында түбегейлі қалыптасты. Оның ішінде Ресей аймағындағы археологиялық экспедициялардың жұмысына қатысуы барысында, әсіресе кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағаннан соң түбегейлі ғалым ретінде танылды.

3. Ғалым Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев костёнки-стрелецкая археологиялық мәдениетінің жарқын ескерткіштерін зерттеуге қатысып, бұл мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы, өзіндік ерекшеліктері туралы татымды ойлар айтты және табылған деректемелік материалдарды талдай отырып КСРО тас дәуірі археологиясына қатысты келелі тұжырымдамалар жасады.

4. Х.А.Алпысбаев әлемдік археологиядағы тас дәуірі сауалдарын өз ғылыми еңбектерінде тарқатып берді, дүние жүзіне мәшһүр палеолиттанушылардың концептуалдық ойларына ғылыми-аналитикалық талдаулар жүргізді, Еуразия аумағындағы палеолиттік мәдениеттер бойынша нақты тұжырамдамалар жасады, олардың Орталық Азия аумағындағы палеолиттік нысандармен ұқсастығы немесе өзіндік ерекшеліктері жайында сүбелі пайымдаулар қалыптастырды.

5. Х.А. Алпысбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті Қаратау палеолит отряды, т.б. археологиялық «экспедицияларды» ұйымдастырған кезінде нақты байқалды. Ұзақ жылдар бойы археологиялық экспедицияларда жүріп Х.А. Алпысбаев жүздеген ескерткіштерді анықтады, бұл нысандардан тас дәуірі, жартаc суреттері, қола ғасыры мәселелерін нақтылайтын құнды материалдар жинастырылды. Олар адамзаттың Қазақстан аумағын алғаш рет қоныстануы, ірі мәдени-тарихи өңірлерді алғашқы адам баласының игеруі, тас құралдарының эволюциясы, ежелгі адамдар өміріндегі шаруашылық, олардың тұрмысы, археологиялық нысандардың түрлері (стратиграфиясы сақталған, т.б.), ескерткіштердің кезеңдестірілуі мен хронологиясы, корреляциясы секілді ондаған тарихи мәселелерді айқындауға да мүмкіндік берді.

6. Х.А. Алпысбаевтың педагогикалық қызметі қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі оқытушылық жұмыстарымен тікелей байланысты. Мұнда ол қатарынан бірнеше жыл бой тас дәуірі мәселелері бойынша дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізді. Осында жүріп тас дәуірі сауалдарымен шұғылдануға ниет танытқан бірқатар шәкірттерді (академик Ж.Қ. Таймағамбетов, т.б.) дайындады.

7. Ғалымның монографиялық ізденісі Қазақстан аумағындағы археологияның, соның ішінде палеолиттанудың жаңа бетін ашты. Осы еңбегі арқылы Х.А.Алпысбаев отандық палеолиттанудың негізін қалаған алғашқы археологтың бірі болып қала береді. Бұл монографиясында зерттеуші Қазақстан аумағын, соның ішінде Қаратау өңірін алғашқы адамдар шелльге дейін, шелль, ашель, мустье, жоғарғы палеолит дәуірлерінде мекендегендігін нақты фактологиялық материалдар негізінде дәлелдеп берді. Зерттеуші Қазақстан аумағында төменгі палеолит ескерткіштері жоқ деген бұрыннан қалыптасып келген ғылыми гипотезалардың негізсіздігін жоққа шығарды. Тас құралдарына негізделген қомақты деректік қорды таразылай келе ол Қазақстанның шығыс, батыс және орталық өңірлеріндегі палеолит дәуірі мәселелеріне қатысты ой-пікірлерін айтты. Шығыс Қазақстан аумағында да бірқатар тас дәуірінің ескерткіштерінің ашылуына атсалысып, ғылыми айналымға осы өңірден табылған оншақты археологиялық нысандардың материалдарын енгізіп кетті. Мезолит, неолит дәуірлерінің де ондаған археологиялық нысандарын зерттеп, осы кезеңдердегі алғашқы қауымдық құрылысқа қатысты ғылыми ойларын қалдырды. Оның ашқан кейбір ескерткіштерінде далалық археологиялық жұмыстар әлі де өз жалғасын тауып жатыр. Бұл зерттеушінің көкейкесті тақырыптарды қамтып, нақты ғылыми мәселелерді көтергендігін аңғартады.

8. Қазіргі таңда Х.А. Алпысбаев ғылыми мұрасы отандық археологияда өз орны бар әрі қызықты да қомақты қорды құрайды. Ол 31 ғылыми еңбектер жариялаған. Еңбектері бірегейлігімен ерекшелінеді. Оның телавторлық монографиялары, жекелеген мақалалары, жинақтары, іргелі басылымдардағы тараулары (Қазақ ССР тарихы. 1-том. 1979 т.б.), анықтамалық басылымдардағы ғылыми-көпшілік мақалалары отандық тарих ғылымының алтын қорына еніп отыр. Х.А. Алпысбаев ашқан палеолиттік Бөріқазған, Тәңірқазған, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, неолиттік Қараүңгір секілді ондаған ескерткіштердің материалдарынсыз ежелгі Қазақстан тарихының беттерін елестету мүмкін емес. Заманауи зерттеушілер оның ғылыми ізденістерінен аттап кете алмайды. Мұның өзі Х.А.Алпысбаев ғылыми мұрасы өзектілігін мүлдем жоғалтпағандығын нақты көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі Диссертациялық ізденіс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасында орындалған. Осы кафедра мәжілісінде талқылауға ұсынылып отыр.

Сондай-ақ факультетте ғылыми семинар өткізілуі жоспарланған. Зерттеу жұмысының басты-басты нәтижелері бойынша 7 мақала жарияланды. Соның ішінде 1 мақала – Scopus / Wef of Journal of Human Evolution деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми импакт-факторлы журналда, 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды. Сонымен қатар, халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 баяндама конференция материалы жинақта жарық көрді.

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша төмендегі мақалалар жарық көрді:

1. Fitzsimmons K.E., Iovita R., Sprafke T., Glantz M., Talamo S., Horton K., Beeton T., Alipova S., Bekseitov G., Ospanov Y., Deom J.-M., Sala R., Taimagambetov Z. A Chronological framework connecting the early Upper Palaeolithic across the Central Asian piedmont // Journal of Human Evolution, 113, 2017 pp. 107 – 126.

2. Оспанов Е.Б., Бексеитов Ғ.Т. Алғашқы тұрмыстық қауым археологиясын оқытудағы музей экспозициясын қолдану (Қазақстан палеолиті музейі негізінде) //Материалы 46-й научно-методической конференции «Модернизация образовательных программ: аккредитация и гарантия качества подготовки кадров» Қазақ университеті, Алматы 2016. Стр 33-35

3. Оспанов Е.Б., Бексеитов Ғ.Т. Мезолит пен ертеголоцездік кезең мәдениеттерін айқындаушы факторлар мәселесі // ҚазҰУ-нің Хабаршысы. Тарих сериясы. №2(77) Алматы. 2015. 206-212 бб.

4. Таймағамбетов Ж.Қ., Бексеитов Ғ.Т., Оспанов Е.Б, Х.А. Алпысбаевтың ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры // ҚазҰУ-нің Хабаршысы. Тарих сериясы. №3(78) Алматы. 2015. 180-186 бб.

5. Оспанов Е.Б., Бексеитов Г.Т., Биография, общественная деятельность и научный путь Х.А. Алпысбаева // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» журналы, «Тарих және саяси-әлеуметтік» сериясы. №1(52), Алматы. 2017 ж

6. Оспанов Е.Б. Тас дәуірінің теориялық-методологиялық мәселері мен әдістері. // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» журналы, «Тарих және саяси-әлеуметтік» сериясы. №2(57), Алматы. 2018 ж 272-278 бб

7. Оспанов Е.Б., Мамиров Т.Б. カザフスタン後期旧石器文化の研究. 奈良文化財研究所. //General Archaeological Survey of Upper Paleolithic Sites in the North Foot of Tien Shan Mountains of Southeast Kazakhstan 2019., pp. 17 – 28.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы

Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе тақырыптың өзектілігін, тақырыптың зерттелу деңгейін, алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығын, әдіснамалық негізін, практикалық құндылығын, қорғауға ұсынылған тұжырымдарды, т.б. қамтиды.

Бірінші бөлімде Х.А.Алпысбаевтың өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметі баяндалған. Ғалымның биографиясына, ғылыми, ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметіне баға берілген.

Екінші бөлімде Х.А. Алпысбаев және әлемдік археологияның теориялық-методологиялық мәселелері қарастырылып, концептуалды ойлары сараланған, костёнки-стрелецкая археологиялық мәдениетін зерттеуге қосқан үлесі, отандық қола дәуірі, жартас суреттері, т.б. археология ғылымындағы сауалдар сарапталған.

Үшінші бөлімде Х.А.Алпысбаевтың Қазақстан тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесі тарихи-археологиялық, тарихнамалық талдаудан өткен. Х.А. Алпысбаев тарапынан табылған тас дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы жүйеленген, негізгі эталонды ескерткіштер бойынша кейіннен жалғасын тапқан далалық ізденістерге баға берілген, зерттеушінің ғылыми мұрасының ерекшеліктері мен нәтижелері ашылған.

Қорытындыда диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері жалпыландырылып, қорытындылар жасалды да, алдағы жұмыстардың перспективалық бағыттары айқындалды.

1 Х.А. АЛПЫСБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҒЫЛЫМ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

1.1 Отандық археология мен тұлғатанудың кейбір теориялық-методологиялық мәселелері

Отандық археологияның ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу өзекті тақырыптардың біріне жатады. Әсіресе археологиялық ізденістердегі ғылыми бағыттарды, негізгі концептуалдық пайымдаулар мен тұжырымдарды, келелі пікірлерді жан-жақты сараптаудың маңызы күннен күнге артып келеді.

Көпшілік ғылыми ізденістерде, оқулықтар мен оқу құралдарында археология өз пәні, нысаны, зерттеу әдістері бар тарих ғылымы саналады. Бұл сауалдар бойынша әлі күнге дейін пікірталастар орын алып келеді. Қазіргі таңда археологияның кейбір теориялық және методологиялық мәселелері шешілген немесе шешілуге жақын [22]. Ғылымның дамуына қарай, болашақта кез келген мәселенің теориялық-методологиялық негіздері де дами беретіндігі анық.

Археологиялық материалдарды тарихи зерттеулерде пайдалану өткен ғасырлардан бері қолданылып келеді. Алайда бастапқыда XX ғасырға дейін археологиялық материалдар қосымша тарихи пән ретінде кеңінен пайдаланылды. Одан кейін ғылымның дамуы, бірнеше ғасырға созылған далалық тәжірибелер археологияның толыққанды қалыптасуына алып келді. Осы аралықта отандық археология да қалыптасып, бүгінгі күні адамзат өркениетін зерттеуге өзіндік үлесін қосып келе жатыр.

Айта кететін бір жайт, археологиядағы маңызды теориялық-методологиялық мәселелердің бірі оның тарих ғылымы жүйесіндегі алар орны болған еді. Мәселен, М.В. Аникович пайымдауынша, тарих ғылымының барлық жүйесін бір-бірімен қабысып жатқан үш иерархиялық блоктарға немесе ғылымдар кешеніне бөлуге болады, олар: жалпы әлеуметтану, азаматтық тарих, деректану. Бұл блоктардың әрбірі эмпирикалық және теориялық деңгейлерден тұрады. Археология әуел бастан-ақ осы үш блоктан тұратын міндеттерді шешумен айналысып келеді. Нақты жағдайларға байланысты ол өзгеріп те отырды. Заманауи қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі археологияның орнын анықтауда сөз оның дифференциясы туралы болуы тиіс. Зерттеуші пікірінше, археология шеңберінде екі ерекше тарих ғылымдары туындап отыр. Бұның біріншісі – тарихи заттану, ол тарихи деректанудың бір бөлімі. Оның зерттеу нысаны адамзат қызметінің материалданған қалдықтары. Ал оның пәні адамзат қызметі туралы ақпараттардың әдістері мен заңдылықтарын кодтау, оның әдістерін айқындау және қоғамның басқа ғылымдары пайдалана алатын түсініктер жүйесіне аудару. Екіншісі нақты-тарих ғылымы, азаматтық тарих бөлімі ретіндегі – алғашқы қауымдық құрылыс тарихы. Бұл ғылымның дамуы архаикалық формация теорияларының жалпы әлеуметтану бөлімі ретінде дамуына жол ашады [23, 22-23 бб]. Алайда көпшілік мамандар археологияның

теориялық-методологиялық сауалдарын көтерген кезде «азаматтық тарих» сынды терминдерді көп қолдана қоймады. Терминнің өзі уақыт өте келе ғылыми айналымнан біртіндеп ығыстырылған еді. Мұның себебін терминнің саясилануымен де түсіндіріп кеткен жөн сияқты.

Бүгінгі күні ғалымдардың көпшілігі археологияның екі зерттеу деңгейі (сатысы) бар екендігімен келіседі. Оның біріншісі – деректанулық деңгей, яғни кең түрде айтқанда оның мақсаты археологиялық ескерткіштерді табу және зерттеу болып саналады. Бұның бірнеше мақсаты мен міндеттері бар. Олардың арасында қолдағы материалдардың түрлерін айқындау және жүйелеу маңызды орын алады.

Алайда бұл деңгейде тарихи жалпылама жасау, яғни өткенді жалпылау толымды түрде жүргізіле қоймайды. Ал археологияның екінші деңгейі – қайта қалпына келтіру, интерпретациясын жасау. Оның мақсаты үлкен бір әлеуметтік жүйенің бір бөлшегі ретінде белгілі бір қауым тобының даму заңдылықтарын зерттеу болып саналады. Мұндай заңдылықтарды қайта қалпына келтіру деңгейінде зерттеу көбіне табылған материалдардың көлеміне, ақпараттық әлуетіне, сананы жаңғыртудағы рөліне байланысты болып келеді. Осы екінші деңгей, әдетте, археологиядағы тарихилықты біршама толымды түрде сипаттай алады, өйткені қайта қалпына келтіру деңгейіндегі археологиялық материалдар тарихи-археологиялық зерттеулер үшін дереккөзі ретінде мол мәлімет бере алады. Осы тұрғыдан келгенде, бірінші деректанулық деңгейде зерттеуші әрқайсысы жеке дара тұрған, таза күйіндегі абстрактілі түрдегі заттай мәдениеттің түрлерімен және тобымен жұмыс жасайды. Ал екінші деңгейде күрделі түрде өзара қабысып әрі түрлі пропорцияда байланысып жатқан бай тарихи шынайылықпен жұмыс жасауға мүмкіндік алады. Қайта қалпына келтіру деңгейінде өзге типологиялық топтар, т.б. мәселелер айқындалуы әбден ықтимал. Мұндай заттық мәдениеттегі құбылыстар тобы өз құрамында алуан түрлі белгілерді қайта жаңғыртуға септігін тигізе алады. Қалай болғанда да алынған мәліметтер қауымның даму динамикасын көрсетеді. Тарихи дереккөзі күрделі әрі көпқырлы қоғамдық құбылыс, оны бір ғана аспект тұрғысынан зерттеуге болмайды. Бұл жердегі ең маңызды методологиялық принцип тарихи дереккөзін зерттеудегі көп жоспарлы ұстаным болмақ [24, 3-5 бб.].

Яғни, қазіргі тілмен айтқанда, пәнаралық ізденістер маңызды методологиялық ұстаным болып табылады. Автор қолданған «көпжоспарлы ұстаным» ғылыми айналымға толыққанды ене қоймады, оны зерттеушілер тек балама термин ретінде ішінара ілуде бір қолданып та отыратындығын айта кеткен абзал. Археологияның теориялық-методологиялық негіздері зерттеу нысаны болып табылатындықтан, әлемдік және отандық тарих ғылымы жаңа тарихи-аналитикалық ұстанымдарға иек арта да бастады. Айта кету керек, мұндай ұстанымдар түрлі аймақтардағы археологиялық дереккөздерінің негізінде ежелгі және ортағасырлық кезеңдерді заманауи ғылым жетістіктерін толық әрі шынайы түрде пайдалана отырып зерделеуді де талап етеді. Осы

орайда соңғы жылдары пәнаралық ізденістерге кеңінен басымдық беріліп келе жатқандығын да айта кеткен абзал.

Кезінде сүбелі ойларымен кеңінен танылған кеңестік теоретик Л.С. Клейн археологиялық теорияны тарихи теорияның жекелеген жағдайы ретінде сипаттайды да, оларды бейформалды теориялар қатарына жатқызады. Ол археологиялық теорияның бірінші құрауышы ретінде археологиялық заңдар жүйесін атап көрсетеді, зерттеуші тұжырымынша олар эмпирикалық және теориялық та бола береді. Мұның алғашқылары «тікелей бақыланатын нысандардың (археологиялық материалдың) жүріс-тұрыс заңдары» болса, кейінгілері «әлеуметтік-мәдени жүйелердің жұмыс істеуі мен дамуы, мәдени-тарихи үдерістер заңдары» және «бір шетінен ілкідегі әлеуметтік-мәдени құбылыстар арасындағы тәуелділікті фиксация жасайтын археологиялық материалдарда мәдени-тарихи үдерістердің көрініс табу заңдары болса, екінші жағынан сақталған археологиялық материалдың конфигурациялары» болып табылады [25, 100-101 бб]. Әлбетте, Л.С. Клейн өз теорияларын белгілі бір заңдылықтарға сәйкестендіруге ұмтылады. Мұны хош көруге де болады, «археологиялық мәдениет», «археологиялық тип» сынды көптеген ғылыми ұғымдар мен категориялар белгілі бір заңдар, заңдылықтар аясында танылып отыр. Алайда кей жағдайда Л.С. Клейн сипаттаған «заңдар» зерттеудің методологиялық тәсілдерін еске түсіретіндігін де айта кеткен жөн.

Қалай болғанда да Л.С. Клейн археологиялық теория жайлы бірқатар еңбектер жариялаған кәсіби маман болып саналады. Ол – археология ғылымының теориялық-методологиялық мәселелеріне орасан зор үлес қосқан зерттеуші. Бұл ғалым «Функции археологической теории» деген еңбегінде археологияның танымдық, интегративтік, сұрыптаушылық, суреттеушілік, жүйелеушілік, түсіндірушілік, алдын-ала баяндаушылық, асай-мүсейлік (аспаптық), эвристикалық, бақылаушылық, синтездеушілік, ағартушылық сынды функцияларын атап берді [26, 8-25 бб]. Зерттеушінің бұл пайымдары археология ғылымының әмбебаптығын әрі оның жылма-жыл дамып, хронологиясын, зерттеу нысандарын т.б. кеңейтіп келе жатқандығын да біршама айқындайды.

Кезінде кеңестік археологияның ғылымы барлық ғылыми мектептер мен бағыттарды таптық-идеологиялық тұрғыдан қарастырғандығы белгілі. Әсіресе шетелдік археологиялық орталықтарда жұмыс істейтін мамандар зерттеулері кеңестік идеологияға сай келмесе диалектикалық және тарихи материализмнен алшақ жатқан субъективті пікірдегі еңбектер, ғылыми негіздемесі әлсіз ізденістер ретінде бағасын алып отырды. Сонымен қатар, ғылыми ортада мұндай еңбектер үнемі сынға алынып, формациялық теорияның әмбебаптығы баса дәріптелінді. Мұның өзі кеңестік археологияда «біржақтылықтың» орын алуына жол ашты. Шетелдік зерттеушілердің негізгі еңбектеріне қолжетімділік бола қоймаған соң, ұзақ жылдар бойы кеңестік мамандарда «біз мықтымыз», «өзгелердің концептуалды ойлары әлсіз» деген сыңайдағы стереотиптер де қалыптасты. Ішінара бұл отандық археологиядағы теориялық-методологиялық

мәселелерге, тарихи даму кезеңдеріне, жеке тұлғаның тарихи орнына, белгілі бір зерттеушілердің ғылымды дамытудағы дербес рөліне қатысты сауалдарда да көрініс тауып жатты.

Шетелдік мамандардың пікірлерін үнемі терістеп отыру қоғамдық ғылымдардың барлық салаларында орын алды. «Буржуазиялық», «капиталистік» қоғамдағы жекелеген зерттеушілердің ізденістеріндегі маркстік-лениндік идеологияға жат тұжырымдар, теориялық-методологиялық мәселелер де сынға алынды. Біздің ғылыми ізденіс «тұлғатану» тұрғысында болғандықтан кейбір зерттеушілердің мұрасына қатысты кеңестік зерттеушілердің пікірлеріне тоқталып кеткен жөн сияқты. Мысалы, айталық Н.А. Широкова «Проблема социального познания в интерпретации Ю. Хабермаса» деген мақаласында тарих методологиясындағы өзекті мәселелердің бірі тарихи үдерістердің (тарихты жаратылыстанулық-тарихи үдеріс ретінде) шынайылық қатынасын талдау және тарихты субъектілердің қызметі ретінде қарау болып табылады деп есептеді [27, 57-66 бб].

Бұл зерттеуші шетелдік ғалым Ю. Хабермасын «Таным және мүдделер» атты кітабына сыни пікірлер айтты. Өз еңбегінде Ю. Хабермас барлық ғылым салаларын эмпирикалық-теориялық және тарихи-герменевтикалық деп бөлген еді. Ол эмпирикалық-теориялық ғылымның дамуы позитивизмнің жетуіне алып келді, нәтижесінде ғылым адами құндылықтарға біршама бейтарап қарады деп есептеді. Зерттеуші Ю. Хабермас пікірінше, субъективтіліктен ада таза теорияның дамуы «Мен» деген абстрактілі заңдылықтармен астасып жатыр, сол себепті эмпирикалық-аналитикалық ғылымдардың қолдану әдістері шектеулі, бұл ғылымдар «оталық (операциялық) және болжамдық мәнге» ие. Ал тарихи-герменевтикалық ғылымдар керісінше басқа методологиялық шеңберлерде ұтып жатыр, дәлірек айтқанда, «Мен» деген тұлға мүддесі «дерексіз міндеттілікпен» байланысып, қабысуда, осы методологиялық шеңберлердің бел ортасында «таным» орналасқан. Тұлғаның қалыптасу концепциясы бойынша Ю.Хабермас оны пісіп-жетілу және үйрену үдерістерінің интеграциясы нәтижелерінен туындаған «өсуші субъект» ретінде, яғни кешенді даму үдерісінің өнімі ретінде қарастырады. «Мен – идентілік» деген қағида оның ойынша белгілі бір танымдық алғышарттарға тәуелді болғанымен, олар арқылы нақты анықтала қоймайды. Иденттілік нышандық бүкілжалпыламалық анықтаушы әлеуметтік жүйе үдерістерін игеру барысында қалыптасады, соның нәтижесінде «Мен» және әлем (әлеуметтену) интеграциясы орын алады да, жеке тұлғаларда «Мен – идентілік» қағидасы бекіп, дами түседі. Бұдан ары қарай Ю.Хабермас тұлғаның әлеуметтенуін былайша жіктейді: мектепке дейінгі саты, мектеп кезеңі, жастық шақ сатысы. Бұлардың әрбір тұлғаның дамуы ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар оның мәдени-интерпретациялық қажеттіліктерін де айқындайды. Бірінші және екінші сатыларында «Мен» әлеуметтік ортада идентификацияланады. Ал үшінші «жастық шақ» атты сатысында тұлғаның толыққанды қалыптасу үдерісі орын алады [27, 65-66 бб]. Зерттеуші Н.А. Широкова өз кезегінде Ю. Хабермас тұлға мен қоғамның

антогонизмін дұрыс атап көрсетеді, капиталистік қоғамның заманауи рухани дағдарысын дәлме-дәл сипаттай алған дей келе, алайда ол мәселені шешуде татымды методологиялық әдістерді көрсете қоймады, оның ұсынған бағдарламалары ойша конструкциялардан ары аса қоймайды деп шетелдік авторды көпе-көрнеу бұрыс айыптады.

Кеңестік дәуірде жекелеген шетелдік авторлардың теориялық ойларына, гипотезаларына, методологиялық ұстанымдарына күдікпен қарау орын алды. Мұның өзі бір шетінен тұлғатануға қосылған азды-кемді үлес болса, екінші шетінен ғылымның дамуына, ондағы еркін ойлауға өзіндік кедергісін келтіріп те отырды. Десе де осы кездері тарих ғылымында ғана емес, сонымен қатар археологияда да тарихи персоналистика қалыптаса бастады деуге болады.

Осы кездері археологиялық мектептер орнығып, жаңа ғылыми-зерттеу орталықтары ашылды, ғылыми форумдар ұйымдастырылды, зерттеудің географиялық және хронологиялық шеңберлері ұлғая түсті, белгілі бір мәдени-тарихи дәуірге мамандану жолға қойылды, археологияның нысаны мен пәніне т.б. сауалдарына қатысты іргелі теориялық ізденістер жүргізілді.

Біртақар мамандар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін өткенді мифтік тұрғыдан қарастыру біршама кездесетіндігін атайды да, өндірістік детерминизм, санкциясыз қазба жұмыстары, археологиялық нысандарды тонау сынды жат құбылыстардың да орын алып жатқандығын жанашырлықпен айтады. Мәселен, ерте темір дәуірін зерттеуде немесе сақ археологиясында мынадай парадокс жағдай орныққан: тарихшылар, тілшілер, жаратылыстану ғылымдары мамандары тарапынан ерте көшпенділер қоғамдарын зерттеу ісі елеулі табыстарға қол жеткізкенімен, бұл кезең тарихының негізгі мәселеле өз шешімін таппай келеді немесе пікірталастар шеңберінде қалып отыр. Ескерткіштерді сақтауда оларды музейлендіру маңызды қадам болып табылады [28, 3-4 бб].

Бүгінгі күні Қазақстанда бірқатар археологиялық нысандар мен тарихи-мәдени ескерткіштер музейлендірілген. Тас дәуіріне арналған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан палеолит музейі» ғана жұмыс істеп тұр [29]. Музей қоры ұзақ жылдар бойы жинақталған тас дәуірі нысандарының топтамаларымен жабдықталған. Яғни, жан-жақтан жинастырылған материалдар негізінде жабдықталып, көрермендерге ұсынылған. Алайда әлі күнге дейін табиғат аясында тас дәуірінің археологиялық нысандары музейлендірілмей келеді. Мұның бірнеше себептері бар: біріншіден, тас дәуірі бойынша іргелі теориялық-методологиялық ізденістердің мардымсыздығы; екіншіден, дарвиндік ілімнің қоғам мүшелері арасында аса басымдыққа ие болмауы; үшіншіден, тас дәуірін қамтитын ескерткіштердің шет жақтарда ыңғайсыз орналасуы немесе елді-мекендерден қашықта болуы т.б. Қазақстан тас дәуірі бойынша теориялық-методологиялық мәселелер отандық тарихнамада көп көтеріле қойған жоқ. Бұл проблема Х.А. Алпысбаев, А.Г. Медоев, М.Н. Клапчук, В.Ф. Зайберт, Ж.Қ. Таймағамбетов т.б. ғалымдардың еңбектерінде арнайы көтеріле қойған жоқ. Тек ХХІ ғасыр бас кезінде ғана теориялық

ізденістерге ден қойылып, ғылымның өткені мен болашағы болжана бастады. Осы кездері тас дәуірі археологиясындағы бірқатар теориялық-методологиялық мәселелер де айтылды. Мәселен, Ж.Қ. Таймағамбетов пен Д.С. Байгунаков өздерінің 2008 жылғы ортақ монографияларында «Шөлді және шөлейтті аймақтардағы палеолит ескерткіштерін зерттеу әдістемесі» деген тараушаларында бірқатар теориялық-методологиялық сауалдарды өрбіте білді. Авторлар тас дәуірі археологиясындағы күрделі проблемалардың бірі шөлді және шөлейтті аймақтардағы палеолит ескерткіштерін зерттеу әдістемесі екендігін, оның теориялық, методологиялық қырлары ғалымдар назарынан тыс қалып жатқандығын айтып өтті. Олар әлемдік, кеңестік, ресейлік және қазақстандық мамандардың озық пікірлері мен тұжырымдары аясында археологиялық зерттеулердің кейбір әдістемелік алғышарттарын атап кетті. Бұл зерттеушілер былай деп қорытынды жасайды: «Отандық археологияда теориялық-методологиялық проблемаларды шешу үшін ең алдымен ізденушілер ғылыми әдістер мен тарихнамалық еңбектерге тереңірек тоқталып отыруымыз керек секілді. Археология тарихнамасы ашылған ескерткіштер, табылған заттар, жекелеген аторлардың көзқарастарын, археологиялық ізденістердің қалыптасуы мен дамуын ғана қамтып қоймай, ұмыт болған археологиялық нысандар мағлұматын немесе зерттеушілердің пайымдауларын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді» [8,17 б.]. Расында да, осы бағыт келешекте де негізгі әдіснамалық ұстаным болып қала бергені жөн деген ойдамыз.

Осы авторлар методологиялық тұрғыдан алғанда археология тарихнамасы мынадай мәселелерді шешуге ат салысуы қажет деп есептейді, олар: 1) өз алдына ғылыми пайымдаулары бар ғалымдардың теориялық-методологиялық принциптерін анықтау; 2) деректемелік қорға, оны ғылыми айналымға пайдалану қажеттілігіне және де археологиялық фактілерді зерттеу әдістемесіне талдау жүргізу; 3) археологиялық фактілерді анықтау және жүйелеу жұмыстарын жүргізген әрбір археологиялық ғылыми мектеп пен ағым өкілдерінің рөлін, проблеманы шешудегі орнын нақтылау; 4) археологиялық ізденістердегі проблемалардың қойылуы, дамуы мен өрістетілуін ашу; 5) ғылыми мекеме, жоғары оқу орны мен музейлер жүйесін біртұтас қарастырып, археология саласында зерттеу іс-әрекеттерінің ұйымдастырылуын көрсету; 6) түрлі археологиялық ғылыми бағыттар мен мектептер өкілдерінің пайымдауларын зерттеу және мұндағы археологиялық тұжырымдаманың келесі буындар еншісіне өту үрдісін бақылау [8, 17-18 бб.]. Мұндай методологиялық ұстаным өзіндік оңтайлылығымен ерекшелінеді деуге болады.

Бұл жерде 1990 жылдар бас кезінен бастап Қазақстан аумағында далалық ізденістер жүргізген новосібірлік ғалымдардың (А.П. Деревянко, В.Т. Петрин, А.С.Гладышев т.б.) да еңбегі зор. Олар тарапынан аридті аймақтарда зерттеу жүргізудің теориялық-методологиялық ұстанымдарына зор леп қосылды десек артық айтпаған болар едік. Себебі Орталық Азия, Сібір, Моңғолия, Кавказ жерлерінде ұзақ жылдардан бері зерттеулер жүргізіп келе жатқан бұл әріптестердің қазақстандық палеолиттануға қосқан үлесі бірқатар

монографиялар бойынша да айқындалынады [30]. Мезолиттік және неолиттік ескерткіштер археологиясында да теориялық-методологиялық жағынан қордаланған мәселелер жеткілікті.

Бұл жөнінде А.А. Плешаков тас құралдарын зерделеуде тәжірибелік-трассологиялық зерттеулерге, өндірістік қызмет нәтижесіндегі макро және микро іздерге (микроталдау т.б.) сүйенген абзал деп есептейді [31, 3-б.]. Зерттеуші эксперимент әдісі мен физикалық модельдеуді отандық археологияда алғашқылардың бірі болып тас құралдарын зерттеуде кеңінен қолдана білді. Оның ойынша осы әдістеме арқылы «жаңа» (бөліп көрсеткен – авт.) тарихи дереккөзін алуға болады, ол еңбек құралының нақты қызметі жайлы, оларды дайындау тәсілдері туралы, сонымен қатар техникалық прогрестің адамзат қоғамындағы түрлі деңгейдегі дамуын көрсете алады. Одан басқа В.Ф. Зайберт, В. Логвин, А.Ю. Чиндин, В.К. Мерц, Ғ.Қ. Исқақов, А.В.Логвин, Е.В. Подзюбан т.б. археологтардың еңбектерінде мезолит пен неолит дәуірлері мәселелері қозғалғанымен, отандық мезолиттану мен неолиттану бойынша теориялық-методологиялық мәселелер аз көтеріліп жүргенін мойындауымыз керек.

Археология ғылымының, соның ішінде оның бір бөлігі болып саналатын археология тарихнамасы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Жеке ғалымдардың ғылыми мұраларына қатысты симпозиумдар, конференциялар т.б. іс-шаралар ұйымдастырылып жатты. Сайып келгене, кеңестік кезеңде жеке тұлғаның рөлі біршама көтерілгендігі, зерделенгендігі, жекелеген іргелі ізденістерге мұрындық болғандығы белгілі. Кеңестік зерттеушілер де түрлі ғылым салаларында тұлғаның қасиеті, қалыптасуы, дамуы сынды сауалдарды өрбітіп, осы түйіні түрткілді мәселенің астарына кеңінен үңілген болатын. Тұлғатануға қатысты ізденістер саны артты. Сонда да болса археологиядағы тұлғатану тәуелсіздік жылдарында дамығандығын айта кетуге тиіспіз.

Қазақстан ғылымында тұлғаның тарихи рөлі, әлеуметтенуі түрлі сала мамандарын қызықтырған болатын және де әлі күнге дейін осы мәселе отандық тарихнамадағы өзікті мәселелердің бірі болып отыр. Отандық ғылымда тұлғаның әлеуметтенуін философтар (Г.К. Әбдіғалиева, А. Асарова, Г.С. Байболатова, С.С. Қорғанова, К.И.Молдабарова, Л.В. Партина т.б.), әлеуметтанушылар (Г.О. Әбдірегова, Л.Н. Қасымова, Н.М. Кудро, Н.М. Нысамбаев, М.М. Хан т.б.), экономистер (С.В. Гарник, Ж.Т. Қожамқұлова, Ж.В. Кравцова, З.М. Нұрмаханова т.б.), заңгерлер (С.Н. Абилицев, С. Жорабеков, А.Н. Ли, Г.А. Мұқамбаева т.б.), саясаттанушылар (О.Н. Гуменчук, С.А. Қазыбеков, М.А. Мекебаева, Ш. Умаров т.б.), тарихшылар (А.Т. Абдуллина, А.Ш. Алтаев, Л.С. Ахметова, С.П. Кульсариева, М.К. Тәжібаева т.б.), медицина мамандары (Л.Р. Венцель, А.Т. Дүйсембаева, С.М. Кабеева, Б.Т. Түкбекова, А.М. Шахиева т.б.) қарастырғанды. Мұның өзі мәселенің пәнаралық сипатын айғақтайды. Көптеген гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар «әлеуметтену» түсінігіне тоқталып жатады, оның алуан түрлі аспектілерін қарастыруда, бұл тұлғаның әлеуметтену үдерісінің пәнаралық ұстанымдар арқылы ғана зерттелуі тиіс екендігіне арқау бола алады [32, 8-9 бб.].

Бұдан шығатын қорытынды: біріншіден, әлі күнге дейін отандық археология ғылымы саласындағы тұлғатану теориялық-методологиялық жағынан ақсап келеді; екіншіден, қазақстандық археологиядағы тұлғатану жүйелене қоймаған; үшіншіден, кез келген тұлғаның ғұмырнамасы мен шығармашылығына тоқталған кезде оның әлеуметтенуін де кең түрде қарастырып отырған абзал. Біздіңше, сол кезде отандық археология тарихнамасында біршама толыққанды нәтижелерге қол жеткізетіндігіміз анық.

Белгілі бір тұлғаны зерттеудің өзіндік ерекшеліктері, мәселесінің теориялық қырлары мен методологиялық ұстанымдары мамандар тарапынан кеңінен айтылып келеді. Олардың кейбіреулері зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіспен қатар тарихи портрет әдісін қолдану тиімді деп есептесе [33, 46], басқалары кешенді зерттеулерге иек артқан дұрыс екендігін, осы бағыттағы ізденістердің оңтайлы екендігін де айтып жатады [34, 3-6 бб].

Тұлғалардың шығармашылығын зерттеу, соның ішінде тарих саласындағы мамандардың ғұмырнамасын зерделеу ұзақ жылдар бойы отандық тарихнамада кемшін тартып келді. Осыған орай тұлғатану археология саласында ХХІ ғасыр бас кезіне дейін ғылыми бағыт ретінде толыққанды қарастырыла қоймады. Оған отандық археологияның ХХ ғасыр орта тұсында ғана толымды түрде қалыптасуы, осы кездерден бастап түрлі мектептердің ұйымдастырылуы, археологиялық материалдардың бртіндеп қана шоғырлануы, материалдық-техникалық базаның азды-кемді ұлғаюы, көкейкесті сауалдардың отандық археология тарихнамасында ішінара немесе дембіл-дембіл көтерілуі, т.б. өзіндік әсерін тигізген еді.

Кез келген тарихи персоналистикадағы зерттеу ісінің теориялық қағидалары мен практикалық талдаулары сол тұлғаның өмірі мен қалдырған мұрасын талқылаудан ғана тұрмауы тиіс екендігі мамандар тарапынан айтылып та жатады. Тарихи персоналистикадағы ғылыми зерттеу ісі методологиялық тұрғыдан тұлғаның тарихтағы рөліне қатысты мәселелермен тығыз байланысты. Бірқатар жұмыстарға жүргізілген нақты талдау нәтижелері, сонымен қатар тарихи таным үдерісінде ұсынылған сызбалар зерттеу пәні мен нысанын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, тарихи-биографиялық сипаттау мен нақты-тарихи материалдар негізінде тұлға мен дәуір арасындағы өзара ықпалдастықты суреттеуде белгілі бір методиканы қарастыруға және пайдалануға жол ашады. Ғылыми әдіс зерттеушінің ой-өрісі қуатынан немесе тілдік шеберлігінен тұрмайды, ол фактілерді табу мен талдаудан, дәлелдеуден және тексеруден тұратындығымен ерекшелінеді. Ғалымның тұлғасы ғана емес, оның ғылыми реконструкциясының әдістері де тарихилық болып табылады. Қоғам өміріндегі ғылымның рөлі өзгеріп жатқан заманауи қоғамда жаңа ұстаным қалыптасуда, ол тұлғаны біртұтас әлеуметтік қатынастар жүйесінде ауқымды түрде қайта қалпына келтіруді мақсат тұтады, мұның өзі тарихи персоналистиканы одан ары дамытуға серпін береді [35, 17-21 бб].

Отандық археологияда тұлғатану бойынша алғашқылардың бірі болып

М.У. Турадилов ғылыми ізденісін ұсынған болатын. Ол ғылыми әдебиеттерде В.А. Каллаур секілді тұлғалардың ғұмырнамасы зерттелмей жатқандығын парадоксты құбылыс ретінде бағалады да, оның өмірі мен шығармашылық қызметі ұзақ жылдар бойы белгісіз болғандығына қынжылысын білдірді. Бұл зерттеушінің пікірінше, қойылған сауалдардың методикалық зерттеулері қарастырылып отырған тақырыпқа тікелей қатысты және де тұлғаның ғұмырнамасын зерттеген кезде ол өмір сүрген орта мен қазіргі кездегі жағдайды қабыстырып қарастыру қажет [36, 5-7 бб].

Сонымен қатар М.У. Турадилов өз кезегінде В.А. Каллаур секілді ғалымның ізденістерін бүгінгі күнгі зерттеушілердің еңбектерімен де байланыстыру, өзара қабыстыру, олардың арасындағы ортақ пайымдауларды да саралау керектігін айтып кетеді. Зерттеушінің ойынша мұндай методологиялық ұстаным белгілі бір археологиялық ескерткіштерді зерттеудің динамикасын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар тұлғаның далалық ізденістерінің мәні мен маңызын, нәтижелерін толымды түрде бағалауға жол ашады. Сондай-ақ зерттеу жұмысында кешенді әдістерді қолдану алдыға қойылған мақсат пен міндеттерді табысты түрде аяқтауға мүмкіндік туғызады деп қорытындылады. Мұны толығымен қолдауға болады. Өйткені ғалым зерттеген нысандардың қазіргі жай-күйі кімді де болса бей-жай қалдырмайды.

Отандық археологиядағы тұлғатануда мол үлес қосқан зерттеушілердің бірі Ә.М. Манапова академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғұмырнамасын зерттеген болатын. Ол ғылымда кеңінен қолданылып келе жатқан негізгі методологиялық ұстанымдарға жүгініп, кемел тұлғаның өмірі мен ғылыми қызметін зерттеуде жалпы және жалқы әдістерді, тарихи-салыстырмалы әдістерді, т.б. басшылыққа алды. Оның ғылыми ізденісінде де белгілі бір кейіпкердің өмір жолын, өскен ортасын, шығармашылығын зерделеу қажеттілігі күн тәртібінде тұрғандығы айтылады [37, 3-4 бб].

Ә.Х.Марғұланның отандық археологиядағы теориялық-методологиялық ұстанымдары, оның ғылыми мұрасы әлі күнге дейін өзектілігін, ғылыми мәнін жойған жоқ. Ол осылай қала береді де. Қола дәуірін зерттеуге мол үлес қосқан, беғазы-дәндібай археологиялық мәдениеті сынды жарқын ескерткіштер кешенін ғылыми айналымға енгізген Әлкей Марғұланның еңбегі өте зор. Мұны өзге зерттеушілер үнемі де айтып отырады [38, 123-126 бб].

Дегенмен Ә.Х. Марғұлан ғылыми-шығармашылық мұрасы отандық археология тарихнамасындағы тілегей теңіз іспеттес дүние деуге болады. Келешекте «марғұлантануды» (немесе әлкейтануды) қалыптастыру қазақстандық археологиядағы теориялық-методологиялық мәселелерді оңтайлы шешуге өзіндік септігін тигізері анық.

Сонымен қатар тұлға тануға байланысты Ганиева А.С. «Вклад К.А. Акишева в археологию Казахстана и Евразии» [39, 30 б] , Айтбаева А.Е. «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» [40, 200 б] атты зерттеу жұмыстары қарастырылған болатын. Аталмыш зерттеу жұмыстарында зерттеліп жатқан ғалымдардың өмір жолы мен ғылыми еңбектері жайлы толық

тоқталып өткен. Дегенменде осы екі еңбекте де тұлға тануға байланысты теориялық методологиялық мәселелер көтерілмегенін атап өтуіміз керек.

Жеке тұлғаның өмірі мен ғылыми-педагогикалық мұрасы жөнінде ауқымды жұмыстар атқарған археологтардың бірі Ұ.Ұ. Үмітқалиев былай деп жазған еді: «Егемендігіміздің еркіндігі арқасында соңғы жылдары Қазақстан тарих ғылымына кезінде өз үлестерін қосқан белгілі тарихшыларымыз

Б.С. Сүлейменов, Р.Б. Сүлейменов, А.Н. Нүсіпбеков, Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.С. Мұқанов, т.б. туралы арнаулы ғылыми жұмыстар жазылды, кейбіреулері енді зерттеліп жатыр. Жалпы бұндай ізденістер – белгілі ғалымдардың ғұмырнамасын, олардың тарих ғылымындағы қосқан үлестерін саралап бағалау – ғылым саласының әр кездегі жеткен жетістігін, деңгейін, кемшіліктерін бағамдап отыруға мүмкіндік береді, сол арқылы жаңа ғылыми мақсаттар, міндеттер қойылады. Тарихи тұлға өмірі мен қызметін зерттеу тарих ғылымының ерекше жанры және құрамдас бөлігі. Тұлғаның өмірбаяны тарих ғылымының даму үрдістері арқылы берілуі осы жанрдың негізгі ерекшелігі болып табылады. Мұндай жұмыстардың маңызды тәрбиелік ролі бар» [41, 3 б].
Өз кезегінде Ұ.Ұ.Үмітқалиев көне дәуір мұраларын, соның ішінде қола дәуірі ескерткіштерін зерттеген археолог Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың ғұмырнамасын кандидаттық диссертациясына арқау еткен болатын. Ол көне дәуірлердің археологиялық мұраларын зерттеумен қатар, Ә.М. Оразбаев археолог мамандарды дайындауға және өз мектебін қалыптастыруда үлкен қызмет атқарды деп қорытынды жасады.

Оған ғылыми жетекшілік еткен Ә.Т. Төлеубаев кезінде Ә.М. Оразбаевты атақты ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби археолог деп бағалаған еді [42, 4-8 бб]. Бұл зерттеушінің пікірін толығымен қолдауға болады. Мұны отандық археология тарихнамасында Ә.М.Оразбаев туралы жазылған алуан түрлі ғылыми, ғылыми-естелік мақалалар да растайды [43, 103-107 бб].

Бүгінгі күні отандық археологияда тұлғатану біршама қарастырылып келеді деуге болады. Мұны көптеген ғалымдардың (Ұ.Х.Шәлекенов, М.Қ. Хабдуллина, Ә.Т. Төлеубаев, Ж.Қ. Таймағамбетов, Б.Ә. Байтанаев, М.Ұ. Шәлекенов, А.З. Бейсенов, Ғ.Қ. Омаров, Е. Ақымбек, т.б.) ізденістеріне арқау болған бірқатар тарихшы, археолог, т.б. мамандардың ғұмырнамасы анық көрсетеді. Олардың барлығы келешекте археология тарихнамасынан өзіндік орнын алары сөзсіз.

Отандық археология мен тұлғатанудың кейбір теориялық-методологиялық мәселелеріне тоқталған кезде Д.С. Байгунаковтың «Көне Қазақстанды зерттеген ғалымдар» атты кітабын айналып өтуге болмайды. Себебі бұл кітапта көне дәуірлерге 20 шақты археолог, тарихшы, шығыстанушы ғалымдардың ғұмырнамасы жүйеленді. Кітап авторы «Егер әрбір ғалымды жеке тұлға деп қарастырсақ, онда ғалымдардың мұрасын зерделеу өз кезегінде тұлғатануға барып тірелері анық. Осы жерде тоқтала кетер жайт соңғы жылдары тұлғатану тарих ғылымында қарыштап дамып келе жатқандығы анық болып отыр, себебі көптеген ғалымдардың мұрасы

зерделеніп жатыр. Шындығында да жекелеген тұлғаларды жан-жақты әрі тереңінен танып алмай ғылымды дамыту, соның ішінде тарихты, әдебиет пен мәдениетті, тіпті ұлтты танып-білудің мүмкіншілігі шектеулі екендігі белгілі» - деп айтқан (Байгунаков, 2015: 3) [44, 3 б]. Біз өз тарапымыздан осы зерттеушінің тұлғатануды ұлтты танып-білумен қатар қойғанын құп көреміз. Мұны дұрыс методологиялық ұстаным әрі өміршең концептуалдық ой дегіміз де келеді.

Қорыта айтқанда, отандық археологиядағы тұлғатану, оның теориялық-методологиялық мәселелері қазақстандық тарихнамадағы негізгі бағыттардың бірі болып келе жатыр. Бұл бағыттағы ізденістер күн санап сапалық жағынан да артып келеді. Әрбір маманның ғылымға қосқан сарабал үлесі бағамдалған ізденістерді ұйымдастыру келешектегі ілім-білімнің дамуымен де астасады.

1.2 Х.А.Алпысбаевтың ғалым ретінде қалыптасуы және оған ықпал еткен ғылыми орта

Ұлт тарихын зерделеуде терең де жан-жақты зерттеулер жүргізіп, кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихты туралы келелі ой-тұжырымдарын қалдырған тарихшылар қазақ зиялы қауымының шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, сондай-ақ оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы.

Сондықтан да зиялы қауым өкілінің тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны және қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз.

Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтырмаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген.

Белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұrlандырған ел тарихының шамшырақтары болған» –деп тұлғалардың тарихтан алар орнын, көрсетеді.

Қазақстанның тарих ғылымының дамуына, оның соңғы жетістіктері мен жаңалықтары белгілі қазақ тарихшы-ғалымы, ұйымдастырушысы, Қазақстанның алғашқы тас ғасырын зерттеушісі археолог Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың (1928-1978) есімімен тығыз байланысты.

Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев 1928 жылы 6 қарашада Павлодар облысының, Баянауыл ауданының №14 ауылында, Мүсәпіров Алпысбайдың отбасында дүниеге келеді.

Осы кезеңде ғалымның дүниеге келген Баянауыл ауданының тарихына тоқталатын болсақ. Баянауылдың жеке аудан болып бекітілуі – 1928 жылғы 17 шілде. Осы мерзімге дейін аудандық басқару органдары құрылып, аудан аймағында елді мекендерде басқарушы өкілеттіліктер құрылған болатын. Аудан орталығы болып сол кезеңдегі орыс-казак станицасы болған Баянауыл бекітіледі. Сабындыкөлдің жағасында орналасқан бұл елді мекен Павлодар қаласынан 210 шақырым, ал Екібастұздан 135 шақырым оңтүстік-шығыс бағытта орналасқан. Баянауыл ауданы алғаш құрылған кезеңдерінде Павлодар уезінің қыр болыстары енеді (Ертістің сол жағалауындағы Ақкелін, Баянауыл, Қызылтау, Қалмакқырған, Шідерті). 1930 жылы Павлодар округі қайтадан жабылады да, Баянауыл Шығыс Қазақстан облысына қосылады. 1934 жылы Баянауыл ауданы Қарағанды облысында жаңадан құрылған Қарқаралы округі құрамында болады. 1938 жылы Павлодар облысының құрылуына байланысты Баянауыл ауданы жаңа құрылған облыс құрамына енеді. Осы ауданда Қазақстан мемлекетінің ғылымына, өнеріне, тарихына өзіндік үлесін қосқан атақты тұлғалары шыққан болатын. Қазақстан ғылымының дамуына үлес қосқан академиктер – Ш. Шокин, А.Х. Марғұлан, ғылым докторлары: Әбікен Бектұров, Ермұхан Бекмаханұлы, С. Бейсенбаевтар т.б. Баянауылдық ақын-жазушылар Ж. Аймауытов, Д. Әбілев, З. Шашкин, З. Ақышев, Қ. Исабай, хылық артистері Ш. Айманов, К. Кенжетасов, алғашқы қазақ режиссері Ж. Шанин, Қуат Әбусейітов т.б. кенінен танымал.

1928-1930 жылдары аралығында бүкіл қазақ даласымен Баян жерінде де алапат өзгерістерге басталған кезеңі еді. 1928 жылы қазақтың ауқатты, әлді әлді шаруаларын құт иелерін тәркілеуден басталған.

Әрбіреуі өз маңындағы момын шаруаның, кедей кепшіктің ұйытқысы, асыраушысы, жұмыс иесі, дәулет иесі болып отырған ел азаматтары мен байлары малын, еңбек құралын, үй-жайын өкіметке тапсырып, жер аударылды. Баянауыл өңірінде конфескелеуге ресми түрде іліккендер аса көп болған жоқ. Деректерде жеті адамның аты аталады, ал шын мәнінде конфескелеудің зардабын бүкіл ел көрген болатын. Конфескелеу 1928 жылдың басында-ақ әр түрлі өңірлерде жүргізіле бастады. Шаш ал десе бас алатын белсенділер конфескелеу туралы сөз болғанда-ақ қазақтың байлығына қасқырша ұмтылды. Солардың бірі – Павлодар уездік ВКП комитетінің басшысы Звонарев 1928 жылғы 8 маусымында уезд бойынша 19307 мал басының конфескеленгені туралы жазып оларды кедейлерге таратылды деп мәліметтер береді. Бірақ шын мәнінде алынған дүниенің қаншасы елге берілді, қаншасы талан-таражға ұшырады бұл белгісіз.

Конфескелеуге Баянауыл байлары мен беделді азаматтарынан төрт Шорман тұқымының іліккенін айтуға болады. Сонымен бірге патша заманында фельдшер болғаны үшін Нөгербеков Әміре, болыс болғаны үшін Боштаев

Әбутүсіп, тілмаш болғаны үшін Мұсылманқұлов Сүлкен конфискеленді. Конфескелеу қазақ ауылына кеңестік билікті мойындату үшін, ел ішіндегі беделді тұлғаларды аластау үшін қажет және бұл шара тек қазақ ауылдарында өтуі керек: «азамат соғыс-қазақ ауылына, азаматтық келісім – орыс деревнясына» [45, 247-249 бб].

1930 жылдардың басындағы қазақ халқының басына өткен жаппай конфескелеу жас ғалымның отбасының тағдырына да өз әсерін тигізеді. Осы қиын-қыстау кезеңде Хасанның әкесі Алпысбай отбасымен елімізден таса кетуге шешім қабылдап Орталық Азия елдерінің бірі Тәжікстан елінде тұрақтаған. Тәжікстан еліне қазақтар конфискелеу мен аштықтан қашқан. Тәжік жеріне орныққан қазақтар көбіне Қорғантабе ауданына көптеп қоныстанған болатын. 1929-1932 жж. қазақтардың Тәжікстан жеріне қоныстануы бесінші көш еді [46, 85-86 бб].

Дегенмен де осы сапар барысында Тәжікстан жеріне қарасты Жалғыз төбе деген жерде ғалымның жұқпалы ауырудан ата-анасынан бірден айырылып, інісі Құдайберді екеуі жетім қалады. Осылайша Алпысбайдың қос тұяғы Құдайберді мен Хасан екі түрлі балалар үйіне тапсырылады.

Өзге елде бір топ қазақтың қара домалақ балаларымен балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан. Осы кезеңде КСРО аумағы бойынша жарыққа шығатын «Қазақ пионері» газетінің таралымдары Хасан Алпысбаев тәрбиеленіп жатқан балалар үйіне де таратылушы еді. Өзінің туып өскен жерінен келген газет арқылы жас ғалым елдегі жаңалықтарды оқи отырып, алыс Тәжікстан жерінде қазақтың балалары бар екенін жеткізу үшін аталмыш газеттің редакциясына жаппай хат жазумен болады. Өкініштісі Алматы қаласынан жолданған хаттардан ешқандай жауап келмейді. Ғалымның отанға деген сағыныш кеудесінде одан әрі қыза түседі. Осылайша бір топ қаракөздермен балалар үйінен қашып шығып Алматы қаласына жол тартады. Айлап түнделетіп өзге адамдардың көзінде таса жүріп Хасан Алпысбаев сапар барысында көздеген мақсатына қол жеткізіп Алматы қаласының «Қазақ пионері» газетінің редакциясына келеді. Еліміздегі сол заманның тәрбие беру тәртібіне сай Хасан Алпысбаев 1935 жылдан бастап Алматы облысы Қаскелең қаласының №2 балалар үйіне жолданады.

1943-1945 жылдар аралығында Алматы қаласындағы №12 мектеп жанындағы балалар үйінде тәрбие алып, орта білімін толық аяқтаған. 1945 жылы орта білімді аяқтағаннан кейін Хасан Алпысбаев Қаскелең қаласының балалар үйінен шығарылады. Сол кезеңде балалар үйінен ұшып шыққан бір топ түлектерімен Ташкент қаласына алған білімдерін жалғастыруға аттанады.

Ғылымға деген құштарлық, білімге деген құмарлық Хасан Алпысбаевты сол заманның жоғарғы оқу орындарының бірі саналатын Орталық Азия мемлекеттік университетіне алып келеді. Бұл тұрғыда Хасан Алпысбаев білім алған университет туралы тоқталып кеткен жөн. Өйткені оның тұлға ретінде қалыптасуында осы университет пен оның профессор-оқытушылар құрамы орасан зор ықпалын тигізген болатын. Аталып отырған осы Орталық Азия

мемлекеттік университеті тарихы терең. Ол сонау 1918 жылы Ленин бастаған Кеңес Одағы Үкіметінің қаулысымен Түркістан Халық университеті болып құрылған болатын, кейіннен Орталық Азия мемлекеттік университеті болып өзгертіледі. Кеңестік заманда аталып отырған университет Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ірі жоғары оқу орындарының бірі болған еді. Мұнда көптеген атақты ғалымдар еңбек етіп, жастарды білім мен ғылымға даярлады. Айта кету керек, 1920 жылдың басында Университеттің негізгі жоспары Орталық Азия мемлекеттеріне әр сала бойынша мамандар даярлап беру болған еді. Университет құрылымында тарих факультеті де осы мақсатқа орай өз жұмысын бастаған да болатын. 1940 жылы университет қабырғасында Археология кафедрасы құрылып, оған М.Е. Массон жетекшілік етті. Ашылған күннен бастап-ақ алғашқы білімгерлеріне сол кездегі археология ғылымының жетістіктері аясында білім берді.

Бұл кафедраның қалыптасуына атақты тарихшы-шығыстанушы, археолог М.Е. Массоннан басқа да әріптестер жұмыс жасады. Кафедраның дамуына барлығы атсалысты.

Әуел бастан-ақ Орталық Азия республикалары үшін археолог-мамандардың жетіспеушілігі сезілген болатын. Мұндай олқылық орнын толтыру үшін, мамандарды даярлаудағы кемшіліктерді жою үшін университет пен кафедра тарапынан біршама жұмыстар атқарылды. Алайда, 1939-1945 жылдарда әлем тарихында орын алған Екінші дүниежүзілік соғыс салдары көп дүниелерді шешуге мүмкіндік бере қоймады. Әсіресе КСРО мен фашистік Германия арасындағы соғыс нәтижесінде ғылым мен білім беру ісі құлдырап, қазба жұмыстары тоқтатылды, ал Археология кафедрасының қызметі заңды түрде тоқтатылған болатын. Бірақ іс жүзінде ол соғыстың соңына дейін жұмысын жалғастырды [47, 29-36 бб]. Мұның өзі археологияға деген студенттер арасында сұраныстың бар екендігін, оған білімгерлер қызығушылық танытатындығын көрсетеді.

Ескере кететін бір жайт, 1940 жылы Археология кафедрасы жанынан СҒАҰ (Студенттердің Ғылыми Археология Үйірмесі) құрылады. Оған осы ғылым саласына қызығушылық танытқан білімгерлер мүше бола алатын еді. Жалпы алғанда, Студенттердің Ғылыми Археология Үйірмесінің негізгі мақсаты жас ізденушілерді археология мамандығына қызықтыру, оқу процесімен қатар далалық ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстырып, жас ғалымдарды даярлау болған еді. Археология мамандығы бойынша білім алушы студенттердің ғылыми ойларын дамытуда СҒАҰ ұйымы үлкен рөл атқарды. Ол жастарды ғылыммен айналысуға баулитын бірден-бір бірегей үйірме бола алды. Үйірме отырыстарында студенттер баяндамалары, ғылыми хабарламалары үнемі тыңдалып отырды. Академик М.Е. Массон өзінің ондаған жылдар бойғы ғылыми-педагогикалық қызметі барысында әрдайым студенттерден үйірменің отырысы жұмысына белсенді қатысуды талап етті және белгілі бір студенттің әр сөзінен кейін естігендері туралы өз пікірін айтуға міндеттеді. Мұндай отырыстар үйірме студенттерінің үлкен ғылыми

конференцияларда сөйлеу кезінде, шығармашылық ойлау мен сенімділіктілігін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етті. Атап айтқанда, үйірме студенттері баяндамалары әрдайым ғылыми мазмұнымен ерекшеленді, ал баяндамашылардың өздері сөйлеген сөздері және пікір-таластарымен өзгешеленді.

Археология саласына маманданатын барлық студенттер үшін көктем мен күзде далалық жұмыстарға қатысу міндетті болды. Оқу үдерісіне мұндай практикалық сағаттардың енгізілуі кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлаудағы дуалды білім беру ісімен барабар дүние еді. Академик М.Е. Массон Оңтүстік Түрікменстан археологиялық кешенді экспедициясы (ОТАЭ), Қашқадария археологиялық-топографиялық экспедициясы (ҚАТЭ) сынды бірқатар экспедицияларды ұйымдастырған болатын. Оның құрамында барлық студенттер далалық қазба жұмыстарына қатысты. Бұл археологиялық экспедициялар мамандарды даярлаудағы нағыз шеберханалар болған еді [48, 3-6 бб]. Университет экспедицияларында Археология кафедрасы студенттері ғана емес, сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамы да қатаң белгіленген тәртіпті ұстанды, құқық бұзушылық жасаған студенттер немесе ішкі тәртіпті ұстанбаған ұстаздар М.Е. Массон тарапынан қатаң жазаланып отырды [47, 11 б]. Сөйтіп, аталған экспедициялар жастарды археология ғылымына баулыған мектеп ретінде Орта Азия жерінде танылған еді.

Осы ортаға Х.А. Алпысбаев бастаған қазақ жастары да студенттік жылдары енген болатын. Бастапқыда Х.А. Алпысбаевпен бірге Ташкент қаласына келген бір топ жетімдер үйінің түлектері қазақ жастары сол кезеңде университетті басқарып отырған ректор С.У. Умаров қабылдауында болып, онымен сұхбаттасты. Ректормен болған кездесуден кейін қазақстандық жетім балалар Орталық Азия мемлекеттік университетінің әр түрлі факультеттеріне қабылданып студент атанады. Ал жас талапкер Хасан Алпысбаев тарих факультетіне студент ретінде қабылданады. Сонымен қатар ол кейіннен университеттің тарих музейінде лаборант болып та қызмет атқарды. Оған дейін университеттегі басқа қара жұмыстарды да атқарған еді. Осылайша жас Хасан Алпысбаев археология саласындағы алғашқы ұстазы М.Е. Массоннан тәлім тәрбие алады. Оның дәрістеріне, семинар сабақтарына қатысып, өзін жақсы қырынан көрсетеді. Факультет ұстаздары мен студенттер қауымдастығы арасында Хасан Алпысбаев өзінің ізденімпаздығымен білімділігімен көзге түседі. Сондай-ақ, Археология кафедрасының студенттік ғылыми археологиялық үйірмесінің мүшесі болды.

Хасан Алпысбаев М.Е. Массонның жетекшілігімен жүргізілген Оңтүстік Түрікменстан кешенді археологиялық экспедициясына студент кезінен белсене қатысып, үңгірлі тұрақтар Джебел, орта ғасырлық Ниса, Анау қала ескерткіштеріндегі археологиялық зерттеу жұмыстарына атсалысқан [49]. Ол университет қабырғасы мен Оңтүстік Түркіменстан археологиялық кешенді экспедициясында қатысу барысында көптеген ғалымдардың ғылыми-зерттеу әдістемесін үйренді [50, 32-45 бб].

Білікті мамандардың арасында М.Е. Массон, Б.В. Лунин, Г.Н. Чабров, А.С. Морозова, Г.А. Пугаченкова, М.И. Вязьмитина, археологтар С.Л. Вязигин, В.Д. Жуков, тарихшы-этнолог В.Г. Мошкова, археолог-өлкетанушы С.А. Ершов, В.А. Левина, Б.А. Литвинский сияқты ғалымдар болды [51, 12-19 бб]. Осы ортаазиялық ғылыми мектеп өкілдерінен білім ала отырып жас ғалым ретінде қалыптаса бастады [52, 5-15 бб].

Айта кету керек, Оңтүстік Түркіменстан кешенді археологиялық экспедициясы құрамы сол кездегі тілмен айтсақ интернационалдық болды. Оған Орта Азия республикалары, РСФСР, Кавказ аймағы елдірінің өкілдері қатысты. Осы экспедицияның белсенді жас мүшелерінің бірі Х.А. Алпысбаев, ал екіншісі М. Мерциев болған еді. Бірнеше жылдық тәжірибе жинақтағаннан кейін олар археолог ретінде қалыптасты және болашақта Қазақстан жеріндегі мәдени-мұра нысандарын тыңғылықты зерттеген мамандар болып шыққан еді [53]. Осылайша Хасан Алпысбаев археология саласындағы алғашқы қадамдарын ежелгі қоныстарды, орта ғасырлық қалаларды зерттеумен бастады. Аталған археологиялық экспедиция құрамында жүріп ол мол тәжірибе жинақтай білді. Білікті маман болып қалыптасу жолында молынан тер төкті.

Академик М.Е. Массон өз шәкірттерімен мақтанып та отырды. Олардың ғылыми ізденістеріне қадағалап, ақыл кеңестерін де аямады. Мысалы, Х.А. Алпысбаевтың 1971 жылы Қараүңгір ескерткішін ашқан болатын. Мұны ірі ғылыми жаңалықтардың бірі ретінде М.Е. Массон жоғары бағалайды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінде М.Е. Массонның 1972 жылы 22 қаңтарында жазған хаты сақтаулы тұр. Онда ғалым бүкілодақтық «Известия» газетінен өзінің шәкірті Хасан Алпысбаевтың тапқан ғылыми жаңалығына тоқталып кетеді. Ол палеолит дәуірі адамының мекендеген үңгірін тапқаны жөнінде хабар оқығанын үлкен мақтанышпен жазады [54, 133 б]. Ғалымның жетістіктеріне ұстазы ретінде қатты қуанады.

Сөйтіп, 1950 жылы Х.А. Алпысбаев Орта Азия мемлекеттік университетінің «Тарих» мамандығын сәтті аяқтап шыққан деп толық айта аламыз. Хасан Алпысбаев алғашқылардың бірі болып Орта Азия жеріндегі археологиялық зерттелу мәселесіне қатты көңіл бөлген болатын. Ол әлі де зерттелмеген мәселелердің бар екендігін сол студенттік жылдары аңғарады.

Ал 1951 жылы жиырма үш жасар жас ғалым Хасан Алпысбаев өзі Түрікмен КСР Ғылыми Академиясының Небаддагасо-Қызыл-Арват ауданын зерттеуге құрылған тарихи-археологиялық отрядтың жетекшісі болады. Мұның өзі оған деген ұстаздары тарапынан берілген сенімді, оның ғалым ретінде қалыптасқандығының мойындалғандығын да білдіреді.

Сонымен біршама тәжірибе жинақтаған соң 1953 жылы Х. Алпысбаев өзінің алғаш ғылыми жұмысын жарыққа шығарды, ол «Бостандық ауданындағы тасқа қашалған суреттер» деп аталды. Сол жылдары көптеген мақалдар мен сыни пікірлер жарық көрді, олар осы сала мамандары тарапынан жоғарғы бағаға ие болды. Ходжикент (Бостан ауданы) мекенін зерттеу барысында Хасан алғаш рет тас ғасырының ескерткіштеріне тапқан болатын. Палеолиттік

олжалар жас зерттеушінің қызығушылығын одан әрі арттыра түсті. Сайып келгенде, бұл ізденісі оған ерекше шабыт берген еді.

Бұған дейінгі 1938 жылы А.П. Окладниковтың басқаруымен Тешікташ үңгірінде археологиялық зерттеулер жүргізу барысында неандерталдық баланың сүйектері анықталған болатын [55, 492 б]. А.П. Окладниковтың бұл ғылыми жаңалығы сол кезеңде қалыптасқан қағида палеолит дәуірі ескерткіштері КСРО елінің батыс аймақтарында ғана шоғырланған деген заңдылықтың дұрыс емес екенін дәлелдеп қана қоймай, тас ғасыры ескерткіштерінің таралу картасын кеңейткен еді [56, 22-26 бб]. Бұл ғылыми жаңалық кейіннен Орталық Азиямен қатар Сібір аймақтарында тас ғасырының жаңа ескерткіштерінің ашылуына септігін тигізген болатын. Осы кездері тас дәуірімен, оның ішінде палеолит заманы проблемаларымен айналысатын мамандардың қажеттілігі байқалған еді [57, 3-9 бб].

Айта кететін бір жайт 1953 жылы жазда профессор А.П. Окладниковтың шақыртуымен Х. Алпысбаев Қырғызстандағы палеолиттік отряд құрамына енді. Хасан Алпысбаев жоғарыда аталған отряд құрамында жүріп қазіргі Қырғызстан Республикасы Ыстықкөл облысында орналасқан Ақ-Чункур үңгірлі тұрағын алғашқылардың бірі болып зерттеген. Зерттеу барысында үңгірдің еденінен палеолит дәуіріне жататын қол шапқы, қырғыштар мен тас жаңқалары анықталды. Сонымен қатар үңгірді толық зерттеу кезінде охрa бояуымен қабырғаға салынған суреттер табылды. Ақ-Чункур үңгіріндегі суреттер мерзімделуі тас дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі уақытты қамтыды. Ақ-Чункур үңгіріндегі жартастағы суреттердің сюжеттері әр түрлі аң аулау барысындағы суреттермен қатар жекелеген заттардың да бейнелері салынған. Олар: жылқы, бұқа, адам және рулық таңбалар бейнеленген. Хасан Алпысбаевтың Ақ-Чункур үңгіріндегі анықтаған суреттер бұл уақытқа дейін ашылмаған, Қырғызстан археологиясы үшін алғашқы жаңалықтар еді [58]. Сөйтіп, ол алғашқылардың бірі болып көршілес елдердің археологиясына өзіндік үлесін қосқан қазақстандық ғалымдардың бірі ретінде таныла бастады.

Осы кезеңде біздің елде де археология саласы жаңадан қалыптасқан болатын. Отандық археология саласының негізін қалаған көрнекті ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым-археолог, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, филолог, қоғам қайраткері Әлкей Хақанұлы Марғұлан еді [59, 57 б.].

ҚазКСР ҒА құрылғаннан кейін-ақ 1946 жылы Ә.Х. Марғұланның ұйымдастыруымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жасақталды. Экспедиция атауы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы болғанымен ол Қазақстанның барлық аймақтарында да археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олардың негізгі зерттеу аймақтарына Оңтүстік, Батыс Қазақстан өңірлері де ішінара, кейде толықтай кірген еді. Ә.Х. Марғұланның алғашқы жылғы есебінен оның ежелгі тарихты өте жақсы білгендігін байқауға болады. Әр ескерткішке жан жақты сипаттама

беріп, өзіне дейінгі зерттеушілер еңбектеріне сілтеме жасап салыстырмалы түрде өз ойын жеткізіп отырады [60, 3-9 бб].

Есепке жалпы шолу жасасақ: тас балбалдар, тастағы таңбалар, архитектуралық құрылыстар, ежелгі елді мекендер жөнінде мәлімет аламыз. Қаратаудың солтүстік жазығынан (ежелгі Созақ, Баба Ата, Құмкент, Шолақ Қорған, Саудакент, Күлтөбе, Ақтөбе және т.б.) ежелгі қала қалдықтары зерттелді деген жолдардан ортағасырлық қалалар мәселесі алғашқы жылдан-ақ ғалымның назарынан тыс қалмағанын көреміз. Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде кең ауқымды аймақтарды ғана емес, хронологиялық шеңбері мол ескерткіштерді қамтыды. Ол өз зерттеулерінде неолит дәуірінің тұрағын, Беғазы-Дәндібай және андрон мәдениетінің қоныстары мен қорымдарын, ерте көшпенділер археологиялық ескерткіштері мен халықтардың Ұлы қоныс аударуы тұсындағы ескерткіштерді, тас мүсіндер мен тасқа салынған суреттерді, ирригациялық құрылыс пен ежелгі керуен жолдарын ашты. Қазақстанның әр аймақтарындағы Ә.Х. Марғұланның ашқан ескерткіштері археология саласының әр түрлі кезеңіне жататындықтан, бұл ескерткіштерді тереңірек арнайы мамандармен зерттеу қажет еді. Осындай мәселе тас ғасыры ескерткіштеріне де тиесілі еді. Осы мәселені шешу үшін Қазақстанның тас ғасырын зерттейтін маманның қажеттілігі туындады.

1953 жылы академик Ә.Х. Марғұлан КСРО ҒА Археология институты Ленинград бөліміне Қазақстан тас ғасырын зерттеуге маман қажеттілігі туралы мәлімдеме жасайды, өзінің хатын жолдайды. Ә.Х. Марғұлан 1954 жылы Бетпақдала аймағында кешенді археолог зерттеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған болатын. Хатында ол осы жұмыстарға мұрындық бола білетін маманның қажеттілігін ашып көрсеткен еді. Оған жауап ретінде хат жолдаған академик А.П. Окладников болатын. Өз хатында ол Ә.Х. Марғұланға Бетпақдаладағы археологиялық зерттеу жұмыстарына тас ғасыры бойынша Х.А. Алпысбаевты ұсынады. А.П. Окладников өз кезегінде Х.А. Алпысбаев жайлы былай дейді: «О Хасане Алпысбаеве: ему просто не везет и помимо Казахстана. Киргизы сыграли злую шутку с ним, а заодно и со мной, выслав его с командировкой в Л-д, но без денег. Они не отвечают даже на 5-ю телеграмму о переводе ему хотя бы заработанных им фактически денег! В чем дело – не понимаю. Во всяком случае сам он готов ехать в Бетпак-дала и Вам будет полезен; за него я ручаюсь, он страстно предан делу» [61]. Бұдан байқайтынымыз, Х.А. Алпысбаев экспедиция ыстық-суығына көнген, кездескен қиындықтарға қарамай өзінің сүйікті жұмысын, яғни ғылыммен айналысуды жалғастыра берген. Нәтижесінде ұстаздарының бірі болған А.П. Окладниковтың сеніміне кірген, оның тапсырмаларын орындаған, соңында оның қолдауына сүйенген.

Осылайша академик А.П. Окладников ықпалымен 1954 жылдан бастап Хасан Алпысбаевтың ғылыми жұмыстарының барлығы Қазақстанмен байланысты бола бастады.

1954 жылы Бетпақдала экспедицияларда жұмыс жасай жүріп жас ғалым, Ә.Х. Марғұлан мен Қ.И. Сатпаев сынды ғалымдардың көзіне түсіп жақсы жақтарымен көрінеді. 1954 жылдың күзінде Қ.И. Сәтпаевтың ұсыныс хатымен ҚазССР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнология институтының аспирантурасына қабылданып, өзінің біліктілігін жетілдіру мақсатында Ленинград қаласында КСРО ҒА ЛБ ТМЗИ 3 жылдық ғылыми іс-сапарда болады.

Өзінің біліктілігін жетілдіру барысында сол кезеңнің тас ғасыры белді мамандары А.П. Окладников, П.И. Борисковский, А.Н. Рогачев, т.б. ғалымдардан ғылыми тәжірибе ала отырып 1955-1957 жылдар аралығында П.И. Борисковскийдің басшылығымен Костенки II археологиялық экспедициясына қатысады. Сөйтіп, палеолиттанудың қыр-сырына үңгіледі.

Айта кететін бір жайт, Костенки II ескерткіші Сергей Николаевич Замятниннің есімімен байланысты. Ол оны 1923 жылы П.П. Ефименко бастаған ГАИМК археологиялық экспедициясының мүшесі болған кезде ашты. Кейіннен Хасан Алпысбаев «Позднепалеолитическое поселение Костенки II» атты тақырыпты бекітіп, П.И. Борисковскийді ғылыми жетекші ретінде тағайындайды. Ал өз кезегінде П.И. Борисковский (1911-1991) белгілі археолог тас ғасыры маманы атақты Ресей палеолиттану мектебінің негізін қалаушы П.П. Ефименконың шәкірті ретінде белгілі.

П.И. Борисковский мен КСРО-ның еуропалық бөлігі мен Вьетнам Демократиялық Республикасының бірқатар палеолит ескерткіштері нақты атайтын болсақ Лука-Врублевская, Пушкар-І, Костенки II т.б. ескерткіштерінде зерттеу жұмысын жүргізді. Оның бірқатар іргелі еңбектері бар [62, 224 б].

1942 жылы П.И. Борисковский Ұлы отан соғысындағы жарақатынан кейін Ашхабаттағы жаяу-әскер училищесіне оқытушылық қызметке жіберіледі. Оқытушылықпен бірге П.И. Борисковский ғылымды қатар алып жүріп алғашқылардың бірі болып Түркіменстан палеолиті бойынша зертеу жұмыстарын жүргізеді [63, 288-296 бб]. 1942 жыл Батыс Түркіменстан жерінде геологтар В.В. Шумов пен Н.П. Луппов ашқан палеолиттік ескерткіштері материалдарымен танысады. П.И. Борисковский Янгаджа, Тақырна, Қыйыр, Қызыл-лай, Қасқыр-бұлақ, Ахча-күй ескерткіштерінің тас құралдарының технико-типологиялық белгілеріне қарай отырып бұл ескерткіштерді кейінгі және эипалеолит кезеңімен мерзімдейді [64, 3-8 бб].

Археология бойынша П.И. Борисковскийдің Түркіменстандағы ғылыми зерттеу жұмыстарымен танысып шыққаннан кейін-ақ Х.А. Алпысбаев өзінің болашақ ұстазын таңдаған болатын. Сірә, оның зиялылығы, білімпаздығы жас маманды өзіне баурап алған болса керек [65, 256-260 бб]. Нәтижесінде П.И. Борисковский оның ғылыми ғана емес, сонымен қатар өмірлік ұстазына да айналған еді. Оның жетекшілігімен кандидаттық диссертациясының мәтінін дайындайды.

Ал Х.А. Алпысбаев тарих ғылымының кандидаты ғылыми атағын 1958 жылдың қазан айында сәтті қорғайды. Қорғау барысында ресми оппоненттер ретінде УССР ҒА академигі Е.Е. Ефименко, т.ғ.д. М.П. Грязнов болады. Диссертациялық кеңес мүшелері оны бірауыздан қолдайды. Қорғау барысында Х.А. Алпысбаевтың үлкен ғылыми мектептен өткендігі, көптеген ғалымдармен тығыз байланыс орнатқандығы байқалды деп айта аламыз.

Диссертациясын қорғап болғаннан кейін оның өмірінің екінші кезеңі, яғни ұйымдастырушылық жұмыстары және ғылыми-педагогикалық қызметі басталды десе болады.

Х.А. Алпысбаев Қазақстанға оралғаннан соң тас ғасыры археологиясы бойынша бірқатар ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізді.

Ең алдымен Қаратау палеолит отрядын ұйымдастырды. Осы отрядтың құрылуына себепші болған Өзбекстан еліндегі А.П. Окладниковтың басқаруымен 1938 ж. археологиялық зерттеулеріндегі Тешік таш үңгірінде Неандерталдық баланың сүйектерінің табылуы және басқа көршілес елдердің территорияларындағы археологиялық зерттеулер барысындағы тас ғасыры ескерткіштері жайлы жаңа ғылыми жаңалықтардың ашылуларының барлығы еліміздің оңтүстік аймағында да осындай зерттеу жұмыстарын жүргізу керектігін көрсеткен.

Сол себепті көптеген археолог ғалымдар үшін Қазақстан территориясының аймағы «ақтаңдақ» ретінде қалып қойған болатын. Дегенмен де еліміздің 1953-1956 жж. Н.В. Седова және Г.А. Ярмактың басқаруымен Қаратау жоталарындағы геологиялық зерттеулерінде алғашқы рет тас құралдарының кездескені жайлы мәліметтер қалдырған.

1957 ж. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының негізінде Қаратау палеолиттік отряды құрылған.

Х.А. Алпысбаев өзінің біліктілігімен және осыған дейінгі археологиялық экспедицияларға қатысып жинаған тәжірибелігімен көзге түсіп осы отрядты басшылыққа алған болатын. Қаратау палеолиттік отряды өзінің алғашқы археологиялық маусымында үлкен Қаратау және Кіші Қаратау тау сілемдерінде археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. 1957-1962 жылдар аралығында Қаратау палеолиттік отряды археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тас ғасырының Бөріқазған, Тәңірқазған, Сүлейменсай, Тоқалы т.б. ескерткіштерді ашып, ғылыми айналымға енгізді. Ғалымның жұмыстарындағы жетістігі мен біліктілігіне тәнті болған алыс-жақын шетелдегі өз заманының атақты археологтары Г. Дебеца, румын археологы А. Мария және қытай ғалымы Гай-пияның 1959 жылы шықан «Қазақстанская правда» газетінде өздерінің оңды пікірлерін қалдырған [66].

Хасан Алпысбаев 1959 жылы Ертіс Қарағанды су каналы салыну алдындағы археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысты. Зерттеу объектісі Павлодар және Орталық Қазақстан аймақтары алынған болатын. Өкінішке орай аталған аймақта жүргізілген зерттеу жұмыстарының ешқандай нәтижелері ғылыми тұрғыда жарық көрмеді. Біздің қолымызда қазіргі таңда тек

қана Ғылым ордасының архивінде сақталынған археологиялық күнделіке сілтеме бере аламыз.

Хасан Алпысбаев 1971 жылдан бастап 20 жылдан астам Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында еңбек еткен жетістіктерінің қорытындысын ғылыми айналымға енгізу мақсатында ғылым «Памятники нижнего палеолита южного Казахстана» атты еңбегін жаза бастаған еді. Жоғарыда аталынған еңбекті жазу барысында Хасан Алпысбаев тас ғасырының білікті мамандары А.П. Окладников, П.И. Борисковский, И.И. Коробковтармен ғылыми тұрғыда кеңесе отырып көпшілік назарына мұра етіп қалдырады.

Содай-ақ, И.И. Коробковтың Хасан Алпысбаевқа жолдаған хатында отанымыздың археология саласының жаналықтары жайлы сұрасып Археология институтының басшысы К. Акишевтың КСРО ҒА ЛБ ТМЗИ институт басшысына жолданған хатты туралы тоқталып. Осы хата археология саласына жаңадан алғашқы қадамдарын жасаған В.С. Волошин туралы сөз қозғалып жас маманға көз қырын салуды сұрайды. Өкінішке орай біздің қолымызда Хасан Алпысбаевтың жауап ретінде жазған хаттары жоқ [67].

1972 жылы Қазақ ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында Ақтөбе кешенді археологиялық экспедициясы құрылады. Бұл экспедицияның негізгі мақсаты Ақтөбе облысы Елек өзенінің Ақтөбе су қоймасы бойында жүргізілген болатын. Ақтөбе кешенді археологиялық экспедициясының жетекшісі ретінде Хасан Алпысбаев тағайындалған болатын. Зерттеу объектілері ретінде тас ғасыры және ерте темір дәуірі ескерткіштеріне зерттеу жұмыстары жүргізілген [68].

1970 жылдары К. Акишев басқаруымен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясында жұмыс жасай жүріп Хасан Алпысбаев палеолит және мезолит кезеңдерімен мерзімделетін Жаңашілік, Маятас, Тұрлан ескерткіштерін ашқан.

1977 жылы Қазақ ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында Шығыс Қазақстан экспедициясы құрылып жетекшісі ретінде Хасан Алпысбаев тағайындалған болатын. Хасан Алпысбаев алғашқылардың бірі болып Шығыс Қазақстан облысындағы тас ғасырына байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу Ертістің екі жағалауы бойынша және оның ескі Шүлбеден Сол жағалаудағы Глубокое кентіне дейінгі салалары бойынша Таврия ауылына дейін жүргізілді. Сонымен қатар Шульба, Уба, Қарашат, Қызылсу өзендерінің аңғарлары зерттелді. Бөдене және Құйған ауылдарынан мол палеозоологиялық материалдар алынды. Қарашат пен Шульба өзенінің сағасынан табылған тас құралдар табылды. Анықталған тас құралдар Қаратау және Сары-Арқа тауларынан анықталған еңбек құралдарына ұқсас келеді. Мустьер кезеңіне жататын Бөдене 1 ескерткіші Ертіс өзенінің жоғарғы терассасында орналасқан. Кейінгі палеолит дәуіріне жататын тас құралдар Краснояр (Қызылжар) ауылының жанынан анықталған болатын. Сонымен қатар Ертіс өзенінің оң жағалауында Азово және Қайыңды ауылдары жанынан қырғыш, пластина және тас құралдар сынықтары анықталған.

Сондай-ақ Қызылсу өзенінің аңғарын зерттеу барысында да палеолит кезеңіне қарасты ескерткіштердің орындары анықталған. Әсіресе Қойтас елдімекеніне қарасты аймақтарда кейінгі палеолитке тән тас құралдар кездескен. Қызылсу өзені бойындағы табылған тас құралдар дайындалу технологиясы бойынша Сібір және Алтайда орналасқан ескерткіштердің тас құралдарына тән ұқсас болып келеді. Қорытындылай келе Хасан Алпысбаев табылған ескерткіштерді хронологиялық жағынан мұсылман кезеңінен бастап кейінгі палеолит кезеңдерімен мерзімдеген [69].

1971 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің ректоры Ө.А. Жолдасбековтың ұсынысы бойынша ең алғаш Қазақстанда тарих факультетінде археология және этнология кафедрасы ашылды.

1971-1974 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі ретінде атақты ғалым А.М. Оразбаев басқарған. Алғашқы білім алушы студенттерге атақты археолог ғалымдар М.П. Грязнов пен С.С. Черников шақыртылып университет қабырғасында дәрістері тыңдалған болатын. Бұл үрдіс кейінде жалғасын тауып кафедра қабырғасында өз заманының атақты археолог этнолог мамандар А.Х. Марғұлан, С.М. Ақынжанов, К.А. Ақышев, ҚР ҰҒА Академигі О.И. Исмағұлов дәріс оқып өз тәжірибелерімен білім алушы студенттерімен бөліскен. 1976-1977 жылдың оқу жылында Х.А. Алпысбаев аталмыш кафедрада дәріс оқуға шақыртылды.

Университет қабырғасында Х.А. Алпысбаев студенттерге арнайы курс «Қазақстанның тас ғасыры» бойынша дәріс оқыды. Х.А. Алпысбаев өзінің дәрістерінде Қазақстанның тас ғасыры оның зерттелулері мен жаңа ашылымдары жайлы тоқталып өткен. Сонымен қатар Қазақстандағы тас ғасыры ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып әлемдік палеолит кезеңіндегі алатын орнына тоқталған.

Осы дәрістердің нәтижесінде кафедра қабырғасынан қазіргі археология саласындағы көрнекті атақты ғалымдардың тобы шықты. Олар: М.Е. Елеуов, А.Т. Төлеубаев, А.Б. Қалыш, Ж.К. Таймағамбетов.

Х.А. Алпысбаевтың университет қабырғасында дәрістері білім алушылардың Қазақстанның тас ғасырына қызығушылықты оятып нәтижесінде Ж.К. Таймағамбетов ғалымның алғашқы шәкірті болады.

Қазақстан палеолиттану ғылымының ірге тасын Х.А. Алпысбаев қалады деуге толық негіз бар. Оған 1998 жылы Түркістан қаласында өткен «Қазақстан және оны мен шектес территориялар тас ғасыры» атты Х.А. Алпысбаевтың 70 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары дәлел.

2 Х.А. Алпысбаев және әлемдік археология

2.1 Х.А. Алпысбаевтың Еуразия аумағындағы тас дәуірі мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары

Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев палеолиттанушы ретінде әлемдік тас дәуірі археологиясын назарынан тыс қалдырған жоқ. Ол XX ғасыр екінші жартысындағы әлемдік археологиялық жаңалықтарды, негізгі концептуалдық пікірлер мен пайымдауларды талдап, өзіндік ойларын білдіріп отырғандығымен ерекшелінеді. Мұның өзі ғалымның көпқырлы, әмбебап, кәсіби маман әрі өз уақытында заманауи зерттеуші болғандығын, жаңашылдыққа үнемі ұмтылғандығын және де біздің тарапымыздан оның тұлғасына деген қызығушылықтың бекер еместігін тағы да бір айқындай түседі.

Жалпы алғанда, кеңестік уақытта тас дәуірі, соның ішінде палеолит заманы саяси-идеологиялық себептерге байланысты ерекше бағаланғандығы белгілі. Әсіресе адамның пайда болуы, оның генезисі, адамзаттың мәдени-тарихи даму сатылары, дарвинизм ілімі, «еңбек концепциясы» сынды алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі түрлі тарихи үдерістер, құбылыстар мен оқиғалар бір қалыпқа салынды. Тіптен одан ауытқуға болмайтын да еді. Олардың біразы идеологиялық мәнде кеңінен пайдаланылып, оқулықтарға, білім беру жүйесіне енгізілді. Көпшілік үшін қолдан «Құдай жоқ» деген бейдіни форматтар жасалды. Мұның барлығы маркстік-лениндік ілімнің өзегін, әміршіл-әкімшіл жүйенің саяси-идеологиялық ұстынын құраған еді.

Әлемдік тас дәуірі тарихнамасында бірнеше іргелі еңбектерде осы мәдени-тарихи кезеңнің алуан түрлі сауалдары XIX ғасырдан бері кеңінен өрбітіліп келеді. Әсіресе өткен ғасырларда Еуропа аймағындағы тас дәуірін зерттеу ісі жергілікті ескерткіштердің материалдары негізінде қарқынды түрде қалыптасып, дамыды. Қазіргі уақытта еуропалық материалдар негізінде Азия, Африка құрлықтарындағы палеолит, мезолит және неолит дәуірлерінің кезеңдестірілуі, тарихи-салыстырмалы талдауы, корреляциясы, мерзімделуі, техникалық-типологиялық сипаттары жасалып та жатады. Еуропалық материалдардың Африка, Еуразия аймақтарындағы тас дәуірін сипаттаудағы негізгі эталон болып қалып отырғандығы белгілі. Мұндай методологиялық ұстаным Орталық Азия аумағындағы Қазақстан тас дәуірі үшін де орныққан. Оның орнығып, білім беру мен ғылым салаларына енуіне Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев та өзіндік үлесін қосқан еді. Ол 1980 жылы қазақ тілінде баспадан жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» сынды академиялық іргелі еңбектің 1-ші томында (бірінші тарауда) «Ежелгі палеолит», «Соңғы палеолит» және «Неолит» тараушаларын жазды [70]. Аталған тараушаларды жазу барысында Х.А.Алпысбаев әлемдік тәжірбиеде қолданылып жүрген өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы кезеңдестіру методологиясына иек артты. Осы еңбегінде автор былай деп жазады: «Ғылымдағы қазіргі классификация бойынша, ежелгі тас дәуірі ұзақ-ұзақ хронологиялық үш дәуірді – ежелгі, орта, соңғы (жоғарғы)

палеолитті қамтиды. Батыс Еуропаның материалдары негізінде құрылған классикалық схема бойынша ежелгі палеолит үш дәуірге: дошель, шелль, ашель болып бөлінеді; орта палеолит соңғы ашель, мустье болып, ал соңғы палеолит ориньяк, солютре және мадлен болып бөлінеді. Көбінесе Африкада табылған жаңа материалдар негізінде, адамзат өміріндегі әуелгі дошельді қамтитын ежелгі дәуір бұл күнде олдувэй дәуірі деп аталады» [70, 54 б]. Осы жерде тоқтала кететін бір жайт, Х.А. Алпысбаев палеолит дәуірін «Ежелгі палеолит» және «Соңғы палеолит» деп екіге ғана бөлді. Ол шелльге дейін (дошель), шелль, ашель, мустье секілді мәдени-тарихи дәуірлерді бір-біріне қосып жіберді. Бұл жерде ол Қазақстанның аумағында да «төменгі палеолиттік» археологиялық нысандардың бар екендігін, олардың көп екендігін дәлелдемек болғандығын аңғарамыз. Оның түсінігінше, отандық археология әлемдік археологияның құрамдас бөлігі болып табылады және ілкі замандардағы даму ортақ бір ерекшеліктер мен белгілер арқылы дамып өрбиді.

Өз кезегінде Х.А. Алпысбаев жоғарыда аталған академиялық басылымда әлемдік тас дәуірі тарихынан орын алған бірнеше палеолиттік жарқын ескерткіштерді, эталондық нысандарды сипаттап өте білді, мұндай объектілердің тарихи маңызын көрсетіп бере алды. Ол аса ыждаһаттылықпен ден қойған нысандар арасынан Африка аумағындағы Олдувэй шатқалынан табылған ескерткіштерді, Еуропадағы (Франциядағы) Валлон үңгіме қуысын, Венгриядағы Вертепселешті, Азия жеріндегі Чжоу-коу-дянь үңгірін, Ява аралынан шыққан метариалдарды атап кетуге болады. Зерттеуші бұл нысандардың барлығын бірқатар еңбектерінде тәпшіштеп сипаттады. Сонымен қатар, Х.А. Алпысбаев «Қазақ ССР тарихының» бірінші томында адамның эволюциясын, соның ішінде *Homo habilis*, *Homo erectus* және олардың түрлері (питекантроп, синантроп т.б.) жайында мағлұмат береді де, адамның ежелгі замандағы ата мекені жайлы және нәсілдік тұрпаттардың тегі туралы полицентристік және моноцентристік болжамдарды сараптамадан өткізді. Мұндай ақпараттарға жалпылама түсінік бере отырып автор оңтүстік аймақтардан табылған шелль бейнелі кейбір тас құралдарын ерте замандарға жатқызады әрі Орта Азия мен Қазақстанда әлі күнге дейін жүріп жатқан археологиялық зерттеу жұмыстары адамның бұл территорияларда ілкі заманда мекендегенін, мұндағы материалдардың да шелль-ашель дәуірлеріне сәйкес келетіндігін айтып өтеді [70, 57 б].

Х.А. Алпысбаев өзінің «Олдувея мен соан малтатас индустриясы және оның Қаратаудағы тас құралдарымен өзара қатысы» деген іргелі мақаласында да әлемдік палеолит мәселелерін қаузаған [71, 47-55 бб]. Осы жерде тоқтала кететін бір жайт, Х.А. Алпысбаевтың мақаласында бір атау, ал жинақтың мазмұнында басқа бір атау қолданылған. Жинақ мазмұнында «Олдувейлік, магадевиалық, саондық өнеркәсіп және олардың қаратаулық бұйымдармен қатынасы» деген атау орын алған. Сірә, бұл – жинақты түзген редакторлар тарапынан кеткен қателік болуы ықтимал. Жинақтың мазмұны қазақ және орыс тілдерінде берілгендіктен, мазмұндағы мақалалардың атаулары азды-кемді

өзгерістерге ұшыраған секілді. Бірқатар авторлардың (Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Ә.М.Оразбаев т.б.) орыс тіліндегі еңбектері қазақша дұрыс аударылғанымен, кейбір зерттеушілердің (Ф.Х. Арсланова, А.Г. Медоев т.б.) мақала атаулары бұрыс аударылыпты. Ол редакторлық ұжым мүшелері жіберген ағаттық секілді. Мұның өзі өткен ғасырдың 70-жылдары отандық археологияда қазақ тілді ғылыми терминологияның толыққанды қалыптаса қоймағандығын, қазақша ғылыми ізденістердің аздығын да көрсетсе керек.

Ең алдымен мақаласында Х.А. Алпысбаевтың әлемдік палеолиттану тарихына тоқталып кеткендігін айтуымыз керек. Зерттеуші тас дәуірінің зерттелу тарихын 1797 жылы ағылшын археологы Джон Фрерден бастайды. Бұл археолог өзінің антиквариаттарға жазған хатында Англия жеріндегі Суффолк қаласы маңындағы карьерден алынған «соқпақтасқа», «жарғыштасқа» (бөліп көрсеткен – Е.О.) назар аударып, олардың ежелгі замандарда жасалғандығын болжаған еді [71, 46 б].

Автордың бұл жерде «соқпақтас» деп отырғаны шапқы немесе қолшапқы, ал «жарғыштас» деп отырғаны өзектас немесе тас жанқа болуы ықтимал. Біз түпнұсқаны көре алмағандықтан, осындай болжам жасауға мәжбүр болып отырмыз.

Зерттеушінің «соқпақтас», «жарғыштас» сынды тас құралдарына жасаған қазақша техникалық-типологиялық анықтамасы қазіргі таңда отандық археология ғылымында мүлдем қолданылмайды. Бұл терминдер ғылыми айналымға ене қоймаған. Дегенмен келешектегі ізденістерде осы «атауларды» да қолдана бастағанымыз абзал болар еді. Өйткені ғылымның өсіп-өркендеуі үшін, қазақша ғылыми тілді дамыту мақсатында түрлі терминдер арқылы ғылыми-деректік сөздік қорды әрдайым байыта түскен ләзім.

Одан ары Х.А. Алпысбаев Франциядағы тағы адамның тас құралдарын бірінші рет тапқан Буше де Перта Жак ізденістерінің ғылыми құндылығын жоғары бағалап өтеді. Кеденші Буше де Перта Жак Аббевиль қаласы маңындағы ескі өзен жағасынан ерекше бір қабаттардан ірі-ірі сүтқоректі жануарлардың сүйектерін ұшырастырады. Сүйектер арасынан ол әдейі өңдеп сындырылған тастарды да кездестіреді. Тастардың адам қолынан шыққандығын болжаған Буше де Перта Жак оларды ғылыми жұртшылыққа ұсынады. Алайда ғылыми жұртшылық бұған аса сене қоймады. Ол қажымай-талмай тастарды жинастыра береді, ақыры 1864 жылы кітап жазып шығарады да, ғылыми қоғамды өзінің тапқандарына назар аударуға шақырады. Оның сол кездегі тапқандары 25 жыл өткеннен соң нақты бағасын ала бастайды. Бұл кездері мұндай материалдар басқа аймақтардан да шыға бастаған еді. Сонымен қатар Буше де Перта Жак пайымдарының растығы да дәлелдене түсті. Мысалы, ағылшын геологі Чарльз Лэйелль Сомм өзені маңайындағы Буше де Пертаның тапқан тас құралдары кем дегенде 250 мың жылдан артық деген болжам айтты. Ол 1863 жылы жарыққа шығарған «Ертедегі адам» деген кітабында тас құралдары мен сүтқоректі жануарлардың геологиялық жасын, мерзімін сәйкестендірді де, тұңғыш рет олардың өзара кезеңдестірілуін жасап шықты.

Бұл кітап бір жылдың ішінде үш рет баспадан шыққан еді [71, 47-48 бб]. Х.А. Алпысбаев тас дәуірінің зерттелуі тарихын осы негізгі үш оқиға арқылы өрбітіп берді. Дегенмен шетелдік тарихнамада бұл аталған зерттеулерден өзге де маңызды көптеген оқиалар орын алғанын білеміз. Кеңестік оқырмандарды шетелдік археологиялық ізденістер тарихының бүге-шігесіне дейін таныстырған А.Л. Монгайт болды десек қателеспейміз. Оның «Археология Западной Европы» деген екі томдық еңбегі жарты ғасырға жуық уақыттан бері кез келген археологтың жұмыс үстелінен табылатын ізденіс болып отыр.

Бұл еңбегінде А.Л. Монгайт әрбір мәдени-тарихи дәуірді зерттеудің қалай басталғандығын, шетелдік археологияның қалыптасуын, дамуын, жетістіктерін, жалпы сипаттамасын, ерекшеліктерін, негізгі археологиялық ескерткіштері мен мәдениеттерін, өзгешеліктерін т.б. түйінді сауалдарын қаузаған еді [72, 10-99 бб].

Ал бұл жерде Х.А. Алпысбаев болса тас дәуірі нысандарын зерттеу тарихында бетбұрыс болған бірен-саран оқиғалармен ғана шектелді деуге болады. Бір жағынан оның мақсаты, екінші жағынан міндеттері де басқаша болғандығын да ескергеніміз абзал. Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев палеолит мәселелеріне қатысты геологиялық конгрестердің шешімдеріне, калий-аргон, палеомагнит сынды ғылыми-зерттеулік талдау жұмыстарына, антропологиялық ізденістерге, бірқатар жарқын ескерткіштердің ашылу тарихы мен негізгі материалдарына сараптама жасады. Тас дәуіріне қатысты заманауи (яғни, 1970 жылдардағы) ізденістердің жетістіктерін саралады. Зерттеуші Францияда, Англияда ғана емес, алғашқы адамдардың қоныстары Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс Африкада, Оңтүстік Азияда, Қытайда, Үндістанда, Кіші Азиядағы Таврия көлі маңында, Еуропада, КСРО-да (Кавказда, Оңтүстік Қазақстанда), т.б. жерлерде кездеседі деп пайымдау жасайды. Былайша айтқанда, Х.А.Алпысбаевтың бұл тұжырымынан оның Оңтүстік Қазақстан аумағын, яғни Қаратау сілемдерін адамзаттың байырғы мекені ретінде дәлелдеу сынды іргелі концептуалдық ойдың жатқандығын аңғаруға болады. Яғни, ол Қазақстан территориясының, соның ішінде оңтүстік өңірлердің ежелгі ойкуменге кіретіндігіне сенімді болды деуге толық негіз бар.

Жоғарыда аталған мақаласында Х.А. Алпысбаев олдувэй (олдувей, олдувай) мен соан материалдарына да ерекше мән береді. Бұл екі археологиялық мәдениеттер әлемдік палеолиттану тарихнамасынан өзіндік орнын алған қызықты кешендер ретінде белгілі. Автор өз мақаласында отандық палеолиттану нысандарын осы мәдени кешендермен байланыстыруға, өзара қабыстыруға ұмтылды. Аталған мәдениеттердің тарихына, негізгі белгілеріне, ерекшеліктеріне тоқталып, оларда кездесетін ортақ белгілерді қазақстандық материалдардан іздестіріп бақты.

Айта кету керек, қазіргі таңда «олдувай мәдениеті» немесе «олдувэй дәуірі» адамзат тарихының ең ерте кезеңін сипаттайтын мәдени-тарихи кезең болып табылады [73, 1-12 бб], [74, 1217-1221 бб]. Ол Танзания солтүстік аумағындағы шатқалдың атауымен белгілі. Мұнда алғаш рет 1913 жылы

археолог Ганс Рек ежелгі гоминид қаңқасын табады. Мамандар қаңқаның бұдан 1,5 млн. жыл бұрынғы геологиялық қатпарлардан шыққандығын тілге тиек етеді. Алайда бұл зерттеушілер арасында түрлі пікірталастар тудырды. XX ғасырдың орта тұсында, дәлірек айтқанда өткен ғасырдың 30-60 жылдары Луис, Мэри және Джонатон Лики секілді археологтардың қажырлы еңбектерінің арқасында Олдувай шатқалы әлемге танылды [75, 491-494 бб].

Әсіресе 1959-1963 жылдары кең көлемде жүргізілген қазба жұмыстары барысында жас мөлшері 2 млн. жылдан асатын *Homo habilis* қалдықтары, одан кейін аустарлопитек бас сүйегі, тастан жасалған дөрекі құралдар, ежелгі уақыттардағы қолтырауын сүйектері, өзге де тұз тағыларының сүйек қалдықтары т.б. заттар табылады [76].

1976 жылы Питер Джоунс зерттеу жұмыстарына қатысып, жаңа нәтижелерге қол жеткізеді. Ол Мэри Ликиге тас құралдарының техникалық-типологиялық ерекшеліктерін сипаттауда ғылыми тұрғыдан көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар жарқын археологиялық ашылулар жасай білді. Ол әлемге бейгілі «аяқ іздерін» тапты. Оның негізінде мамандар адам баласының арғы атасы бұдан 3,8 млн. жыл бұрын тігінен жүре білген деген қорытынды жасалынды. Бүгінгі күні Олдувай шатқалы түрлі мамандар тарапынан кешенді түрде зерттелінген. Тіпті зерттелініп те жатыр.

Әдетте, олдувай кешені ең ежелгі дәуірлер тарихы туралы ғылыми ақпарат береді деген түсінік қалыптасқан. Алайда мұнда плиоцен ғана емес, плейстоценнің соңғы кезеңдері, ерте голоцен кезі секілді дәуірлерді қамтитын материалдар да бар.

Мұндай материалдар басқа зерттеушілер тарапынан алынған болатын [77, 207-224 бб], [78, 549-561], [79]. Олдувай материалдарын зерттеуге Т.У. Плуммер, Л.С. Бишоп, Р. Хай, А.Л. Дейно, Л.Дж. МакГенри, Дж.М. Хаберманн, И. Станистрит, П.В. Тобиас, К. Шик, Н. Туз, т.б. көптеген мамандар өз үлестерін қосты. Олардан басқа түрлі сала мамандары мәселеге әр қырынан келіп, қызықты ғылыми ақпараттар алды. Мысалы, кейбір мамандар олдувай-ашель кезеңдеріндегі ірі сүтқоректілердің рационы мен палеоэкологиясын зерделесе [80, 76-91 бб], Р.М. Альберт, М.К. Бэмфорд, Д. Кабанес секілді басқа мамандар плиоцендік-плейстоцендік палеоантропологиялық үлгілерге қосымшалар ретінде шатқалдағы түрлі топырақ қабаттарындағы фитолиттер мен макроөнімдердің тафономиясын жасады [81, 78-94 бб], тіпті шатқалдан шығып жатқан кварциттердің дактилоскопиясы да мамандар назарынан тыс қалмады [82, 102-110 бб].

Зерттеушілердің басқа бір тобы топырақ қабатындағы карбонаттардың тұрақты изотоптарын плио-плейстоцен кезеңіндегі палеоэкология индикаторлары ретінде зерттеді [83, 574-594 бб].

Міне, тарихнамалық тұрғыдан қарастырар болсақ, олдувай материалдары бойынша осындай алуан түрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын көреміз. Біз мысал ретінде олардың бір бөлігіне ғана шолу жасап өттік. Ондағы мақсат аталған кешенді жұмыстардың кейбір бағыттарымен таныстыру болып

табылады. Сайып келгенде, олдувай кешендері нағыз «ғылыми-зерттеу жұмыстарының іргелі зертханасына» айналды деуге болады. Өйткені мұнда тек археологтар ғана емес, бүкіл жаратылыстану ғылымдары тоғысқан еді. Нәтижесінде алғашқы адамның арғы тегіне қатысты сан салалы ғылыми қор жинақталды. Алынған мәліметтер археологиялық материалдардың ақпарат беру деңгейін одан сайын арттырып отыр.

Ғалым Х.А. Алпысбаев тарапынан ерекше мән берілген екінші нысан – Соан археологиялық мәдениеті. Бұл Оңтүстік Азия аумағында таралған төменгі палеолиттік кешендер жиынтығы болып табылады. Пәкістандық Соан, үндістандық Гулер, Тока, непалдық Арджун, сонымен қатар Сивалик, т.б. ескерткіштер кешендерінен осы аталып отырған мәдениеттің негізгі материалдары алынған. Алғаш рет «соан мәдениеті» терминін Хельмут Де Терра өзінің 1936 жылғы еңбегінде қолданған болатын. Мұнда 1928 жылы археологиялық ізденістер жүргізген Д.Н.Уадиа да тас құралдарының ерекшелігіне мән берген еді. Табылған тас құралдарына тыңғылықты техникалық-типологиялық талдау жүргізген Хельмут Де Терра ғана оны әлемге дербес археологиялық мәдениет ретінде таныстыра алды. Соан мәдениетін зерттеуге көптеген ғалымдар атсалысты. Әсіресе XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Стивен Лиссет, Р.У. Деннель, Л. Хуркомбе т.б. зерттеушілер мол үлес қосты [84, 69-72 бб].

Ал ХХІ ғасырда П.Р. Чаухан, т.б. мамандар тарапынан қосымша әрі қызықты мағлұматтар алынды [85, 591-614 бб], [86, 35-54 бб]. Мамандардың басым бөлігі Соан өзені алабынан леваллуалық техника нақты айқындалғандығын жазады. Дегенмен алуан түрлі тас құралдары арасынан жас мөлшері 2 млн. жылға баратын дөрекі еңбек құралдары айқындалған. Сонымен қатар осы өңірлерден кейінгі палеолиттің де іздері ұшырасатындығы анық болып отыр. Қол шапқы, өзектас, тас жаңқа секілді тас құралдары көптеп жинастырылған. Химачал маңындағы Чаунтра ескерткішінен алынған долбарлы қолшапқылар осы мәдениеттің негізгі белгілерін айқындай түседі. Олардан басқа синантроптардың тас құралдарына жақын дөрекі заттары анықталған. Алайда мұнда синантроптар емес, олардан өзге «тік жүретін» байырғы адамдар тіршілік еткендігі дәлелденген. Соан алабынан көптеген тұз тағыларының (киік, мүйізтұмсық, қолтырауын, жираф, ұсақ кемірушілер, т.б.) сүйектері анықталған. Кейбір жан-жануарлардың сүйек қалдықтарына 14 млн. жыл болған. Үндістан субконтинентіндегі соан мәдениеті Пәкістан, Непал, т.б. іргелес аймақтардың да ең ежелгі тас дәуірін айшықтайды [87, 158-169 бб], [88, 183-188 бб], [89, 105-144 бб].

Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша Соан мәдениетінің таралу аймағы Оңтүстік Азия жерінен әлдеқайда тысқары жатуы да ықтимал. Тас құралдарының өзара жақын морфологиялық паралельдері Тәжікстан, Иран аумағында жатуы мүмкін екендігін әлем жұртшылығының ғалымдары мойындап отыр. Осы жерде айта кету керек, Хасан Алпысбайұлы бұдан жарты ғасыр бұрын-ақ осындай тың да сүбелі концептуалдық ойларын айтқан

болатын. Ол Орталық Азия аумағы, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қаратаулық тас құралдары жасалу жолдарына қарай соандық мәдениетпен үндесетіндігін алғашқылардың бірі болып айтқан еді. Дегенмен оның пайымдауларына ешкім құлақ аса қоймады, өзі жазған мақала атауында «соандық» және «қаратаулық» индустриялар сөздері тұрғанымен олардың генетикалық-морфологиялық байланысына, өзара қарым-қатынасына ешкім көңіл бөле қойған жоқ. Ал Хасан Алпысбайұлы соан мәдениетінің белгілі бір дәрежедегі бөлшектері Қаратау сілемдерінен де айқындалып отырғандығын айтумен болды. Өз сөздерін Х.А.Алпысбаев былай деп қорытындылайды: «Осындай таңқаларлық жаңалық Қазақстанның оңтүстігінде бұрын-соңды белгісіз болып келген маймыл тәрізді адам тегілер Қазақстан жерінде өмір сүріп, аң аулағаны анықталып отыр. Сонымен бірге олардың малта тас қарулары Олдувей мен Соан мәдениетіне жақын екендігін дәлелдейтін деректер табылуда» [71, 556]

Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев алғашқы қоғамның даму, өсуі әуелгі палеолит дәуіріндегі жұмыр малта тас құралы мәдениетінен ашель мәдениетіне дейін мүлде бәсеңділікпен дамығанын көреміз дей келе, жұмыр тас құралдарымен бірге табылған тағы адамның қалдықтары оларды басқа маймыл тәрізділерден жоғары сатыда болғандығын дәлелдейді деп қорытынды жасайды. Ол осыған дейін Францияның Аббевиль – шелль деген аймақтарынан табылған қазбаны адамның ең бірінші шағып жасаған тас қаруы деп келгеніміздің бұрыстығын нақтылап бере алды.

Әлемдік тарихнамада осы заманғы адамның ежелгі кездердегі ата мекені туралы және нәсілдік тұрпаттардың тегі туралы екі болжам бар. Оның біріншісі – полицентристік болжам, бұл болжамды қолдаушылардың ойынша осы заманауи адам бірнеше аймақта, соның ішінде Еуропада, Азияда, Африкада, Аустралияда қалыптасты, сондай-ақ осы аймақтарда еуропаид, моңғолоид, негроид, аустралоид сияқты үлкен-үлкен расалардың қалыптасу үдерісі бір-бірінен оқшау түрде жүрген. Ал екіншісі – моноцентристік болжам. Бұл болжамды ұстанатын өкілдер былай деп тұспалдайды: барлық нәсілдік тұрпаттар бастапқы кезде Солтүстік-Шығыс Африкада, Алдыңғы және Оңтүстік Азияда тірішілік еткен ежелгі адамдардың арғы бір бұтағынан тарады. Бұл бұтақтың өкілдерінде заманауи расалардың бірде-бірінің белгілері бола қоймады, тек осы «адамдардың» жердің түрлі аудандарына таралуы барысында оларда расалық тұрпаттар бірте-бірте қалыптасты.

Өз кезегінде Х.А. Алпысбаев моноцентристік көзқарасты қолдады деуге болады. Мұны ғалымның мына сөздерінен аңғарамыз: «Тағы сондай жабайы адамның қалдықтарын Индияда Сивалік төбешіктерінен қазып алынып жатыр. Бірақ, бұнда табылған Сивалік питектер мен Африкадағы австралопитектердің бір-біріне өте жақын екенін білсек, барлығының пайда болуына моноцентризм немесе бір ғана орталықтан ғана 2-3,5 миллион жыл бұрын шықты деген қорытындыға келеміз» [71, 546]

Мұны зерттеушілердің көпшілігі қолдайды. Мысалы, бұл жөнінде Ювал Ноаһ Харари былай дейді: «Адамдар, яғни Homo туыстасына жататын жануарлар шамамен осыдан 2,5 миллион жыл бұрын Australopithecus, былайша айтқанда, «оңтүстік мешін» дейтін тым ежелгі маймылдар туыстасының бір тармағы ретінде Шығыс Африкада пайда болды. 2 миллион жыл бұрын ежелгі адамдардың бір бөлігі отандарынан өкше көтеріп, Солтүстік Африканың, Еуропа мен Азияның көлкіген кеңістігін кезуге аттанып, шашырай қоныс тепті» [90, 368 б].

Кезінде мұндай концепцияны кеңестік зерттеушілердің басым бөлігі де қолдаған еді. Осыған орай Хасан Алпысбаевтың да көзқарасы айтарлықтай ерекшелене қоймады. Ол П.П. Ефименко, О.Н. Бадер, С.Н. Замятин, Г.Ф. Дебец, С.В. Киселев секілді көптеген археологтарға өзінің Қаратау өңірінен тапқан тас құралдарын көрсетіп, құралдардың осыдан 600-400 мың жылдардан көбірек кезеңде жасалғандығы туралы бұл зерттеушілердің құптағандарын да айтып өтеді. Дәлел ретінде мақаласында бұл ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сілтеме де жасайды. Кеңестік ғалымдардың қолдауына сүйенген Х.А. Алпысбаев келесі еңбектерінде де Қаратау аймағын «мешін» пішіндес ежелгі адамдардың мекені болды деген тұжырымын геолог әріптестерімен бірге үнемі дәлелдеуге ұмтылып отырды [91, 5-20 бб]. Мұндай біріккен телавторлық ғылыми-зерттеу жұмыстарында палеолиттік ескерткіштер үшін геологиялық кезеңдестірудің маңыздылығына назар аударылып, Еуразия құрылығындағы жер қыртыстарының жас мөлшері негізге алынды да, археологиялық материалдардың солармен ұштастырылуына мән берілді. Антропоген қабаттарын жіктеудегі палеолиттік ескерткіштердің маңызы көрсетілді [92, 107-120 бб].

Ең басты назар аударатын мәселе – шетелдік зерттеушілердің заманауи әдіснамасымен де бөлісіп отырды. Мысалы, Н.Н. Костенкомен бірігіп жазған «Значение палеолита для расчленения антропогенных отложений» деген мақаласында Олдувэй сайындағы Л. Лики қолданған әдістерді сипаттап жазды. Археолог Л. Лики мұндағы антропоген қабаттарын бес стратиграфиялық қабат немесе көкжиек (горизонт) анықтаған: оның вулкандық туфалардан, саздан және өзге конгломераттардан тұратын біріншісінің қалыңдығы 5,5-30 м, сазбалшықтар аралас туфтар мен құмтастардан құралған екінші көкжиек қалыңдығы 15-27 м, үшінші қабатының қалыңдығы ауытқып отырады, төртіншісінің қалыңдығы 40 м-ге дейін барады, ал құм, құмтас, туф және ішінара конгломераттармен араласқан бесінші қабаттан кейінгі палеолиттік бұйымдар алынған. Зерттеушілер аталған ескерткіштің стратиграфиялық кесіндісіне, оның ақпараттар беретін мүмкіндіктеріне зор мән береді. Мұны Х.А. Алпысбаев пен Н.Н. Костенко «классикалық» кесінді деп те мақтайды. Олардың ойынша Олдувэй мекеніндегі стратиграфиялық кесіндінің маңызы мен ғылыми әлеуеті өте зор. Егер сөзбе-сөз берер болсақ, авторлар былай дейді: «Приведенный (можно сказать классический) разрез по Олдувейскому ущелью наглядно иллюстрирует, во-первых, совершенно очевидную необходимость

снижения ныне условно принятой границы между антропогеном и неогеном под виллафранк, во-вторых, весьма важное значение остатков древнего человека и орудий его жизнедеятельности для подробного стратиграфического расчленения антропогеновых отложений» [93, 110 б].

Шетелдік археология тарихнамасындағы тас құралдарының ерекшеліктеріне де Х.А. Алпысбаев тарапынан кеңінен мән берілді. Ол өзінің «Были ли орудия у австралопитеков?» мақаласында аустралопитектердің сүйек қаңқаларын табу тарихына тоқталып, тас құралдарының эволюциясына да тоқталып кетеді, ең алғашқы тас бұйымдардың жасалуына әсерін тигізген табиғи, тарихи және әлеуметтік жағдайларды саралайды. Жалпы алғанда, ежелгі адам бастапқы кезде кездейсоқ шағылып, үшкірленіп қалған тастарды пайдаланды. Оны мешін пішіндес адамдар бірнеше мыңжылдықтар бойы пайдаланып келді. Тас құралдарын жасау бірден қалыптаса қоймады. Оны адам текті маймылдар күнделікті тіршілік үшін пайдалануға мәжбүр де болды. Уақыт өте келе терімшілікке, аң аулауға, сыртқы жаулардан және жыртқыш аңдардан қорғануға пайдалану үшін тас құралдары өңделе бастады. Мұндай құралдарды жүйелі түрде қолдану белгілі бір формалардың қалыптасуына алып келді. Бұдан соң адамдар жинақталған тәжірибе арқылы шапқы құралдарын жасауды меңгереді: әуел баста бір жақты, содан соң екі жағы өңделген тастарды жасады. Тасты өңдеу ұзаққа созылған тарихи үрдіс болды. Оны аустралопитек, т.б. адам тектес мешіндер күнделікті өмірде қолдана білді. Тас құралдарын дайындауда адам баласы мол тәжірибе жинақтады [93, 90-92 бб].

Х.А. Алпысбаев бірқатар қаратаулық ескерткіштерден (Бөріқазған, Тәңірқазған, Қазанғап, т.б.) алынған қол шапқылар Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка көнепалеолиттік шелль-ашель кешендерімен ұқсастығына назар аударды. Ғалым тіпті керек болса олардың (қазақстандық материалдардың) үндістандық ерте «соан мәдениетіне», африкалық «малтатас мәдениетіне» және бирмалық (мьянмалық) чоппер типтеріне өте жақын екендігін қалың жұртшылыққа әлденеше рет жария етті [94, 59-61 бб]. Айта кету керек, мұндай қол шапқыларға мынадай ортақ белгілер тән: барлығы сопақша күйінде жұмыр болып келеді, бір шеті өңделеді, үшкірленеді, ал келесі жағы сол күйі сақталады немесе қолға ұстауға ыңғайлы болуы үшін аздап өкше тұсынан түзетіледі. Қол шапқыларын дайындауға жергілікті шикізат көздері пайдаланылған. Сондай-ақ зерттеуші өз ойларының дұрыстығына геологиялық қабаттардың нақты дәлелдеме бола алатындығын да айта кеткен еді.

Х.А. Алпысбаев екі жақты шапқы құралдар (бифастар) мен дөрекі қол шапқыларды жеке тұрпат ретінде қарастыра болсақ, онда құралдарды дайындаудың формасы мен техникасы бойынша олардың арасынан өтпелі аналогтарды да кездестіруге болады деп есептеді. Оның пікірінше: тас құралдарының бұл категорияларын жақыннан қараған кезде олардың арасынан мейлінше дөрекі жасалғандары алғашқы дайындалғандары болып шығады, содан кейін едәуір уақыттардан соң түпкілікті сапаға көшу орын алады да, төменгі палеолиттің жаңа формалары, яғни қол шапқылар шыға бастайды; бұл

формалардың қайнар-бастауларын 130 мың жылдардан ғана асатын уақытта түрлі мамандар тарапынан зерттелініп жатқан Батыс Еуропадан іздестірудің қажеті жоқ сияқты, оны Оңтүстік Азиядан және Оңтүстік-Шығыс Африкадан іздестірген жөн; антропоген қарсаңында шелльге дейінгі және шелль кезеңдеріндегі құралдар формасынан кездейсоқ, белгісіз, тұрақсыз тұрпаттардан дифференциацияны байқауға болады; бірқатар еңбек бұйымдары әмбебап құралдар ретінде де пайдаланылды; қол шапқылардың пайда болуын алғашқы аңшылардың өміріндегі екінші кезеңмен байланыстыруға болады. Х.А. Алпысбаев Азия аумағынан қол шапқылардың аз табылуын, мұнда әлі жоспарлы да жүйелі археологиялық ізденістердің жүргізіле қоймағындығымен байланыстырады. Қол шапқыларының Үндістан, Қытай, Бирма (қазіргі Мьянма – *Е.О.*) мен Орта Азия аудандарынан аз мөлшерде табылуы, Батыс Еуропа палеолитінің мұндағы палеолиттен айырмасы көп екендігін, не болмаса оның өзіндік ерекшелігін білдіре қоймайды. Уақыт өте келе төменгі палеолиттік құралдары кешені табылған жерлердің барлығынан батыстық қол шапқыларына ұқсас формалардың табылатындығы кәдік [92, 115 б]. Әрине, бұл жерде бірнеше факторларды ескергеніміз абзал: біріншіден, Орталық Азия ғана емес, сонымен қатар бүкіл Азия аумағында ежелгі палеолит дәуірін зерттеу ісі кемшін тартып жатты; екіншіден, осы уақытқа дейінгі табылған ескерткіштердің материалдары жер бетінен теріліп алынған болатын; үшіншіден, Қарасу ескерткішінен басқа (кейіннен Ш.У. Уәлиханов атындағы палеолит ескерткіші) стратиграфиясы сақталған археологиялық нысандар бола қоймады. Біздіңше, осы кездері Олдувэй сынды ескерткіштер кешенін Қазақстан территориясынан да анықтап зерттеу Х.А. Алпысбаевтың ғылыми өмірінің мәніне айналды.

Десе де Африка, Еуропа және Азия аумақтарындағы тас дәуірі материалдарына сүйеніп отандық палеолиттану бойынша да келелі тұжырымдар жасаған Х.А. Алпысбаевтың кейбір ой-пікірлері аздап күмән туғызады. Ойымыз нақтырақ болуы үшін оның айтқандарын сөзбе-сөз келтіруді жөн санадық. Мәселен, жоғарыда аты аталған академиялық басылымдағы «Соңғы палеолит» деген тараушасында кроманьондықтарды сипаттай келе ол былай дейді: «Қазақстан территориясында табылған жоғары палеолиттік адамның сүйек қалдықтары толық емес, кейбір сүйектер ғана бар, алайда едәуір үлесін Қазақстан алып жатқан Евразияның ішкері бөлегін сонау арғы заманда протоевропеоидтік нәсіл тұрпатты адамдар мекендеген деп топшылауға әбден болады» [95, 80 б]. Біріншіден, бізде әлі күнге дейін жоғарғы палеолиттік адамдардың сүйек қалдықтары табыла қоймаған; екіншіден, кроманьондықтардың қазақстандық замандастары «протоевропеоидтік» нәсіл болды деп айтуға толыққанды ғылыми негіз жоқ. Сол замандағы адамдарға тиесілі сүйек қалдықтары табылмаған болса, онда қалайша соңғы палеолит адамдарының расасы туралы сөз қозғауға болады деген заңды сұрақ туындайды.

Дегенмен Х.А. Алпысбаев Еуропа, Африка, Азия жеріндегі археологиялық ескерткіштер мен мәдениеттерден кеңінен хабардар болды деуге болады. Оны өз заманының палеолит сауалдары бойынша үздік зерттеушілерінің бірі болған дей аламыз. Өйткені ғалым тас дәуіріне қатысты барлық жаңалықтар мен соны пайымдауларды білді, Африка, Еуропа, Азия аудандарындағы барлық ғылыми ізденістерді қалт жібермей әрі үзбей қадағалап отырды, шетелдік әріптестерінің жетістіктерін саралап талқылады. Солардың негізінде отандық тас дәуіріне қатысты өз тұжырымдарын да көпшілікке жеткізуге талпынды. Ол палеолит дәуірі бойынша жазылған шетелдік материалдарды қазақстандық оқырмандарға кеңінен жеткізе білді. Көптеген шетелдік мамандардың ізденістерін өзінің далалық ізденістерімен ұштастырып отыруға талпынды.

Сонымен қатар Х.А. Алпысбаевтың шетелдік археология мәселелерін қарастырған кезде отандық археологиялық ізденістерімен байланыстыруын оң методикалық тәсіл ретінде бағалаған да жөн.

2.2 Ғалымның Костёнки-стрелец археологиялық мәдениетін зерттеуге қосқан үлесі

Ғалымның негізгі зерттеу нысандарының бірі кейінгі палеолиттік Костёнки кешендері болғандығы мәлім. Бұл археологиялық нысандар жайлы әлемдік археологияда кеңінен айтылып жүр. Алайда әлі күнге дейін әлемдік демей-ақ қояйық, тіпті кеңестік, одан қалса ресейлік археологияда Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың осы кешендерді зерттеуге қосқан сүбелі үлесі, негізгі ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлері мүлдем айтылмай келеді. Тіпті оған сілтеме жасап жатқан заманауи ресейлік мамандарды мүлдем көрмейміз. Дегенмен қазақстандық археолог-мамандар Костёнки кешендерінің бір қыры Х.А.Алпысбаевтың кандидаттық диссертациясына арқау болғандығын біледі. Алайда отандық тас дәуірі мәселелерімен айналысатын мамандардың өздері де осы тақырыпқа қатысты Х.А. Алпысбаевтың концептуалдық ойларынан мүлдем бейхабар. Біздіңше, бұған бірнеше мынадай жайттар кері әсерін тигізген сияқты: біріншіден, Х.А. Алпысбаев тарапынан Костёнки ескерткіштері жайлы мақалаларын жарыққа шығармауы; екіншіден, кандидаттық диссертациясын монография түрінде жарияламауы; үшіншіден, зерттеушінің кандидаттық ғылыми дәрежені алу үшін дайындаған ізденісіне отандық мамандар (шәкірттері) тарапынан болған немқұрайдылық.

Айта кету керек, қазіргі таңда костёнки-стрелец археологиялық мәдениетінің құрамына кіретін бұл кешендердің негізгі белгілері болып ұзындығы 35 м-ге дейін, ені 9 м-ге дейін жететін жер үсті баспаналары, палеолит Шолпандары, тас кетпендер, т.б. саналады. Осы археологиялық мәдениетті зерттеудің 150 жылға жуық тарихы да бар. Ескерткішті тұңғыш рет 1879 жылы И.С. Поляков ашқан. РФ Воронеж маңындағы (шамамен қаладан

оңтүстікке қарай 30-35 км жерде) Костенки-Борщевск ауданында орналасқан бұл ескерткіш әлі күнге дейін Орыс жазығындағы жоғарғы палеолиттің жарқын нысандарының қатарына кіреді. Кейіннен мұнда 1881 жылы А.И.Кельсиев, 1904 жылы Н.И.Криштафович, 1915 жылы С.А. Круковский зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Аталған зерттеушілер еңбектері бірлі-жарымды материалдар негізінде өрбітілді. Олар басқа мәдени-тарихи дәуірлердің де ескерткіштерін де қарастырған еді. Дегенмен осы патшалық Ресей тұсындағы бірлі-жарымды ізденістер Костенки-Борщевск ауданы археологиялық тұрғыдан зерттелуі тиіс екендігін нақты көрсеткен болатын. Патшалық Ресей тұсында аталған аудандағы археологиялық ізденістер көбіне жалпылама түрдегі сипаттамалығымен, ауқымының аздығымен және өлкетанулық бағыттарымен ерекшеленді. Сонымен қатар, бұл кездері археология ғылымының әлі де болса әдіснамасы толығымен қалыптаса қоймаған еді. Мұндай олқылықтар патшалық Ресей тұсындағы өлкетану ісінің өзіндік бір парасын да көрсетеді. Егер де тарихи-салыстырмалы талдау жасар болсақ, дәл осындай сипаттарды қазақстандық өлкетанудан да аңғаруға болады [96]. Осы кездері археология ғылымы өлкетанудың бір саласы ретінде айтылып та, көрсетіліп те жүрді. Мұның өзі бүкіл патшалық Ресей тұсындағы ғылымда орын алған мәдени-тарихи ахуалды жан-жақты әрі жалпылама түрде сипаттайды.

Кеңестік дәуірде жоғарыда аталған ауданда бірнеше археологтар жұмыс істеді. Олардың ашқан жаңалығы әлемдік деңгейде аталып өтуімен, мәселеге жан-жақты келуімен өзгешеленеді. Сөйтіп, костенкилік ескерткіштерді зерттеудің негізгі кезеңі осы кеңестік заманда орын алды деуге болады. Мұны төмендегі аталған нысанды зерттеудің тарихы да нақтырақ айқындай түседі.

«Костенки археологиялық мәдениетінің» алғашқы ескерткіштерін толымды түрде П.П.Ефименко, С.Н.Замятнин сынды кеңестік палеолиттанушы мамандар зерттеген болатын. 1923 жылы П.П. Ефименко мен С.Н. Замятнин бірлескен далалық ізденістері кезінде Костенки тұрағынан мамонт азу тісінен жасалған әйел адамның мүсінін табады.

Қазіргі таңда мамандардың барлығы 1923 жылы П.П. Ефименко мен С.Н. Замятниннің Костенкиден тапқан әйел адамның мүсіні сол кездергі сенсациялық жаңалық болған еді деп дұрыс сипаттайды. Осы археологтар тапқан бұл мүсін кеңестік археология ғылымындағы соны жаңалық ретінде бағаланды. С.Н.Замятнинге 1927 жылы Гагарино тұрағынан да бұдан да жарқын әйел адамның мүсіндерін «табу бақыты» бұйырды. Сонымен қатар жоғарыда айтылған мамандар тарапынан палеолиттік баспана құрылыстарын, тұрмыстық-шаруашылық қаракеттерді, күнделікті қоршаған ортаға деген көзқарастарды, мәдени қалдықтардың өзара байланысын, еңбек құралдарының техникалық-типологиялық дамуын зерттеу ісі әдістемелік жағынан жетілдірілді. Табылған заттар бойынша П.П. Ефименко палеолит заманындағы әйел адамның қоғамдағы рөліне тоқталып, оның алғашқы қауымдық құрылыстағы орнын нақтылауға ұмтылды. Зерттеуші алғашқы қоғамдағы

матриархат жайлы, әйелдің ошақ қасында және күнделікті өмірдегі орнын айқындауға тырысып бақты. Ол кейінгі палеолиттегі әйел адамның орнын жан-жақты ашып көрсетті. Оған дәлелдеме ретінде костенкилік әйел адамның мүсінін жан-жақты сипаттап кетті, оның палеолиттік мәдениеттегі қыр-сырына мейлінше терең үңілуге талпынды [97, 14-22 бб]

Бұл зерттеуші археологиялық қазба барысынан табылған деректемелік қорды тарихи дерек ретінде сипаттау әрі оңынан түсіну керектігін жаза отырып, палеолиттік баспаналар мен қоныстар мәселесін көтере білді, тіпті палеолиттанудың археологиядағы жеке сала болып қалыптасуына ықпал етті. Осыдан кейін палеолиттану мамандану қарқынды жүре бастады. Ашылған аңалықтар әсіресе алғашқы қауымдық құрылыстың маркстік-лениндік теориясын қалпытастыруға да өзіндік ықпалын тигізген еді. Яғни, адамның эволюциялық дамуы, оның талай тарихи белестерден өткендігі, соның ішінде «саналы адамның» қалыптасуы секілді мәселелер кеңестік тарихнамада толыққанды орныға бастады.

Сонымен қатар Костёнкиден табылған баспана қалдықтары, тас құралдары мен шаруашылық заттар, әшекей бұйымдары да кеңестік археологиядан маңызды орнын алды. Әсіресе жерлеу орындары (молалар), сүйектен жасалған әшекей бұйымдары, киімге тағылған сәндік заттар, қару-жарақ түрлері, т.б. ориньяк дәуіріндегі «жаңашылдықтар» кеңестік археология тарихнамасында керемет сенсациялық пайымдарды туғызған еді. Ежелгі өнер туындылары тарихи деректемелер ретінде қарастырылып, олардың ғылыми-ақпараттық мәні күшейе түсті. Байырғы өнер туындылары мен археологиялық материалдарды толымды түрде сипаттау нәтижесінде палеолит заманы жайлы тың тұжырымдар жасалды.

Уақыт өте келе кейбір Костёнки кешендерінде жоспарлы археологиялық жұмыстар жүргізілді. 1958 жылы П.П. Ефименконың «Костёнки I» деген монографиялық еңбегі жарық көрді. Бұл еңбегінде автор 1923-1936 жылдары жүргізілген далалық ізденістерінің нәтижелерімен көпшілікті таныстырды. Зерттеуші монографиясында Костёнки I туралы жалпы ақпараттар берді, адамдар өмір сүреген алаңқайдағы ошақтардың айналасын, жертөлелер секторын, баспаналардың орталық бөліктерін, тұрғын-жайлардың түкпірін, шақпақтастар топтамасын, сүйектен жасалған бұйымдар, адамдар мен хайуанаттардың бейнелерін, осы нысанның тарихи ескерткіш ретіндегі мәні мен мағынасын сипаттап өтті. Автор осы іргелі еңбегінде Костёнки I туралы әдебиеттерді де беріп, түрлі таблицалар, сызбалар арқылы ескерткіштің толымды сипаттамасын жасап шықты [98, 410-485 бб].

Бұл монография өткен ғасыр орта тұсындағы кеңестік археологияның іргелі еңбектерінің бірі саналады. Әсіресе түрлі баспаналар мен шаруашылық құрылыстары, алғашқы қауымдық өнер туындылары (әйел адам бейнелері, жан-жануарлар мүсіндері, т.б.) жайлы мол мәліметтер берілді. Айта кету керек, Костёнки I ескерткіші бірнеше кешендерден тұрады. Оның бірінші кешені көпқабатты (бірнеше қабаттан тұратындығы 1931-1932 жылдары анықталған),

одан төрт тұрғын-үй кешендері анықталып, тек біреусі ғана толыққанды түрде аршылған. П.П. Ефименко үшінші кешенді 1926 жылы зерттеген. Мұндағы жертөлелер саны 10 шақты, ал ошақ орнының саны үшеу. Қазба барысында көптеген археологиялық бұйымдар, палеозоологиялық материалдар жинастырылған. Сайып келгенде, П.П. Ефименко монографиясы алғашқы қауымның әлеуметтік қырларын археологиялық материалдар негізінде тереңінен қарастырған еңбек болып бағаланады.

Костёнки-стрелец археологиялық мәдениетіне жататын барлық Костёнки кешендерінің маңызы өте зор. Олардың ақпараттық деңгейі негізгі материалдарына орай әрқилы болуы мүмкін. Дегенмен әрбір ескерткіштің археологиялық мәдениеттегі өзіндік орны бар. Кезінде ескерткіштердің зерттелінбей қалған жерлері басқа мамандар тарапынан қарастырылып әлі толықтырылып отырды. Мұның өзі бір жағынан ғылымның дамуын да көрсетеді. «Костёнки археологиялық мәдениетінің» ескерткіштерін алғашқылардың бірі болып кеңестік археолог С.Н. Замятин зерттегендігі жоғарыда айтылды. Бұл зерттеуші 1920 жылдар ортасында Липецк, Воронеж облыстарында далалық ізденістер ұйымдастырып тың жаңалықтар ашты. Ол 1926 жылы Дон өзені бойындағы атақты Гагарино тұрағын тапты. Оны 1927 жылы қазды. Аталған тұрақтан алынған мәліметтер (1926-1927, 1929 жылдардағы) жер бетіне салынған баспаналарды зерттеу әдістемесін қалыптастырып дамытты. Ескерте кететін бір жайт, С.Н.Замятин аспирантурада оқып жүрген жылдары-ақ бірнеше жарқын археологиялық зерттеулер жүргізе білді. 1920-1930 жылдары ол Орталық қаратопырақты аймақтардағы бірнеше ескерткіштерді (Костёнки, Борщево, Шубное, т.б.) ашты. 1923 жылдан бастап бірнеше маусымға созылған Костёнки кешендерін зерттеп, тың материалдар тапты [99, 13 б].

Бұл зерттеушіге Дон алабындағы Гагарино тұрағынан табылған материалдар әлемдік танымалдылық әкелді. Ұзақ жылдар бойы пайдаланылған палеолиттік баспаналардың ашылуы адам баласы мәдениетінің деңгейі туралы жалпы түсініктердің орнығуына мүмкіндік берді [99, 16-17 бб].

Жалпы алғанда, С.Н. Замятин адамзат пен оның мәдениетінің дамуындағы қоршаған ортаның мәні мен рөліне ерекше көңіл бөлді, бұл ретте ол тарихи деректемелік қорға ерекше назар аударып, соған ынта-шынтасымен ден қойды. Археолог С.Н. Замятин мыңдаған жылдарға созылған тарихи құбылыстардың әлеуметтік мәніне назар аударып, қоғамды біртұтас жүйе ретінде түсіндіруге талпынды. Байырғы аңшылар мен терімшілердің ортасында орын алған әлеуметтік-қоғамдық санаға көңіл бөліп, олардың ортақ құндылықтарын айқындауға ұмтылды. Әйтсе де С.Н. Замятин палеолит дәуіріндегі мәдениеттің дамуына қоршаған орта мен табиғат аса маңызды рөл атқара қоймайды, тарихи дамуда олардың адамзат қоғамының дамуына ықпалы шамалы деген пайымдаманы қолдады. С.Н. Замятиннің пікірінше, жоғарғы палеолиттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктер көп жағдайда қоршаған ортаға тәуелді болды, дегенмен олар түптеп келгенде алғашқы қауымдық құрылыстың

үстемдігіне байланып тұрды, одан асып шыға алмады, ал оның негізгі сипаты қоғамдық-әлеуметтік бірліктердің оқшаулығы, олардың арасында дамыған әрі тығыз байланыстардың орныға қоймауы, шаруашылық қаракеттегі натуралды шаруашылықтың үстемдігі, тұрғындар санының аздығы болған еді. Зерттеуші пайымы бойынша жоғарыда аталған жайттар жергілікті жерлерде өзіндік мәдениеттердің қалыптасуына түрткі болды, оларды қару-жарақ пен еңбек құралдарынан, баспаналардан, киім ерекшеліктерінен, әшекейлерден, өнер туындыларынан, т.б. көруге көруге болады.

Алайда өз еңбектерінде С.Н. Замятнин археологиялық мәдениет туралы сөз қозғай қоймады, ол бірнеше аудандарда үлкен-үлкен мәдени аймақтар қалыптасқандығын ғана айтып өтті, оның тұжырымы бойынша жоғарғы палеолитте еуропалық мұздық маңы, сібір және жерортатеңіздік аймақтар ерекше көзге түскен [100, 95-96 б]. Әлбетте С.Н. Замятнин жергілікті мәдениеттердің қалыптасуын кеңестік зерттеуші ретінде «еңбек концепциясының» негізінде өрбітуге тырысқан болатын. Оның ізденістерінің өзегіне қоғамның дамуы бойынша жасалған маркстік-лениндік «таптық» формацияның алынғандығын да айта кеткен абзал. Қалай болғанда да маркстік методологиялық ұстаным осы кездері көптеген зерттеу жұмыстарында кеңінен орын ала бастаған еді [101, 41-42 бб]. Бұл сол жылдардағы кеңестік археология ғылымының өзіндік ерекшелігін де көрсетеді. Мұндай саяси-идеологиялық ұстанымдардың ғылымға, соның ішінде археологияға енуі шамамен Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қарқынды түрде ене бастады деуге болады. Өкінішке орай мұндай формада немесе маркстік ыңғайда ғылыми ізденістер жүргізу кеңестік дәуір аяқталғанға дейін жалғасқан еді.

Тағы да бір айта кететін жайт, С.Н. Замятнин де, П.П. Ефименко да өздері зерттеген нысандардың барлығын бір археологиялық мәдениетке жатқыза қоймады, оның дербес археологиялық мәдениет екендіктеріне толық сенімді болмады. Олар костенкилік кешендердің солютре, ориньяк, мадлен секілді батысеуропалық археологиялық мәдениеттердің қайсысымен синхрондалатындығына «бас қатырды». Мысалы, П.П. Ефименко Костёнки I палеолиттік қабаттарынан «типтік солютрейлік инвентарь» ұшырасады деп нақты көрсетуге талпынды [98, 27 б]. Соған орай табылған ескерткіштердің хронологиясына, мерзіміне және корреляциясына ден қойып, археологиялық нысандардың көнелілігін делелдеп беруге тырысты.

Костёнкилік бұйымдардың бірегейлігіне назар аударып, мұндағы ескерткіштерді жеке-дербес археологиялық мәдениет ретінде тұңғыш рет бөлген А.Н. Рогачев болып табылады. Ол бастапқыда 1936-1938 жылдары костёнкилік ескерткіштерді зерттеуге қатысқан болатын.

А.Н. Рогачев – 1948-1983 жылдары костёнкилік және стрелецтік археологиялық мәдениеттердің бірнеше нысандарында қазба жұмыстарын жүргізген. Археолог А.Н. Рогачев 1948 жылы «Первобытно-общинное поселение палеолитического времени Костёнки 4» деген тақырыпта кандидаттық, ал 1963 жылы «Многослойные стоянки Костёнковско-

Борщёвского района» атты тақырыпта докторлық диссертацияларын қорғады. Оның 1955 жылы жарыққа шыққан «Александровское поселение древнекаменного века у с. Костёнки на Дону» деген монографиясы мамандар тарапынан жоғары бағаланды [102, с. 48-52]. Бұл еңбегінде автор ұзынша баспаналарды және олардан шыққан алуан түрлі материалдарды ғылыми сараптамадан өткізген еді. А.Н. Рогачев тарапынан 1952-1953 жылдары аршылған Костёнки 6 ескерткішінің негізінде стрелец археологиялық мәдениеті жайлы сөз қозғала бастайды [103, 64-71 бб].

Бұл археологиялық мәдениеттің дербес жіктелуіне бірнеше жайттар, соның ішінде екі жағы мұқият өңделген үш бұрышты келген тас құралдары мұрындық болған еді. Олардан өзге де жүздеген археологиялық бұйымдар аталған ескерткіштен жинастырылған болатын. Бұл жылдары костёнкилік бірнеше нысандар мәлім болды, тың іргелі еңбектер жазылды. Табылған материалдар негізінде А.Н. Рогачев, т.б. мамандар тарапынан музей ұйымдастырылды. КСРО студенттері, аспиранттары осында ғылыми-практикалық тәжірибеден өтіп жатты. 1984-1994 жылдары Костёнки аудандарындағы археологиялық ізденістерге ішінара Н.Д.Праслов басшылық етті. Ал 2004-2012 жылдары археолог М.В. Аникович костёнкилік ескерткіштерді зерделеуге басшы болды. Осы аралықта шетелдік мамандар тартылып, ескерткіштерге қатысты жаңаша материалдар да алына бастады. Алайда әлі күнге дейін Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың костёнки-стрелец археологиялық мәдениетінің нысандарын зерттеуге қосқан үлесі мүлдем айтылмай келеді. Ол туралы аталған мәдениеттің мерейтойлық ғылыми жинақтарында да, археологтардың естеліктерінде де ешқандай мәлімет берілмей келеді [104, 11-32 бб].

Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының тақырыбы «Позднепалеолитическое поселение Костенки II» болып табылады. Ол ғылыми ізденісін 1958 жылы тәмәмдап, авторефератын жарыққа шығарады да, сол жылы қазан айында қорғауға шығады. Оның ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор П.И. Борисковский болған еді. Диссертациялық жұмыс Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург – *авт.*) қаласындағы КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының Ленинград бөлімі палеолит секторында дайындалды. Қорғау кезіндегі ресми оппоненттері УКСР ҒА академигі П.П. Ефименко мен тарих ғылымдарының докторы М.П. Грязнов болды.

Айта кету керек, Костёнки II қонысында 1953 жылы және 1955-1956 жылдары профессор П.И. Борисковский қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Соңғы екі жылында Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев қазба жұмыстарына қатысып, өзінің диссертациясына материалдар жинастырды.

Ол П.И. Борисковскийге көмектесіп, археологиялық материалдарды өңдеуге ат салысты. Өз диссертациясына керекті алуан түрлі материалдарды өңдеді, шаруашылық бұйымдары мен еңбек құралдарын ғылыми сараптамадан,

техникалық-типологиялық талдаулардан өткізді. Ғылыми ізденісін мынадай құрылымда түзді: Алғысөз (Кіріспе). 1-тарау. 1. Костенки II кейінгі палеолиттік қонысының зерттелу тарихы; 1.1. Костенки II кейінгі палеолит қоныс тұрағының топографиясы, геологиясы мен фаунасы. 2-тарау. 2. Костенки II кейінгі палеолиттік қонысының тас құралдары; 3-тарау. 3.1. Костенки II кейінгі палеолит қонысының тұрғын үйлері (баспаналары); 3.2. Костенки II кейінгі палеолит қоныс тұрғындарының шаруашылығы мен тұрмысы. 4-тарау. 4. Костенки II кейінгі палеолит қонысындағы жерлеу орындары. Қорытынды. Соңында автор тарапынан диссертация сауалдары бойынша жарияланған еңбектердің тізімі берілді.

Жалпы алғанда, осы аталып отырған диссертациялық ізденісінде Хасан Алпысбаев көптеген күрделі мәселелерге кеңінен тоқталып кетті. Еңбекті жазуда зерттеуші Костенки II ескерткіші туралы мейлінше толық ақпаратты ғылыми айналымға енгізуге ұмтылды. Ол кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын 14 баспа табақ жұмысты ұсына білді.

Ал кандидаттық диссертация авторефератында ғалымның негізгі тұжырымдары ұсынылды. Біз үшін авторефераттың тарихи құнды деректемелік маңызы бар. Себебі одан зерттеушінің басты-басты ғылыми пайымдамаларын көруге болады. Сонымен қатар, авторефераттан басқа Костенки-стрелец археологиялық мәдениетінің сауалдарына қатысты оның диссертациясының қолжазбасы мен жекелеген ғылыми мақалалары бар. Осы еңбектеріне сүйене отырып, ғалымның палеолиттік Костенки-стрелец археологиялық мәдениетінің мәселелерін зерделеуге қосқан сүбелі үлесін бағалауға, негізгі ой-тұжырымдарын саралауға, ғылыми көзқарастарын нақтылауға болады.

Ол бірінші тарауда Костенки II кейінгі палеолиттік қонысының зерттелу тарихын қарастырды. Автор Костенки II кейінгі палеолиттік қонысының географиялық орналасуы мен оның ашылу тарихына тоқталып, бастапқы кезеңдерде зерттеген ғалымдардың далалық ізденістеріне шолу жасады. Ол 1923 жылғы П.П. Ефименко зерттеулеріне, 1927 жылғы С.Н. Замятиннің ашқан жаңалықтарына, 1953 жылғы П.И. Борисковскийдің қазба нәтижелеріне тоқталады да, оларға тарихи-салыстырмалы талдау жасап өтеді.

Автордың пікірінше 1927 жылғы қазба барысы ошақ орны мен тас құралдардың көптеп шоғырланған орындары табылумен ерекшелінеді, ал оның ұстазы П.И. Борисковскийдің 1953 жылғы басшылығымен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезеңі мәдени қабаттардан сүйектен және тастан жасалынған еңбек құралдардың көптеп анықталуымен, теріліп алуымен өзгешеленеді. Яғни, бұл жерде зерттеуші кейінгі кездері жүргізілген далалық ізденістерді біршама нәтижелі деп бағалаған. Мұндай тенденцияны басқа ескерткіштерді зерттеу тарихынан да байқауға болады. Мысалы, Л.М. Тарасов «Палеолитическая стоянка Гагарино» деген мақаласында мынадай мәлімет келтіреді: 1926, 1927 және 1929 жылдардағы қазба барысында барлығы 1400 дана шақпақтас құралдары жинастырылса, 1962 жылы 2300 дана тас құралдары

жинастырылған, яғни олардың саны екі есе көп [105, 111-140 бб]. Мұның өзі 1920-1930 жылдарға қарағанда 1960 жылдары археологияның зерттеу әдістемесінің дамығандығын, оның біршама жетілгенін, мамандар тарапынан қазба барысында әрбір бұйымға ыждаһаттылықпен қарау қолға алынғандығын да аңғартады.

Х.А. Алпысбаев Костенки II ескерткішінің геологиялық жасына қатысты өзге әріптестерінің пікірін қолдады. Бұл жерде ол жаратылыстану мамандарының көзқарастарына сүйенді. Мәселен, ескерткіште жүргізілген геологиялық сараптама жұмыстары нәтижесінде геоморфолог Г.И. Лазуков (1953 жылғы зерттеу жұмысына қатысушы) мынадай қорытынды жасайды: ескерткіш орналасқан аймақта геологиялық қабатардың біркелкілігі байқалады осыған қарай отырып палеолит кезеңіне тән мәдени қабат өзгеріске ұшырамаған [106].

Алғашқы қауым археологиясы, соның ішінде тас дәуірі кезеңдері геологиямен астасып жататындығы өткен ғасырларда-ақ мамандар тарапынан айтылды. Бүгінгі күні осы мәселені тарихи геология да қарастырып жатыр. Ол тек салыстырмалы ғана емес, сонымен қатар абсолюттік геохронологияны да белсенді түрде пайдалануда [107, 5 б]. Сонымен қатар соңғы онжылдықтарда археологтар мен тарихшылар ежелгі қоныстану тарихын тек қазылған материалды зерттеу арқылы ғана емес, сонымен бірге палео-экологиялық параметрлерді қолдана отырып қайта құру қажеттілігіне тап болды. Геоархеология – адамзат және әлеуметтік ғылымдар мен Жер туралы ғылымдар пәндерімен бірге қолданатын зерттеудің соңғы саласы [108, 1 б].

Сондай-ақ Х.А. Алпысбаев назарынан Костенки II қонысынан табылған түз тағыларының сүйек қалдықтары да қағыс қалмаған. Зерттеу барысында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жинақталған жануарлардың сүйектеріне И.Г. Пидопличко мен Н.К. Верещагин сараптама жасаған болатын. Табылған сүйектер мамонт, жүнді мүйізтұмсық, солтүстік бұғысы, жылқы, қоян, құндыз, қасқыр, қарсақ-түлкі, шортан жануарларына жататыны анықталды. Геологиялық және фауналық қалдықтар Костенки II ескерткішінің ерте мадлен кезеңіне жататындығын көрсетеді [106, 3 б]. Мұндай сүйек қалдықтары палеолиттік көптеген ескерткіштерден табылғандығы белгілі [109, 6-12 бб]. Әрі осы аталған түз тағыларының басым бөлігі Орталық Азия палеолиттік ескерткіштерінен кездесіп тұрады.

Х.А. Алпысбаев негізгі дереккөзі ретінде тас құралдарына ерекше мән берген. Оның пікірінше, Костенки II ескерткішінің байырғы тұрғындары ұсақ және ірі дәнді шақпақтас жыныстарының қасиеттерімен жақсы таныс болған әрі түрлі техникалық тәсілдер негізінде еңбек құралдарын жасап отырған. Орыс жазығындағы басқа кейінгі палеолиттік нысандарға қарағанда Костенки II ескерткішінде өзектастар өте аз ұшырасқан. Олардың жалпы мөлшерлемесі 1,8% ғана. Тас жаңқа, бөлшектастас, қабыршық тас және өзге де өндіріс қалдықтарының мөлшері 72,9%, ал өңдеу іздері бар әрі қолданыста болған тас құралдарының мөлшерлемесі 14,3%-ды құрайды. Костенки II ескерткішіндегі

аякталып, қолданылған тас бұйымдарының пайызы Чулатова II, Пушкири I сынды кейінгі палеолиттік нысандарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Х.А. Алпысбаев Костенки II ескерткішіне тән негізгі тас құралдары ретінде кескіштерді атайды. Бұл кескіштердің басым көпшілігі сынған тас пластинасының бұрыштарында жасалынған. Кескіштердің көпшілігі жаңқалардан және пышақ тектес пластиналардан жасалынған. Ескерткіштен табылған кескіштердің барлығы жасалу технологиясына қарай Боршово, Чулатова II, Журавки ескерткіштерінің кескіштеріне ұқсас болып келеді. Ғалымның тағыда ерекше тоқтала кеткені Костенки II ескерткішінде дөңгелек қырғыштар көптеп кездеспеген, көршілес аймақтарда орналасқан кейінгі палеолит ескерткіштерінде бұндай қырғыштар көптеп кездескен болатын. Сонымен қатар Костенки II ескерткішінде қайта өңдеуден өткен қабыршықтары бар тас құралдар көптеп кездескен болатын. Мұндай типтегі тас құралдарды француз тілінде палеолит терминологиясында *pièce essaiilles* осы аталынған еңбек құралдары *ориньяк* кезеңінің жататын Франция территориясындағы тас ғасыры ескерткіштерден көптеп табылған [106, 3-4 бб]. Костенки II ескерткішін мекендеген тұрғындар жануарлардың терілерін және етті сүйектен ажырату барысында бас жақтары дөңестеу келген қырғыштар мен кескіштерді кеңінен пайдаланған. Бұл тас құралдардың кеңінен пайдалануы жұмыс жасау алаңының қырларында түзетулердің көптігінен көре аламыз. Мұндай тас құралдар қырғыш, кескіш қана емес, сонымен қатар қырлары қатты мүжілген тас тіліктері түрінде де кездесіп тұрады. Тас құралдарына техникалық-типологиялық сипаттама берген кезде Х.А. Алпысбаев белгілі трасолог С.А. Семеновтың еңбектеріне сүйенген. Бұл зерттеуші бинокулярлы лупа мен микроскопты қолдану арқылы тас және сүйек құралдарының функциясын толыққанды айқындап берген болатын [110, 216-219 бб]. Алайда зерттеуші өз ізденісінде С.А. Семенов еңбегінің беттерін бұрыс көрсеткен. Сірә, ол техникалық қателіктерге бой алдырған болуы ықтимал.

Трасолог С.А. Семеновтың әдіснамасын негізге ала отырып немесе соның ізденістерінен шабыттанып Х.А. Алпысбаев та ғылыми тәжірибе жасап көрген екен. Ол кейінгі палеолитте сүйек, ағаш пен жұмсақ тастарды бұрғылау техникасы мәлім болғандығын айта келе, мұндай тәсіл арқылы сүйек әшекейлер, ұлу қабыршықтары, т.б. ортасынан тесілгенін тілге тиек етеді.

Сонымен қатар Костенки II нысанынан ортасы тесік сланец дискілер табылған болатын. Х.А. Алпысбаев тәжірибе арқылы кейбір шақпақтастардың бұрғы ретінде пайдаланылғандығы көз жеткізеді. Кейбір үшкіртас серияларында жұмыс іздері тас құралдардың шеттерінен штрих түрінде байқалған, бинокулярлы микроскоп арқылы бұрғылаудың іздері де анықталған [90, 5 б]. Х.А. Алпысбаев пікірінше, Костенки II қонысындағы өңделген шақпақтастар топтамасы өзінің қарапайымдылығымен және архаикалық белгілерді сақтап қалумен ерекшелінеді, Орыс жазығында кейінгі палеолит кезеңінде болған тас өңдеу техникасындағы өзгерістер біркелкі өте қойған жоқ,

өйткені ескі формадағы тас құралдарын жасау дәстүрі ұзақ уақыт бойына мұнда сақталып тұрды [106, 6 б].

Костенки II қонысындағы баспаналарға да Х.А. Алпысбаев ерекше тоқталып кетті. Ол 1953 жылдардағы П.И. Борисковский жетекшілігімен жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылған баспана немесе тұрғын үй құрылысының ерекшеліктерін өзінің ғылыми жұмысында атап өткен. 1953 жылы ескерткішті зерттеу бар барысында 149 шаршы метр жерде қазба жұмыстары жүргізіліп соның ішінде 60 шаршы метр жерде тұрмыстық қалдықтар мен мамонт, өзге де жан-жануарлардың сүйектері көптеп жинақталған телім анықталды. Осы телімді зерттеу барысында және сүйектердің топтасуын қағазға түсіру кезінде нобайы төрт бұрышты болып келген «аймақ» анықталды. Бұл құрылыс орны ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай 8 метр, батыстан шығысқа қарай 7 метр шаршы аумақты алып жатты. Қазба барысында анықталған жануарлардың сүйектері өзіндік түрде сұрыпталып жинақы түрде орналаса, кейбір сүйектер шашырап жатқан сыңайдағы түрде табылған болатын. Өз заманының атақты төрттік кезең геологиясының зерттеушілері палеонтологтар В.И. Громов пен А.И. Москвитин 1953 жылғы қазба жұмысында табылған сүйектердің орналасуы мен бұзылу салдарлы жайлы өздерінің сараптамаларын да береді. Аталған сараптама бойынша табылған мамонттың азу тістері, жанбас, қабырға мен жілік сүйектеріндегі шытынау немесе морт сыну белгілері байқалған, осыған орай мамандар сүйектердің барлығы тұрғын үй құрылысында құрылыстық материал ретінде пайдаланылған деген қорытындыға келеді. Яғни, жануардың ірі-ірі сүйектерінің барлығы ұзақ уақыт бойы тұрғын үйдің қабырғасының негізгі жақтауы, тіреуіштері немесе қабырғасы ретінде пайдаланылған. Осы ағаш пен жануарлардың сүйектерінен құрастырылған құрылыс жабайы аңдардың терісімен жабылғандығына да шүбә жоқ. Табылған құрылыс дөңгелек немесе сопақша геометриялық формада болған сияқты. Зерттеу барысында құрылыстың орталық бөлігінде диаметрі 65 см шамасында ошақтың орны табылған. Ошақ орнының аршылуы аталынған баспананы оның тұрғындары ұзақ уақыт пайдаланылғандығын көрсетеді.

1927 жылы да С.Н. Замятнин осы маңнан ошақ орнын аршып, тазалап шыққан. Костенки II ескерткішінде табылған тұрғын үй құрылысы жағынан Гагарино, Елисеевич, Юдинова, Костенки IV палеолиттік ескерткіштерінен табылған тұрғын-жайларға немесе баспаналарға ұқсас. Әсіресе дөңгелек немесе сопақша келген формалары бірдей болып келеді. Сүйек қалдықтары мен мәдени қалдықтар шоғырының қалыңдығы да шамамен біркелкі. Сонымен, негізгі құрылыс материалдары ретінде ірі жан-жануарлардың сүйектері мен терілері, ағаштар болған.

Жоғарыда көрсетілген далалық маусымдар кезінде Х.А. Алпысбаев пікірінше Костенки II қонысынан үш кешен анықталған: а) баспанадан тысқары ошақ орны бар ұзақ мерзімге арналған тұрғын-жай; б) сүйек қоймасы; в)

шақпақтас өңдейтін орын және ашық аспан аясындағы ошақ. Мұндай баспаналар ұжымдық тұрғын-жайлар болған [106, 8-9 бб].

Сонымен қатар Хасан Алпысбаев Костенки II ескерткішінің тұрмыс тіршілігі мен шаруашылығына тоқтала өткен. Қазба барысында табылған жануарлардың сүйектерінің көптеп табылуына байланысты тұрғындар аңшылықпен айналысқан. Яғни көршілес аймақтарда орналасқан кейінгі палеолит ескерткіштері Елисеевич, Юдинов ескерткіштеріндігідей Костенки II ескерткішінде негізінде мамонттың сүйектері көптеп табылған.

Мамандардың есептеуінше табылған мамонт сүйектері 28 мамонтқа тиесілі болған. Олардан басқа да жануарлардың сүйектері (жабайы жылқы, қоян, солтүстік бұғысы, түлкі, т.б.) кездескен. Х.А. Алпысбаев Костенки II қонысын мекендеушілер сонымен бірге аңдардың сүйектерін отын ретінде пайдаланылғанын анықтап берді. Оған дәлел ретінде ошақ күлдері арасында жануарлардың сүйек қалдықтары кездескендігін айтып кеткен. Сондай-ақ арнайы аңдардың сүйектері жинақталған шұңқырлар аршылған. Жануарлардың сүйектері ескерткішті мекендеушілер үшін негізгі шикізат көзі болған. Яғни, оны үй құрылысы кезінде кеңінен пайдаланған, сүйектен тескіштер, біздер, найзалар және тіліктері де кездескен. Костенкилік тұрғындар аңшылықпен қатар терімшілікпен және балық аулаумен де шұғылданған. Мұндай тұжырымды басқа мамандар да қолдайды [111, 28-36 бб].

Ғылыми жұмысында Х.А. Алпысбаев Костенки II ескерткішіндегі өзіндік жерлеу дәстүрінің ерекшеліктеріне тоқталып өткен. Костенки II қонысынан тысқары жерден далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында кроманьондық адамның сүйек қаңқасы анықталған. Оның қол-аяғы бүгілген, жүресінен отырғызылған. Мұны Х.А.Алпысбаев палеолиттік ескерткіштерде кездесетін бірегей жағдай деп бағалайды. Өйткені мұндай жерлеу ғұрпы палеолит заманына жататын ескерткіштерден тұңғыш рет кездесіп отыр. Жерлеу орны баспанаға жапсарластырыла орналастырылған, яғни тұрғын үйдің іргесіне қосалқы камера ретінде салынған, оның сырт жағымен есептегендегі ұзындығы 4 метр, ені 1,5 метр, ішкі жағы 2,2х0,55 м. Жерлеу камерасының тұрпаты ұзынша-сопақша келген, оңтүстік жағы баспанаға жалғасқан, қабырғаларына жануарлардың жілік сүйектері пайдаланылған. Мәдени қабатын тазалау кезінде адам сүйектері мен бас сүйектің қақпағы табылған. Оның жанынан адамның мойын жілігі, жамбас сүйегі, иық тұсы, тістері мүжілген 50-55 жастағы ер адамның жоғарғы жақ сүйегі, одан сәл әріректе мүжілген тістері бар төменгі жақ сүйегі табылған. Мамонттың төменгі жақ сүйегі, оның астынан екі адамның саусақ сүйектері аршып алынған. Х.А.Алпысбаев пікірінше бұл жерде адамдарды жерлеу камерасы болған және де ол апатқа ұшырау барысында құрылыс материалы ретінде пайдаланылған мамонттың сүйектерінің астында қалып қойған. Зерттеуші адамды отырғызып және денесін кеудесіне дейін топырақпен жауып жерлеу африкалық Кавиронд тайпасында және Солтүстік Американың Мусквана, Виннебаг тайпаларында сақталынған дейді. Олар мәйітті кеудесіне дейін көмген, отырғызып жерлеген және бетін

батысқа қаратқан [106, 12 б]. Кейінгі палеолитте жерлеу орындарының пайда болуы адам баласының діни көзқарастарының пісіп-жетілуін нақты айғақтайды. Бұл кездері түрлі табиғат күштеріне сену, т.б. діни нанымдар кеңінен орын алған еді [112, 210-211 бб]. Өз кезегінде Хасан Алпысбаев Костенки II ескерткішінің адамды жерлеу дәстүріне мән бере отырып оны Батыс Еуропа территориясында табылған Шанселада, Ложери-Басс, Ля-Ферасси II, «Балалар үңгір қуысы», Барма-Гранде, Городцов тұрағы ескерткіштерінде табылған палеолиттік адамдардың жерлеу дәстүрлерімен салыстырып өзіндік ерекшеліктері мен ұстастықтарын атап өткен. Яғни, жоғарыда аталынған ескерткіштердің барлығында адамды жерлеу камерасы тұрғын үйге іргелес орналастырылып салынған. Құрылыс материалы ретінде ескерткіштердің барлығында ағашпен қатар жануарлардың сүйектері де пайдаланылған. Сонымен бірге Костенки II қонысында адамды қол-аяғын бүгіп, өзін отырғызып жерлеген болса, жоғарыда аталған ескерткіштерде де аяқ-қолдары бүгіліп бір қырына жатқызылып жерленген болатын. Ғалым жерлеу орындары ерте мадлен кезеңімен мерзімделінуі ықтимал екендігін де естен шығармайды. Осынай ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне назар аударған Х.А. Алпысбаев мынадай қорытындығы келеді: палеолит заманындағы отырғызып жерлеу әлеуметтік теңсіздіктің пайда бола бастағанын айғақтайды, өйткені меланезиялықтар өз көсемдерін ерекше түрде (отырғызып, т.б.) жерлеген, аляскалық тайпалар шамандарды отырғызып жерлеген, бұл оларға, олардың әруағына деген құрметті, ізетті, т.б. көрсетеді [106, 13 б].

Қорытынды бөлімде Х.А.Алпысбаев Костенки II қонысының әлемдік палеолиттануда алар орнын екшеуге тырысты. Зерттеуші қоныстан табылған әрбір археологиялық нысанға жеке-жеке тоқтап, олардың тарихи маңызын айқындап берді.

Жалпы алғанда, соңғы 130 жылдай уақыт ішінде Костенки маңындағы Гремячье, Рудкино, Александровка, Борщево секілді елді-мекендердің маңынан 30 шақты жоғары палеолиттік ескерткіштер анықталып, зерттелген. Костенкидің өзінен ғана 21 археологиялық нысан анықталған. Ал Борщеводан 6 тұрақ белгілі болып отыр. Олардың кем дегенде оншақтысы көп қабатты тұрақтар болып табылады. Қазірг таңда олардың зерттелмей жатқандарының саны әлдеқайда көп деуге болады. Себебі бірқатар аудандарды заманауи құрылыс орындары, тұрғын-жайлар мен саяжайлар, егістік жер телімдері алып жатыр. Сонда да болса ресейлік әріптестер жоғарыда аталған ескерткіштерде қарқынды далалық ізденістер жүргізіп келеді. Жыл сайын археологиялық отрядтар қазба жүргізіп, оған алыс-жақын елдерден мамандар қатысып жатыр. Бірнеше іргелі ғылыми форумдар ұйымдастырылып, іргелі жобалар жүзеге асырылуда.

Алайда осы аудандағы костенки-стрелец археологиялық мәдениетінің зерттелуіне, қарастырылуына қатысты Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев еңбектерінің елеусіз әрі ескерусіз қалып жатуы кез келген зерттеушіні қатты қынжылтады. Сайып келгенде, Х.А. Алпысбаев костенки-стрелец

археологиялық мәдениетінің зерттелуіне өзіндік үлес қосқан кәсіби маман болып табылады. Өйткені ол аталған мәдениеттің ең жарқын ескерткіштерінің бірін зерттеп, зерделеп бере алды.

2.3 Х.А.Алпысбаев еңбектеріндегі палеометал дәуірі мен жартас суреттерінің сауалдары

Жартас суреттері дегеніміз әлемнің кез келген құрылығында кездесетін құз-жартастарға, кәдуілгі жартастарға қашап салынған петроглифтер мен жазбалар, жазулар екендігі ғылыми жұртшылыққа кеңінен белгілі. Олар археологиялық ескерткіш ретінде өткен ғасырлардан бастап ғылыми көпшілікті де, жай қарапайым аамдарды да қатты қызықтырып келеді. Жартас суреттерінің хронологиялық мерзім мейлінше ауқымды. Мамандар оның ең алғашқы пайда болуын жоғарғы палеолит дәуірімен де байланыстырады. Ал кейінгі кезі жаңа дәуірмен, этнографиялық заманауи кезеңмен мерзімделінеді. Бірқатар шетелдік авторлар XX ғасырда тасқа қашалып түсірілген жазбаларды да тарихи-археологиялық деректеме ретінде қарастыру қажеттілігін де көтеруде. Сайып келгенде, жартас суреттері өз заманындағы адам баласының рухани өмірі, өнері мен мәдениеті, оның дүниеге көзқарасы мен эстетикалық талғамы туралы мол тарихи ақпарат беретін нысандар екендігі әлемдік археология тарихнамасында кеңінен айтылып отыр [113, 3-14 бб]. Айта кету керек, бұрынғы КСРО аймағында, соның ішінде Орталық Азия жерінде ежелгі және ортағасырлық кезеңдерге жататын жүздеген жартас суреттері анықталған. Әсіресе XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңестік кезеңде алуан түрлі жартас суреттері анықталып, ғылыми айналымға енген болатын. Қазақстан аумағынан да осы кездері бірнеше орындардан петроглифтар шоғыры анықталған еді. Жекелеген зерттеушілердің (Ә.Х. Марғұлан, С.С. Черников, А.А. Формозов, А.Г. Максимова, А.Г. Медоев, П.И. Мариковский, З.С. Самашев, т.б.) мақалалары жарық көріп, ежелгі өнер туындыларының ғылыми әлеуеті мен мәніне ден қойылған болатын. Осы кездері қазақстандық петроглифтер жайлы жазылған М.Қ. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев сынды ғалымдардың монографиясын ерекше атап кетуге болады [114]. Кейіннен 1979 жылы А.Г. Медоевтың да далалық гравюраларға қатысты еңбегі жарық көрді [115, 4-5 бб]. Мұндай ғылыми ізденістерді кейіннен Д.А. Байтілеу өзінің кандидаттық диссертациялық жұмысына арқау етіп, отандық жартас суреттерінің зерттелуін бір ізге түсіріп берді [116, 3-24 бб]. Ол археология ғылымының тарихы саласындағы зерттеулер, соның ішінде Қазақстан жартас суреттері ескерткіштерін зерттеу әлі толыққанды қалыптаса қоймағандығын айта келе, бұл бағыттағы ізденістер XX ғасыр 70-жылдарынан ғана басталғандығын атап өтеді. Оның ойынша: өкінішке орай, Қазақстан петроглифтерінің зерттелу тарихы бойынша апробацияланған материалдар тарихнамалық зерттеудің талаптары мен міндеттеріне сәйкес келе қоймайды. Зерттеу тарихы Қазақстан мен Орталық Азия петроглифтеріне арналған жекелеген монографияларда

(М.Қ. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев, Я.А. Шер, З.С. Самашев, В.А. Новоженев, т.б.) ғана шағын кіріспе түрінде көрініс тапты [116, 8 б].

Сонда да болса Д.А. Байтілеу өз ізденісінде мұрағат материалдарын қоса отырып отандық петроглифтанудың қыр-сырына үңіледі де, оның даму кезеңдерін, қордаланған сауалдарын және түйіні түйіткілді мәселелерін айқындап бере алды. Ол ХХІ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақстандық петроглифтанудың өзіндік даму тарихын бір ізге түсіріп шықты. Осыған орай, Х.А. Алпысбаев ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан осы кезеңдегі біраз мәселелер, соның ішінде петроглифтанудың зерттелу тарихы, даму белестері сынды көптеген сауалдар біздің тарапымыздан толыққанды қарастырыла қоймады. Өйткені, біраз мәселелер осы жоғарыда аталған археолог Д.А. Байтілеудің еңбектерінде жазылып кеткен, өзіндік бағасын алған.

Қазіргі таңда отандық петроглифтану қарқынды даму үстінде. Оған соңғы жылдары шыққан бірнеше монографиялық ізденістердің жарыққа шығуы дәлел бола алады. Алайда Х.А. Алпысбаев заманында жартас суреттерін іздестіріп, жекелеген бейнелердің семантикасы мен интерпретациясын жасау отандық археология тарихнамасында енді ғана қолға алынып жатқандығын айта кеткен жөн. Бұл кездері Х.А. Алпысбаевты ең алдымен палеолиттік өнер туындылары қызықтырды деуге болады.

Себебі костенкилік материалдармен жете таныс Х.А. Алпысбаевтың палеолиттік жарқын жәдігерлерді, қызықты өнер туындыларын Қазақстан мен Орта Азия жерінен іздестірмей қоймауы мүмкін емес еді. Соңғы жылдары жартас суреттерінің мәселелерімен айналысқан, соның ішінде байырғы өнер туындыларын еуразиялық мәдени құндылықтар аясындағы қарастырған мамандардың бірі Н.Ю. Сойкина болып табылады.

Бұл зерттеуші палеолит заманындағы өнер туындыларына, оларға қатысты ой-пікірлерін білдірген шетелдік және кеңестік ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасап, палеолиттік өнерге қатысты ғылыми ұстанымдарына баға бере алды. Н.Ю. Сойкина мамандардың еңбектерін саралай келе палеолиттік өнердің магиялық, діни, білім беру, тәрбиелеу сынды функциялары болғандығын атап өтеді де, палеолиттік сурет салу алғашқы қауым адамы өміріндегі көпфункционалды құбылыс болғандығына мән береді. Тас дәуірінің адамы өзі үшін маңызды бейнелерді (образдарды) қалыптастырды. Сонымен қатар, күндіз жарық түсетін аймақтардағы суреттер ежелгі адамдар үшін коммуникациялық функцияларды да атқарды, «тайпалық территорияны» белгіледі, яғни өзіндік белгі ретінде «ақпаратты сақтаушы» болды. Орталық Азия аумағында тас ғасыры суреттері мезолит заманынан (Зараут-Камар, Шахты), неолит дәуірінен (Ақ-Шұңқыр, Ақбауыр, Драверт қуыс-үңгірі) белгілі, алайда олар өте аз және өңірдегі өнер туындыларын толық сипаттай қоймайды. Ежелгі гравюралар энеолиттік Ембі ғибадатханасында жарқын бейнеленген.

Дегенмен, олардың барлығы құрылықтың шығыс жағындағы палеолиттік дәстүрді жалғастырушылар болып табылады [117, 24 б]. Осы тұрғыда тарихи-

археологиялық дәстүршілдікті Х.А. Алпысбаев та өмір бойы іздестірді дей аламыз. Зерттеуші әсіресе палеолит дәуіріндегі өнер туындыларын табуға тырысты, мұндай жәдігерлердің басқа мәдени-тарихи дәуірлердегі туындылармен ұқсастығын дәлелдеуге талпынды, алуан түрлі артефактілер арасындағы тарихи-генетикалық байланыстарды айқындауға ұмтылды. Былайша айтқанда, ежелгі өнер туындылары арқылы тарихи дәстүрді айғақтауға, оның мәйекті қырларын ашып көрсетуге жан-жақты талпынып бақты десе де болады. Алайда ғалым РСФСР (қазіргі РФ), Өзбекстан, Қазақстан жерлеріндегі ондаған жылдарға созылған далалық ізденістері барысында палеолиттік жартас суреттерін кезіктіре алмады. Сонда да болса ол жартас суреттерінің ғылыми әлеуетіне ерекше мән берген ғалымдардың бірі болып отандық археология тарихнамасында мәңгілікке қалады деп айта аламыз. Тіпті оны шетелдік жартас суреттерін зерттеуге өзіндік ғылыми үлесін қосқан ғалым деп те атауға толық негіз бар. Себебі оның «өзбекстандық» петроглифтерді зерделеуге қосқан сүбелі еңбегін ешкім жоққа шығара алмайды.

Оның «өзбекстандық» жартас суреттерін зерттеуінің өзіндік тарихы бар. 1949-1950 жылдары Х.А. Алпысбаев Оңтүстік Қазақстандағы Бостандық ауданында, соның ішінде Шыршық өзені алабында барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұл өңірден ол әсіресе V-XIV ғасырларға жататын «тепе» немесе «төбе» деп аталатын археологиялық ескерткіштерді көптеп кездестіреді. Нәтижесінде ол тас дәуірінен бастап XIX ғасырға дейінгі алуан түрлі археологиялық ескерткіштерді ұшырастырады. Зерттеуші мұндағы ескерткіштерді арнайы түрде әлі ешкім зерттей қоймағандығына қынжылады. Ол 1895 жылы Шыршық өзені алабында Н.И. Веселовский ғылыми ізденістер жүргізгендігін де атап көрсетеді. Н.И. Веселовский Қожакент ауылы маңынан адамдар мен жануарлардың бейнелерін кездестірген болатын. Өкінішке орай бұл зерттеуші өзінің ашқан жаңалықтарына немқұрайдылықпен қараған еді. Сонда да болса мұны Х.А. Алпысбаев Бостандық ауданындағы алғашқы рет жартас суреттерінің зерттелуі деп жоғары бағалайды.

Өзі 1949 жылы осы Қожакент (Ходжакент) ауылы маңындағы жартас суреттеріне ерекше мән береді. Оның маңында кәсіби түрде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Айта кету керек, Қожакент ауылы Ташкент қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 65 км жерде, Біріш-молда демалыс үйі мен Шымған курортына қарай барар жолда орналасқан. Далалық жұмыстар барысында Х.А.Алпысбаев ертеректе Н.И. Веселовский тапқан жартас суреттерінен басқа Қожакенттен жартас суреттерінің тағы да екі шоғырын анықтайды. Негізгі жартас суреттері орналасқан күз-жартас Қожакент ауылдық кеңесінен оңтүстік-батысқа қарай 400 м жерде орналасқан. Бұл күз-жартас ертеден-ақ жергілікті халық арасында кеңінен танымалдылыққа ие болып келген екен. Ондағы дөңгелек пішінді белгілерді Әли халифке тиесілі Дүлдүл деген аттың тұяқтары қалдырыпты-мыс. Аңыз бойынша Әли намаз оқитын уақыт болған кезде немесе қожакенттік таулардағы жын-перілермен айқасатын кезде Дүлдүлді тұсаулап қойған екен, ал ол тұяқтарымен тастарды тесіп тастапты. Құзға түскен «іздерді»

мұқият қарап шығу барысында Х.А. Алпысбаев мұнда арқардың мүйіздері қашалып түсірілген деген тұжырымдамаға келеді. Өйткені бұл «іздердің» жанында жүгіріп немесе жүріп бара жатқан таутекелер, жылқылар, иттер, таңба және тұрған адам бейнеленген еді.

Ол бейнелердің түсірілу техникасын былай сипаттайды: алдымен бейнелердің контуры қашалып түсірілді де, сонан соң оның барлық алаңқайы қашалды. Барлық суреттер, міндетті түрде тас немесе металл құрал арқылы соққы жасау техникасының көмегімен орындалды. Мұны қызыл-қоңыр түсті әктастан түзілген құз-жартастың бетіндегі өңдеу іздері нақты сипаттайды [118, 183 б].

Х.А. Алпысбаев пікірінше, Қожакент жартас суреттері «жанды» түрде қашалып орындалған. Кейбір жағдайда ежелгі суретші жануарлардың сипатын шынайы бере білген. Олардың бедерлері профильді бейнеде. Суретші түз тағыларының анатомиялық ерекшеліктерін көрсете білген. Фигуралардың басым бөлігі солдан оңға қарай түсірілген. Жартастағы суреттер арасын адамның фигурасы, 19 таутеке бейнесі, 1 үй жылқысының бедері, 2 иттің суреті, таңба және тағы да бір белгісіздеу таңба-сурет бар. Олардың арасынан мейлінше қызықты суреттерге тоқталып кетуге болады. Мысалы, адамның суретінде (биіктігі 26 см) пропорция сақталмаған, оның басы сопақша болып түсірілген. Мұны Х.А.Алпысбаев шошақ бөрікті бас киім ретінде сипаттайды. Адам бейнесінен оң жақта орналасқан таутекенің жыныс мүшесі, яғни оның аталық екендігі көрсетілген. Оның басынан құйрығына дейінгі ұзындығы 43 см, ал биіктігі 25 см. Өзге аналық таутекелер де (5 дана) әсем түрде бейнеленген. Орындалулары аталыққа ұқсас. Олардан 85-90 см батысқа қарай қолға үйретілген жылқы (жалпы ұзындығы 32 см, биіктігі 12 см) бейнесі қашалып салынған. Жылқының мойын жағынан үш қатар жартылай иілген линиялар түсірілген. Одан кейін оған қарама-қарсы екі қатар шағын сызба қашалған. Мұның қасында төменгі жағы өзара жалғасқан «Х» пішінді сурет орналасқан. Мұны Х.А. Алпысбаев рулық таңба болуы ықтимал деп жорамалдайды. Бұлардан өзге тоғыз таутекелердің арасынан Х.А. Алпысбаев аяғы қысқа лақтардың (құралайлардың) да бейнелерін ұшырастырады. Сонымен қатар петроглифтер шоғырынан мүйіздеріне қарап бірнеше архарды да анықтаған. Екі ит пен тағы бір белгісіз жануардың бейнелерін де Х.А. Алпысбаев толымды түрде сипаттап кеткен. Төмен жағындағы иттің көлемі шағын. Осыған қарап, Х.А. Алпысбаев оны күшік болуы мүмкін деп топшылайды. Қожакент көпірінен оңтүстікке қарай 25 м жерден екі жылқының бедерін анықтаған Х.А. Алпысбаев олардың жасалу техникасын «нүктелеу» деп белгілейді. Мұнда бие мен құлын суреті болуы ықтимал. Себебі биенің дене тұрқы екі есе үлкендеу. Бұлардан басқа арғымақтың да бедері бар. Оны зерттеуші орта азиялық арғымақтарға өте ұқсас деп пайымдайды да, мұндай жылқы сақтарға тиесілі болған деп қорытындылайды [118, 183-186 бб].

Ол жартас суреттерін талдай келе, Қожакент петроглифтері б.з.б. I мыңжылдықпен мерзімделінеді және сақ заманындағы өнер туындылары деп есептейді.

Расында да Х.А. Алпысбаевтың сөздерінен тарихи шындықты аңғаруға болады. Қожакенттік шимай тастарында кездесетін сюжеттер мен өнер туындылары кейіннен оңтүстік аймақтардың біраз бөлігінен кездескен. Біз жоғарыда бұл туралы азды-кемді жазып кеткен болатынбыз. Әсіресе оңтүстікқазақстандық материалдарға негізделген М. Қадырбаев, А. Марьяшев, т.б. зерттеушілердің еңбектерінен нақты көруге болады. Тіпті Түркістан-Қаратау аймағында соңғы жылдары жаңадан ашылып жатқан ескерткіштер де жеткілікті. Олардың басым бөлігі стильдік жағынан, орындалуы және сюжеттері бойынша ұқсастықта екендігі белгілі болып отыр.

Десе де Х.А. Алпысбаевтың жартас суреттерін зерттеу ісін жоғары бағалауға болады. Оның петроглифтерге қатысты ғылыми-аналитикалық талдаулары қазіргі бірқатар зерттеушілерден біршама өзгеше: біріншіден, жартас суреттері белгілі бір этноспен (сақ, т.б.) байланыстырылады және де «сақ-скиф» сынды жалпылама «тарихи-хронологиялық» терминдер (бұл сөздер кейінгі жылдары шыққан) қолданылмайды; екіншіден, зерттеуші жартас суреттерін жіті қадағалап, олардың шағын көлемділерін түз тағылары мен жан-жануарлардың төлдері (лақ, құралай, күшік, т.б.) ретінде интерпретациялайды. Айта кету керек, көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерінде малдың немесе түз аңдарының төлдеріне назар аудару байқала қоймайды, көбіне мамандар мұндай өнер туындыларын сипаттап кетумен шектеліп жатады. Қожакенттік ит «жануарларының» бедерлері заманауи Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда кездесетін «төбет итке», «тазыға» да ұқсайтындығымен де ерекшелінеді. Әсіресе күшік кезінде құйрығы кесіліп тасталған иттерге де қатты келіңкірейді. Сондай-ақ ғалымның қожакенттік адам бейнесінен шошақ бөрікті бас киімді аңғаруға деген ұмтылысын да мейлінше құптаған дұрыс. Қожакенттік адам бедеріне ұқсас бейнелерді Қазақстанның біраз аумағынан кездестіруге де болады. Дегенмен оларға мамандар тарапынан жеткілікті дәрежеде мән берілмей келеді. Егер де келешекте осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілер болса, онда көне парсы деректемелерінде айтылатын шошақ бөрікті сақтардың тарихи-географиялық орналасу аймақтарын нақтылауға мүмкіндік туары анық.

1980 жылдары Қожакент және оның маңындағы петроглифтерді зерттеуді өзбек археологы М.М. Хужаназаров жалғастырады. Ол 1979-2005 жылдары Өзбекстан аумағынан 70 шақты жаңа жартас суреттерін анықтаған, петроглифтануға өзіндік үлесін қосқан ғалым болып табылады. Кейіннен өзінің «Наскальные изображения Ходжакента и Каракияся» деген монографиясында Х.А.Алпысбаевтың ғылыми ізденістерін жоғары бағалады. Бұл зерттеуші Қожакент маңынан 90-нан астам суреттерді айқындап, ғылыми айналымға енгізеді. Жартас суреттері таутеке, архар, бұғы, жылқы, өгіз, ит, көмескі белгілер, антропоморфты бейнелер, т.б. шимайлардан тұрады. Бұлардың

арасынан анфас түрде қашалған үш әйел адамның бейнелері ерекшелінеді. Кейбір бейнелердің үстіңгі жағына таутекелер бедері түсірілген. Археолог М.М. Хужаназаров осындағы петроглифтердегі репертуар, стиль, техника, сақталу дәрежесі мен стратиграфиялық орналасуы негізінде қызықты ой-пікірлер айтқан ғалымдардың бірі. Осындай ерекшеліктеріне қарап М.М. Хужаназаров әйел адамдардың бейнелерін алдын-ала энеолиттік уақытпен, ал қалған суреттер шоғырын ерте темір дәуірімен мерзімдейді [119, 174 б].

Былайша айтқанда, ол Х.А. Алпысбаевтың негізгі ойларын қолдайды әрі одан ары қарай дамытады. Сонымен қатар, Х.А. Алпысбаев негіздеген жартаc суреттерінің жасалу техникасының сипаттамасын қайталайды әрі оның ойларын құптайды. Яғни, зерттеушінің өз ізденістерінде Х.А. Алпысбаевтың ғылыми тұжырымдары мен пайымдамаларына сүйеніп отырғандығын нақты аңғаруға болады.

Осы жерде саяси шегініс жасап кеткеннің артықтығы бола қоймас. XX ғасыр орта тұсында, яғни Х.А. Алпысбаев ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде Бостандық ауданы Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында болған еді. Алайда Ташкент маңындағы «қазақстандық» жерлерді Өзбек КСР құрамына өткізуге күш салған өзбекстандық азаматтардың «солақай саясаты» нәтижесінде бұл жерлер көршілес республикаға өтіп кетті. Бостандық ауданын Өзбекстанға беру туралы Ж. Тәшеновтың Қаулысы да архивтерде сақтаулы тұр. Бұл Қаулы туралы «тәшеновшыл» азаматтар ешқандай түсініктеме бере қоймайды, тіпті осы сұрақты көбінесе айналып өтуге тырысады. Көпшілік жұрт Ж. Тәшеновты солтүстік бес облысты Н.С. Хрущевпен айтысып, алып қалды, Қазақстанның тұтастығын сақтап қалды деп құрметтейді, дәріптейді. Алайда осы күнге дейін бірде бір мұрағаттық деректемеде олардың екеуара сөздері айтылмаған, жазылмаған. Яғни, «Хрущев-Тәшенов текетіресі» тек жалаң сөздермен, бұрмаланған фактілермен және «саяси» аңыздармен ғана өрбітілген болуы ықтимал деп айта аламыз. Алайда оның бұл іс-әрекеті әлі күнге дейін өз бағасын тарихшылар тарапынан алмай келеді. Қалай болғанда да бұл жердегі тарихи шындық сол, Ж. Тәшеновтың кесірінен отанымыз Бостандық ауданынан айырылып қалды. Сол себепті осы аудан аумағындағы тарихи-археологиялық ескерткіштер де бүгінгі күнгі Өзбекстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамына баяғыда-ақ өтіп кетті.

Сөйтіп, жоғарыда көріп отырғанымыздай Х.А. Алпысбаев Өзбекстан жеріндегі тарихи-археологиялық ескерткіштерді зерттеуге өзіндік үлесін қоса білді. Ғылыми айналымға жаңа ескерткіштер енгізіп, тың ойларымен бөлісті. Алайда оның негізгі жемісін ең алдымен өзбекстандық жұртшылық игілігіне пайдаланып жатыр.

Палеометалл дәуірі, дәлірек айтқанда «палеометалл» сөзі Х.А. Алпысбаев тарапынан мүлдем айтылмаған, жеке мәселе болып көтеріле қоймаған. Бұл термин кейінгі жылдары шықты. Әдетте, мамандар энеолит пен қола дәуірлерін қосып оны «палеометалл» деп атайды. Бұл термин туралы А.И. Мартынов, З.Самашев, т.б. мамандардың ойлары Д.С. Байгунаковтың ғылыми ізденісінде

біршама жүйеленген [120, 55-60 б]. Сол себепті аталмыш терминнің әлемдік тарихнамадағы тарихи орны туралы көп сөз қозғамауды жөн көріп отырмыз.

Жалпы алғанда, энеолит дәуірі жайлы Х.А. Алпысбаев арнайы еңбектер жаза қоймады, алайда оның негізгі ғылыми ізденістерінен осы мәдени-тарихи кезең жайлы кейбір ойларды жүйелеп шыққандығын аңғаруға болады. Ол 1970 жылдар ортасында Қазақстан аумағында 400-ден астам неолиттік және энеолиттік ескерткіштер анықталғанын, алайда олардың басым бөлігі іріктеліп зерттелгенін айтады. Энеолит дәуірінің жеткілікті зерттелмегенін алға тартқан Х.А. Алпысбаев Арал өңірінен табылған неолиттік ескерткіштерді екі хронологиялық дәуірге, яғни неолит пен энеолитке жіктеді. Ал Жезқазған маңы нысандарын соңғы неолит пен энеолитке бөлді [95, 91-97 б] Оның пікірінше, республика аймағындағы мәдени-тарихи өңірлер біртекті шаруашылық кәсіп арқылы, заттай және рухани мәдениеттің ұқсас типтері арқылы бірікті. Сөйтіп, Қазақстанның энеолиттік тайпалары іргелес аймақтармен тығыз байланыста болғандығын, неолит пен энеолит дәуірлері арасындағы генетикалық байланыс болғандығын, ортақ тарихи даму орын алғандығын айтып берді. Біздің ойымызша, Х.А. Алпысбаев энеолит дәуірі жайлы өз еңбектерінде азды-көпті айтып кетіп отырғанымен, бұл мәдени-тарихи кезең туралы негізгі тұжырымдарын толыққанды аяқтай алмады.

Қазақстанның қола дәуірін зерттеу Х.А. Алпысбаев ғылыммен айналысқан жылдары ерекше жолға қойылғандығы мәлім. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан соң ҚазКСР ҒА құрамында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының құрылуы отандық археологияның қалыптасып, қарыштап дамуына алып келді. Осы кездері қола дәуірі ескерткіштері орталық өңірлерден көптеп зерттелінді. Ғалымдар тарапынан жекелеген мақалалармен қоса іргелі монографиялық еңбектер жарыққа шықты.

Олардың арасынан С.С.Черников [121], Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, М.Қ. Қадырбаев сынды мамандардың еңбектерін атап кеткен жөн [122]. Кейіннен Ә.Х. Марғұланның іргелі еңбегі жарық көрді [123].

Бұл ізденістердің барлығы қазақстандық археология тарихынан өзіндік орнын алады. Себебі тас дәуірінен кейін орын алған шаруашылықтағы өзгерістерді зерттеу, мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуы, алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі палеоэкономика, өндіруші тұрпаттар, алғашқы тайпалық бірлестіктер мен одақтар, көшпелі мал шаруашылығының шығуы, ежелгі замандардағы отбасы, көне металлургиялық ошақтардың пайда болуы мен қызметі секілді алуан түрлі сауалдарға қатысты татымды пікірлер айтыла бастады. Археологиялық материалдар бойынша алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының, соның ішінде қола дәуірі тайпаларының мәдени-тарихи дамуы, ортақтас тұстары, өзіндік өзгешеліктері, күнделікті қаракеттері мен діни құндылықтары, патриархаттық қатынастары, белгілі бір кәсіпке машықтануы, қару-жарақ жасау ісі мен зергерлік әдіс-тәсілдері, металл өндірісі сынды бірталай қызықты жайттар қаузалды.

Қазіргі таңда да отандық археология тарихнамасында қола дәуірі мейлінше көп зерттелген мәдени-тарихи кезеңдердің бірі болып саналады. Алайда осы дәуірге тиесілі материалдық мәдениеттің көбеюі бұл дәуірге қатысты хронология, кезеңдестіру, ескерткіштер корреляциясы, белгілі бір археологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы, олардың басқа археологиялық мәдениеттермен кірігуі, өзара байланысы, өзіндік біркелкілігі немесе дербестігі, мәдени заттардың ұқсастығы сынды көптеген сауалдардың күн тәртібінен түспеуіне алып келді. Сайып келгенде, Қазақстан қола дәуірінің ескерткіштері, археологиялық мәдениеттері Еуразия көне тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан қола дәуірі туралы отандық археологтардың еңбектері арқылы әлем жұртшылығы қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар екендігін біліп отыр [124, 170 б] Қазақстан қола және ерте темір дәуірлерін зерттеуге Хасан Алпысбайұлы Алпысбаевтың да үлес қосқанын көпшілік түгілі, археолог-мамандардың өздері де біле бермейді. Мұның өзі ұзақ жылдар бойы тасада қалып келе атқан ақпарат болып табылады.

1972 жылы Х.А. Алпысбаев Ақтөбе археологиялық экспедициясын басқарды. Аталған экспедицияның далалық ізденістері Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағат қорында сақтаулы тұр. Осы ізденістерге байланысты мұрағатта Х.А. Алпысбаевтың бір қысқа есебі және тағы да бір толыққанды ғылыми есебі сақталған. Біздің тарапымыздан осы екі ғылыми есептің негізінде Ақтөбе археологиялық экспедициясының негізгі жұмыстарына талдау жүргізілді.

Айта кету керек, Ақтөбе археологиялық экспедициясы сол жылдары жобаланып жатқан Ақтөбе су қоймасы ауданында жүргізілді. Дәлірек айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары Елек өзенінің орта ағысын, Ақтөбе қаласының оңтүстігінен бастап Алға ауылына дейінгі аймақты қамтыды. Экспедицияны «Гидропроект» институты қаржыландырды. Далалық ізденістерге 30 күндік мерзім берілді.

Хасан Алпысбайұлы ғылыми есепті уақытылы тапсыру мақсатында экспедицияны төрт топқа бөлген. Олар күн сайын белгілі бір қысқа қашықтықтағы маршруттар бойынша жүріп отырған [125, 1 б]. Одан кейін әрбір топ өздерінің материалдарын, көрген-білгендерін тапсырып отырса керек. Бір ай көлемінде Ақтөбе археологиялық экспедициясының мүшелері маршруттық-ізвестіру (аймақты археологиялық барлау), археологиялық-топографиялық (анықталған ескерткіштердің жоспарын түсіру) және қазба жұмыстарын жүргізді.

Ғылыми есептерінде Хасан Алпысбаев өзіне дейін осы аймақты зерттеген мамандардың (Кастанье, Агафонов, т.б.) еңбектерін талдаудан өткізген. Бұл зерттеушілер тарапынан берілген алуан түрлі ақпараттарды орнымен әрі ретімен қолданып, оларға өздері тапқан материалдарды кіріктірген.

Экспедиция мүшелері Алға ауылынан солтүстікке қарай 5 км жерден 226 қорғаннан тұратын ежелгі қорымды зерттейді. Қорымның 3 қорғаны қазылады. Қорғандар ірі тастардан тұрады, тас плиталар бүйірімен қаланған [125, 3 б]

Бірінші қорғаннан шашылып жатқан сүйектер, қыш ыдыс бөлшегі ғана шыққан. Осы бірінші және екінші қорғандардан жекелеген шоқ қалдықтары, күл орындары анықталған. Жерлеу шұңқыры ұзына бойы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Шұңқырлардың ұзындығы 1,9-1,95 м., ені 0,75-0,9 м, тереңдігі 0,65-0,85 м. Үшінші обадан ештеңе шыға қоймаған тәрізді. Ғылыми есепте ол туралы мәлімет мүлдем жоқ.

Бестамақ ауылынын батысқа қарай, Алға құс фермасынан батысқа қарай 4 км жерде, Батпақсай өзенінен солтүстік-шығысқа қарай топырақтан үйілген 44 қорғаннан тұратын көне бейіт анықталған. Мұндағы қорғандардың диаметрі 5-12 м, биіктігі 0,1-0,7 м шамасында. Бұл қорымнан да 3 қорған қазылған. Бір қорғанның диаметр 12 м, биіктігі 0,5 м. Жерлеу шұңқыры топырақ қабатынан жасалып, беткі жағы тас плитамен жабылған, солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Шұңқыр түбінен көмір, күл қалдықтары, қолдан жабыстырылған қыш ыдыс сынықтары ғана шыққан. Екінші қорғаннан ештеңе шықпаған. Оны Х.А.Алпысбаев кенотаф болуы ықтимал деп топшылайды. Ал үшінші қорғаннан созыла жатқан адамның жекелген сүйек қалдықтары (басы солтүстік-шығысқа қаратылған), қыш ыдыс сынықтары, қой сүйегінің бөліктері аршып алынған [125, 9 б]. Бестамақтан 7-8 км шығысқа қарай, Елек өзенінің оң жағалауында 75 қорғаннан тұратын қорым анықталған. Қорымдағы обалардың диаметрі 6-10 м, биіктігі 0,25-0,5 м аралығында. Экспедиция мүшелері қорымдағы бір қорғанды аршып, тазалаған. Үйінді астындағы тікбұрышты келген топырақ шұңқырдан (көлемі 1,65х0,95 м, тереңдігі 0,65 м) шашылып жатқан адам сүйектері, қоладан және темірден жасалған бұйымдардың қалдықтары анықталған [125, 4-5 бб]. Сондай-ақ Бестамақ ауылынан шығысқа қарай 9-10 км жерден топырақтан тұрғызылған 126 қорғаннан тұратын тағы бір көне бейіт анықталған. Қорғандардың орташа диаметрлері 8-12 аралығында, биіктігі 0,35-0,5 м шамасында. Олардың көпшілігінің айналасында шағын ор байқалады, кейбірінің табынында бірнеше қатар тастар анықталған. Бұл топтан 2 қорған қазылған. Бірінші қорған топырақпен көтерілген. Қабір шұңқырынан (көлемі 1,95х0,85 м, тереңдігі 1,35 м) солтүстіктен оңтүстікке бағытталған адам сүйектері, соның ішінде адамның бас сүйегі, жанбасы, т.б. аршып алынған. Диаметрі 13,5 м, биіктігі 0,35 м тас пен топырақтан тұрғызылған екінші қорғаннан 1,35 м тереңдіктен қабір шұңқыры аршылған. Оның ұзындығы 2 м, ал ені 0,95 м шамасында. Ал бағыты – батыс-шығыс. Қабір шұңқырын қазу барысында адамның жекелеген сүйек қалдықтары мен жылқының тістері, қыш ыдыс бөлшектері, от (күл) қалдықтары анықталған [109, 5 б]. Осы айтылып отырған Бестамақ ауылынан 1,5-2 км солтүстік-шығысқа қарай, Елек өзенінің сол жағалауынан экспедиция мүшелері 500 қорғаннан тұратын қорымды кездестіреді.

Қорымдағы қорғандардың диаметрлері 8-15 м, биіктігі 0,5-0,6 м шамасында. Бұл қорымның үш қорғаны аршылған. Алғашқы екі қорғаннан адам мен қой сүйек қалдықтары ғана шыққан. Ал үшінші қорғаннан кальцийленген адам сүйегі, қыш ыдыс бөлшектері аршып алынған [109, 6 б].

Бестамактан солтүстікке қарай 3,5-4 км қашықтықтан, Елек өзенінің оң жағалауынан 2 км жерден топырақ үйінділерінен тұрғызылған 116 қорғаннан (диаметрлері 8-20 м, биіктігі 0,3-0,6 м) тұратын тағы бір қорым анықталып, ондағы екі қорғанда қазба жұмыстары жүргізіледі. Бірінші қорғандағы (диаметрі 10-12 м) қабір шұңқырынан (ұзындығы 1,75 м, ені 0,85 м) адам мен қойдың шашылып жатқан сүйек қалдықтары ғана аршып алынған. Биіктігі 0,35 м, диаметрі 8 м екінші қорғанның топырақ қабырғасынан адам сүйектері мен темірден жасалған белгісіз заттардың қалдықтары аршылған [125, 6 б]. Елек өзенінен солтүстікке қарай 3 км қашықтықтан, Росссовхоз ауылының оңтүстік жағынан 438 қорғаннан (диаметрлері 6-30 м, биіктігі 0,1-1,5 м) тұратын қорым анықталып, оның екі обасы қазылады. Бірінші қорғанның диаметрі 6 м, биіктігі 0,6 м. Топырақпен үйілген. Оның топырақ қабатындағы жерлеу шұңқырынан адамның сүйектері, қойдың сүйек қалдықтары және темір бұйымдардың бөлшектері шыққан. Топырақ үйіндісінің диаметрі 6 м, биіктігі 0,75 м болатын екінші қорғанның жерлеу шұңқыры тік бұрышты келген, бағыты ОВ-СШ, ұзындығы 1,95 м, ені 1,1 м, тереңдігі 1,65 м). Оны тазалау барысында адам сүйектері, қыш ыдыс сынықтары мен жылқы тістері алынған [125, 6-7 бб].

Сайып келгенде, Х.А.Алпысбаев басқарған Ақтөбе археологиялық экспедициясы сол жылғы маусымда ежелгі замандарға тиесілі 12 қорымды анықтап, зерттеген. Олардың арасынан 7 қорымды таңдап алады да, көне зираттардағы қорғандардың 2-3-уін қазып, ескерткіштердің хронологиясын, этникалық белгілерін анықтауға ұмтылған. Өкінішке орай, қорғандардың көпшілігі тоналып кеткендіктен, Елек алабындағы ескерткіштерден мардымды материалдар шыға қойған жоқ. Сонда да болса Х.А. Алпысбаев осы 1972 жылғы далалық маусымда атқарылған жұмыстардың негізінде бірнеше дәуірлердің мәселелерін көтере білді. Әлбетте, ол жетекшілік еткен Ақтөбе археологиялық экспедициясының мүшелері қола немесе ерте темір дәуірлерінің ескерткіштерін ғана зерттеген жоқ, олар ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі барлық тарихи-археологиялық нысандарды зерттеген болатын. Яғни, су қорын сақтау аймағындағы барлық мәдени-тарихи кезеңдердің ескерткіштерін түгелдей қамтуға тырысқан еді. Нәтижесінде ондаған археологиялық ескерткіштер анықталады. Х.А. Алпысбаев Елек өзені алабындағы ең көне ескерткіштер қатарына неолиттік тұрақтарды (б.з.б. IV-III мыңжылдықтар), содан соң қола дәуірінің қоныстары мен 4 қорымын жатқызады. Ал бұлардан кейінгі ескерткіштерді ерте көшпенділер уақытына (б.з.б. VI-I ғасырлар) жатқызады да, археологиялық нысандардың келесі бір азды-кемді бөлігін кейінгі көшпенділер (б.з. X-XVI ғасырлары) заманымен мерзімдейді [125, 8-9 бб].

Біз өз тарапымыздан Х.А.Алпысбаевтың кәсіби археолог болғанын дәлелдеу мақсатында жоғарыда ол зерттеген бірнеше ескерткіштердің материалдарына тоқталып кеттік. Ескерткіштердің материалдарын толықтай сипаттап бердік. Себебі, Х.А. Алпысбаевтың зерттеген ежелгі дәуірлер нысандары, соның ішінде қола және ерте темір мәдени-тарихи кезеңдерінің

материалдары әлі күнге дейін толыққанды түрде жарыққа шыға қойған жоқ. Оның бұл саладағы ғылымға қосқан үлесінен көпшілік бейхабар. Оның зерттеулерінен жас ғалымдар хабардар болуы үшін Х.А. Алпысбаевты тек тас дәуірінің зерттеушісі деп қана емес, сонымен қатар көне дәуір зерттеушісі деп те атағанымыз ләзім.

Өйткені, жоғарыдағы ғылыми есептердің мәтініне қарап Х.А. Алпысбаев қола, ерте темір дәуірлерінің ондаған қорғандарын қазған археолог болып табылады деуге толыққанды негіз бар. Мұны зерттеушінің ғылыми есептерінен анық көреміз. Әлбетте, ол ең алдымен Институтқа келіп түскен тапсырманы орындады. Соның негізінде тас ғасыры ғана емес, ежелгі дәуірлердің бірнешеуі бойынша ғылыми ізденістер жүргізе алатындығын дәлелдеді. Бұл оның кәсіби деңгейі жоғары болғандығын толық көрсетеді. Осы жылғы жұмыстары арқылы ғалым кез келген тарихи кезеңді зерттеуге қабілетті екендігін нақты көрсете білді. Ол өз жұмысын асқан ыждаһаттылықпен орындады. Мұны небары 30 күнге созылған Елек өзені алабындағы археологиялық ізденістерінен толық байқаймыз.

Х.А. Алпысбаевтың Ақтөбе археологиялық экспедициясының жұмыстары бойынша мұрағаттағы «Алдын-ала есебі» мен «Қорытынды есебі» ортаң қолдай ғылыми мақалаға татитын дүниелерді қамтиды. Алайда бұл зерттеулер күні бүгінге шейін ғылыми мақала түрінде жарияланбады. Осы жерде заңды сұрақтар туындауы ықтимал, мысалы «Неге Х.А. Алпысбаев осы қола және ерте темір дәуірлері бойынша материалдарын жарыққа шығармады?» деген. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін: біріншіден, шыққан материалдар мардымсыздау болды; екіншіден, жүйелі зерттеулер жүргізілмейінше, бұл материалдардың ғылыми айналымға енуіне ынтазар болмады; үшіншіден, ғалымның уақыты жетпеді; төртіншіден, тас дәуірі проблемаларымен айналысудан қолы босамады, т.с.с.

Қорыта айтқанда, Х.А. Алпысбаев тас дәуірін ғана зерттеген археолог қана емес, сонымен қатар жартас суреттерін, петроглифтерді, энеолитті, қола дәуірін, ерте темір дәуірін зерттеуге өзіндік үлесін қосқан маман болып табылады.

Х.А.Алпысбаев – Африка, Еуропа, Орталық Азия аймақтары бойынша археологияның кесек-кесек проблемаларын көтерген отандық зерттеушілердің алғашқыларының бірі. Мұны зерттеушінің ғылыми ізденістері нақты дәлелдеп отыр. Оның зерттеу жұмыстарының хронологиялық диапазоны кең, көтерген мәселелері ауқымды, ғылымға қосқан үлесі сүбелі болды деуге толық негіз бар.

3. Х.А.Алпысбаевтың Қазақстан тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесі: тарихи-археологиялық және тарихнамалық талдау

3.1 Х.А.Алпысбаевтың палеолит дәуірі ескерткіштерін зерттеуі және ғылыми тұжырымдамалары

Х.А.Алпысбаевтың ғұмырнамасында палеолит дәуірі ескерткіштерін зерттеу маңызды орын алды. Оны әлемдік және отандық ғылыми жұртшылық көбіне палеолит дәуірін зерттеген маман ретінде таниды [13]. Ол Қаратау мен Оңтүстік Қазақстан өңірі, Шығыс Қазақстан жері, Бетпақдала мен Сарыарқа далалары секілді ұланғайыр аймақтарда ондаған жылдар бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өзінің ғылыми жаңалақтары бойынша өткен палеолит дәуірлері жайлы біздің таным-түсінігімізді ұлғайтуға ұмтылды және деректемелік қорды үнемі оны толықтырып отыруға тырысты.

Осы мәселеге қатысты отандық және шетелдік тарихнамада ғалымға бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектері арналған. Бұл еңбектер тек қана оның биографиясына ғана емес, сонымен қатар ғылыми мұрасына да арналған болатын [1, 2, 3]. Жоспарлы әрі жүйелі түрде жүргізілген Х.А.Алпысбаевтың далалық ізденістері мұндай тарихнамалық бағыттағы еңбектерде әр қырынан көрініс тапты және де сонымен қатар зерттеуші көтерген ғылыми мәселердің әлі де өзекті екендігін айқындап берген еді.

Өзіне дейін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген әріптестеріне қарағанда Хасан Алпысбайұлы қазақстандық палеолит мәселелеріне өңірлік емес, жаһандық тұрғыдан баға беруге ұмтылды. Ол ғылыми айналымға ондаған археологиялық нысандарды енгізе отырып Қаратау өңіріндегі және онымен іргелес аймақтардағы палеолит дәуіріндегі адам баласының эволюциясын шешуге талпынды, жергілікті ерте тас дәуірінің әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі екендігін көрсетуге тырысты. Ғалымның қаламынан туындаған Оңтүстік Қазақстан төменгі палеолитіне арналған монографиясы әлі күнге дейін осы тақырып бойынша толыққанды деректеме болып саналады. Оның кейбір ғылыми мақалалары да қазақ сахарасындағы ежелгі адам баласының даму сатыларын, өзіндік тарихи белестерін нақты көрсететін ізденістер қатарында. Ол ғылыми айналымға енгізген ондаған археологиялық нысандар қазіргі таңда ғылыми қауымдастықтың ғана емес, сонымен қатар қалың бұқара халықтың да жетістігіне айналып отыр. Бұған кезінде Х.А.Алпысбаев зерттеген, қазіргі таңда мектеп оқулықтарына дейін енген бірқатар нысандар (Бөріқазған, Тәңірқазған, Қараүңгір, т.б.) нақты дәлел бола алады.

Соңғы жылдары іргелі ғылыми ізденістердің арта түсуі мен археология тарихындағы тарихнамалық бағыттағы қажеттіліктер Х.А. Алпысбаевтың палеолит дәуіріне қатысты мұрасына деген сұранысты арттырып отыр. Заманауи ғылыми парадигма зерттеушінің ғылыми тұжырымдамасына ерекше мән беруде, оның жеткен жетістіктері мен пайымдамаларына назар аударуда. Далалық ізденістер мен камералық өңдеулермен тікелей қабысып жатқан ерте

тас заманына қатысты Х.А. Алпысбаевтың мақалалары мен монографиясы қазақстандық палеолит дәуірі мәселелерін айқындауға септігін тигізеді және де жаңа зерттеу әдістеріне жол ашуға техникалық мүмкіндіктер береді.

Айта кететін бір жайт, қазіргі таңда қазақстандық археологияда осы ғылымның бір саласы ретінде «палеолиттану» қалыптасып отыр. Ал оның негізін қалаған ғалымдардың бірі де бірегейі Х.А. Алпысбаев екендігін ғылыми көпшілік әлдеқашан толығымен мойындаған. Зерттеушінің соңғы шыққан еңбектерінен бері жарты ғасырға жуық уақыт өтті. Осы аралықта ғылыми орта тарапынан оның ізденістері өз жалғасын тапты. Жаңадан жүздеген ескерткіштер анықталып, ғылыми айналымға енді. Ендігі кезекте жаңа әрі тың материалдар мен кезінде зерттелінген археологиялық нысандар арасындағы байланыстарды, олардың өзара қабысатын нүктелерін айқындау күн тәртібіне қойылып отыр. Заманауи ғылыми-техникалық жетістіктер палеолиттік дереккөздерімен жұмыс жасаудың жаңа әдістері мен арнайы құрал-саймандарын қалыптастырып үлгерді. Оларды бұрын зерттелінген ескерткіштер материалдарына қолдану – кезеңдестіру, корреляция, хронологиялық атрибуция секілді археология тарихнамасында қалыптасқан жайттарды айқындауға жаңаша мүмкіндіктер береді.

Бұрынғы да қазіргі де ғылыми қауымдастық алдында тұрған мәселелердің бірі палеолит кешендерінің хронологиялық атрибуциясы болып табылады. Әрбір ескерткіштің жас мөлшерін айқындау қордаланған сауалдарды айқындауға жол ашады. Палеолит дәуіріне жататын археологиялық нысан анықталған кезде мамандар тарапынан оның қай дәуірге, қайсы геологиялық кезеңге жататындығы айқындалынады. Жаңа ескерткіш ашқан кездері Х.А.Алпысбаевтың да өз тәжірибиесіне сүйене отырып тың пайымдауларын жан-жақты дәйекті түрде ұсынғаны белгілі. Алайда тұжырымдамаларының кейбір тұстары мамандар тарапынан күмән туғызып та жатты. Ғалымның мәдени-хронологиялық гипотезасы туралы әлі күнге дейін пікірталастар басылмай келе жатқан кезде қарастырылып отырған мәселеге тарихнамалық тұрғыдан келу, қолдағы зерттеу нәтижелерін жаңаша интерпретациялау маңыздылығы да арта түсері анық.

Осы тұрғыдан келген кезде ең алдымен қазақстандық палеолит ескерткіштерін зерттеген Хасан Алпысбайұлының ізденістерін тағы да бір жүйелеп өткен абзал. Мұндай бағыттағы ғылыми ізденістер Ж.Қ. Таймағамбетов, Д.С. Байгунаков және де Ж.Қ. Таймағамбетов, Д.С. Байгунаков, тарапынан кезінде жасалған болатын [5,7,8].

Алайда бұл зерттеушілер палеолит дәуірі ескерткіштерінің жалпы зерттелу тарихына ден қойды да, Х.А. Алпысбаев далалық ізденістеріне арнайы жеке тоқтай қоймады, оның ізденістерін, негізгі ғылыми тұжырымдарын жалпылама түрде ғана баяндап кетті.

Ал біздің тарапымыздан тек Хасан Алпысбайұлының палеолит дәуіріне қатысты далалық ізденістерін ғана жүйелеу және оның ерте тас дәуірі бойынша концептуалдық ой-пікірлерін түзіп шығу жоспарланып отыр. Мұны

хронологиялық тұрғыдан өрбітер болсақ, онда Х.А. Алпысбаев зерттеген палеолиттік археологиялық нысандар зерттелу тарихы мен негізгі тұжырымдамасы төмендегідей.

1957 жылы қыркүйек айында Х.А. Алпысбаев бастамасымен Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында тас ғасыры ескерткіштерін зерттейтін Қаратау отряды жасақталынады. Оның ашылуына және құрылуына Х.А. Алпысбаев мұрындық болған еді. Ол Институттың Археология бөлімінде, Ғылыми кеңесінде болған отырыстарда Қаратау өңірін зерттеу қажеттілігі туралы әлденеше рет сөз қозғап, Жамбыл облысы, қазіргі Түркістан облысы аймақтарында далалық ізденістер жүргізуді өзіне мақсат етіп қойды. Өйткені осы кезге дейін Қаратау өңіріндегі тас ғасыры ескерткіштері туралы мәліметтер үзік-жарық болып келген еді әрі толыққанды зерттелінген археологиялық нысандар бола қоймады.

1953 жылғы Г.И. Раскатов, 1956 жылғы Н.В. Седов, Г.А. Ярмак секілді геолог мамандардың мәліметтері Қаратау өңірінде палеолиттік нысандар бар екендігін көрсеткенімен, археологиялық тұрғыдан зерттелінбей жатқан болатын [126, 104-108 бб]. Геолог-мамандардың еңбектерінде айтылған шақпақ тас бұйымдары нақты мерзімі күмән тудырды және сонымен қатар жекелеген артефактілер археологтардың қызығушылығын оятқан еді. Жалпы алғанда, Қазақстанның оңтүстік аймағын палеолиттік тұрғыдан зерттеудің өзіндік маңызы болды: біріншіден, плейстоцен кезіндегі уақыт пен кеңістік аясындағы палеогеографиялық жағдайлар аталған аумақты адамзаттың алғашқы қоныстануына қатысты мәселелерді шешуге жол ашады; екіншіден, Орталық Азияға алғашқы адамдардың келуін нақтылауға септігін тигізеді; үшіншіден, мұнда анықталған палеолиттік ескерткіштердің көптігі іргелес жатқан өңірлердегі тарихи дамуды да жүйелеуге мүмкіндік береді. Қаратау жотасы сияқты аумақтағы палеолиттік ескерткіштерді зерттеу адамзаттың жерді жаһандық отарлауына қатысты, адамның табиғат аясында орны туралы тақырыптарды көтеруге септігін тигізеді. Міне, палеолиттанудағы осындай келешектегі мүмкіндіктерді Х.А. Алпысбаев дұрыс түсіне білген еді. Сол себепті де ол Қаратау отрядының құрылуына мүдделі болды деп айта аламыз.

Далалық маусым басталған кезде-ақ Х.А. Алпысбаев ең алдымен археологиялық барлауға ерекше мән берді. Археологиялық барлау барысында Кіші Қаратау аймағындағы тау баурайлары, өзен аңғарлары, ескі арналар, шатқалдар тексерілді. Көп ұзамай-ақ отряд мүшелері ғылыми нәтижелерге қол жеткізе бастады. Х.А. Алпысбаев басқарған отряд тарапынан ашылған алғашқы ескерткіштер қатарына Тоқалы-1-3 орындары кіреді. Далалық ізденістер барысында Кіші Қаратаудағы Көктал өзенінен 5 км шығысқа қарай Тоқалы кешендері табылады. Олар солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла жатқан үш төбешіктің үстінен анықталынады. Жинап алынған тас бұйымдары алғашқы адамдардың өмір сүруіне қолайлы орын саналатын бірнеше төбешіктерден табылады. Сонымен қатар ескерткіштердің мәдени қабатын анықтау мақсатында мамандар тарапынан барлық төбешіктерге тереңдігі 2 м 6

тікқазба (шурф) түсіріледі. Далалық ізденістер кезінде Тоқалы-1-ден 200 дана, ал Тоқалы-2-ден 78 дана, Тоқалы-3-тен 57 дана палеолит дәуіріне жататын бұйымдар жинастырылады. Бұл кешендер тас топтамасын Х.А. Алпысбаев былайша классификациялайды: екі жағы өңделген дөрекі шапқы құралдары, қол шапқылары, дөңгелек өзектастар, тас жаңқаларынан дайындалған құралдар, өңделмеген тас жаңқалары [127, 233-236 бб].

Х.А.Алпысбаев тұжырымдамасына қарағанда Тоқалы кешендері дайындалған материалдары бойынша төменгі палеолитке жатады және техникалық-типологиялық жағынан ерте тас дәуірінің бірнеше кезеңдерін қамтиды. Зерттеуші аталған кешендер уақытын ашель-мустье заманымен белгілейді [128, 69-70 бб]. 1957 жылы Тұрлан асуынан да палеолиттік ескерткіш орындары анықталып, ғылыми айналымға енді. Бұл жерден тас жаңқа, өзектас, тілік, т.б. бұйымдар алынған [129, 66-69 бб].

Біздің ойымызша бұл перспективасы бар, келешегінен үміт күттіретін ескерткіштердің бірі. Ол әлі толыққанды зерттеліне қоймаған секілді. Тұрлан асуы ежелгі замандарда өткел есебінде болған болса, мұнда алғашқы адамдарға тиесілі көптеген мәдени қабаттардың да сақталуы ғажап емес. Өкінішке орай ескерткіш әлі күнге дейін толымды зерттеліне қойған жоқ деуге болады.

Қаратау отрядының 1958 жылғы зерттеулері де оң нәтижелі болды. Бастпақыда Көктал, Бесарық, Шаян, Арыстанды секілді тау өзендерінен басталған далалық ғылыми-зерттеулер Шабақты, Үшбас, Бүркітті сынды өзендердің ежелгі арналарында жалғасын тапты. Бұл аудандарда шақпақ тас секілді шикізат көздері молынан анықталған болатын. Осы жылы ондаған палеолиттік және неолиттік тұрақтар табылып, жүздеген еңбек құралдары жиыстырылып алынады. әлемге әйгілі Тәңірқазған, Бөріқазған ескерткіштері анықталды. Әдетте Қаратау өңіріндегі ең көне ескерткіштер қатарына осы аталып отырған Тәңірқазған, Бөріқазған сынды нысандар кіреді. Бұл нысандар шамамен алғанда Жамбыл облысы Қаратау қаласынан 34-38 км солтүстік-шығыста орналасқан. Соның ішінде Бөріқазған тұрағы өзімен аттас шатқалдағы куэст төбешіктерінен табылған. Қаратау қаласына 38 км жерде. Аты әйгілі бұл тұраққа отряд мүшелері тарапынан 6 жерден шурф түсіріледі де, мәдени қабаты іздестіріледі. Түсірілген шурфтар геологиялық тұрғыдан палеозойлық қатты жыныстарға дейін жеткізіледі. Археологиялық жұмыстар барысында тас құралдары жинастырылады да, ең көрнектілері тізімге алынады. Олардың саны 442 дана болып есептелінеді. Бірқатар еңбек құралдарының шеттері жел және химиялық эрозияға ұшырағандығы байқалады. Негізгі шикізат материалы ретінде шақпақтастан жасалған ірі томпақтастар мен малтатастар пайдаланылғандығы белгілі болады. Х.А. Алпысбаев тарапынан барлық тас құралдары типологиялық жағынан негізгі ерекшеліктері бойынша былайша жіктелінеді: екі жағы өңделген дөрекі шапқы құралдар; құрал-дисктер; қол шапқылар; ұзына бойына бағытталған, үш жағы өңделген өтпелі формалар; унифастар; тас жаңқадан жасалған құралдар; тас жаңқалар (342 дана); өзектас тәрізді бөліктер; өндіріс қалдықтары. Олардың арасында ең көбі тас жаңалары

саналады. Анықталған тас жаңқалары 342 дананы құрайды. Басқа тас құралдары көнелігімен және жасалу техникасымен ерекшелінеді [4, 48-60 бб]. Археолог Х.А. Алпысбаев ежелгі бөріқазғандықтар пайдаланған тас құралдарының аморфтылығына және тұрақтың геологиялық орналасу ерекшелігіне қарап, тас топтамасын махадевиа-олдовэй мәдениетіне ұқсас деген ғылыми тұжырымға келеді.

Ал Тәңірқазған тұрағы Жамбыл облысы Қаратау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 34 км жерде орналасқан. Археологиялық нысан 1958 жылы ашылып, мұнда 1961 және 1963 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғасын тапқан болатын. Бастапқы кезде нысаннан тас құралдары жинастырылып алынса, кейіннен оның мәдени қабатын анықтау мақсатында 1961 және 1963 жылдары тас қарулары шоғырланған төрт жерге 0,75 м тереңдікке дейін шурф түсіріледі. Дегенмен айта кету керек тас топтамасындағы негізгі заттардың басым бөлігі жоғарғы қабаттан ғана алынған. Соған қарағанда тәңірқазғандық материалдардың дені жер бетінде ашық жатқан, олардың біразы ғана ондаған мыңжылдықтар бойы топырақ қабытына шамалы көміліп қалған. Тас бұйымдарды жасауға сұр, қоңыр сұр, сұр қара, қара шақпақ тас пайдаланылған.

Яғни, шикізат көзі ретінде пайдаланылған шақпақ тастың бірнеше түрі кездеседі. Тас бұйымдарының көпшілігі сары түсті патина қабатпен жабылған, яғни табиғи эрозияға ұшырағандығы байқалады. Х.А. Алпысбаев тарапынан Тәңірқазғаннан алынған бұйымдар мынадай негізгі жеті топқа жіктелінеді: екі шеті өңделген долбар шапқы құралдары; дөңгелек тұрпаттар; қол шапқы тәрізді құралдар; унифастар; тас жаңқадан жасалған бұйымдар; өзектастар; екінші қайта өңделмеген тас жаңқалары. Олардың арасындағы ең көбі екінші рет қайта өңделмеген тас жаңқалары болып табылады. Мұндай тас құралдарының жалпы саны 266 дананы құрайды.

Өз кезегінде жиналған заттардың типологиялық және техникалық анықтамасын жасаған Х.А. Алпысбаев алынған бұйымдарды Еуразия мен Африка құрылығындағы археологиялық кешендермен қатар қоюға болады дей келе, ескерткішті шелль-ашель уақытына жатқызады. Сайып келгенде, осы археологиялық нысан Қазақстан тарихы төменгі палеолиттен бастау алатындығын көрсететін жарқын ескерткіштердің бірі ретінде отандық тарихнамаға еніп отыр. Ол жайлы мәліметтер барлық оқу орындарына арналған оқулықтарға енген.

Археолог Х.А. Алпысбаев басқарған Қаратау палеолит отряды 1958 жылғы далалық маусымда қазіргі Түркістан облысы аумағындағы және Жамбыл облысы территориясындағы Арыстанды, Боралдай, Бөген, Бала Бөген, т.б. өзен алаптарын зерттеп, жаңадан ондаған ескерткіштерді тапты. Олардың арасынан Шақпақ, Үсіктас, Қарасу, Алғабас, Кеңестөбе, Боралдай, Шабақты, Байқадам, Ұзынбұлақ, Бүркітті, т.б. тұрақтарды атап кетуге болады. Тіпті кейбір елді мекендер маңынан бірнеше орындардан тас дәуірінің тұрақтары анықталған еді. Мәселен, Шолақтау елді мекенінен батысқа қарай 36 км жерден

мустье заманына жататын 6 орын анықталды, Байқадам ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 22 км жерден Шабакты-1-2 орындары, Қаратау қаласынан солтүстікке қарай 35 км жерден Ұзынбұлақ-1-2 ескерткіштері, ал Бүркітті станциясы маңынан Бүркітті-1-3 нысандары анықталды [130, 237 б].

Алайда Х.А. Алпысбаев бұл аймақтардағы аталған ескерткіштердің палеолит заманына жататындарына ғана назар аударды, неолит дәуірлеріне жататын нысандар жайлы мағлұмат бере қоймады. Өлі күнге дейін осы аймақтардағы неолит нысандары жайлы мәліметтер ғылыми айналымға ене қоймады. Олар жайлы үзік-жарық мағлұматтар да қалдырылмады деуге болады.

Арыстанды өзені алабынан Хасан Алпысбаев тапқан жарқын ескерткіштердің бірі Қарасу болған еді. Кейіннен ескерткіштің перспективалы екендігін байқалған соң зерттеуші тарапынан оған белгілі тарихшы-ғалым Ш.Ш. Уәлиханов есімі берілді. Х.А. Алпысбаев ескерткіште бірнеше мәдени қабат сақталғандығына ерекше мән беріп, Қазақстанда көп қабатты ескерткіш табылды деп дүйім жұртқа жар салды. Арнайы мақала жариялап (атауы: Первая многослойная палеолитическая стоянка в Казахстане), ескерткіш материалдары туралы мәліметтерімен бөлісті. Оған зерттеуші ең алғашқы көпқабатты нысан ретінде ыждаһаттылықпен қарай отырып, әрбір мәдени қабатын мейлінше толыққанды суреттеуге тырысты [131, 103 б].

Оңтүстік Қазақстан жерінен төменгі палеолит ескерткіштерінің табылуы ғылыми жұртшылық арасында үлкен резонанс туғызды.

Өзге ғалымдар (К. Ақышев, В.С. Бажанов, Н.Н. Костенко, О.Н. Бадер, П.И. Борисковский, М.Р. Касымов, Б.С. Кожамкулова, А.Н. Рогачев, Н.Н. Гурина, А.А. Рыжова, С.А. Семенов, Ш.Ч. Чокін, А.Н. Чупина т.б.) Х.А. Алпысбаев сынды қазақстандық зерттеушінің еңбектерін өз баяндамаларына, мақалаларында және монографияларында атап кеткен болатын [132, 237-239 бб]. Әлбетте, мұндай мақалалар мазмұны кеңестік ғылымның алған асуларын мадақтау, көбіне ҒА жетістіктері мен кеңестік зерттеушілердің айтуылы табыстары секілді бағытта өрбігендігін айта кеткен ләзім.

Қазіргі таңда Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Арыстанды өзенінің оң жағалауында орналасқан бұл тұрақты Хасан Алпысбаев отряды 1958 жылы ашқанымен, бастапқы кездегі негізгі зерттеу жұмыстары 1959-62 жылдары жүргізілген болатын. Көпшілік еңбектерінде Х.А. Алпысбаев бұл ескерткіштің орнын Шымкент қаласынан солтүстікке қарай 43 км жерде, Арыстанды өзенінің оң жағалауында, Қарасу елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан деп те көрсетеді 1959 жылғы стационарлық жұмыстар кезінде тереңдігі 4,6 м, ауданы 60 шаршы м телім аршылып, одан бірінші және екінші мәдени қабаттар анықталынады. Одан өзге үш жерден шурф (тікқазба) түсіріліп, кейіннен қазба ауданының көлемі ұлғайтылады [133, 281-283 бб]. 1960 жылы қазба жұмыстары жалғастырылып, 2000 м шаршы жер телімі аршылады. Келесі жылы қазба алаңы 400 шаршы метрге ұлғая түседі. 1962 жылы қазба жұмыстары қазба алаңының солтүстік және батыс жақтарында жалғасын табады. Зерттеу барысында сол жылдардағы археология тарихына көз жүгіртер

болсақ ескерткіштің басқа археологиялық нысандардан ерекшелігі сонда, бұл нысанда 5 мәдени қабат анықталған [134].

Оның әрқайсысы палеолит дәуіріндегі адамдар тобырының күнделікті іс-әрекетінен хабар береді. Сонымен қатар археологиялық зерттеулер барысында ошақ орындары, мыңдаған тас құралдары, жан-жануарлар сүйектерінің қалдықтары аршып алынған. Өзеннің жар қабағында бірнеше жерден қазба түсіріліп, алғашқы адамдардың тіршілігінен мәлімет беретін материалдар ғылыми зертханаларда өңделіп, ежелгі арыстандылықтардың заттық мәдениеті қалпына келтірілді. Нысан материалдары әлі күнге дейін мамандардың қызығушылығын тудырып келеді. Мысал ретінде айтсақ, ескерткіштің 4-ші мәдени қабатындағы ошақ орындарын палеэкономикалық қалыпқа салған мамандар былай дейді: Жоғарыда төртінші мәдени қабаттан 25 от орны белгіленгендігін айттық. Бұл орындардың әрқайсысын бір үй құрылысы деуге болмайды. Өйткені жаздыгүні ошақ орны далаға көшіріледі. Үй ішінде біреу, сыртқа тағы біреуі орналастырылуы да әбден мүмкін. Олай еткен жағдайда біздің есептеу бойынша 25 ошақ орны 2-ге бөлінеді де, ежелгі Ш.Ш. Уәлиханов тұрағында 10-12 жанұя немесе 40-50 адам мекен етуі мүмкін деген жорамал жасалынады [8, 183 б]. Дегенмен, Ш.Ш. Уәлиханов тұрағындағы әрбір мәдени қабаттар палеоэкономикалық есептеулерден өте қоймаған. Әзірге тек 4-ші мәдени қабат туралы ғана айтуға болады. Мұның өзіндік бернеше себебі болуы ықтимал: біріншіден, Х.А. Алпысбаев тарапынан әрбір мәдени қабаттағы ошақ немесе от орындарына қатысты толыққанды материалдар жариялана қоймаған; екіншіден, ескерткішті зерттеуші толық түрде зерттей алмады; үшіншіден, әлі күнге дейін аталып отырған археологиялық нысанда зерттеу жұмыстары жалғастырылып келеді.

Яғни, әзірге Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақты толыққанды зерттелінген нысандар қатарына қосуға болмайды. Аталмыш ескерткіштің ғылымға берері әлі де көп болса керек.

Бұл ескерткіште 1983-84 жылдары археолог Ж.К. Таймағамбетов қазба жұмыстарын жалғастырған болатын [135, 72-73 бб].

Кейіннен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ материалдары Ж.Қ. Таймағамбетовтың ғалым кандидаты ғылыми дәрежесін алуға негіз болды [136].

Алғашқы жылы Ж.Қ. Таймағамбетов бесінші мәдени қабатқа тиесілі ауданнан 45 шаршы м жер аршып, барлығы 2 мыңнан астам еңбек құралдарын жиыстырып алады. Ол кейіннен 1200 шаршы м кейінгі палеолиттік қабаттан (2,3 м тереңдікте) 537 дана тас бұйымдарын қазып шығарады. Олардың арасында тас жаңаларының саны 456 дана. Ал екінші қазбадан кейінгі мустье заманына жататын ауданы 406 м шаршы жерден 2-ші қабатты (тереңдігі 4,1-4,35 м) аршып одан 1233 дана тас бұйымдарын жиыстырып шығады. Кейінгі мустьеге жататын үшінші қазба орнынан (тереңдігі 4,9 м) 240 шаршы м телім аршып, одан 443 дана еңбек құралдарын теріп алады. Сонымен қатар екінші және үшінші қазбадан көптеген ошақ орындарын да анықтайды. Және де Ж.Қ.

Таймағамбетов тас құралдарының ошақ орындары маңында шоғырлана түскендігіне назар аударады. Ал төртінші кейінгі мустьелік қабаттан (тереңдігі 5,25-5,55 м) Ж.Қ.Таймағамбетов отряды 140 шаршы м телім аршиды да, 946 дана еңбек құралдарын қазып алады. Ал бесінші кейінгі мустьелік қабаттан

Ж.Қ. Таймағамбетов жетекшілік еткен отряд мүшелері 2605 дана тас бұйымдар қазып алып, оларды зерттейді. Сонымен қатар олардың 2572 данасы тас жаңаларынан тұратындығын анықтайды. Кейінгі мәдени қабаттан алынған еңбек құралдары дәрежілеу, қарапайымдау екендігі байқалады [5, 33-97 бб].

Ж.Қ. Таймағамбетов зерттеулері Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақтың мәдени қабаттарының санын нақтылады әрі олардың ғылыми-танымдық кеңістігін ұлғайта түсті [137, 50-52 бб]. 1993 жылы Ж.Қ. Таймағамбетов ескерткіштен 6-шы мәдени қабытты анықтады. 6-шы мәдени қабат 7,20 м тереңдіктен анықталған. Ол жерден көбіне өндіріс қалдықтары анықталып, негізгі археологиялық олжалардың басқа жерде жатуы ықтимал екендігі айтылды [138, 43-45 бб].

Айта кету керек, сонау 2001-2002 жылдары Қазақстан – Ресей біріккен археологиялық экспедиция мүшелері, 2003-2005 жылдары Қазақстанның тас ғасырын зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедиция (жетекшісі Ж.Қ. Таймағамбетов) отряды Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақта кең көлемде қазба жұмыстарын жүргізіп, тың мағлұматтар алғандығы белгілі. Сол кездері белгілі болған әрбір мәдени қабат палеолит дәуірінде адамдар тұрақты бірнеше рет мекендегенін нақты көрсетеді. Олардың аралары бірнеше мыңжылдықтарды қамтиды. Тұрақтың көп жерінде мәдени қалдықтар (қабаттар) сары топырақта орналасқан. Жалпылама түрде алғанда мәдени қатпарлардың қалыңдығы кей жерлерде 10 метрге дейінгі жетеді. Мұның өзі Арыстанды өзенінің алабы сан мыңдаған жылдар бойы алғашқы адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы мекен болғандығын толығымен айғақтайды.

Қаратау сілемдері мен Арыстанды өзенінің алабындағы алевролит, шақпақтас, халцедон, яшма, құмтас, малтатас секілді тас жыныстарын ежелгі адамдар күнделікті тіршілігінде кеңінен пайдаланған. Мұнда шақпақтастан, халцедоннан және халцедониттерден дайындалған алуан түрлі бұйымдар (дөңгелек өзектас, тас шапқы, тілік, тас жаңқа, үшкіртас, екі жағынан өңделген шапқы құрал, қырғыш, жонғыш, тас тіліктен дайындалған жаңқа, екі жағы өңделген диск тәрізді өзектас, қырғыш, кескіш, өндіріс қалдықтары, т.б.) нақты аңғартады. Тас құралдарына жүргізілген техникалық-типологиялық талдаулардың басым көпшілігі еңбек аспаптарын өңдеудің дәстүрі біршама сақталғандығын да аңғартса керек. Әлі күнге дейін кейінгі немесе жоғарғы неолит болмаса соңғы палеолит республика аумағынан толыққанды зерттелмей келеді. Сонда да болса бұл кезеңді зерттеген мамандардың барлығы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ материалдарын айналып өтіп кетпейді, міндеттеі түрде оған тоқталып кетеді [139, 13-17 бб]. Мұның өзі аталған ескерткіш материалдарының бірегейлігін де көрсетіп отыр.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақты мекендеген алғашқы адамдар аңшылықпен, терімшілікпен айналысты деуге болады. Олар қорек етулері үшін бизон, бұғы, киік, жабайы аңдарды, жылқыларды аулады және сонымен қатар өсімдіктерді, олардың тамырын, жеміс-жидектерді теріп жеді [140, 234-237 бб]. Мұны тас құралдарымен қоса шыққан осы жабайы жануарлар сүйектері көрсетіп берді. Археолог Ж.Қ. Таймағамбетов Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрағындағы фауна мен флораға ерекше назар аударып, мустье мен кейінгі палеолит замандарында мұнда көптеген өсімдіктер өскендігін айтады, оның пікірінше алма, т.б. ағаштар Қаратау баурайларында әлі күнге дейін өсіп тұр [5, 101 б].

2013 жылы академик Ж.Қ. Таймағамбетов 2018 жылы Ш.Ш. Уәлиханов тұрағында қазба жұмыстарын қайта ұйымдастырып, далалық ізденістерге жапониялық ғалым Садакатцу Кунитаке, т.б. мамандарды тартты. Материкке дейінгі қатпардан мамандар осы кезде тағы үш мәдени қабат анықтайды. Үш мәдени қабаттан тұрақ-шеберхана орны мен 100-ден астам өзектастар, тас жаңқалар, дайындамалар (заготовка) аршып алынады. Ал 7-ші мәдени қабаттан алынған материалдар зертханалық талдаулардан өтіп, мұнда адам баласы бұдан 25 мың жыл бұрын өмір сүргендігін айқындап берді. Яғни, 7-ші мәдени қабат материалдары кейінгі палеолитте Арыстанды өзені алабы кроманьондық адамдардың мекендеген аймағы болғандығын толығымен дәлелдеп отыр [141, 5 б]. Осы ескерткіштің ашылуына 60-жылдығына орай академик Ж.Қ. Таймағамбетов пен Садакатцу Кунитаке арнайы мақала жариялап, өздері тарапынан 2018-2019 жылдардағы ұйымдастырылған далалық маусымдағы негізгі нәтижелері мен қорытындыларын жасады. Зерттеушілердің айтуынша, 7-ші мәдени қабат 6,90 м тереңдіктен анықталған. Мәдени қабат қалыңдығы 20 см. Бұл мәдени қабат Ж.Қ. Таймағамбетов анықтаған 6-шы мәдени қабаттан (тереңдігі 7,20 м) биігірек орналасқан. Табылған материалдардың дені – шағын тас жаңқалары. 8-ші мәдени қабат 8,40 м тереңдікте жатқан екен. Оның қалыңдығы 30 см шамасында. Бұл мәдени қабаттан ашық түсті халцедоннан дайындалған үлкен сфера өзектас-дайындама, көптеген тас жаңқалары аршып алынады. Ал 9-шы мәдени қабат 9,20 м тереңдікте орналасқан. Оның қалыңдығы 20 см шамасында. 9-шы мәдени қабаттан тас тіліктері, бүйірлі өзектас, тас жаңқалары, т.б. құралдары аршып алынған. Барлық тас топтамасы 150 данадан асады [142, 67-68 бб].

Сан мыңдаған жылдар бойғы палеолит тарихын бүркемелеп келген стратиграфиясы сақталған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ материалдары тас дәуіріндегі көптеген мәселелерді шешуде мол мүмкіндік береді. Оның материалдары жайлы шетелдік форумдарда да айтылды [143, 141-143 бб]. Қазақстандағы палеолиттік ескерткіштердегі материалдардың басым бөлігі жер бетінде «ашық» жататындығы және оларды зерттеу ісінде Ш.Ш. Уәлиханов тұрғаының материалдарының маңызы да әлемдік ғылыми жұртшылыққа паш етілді [144, 845-848 бб].

Сайып келгенде, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақты эталонды ескерткіш ретінде бағалаймыз. Себебі өзге археологиялық ескерткіштерден алынған тас бұйымдардың мерзімін осы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ материалдарына карап анықтауға болады. Тұрақты адамдар мустье дәуірінен бастап, кейінгі палеолит ақырына дейін мекен еткен, бәлкім мезолит заманында да мекендеген.

Бүгінгі күні Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ отандық археологияда байырғы өмірінен, шаруашылығы мен тұрмысынан мол мағлұмат беретін бірегей ескерткіштер қатарына кіреді және де оның алғашқы зерттеушісі Х.А. Алпысбаев еңбегінің әлі де өз жалғасын тауып жатқандығының нақты көрінісі болып табылады.

Оның ізденістерін Ж.Қ. Таймағамбетов жалғастыруда және де бұл зерттеуші әлемдік деңгейдегі ізденістерімен ғылымды дамытуға үлес қосып жүр [145, 159 б].

Археолог Х.А. Алпысбаев 1958 жылы Қаратау жотасының солтүстік-шығыс аймақтарынан Дегерез, Дарбаза, Сүлейменсай, Дәуренбек секілді бірқатар ескерткіштерді де ашқан болатын. Бір айта кетерлігі, бұл ескерткіштер бірнеше, тіпті ондаған палеолиттік пунктерден тұрады. Мысалы, Дарбаза-1-ден 118 дана, Дегерез-3-тен 111 дана тас бұйымдары шыққан, олардың кейбіреулері ашель-мустье замандарындағы еңбек құралдарына ұқсас. Ал Сүлейменсай-1,4, 31-34 пунктерінен дефляцияға ұшыраған 200-ден астам тас бұйымдары теріліп алынған. Дефляцияға ұшыраған Дәуренбек-1, 12 пунктерінен де ондаған палеолиттік құралдар анықталған.

1961 жылы Х.А. Алпысбаев тарапынан жүргізілген зерттеулер кезінде Ақкөл, Кемер-1-3, Қызылрысбек, Қазанғап секілді бірнеше археологиялық нысандар анықталынды. Олар жалпылама түрде айтқанда Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170-280 шақырым жерлерде жатқан аудандарда орналасқан. Бұл ескерткіштерден алынған тас құралдарына Х.А. Алпысбаев тарапынан техникалық-типологиялық сараптама жасалынған болатын. Ол Ақкөл тұрағынан алынған бұйымдарды (барлығы 116 дана) былайша сыныптайды: екі жақты шапқы құралдар; унифастар; қол шапқылар; тас жаңқасынан жасалынған құралдар; тас жаңқалар. Кемер-1 пунктінен табылған тас құралдарын (барлығы 218 дана) Х.А. Алпысбаев былайша жіктейді: екі жағы өңделген шапқы құралдар; қол шапқылар; унифастар; қырғыштар; тас жаңқадан жасалған құралдар; өзектастар; тас жаңқалары (ең көбі). Кемер-2 пунктінен екі шеті өңделген шабатын құралдар; дөңгелек бұйымдар; қол шапқылар; өзектас секілді бұйымдар; унифастар; тас жаңқа құралдары; екінші рет өңделмеген тас жаңқалары шыққан. Барлығы – 85 дана тас бұйым. Сонымен қатар Кемер-3 пунктінен 79 дана тас бұйымдары жинастырылған. Олардың техникалық-типологиялық сипаттамасы зерттеуші тарапынан былайша өрбітілген: екі шеті өңделген шабатын құралдар; диск пішінді бұйымдар; қол шапқылар; өзектас пішіндес тұрпаттар; тас жаңқалы бұйымдар; екінші рет өңделе қоймаған тас жаңқалары. Зерттеуші Кемер-1 мен Кемер-3 пункттерінің тас топтамалары өзара ұқсас, сірә хронологиялық жағынан бір заманның

туындылары болуы да ықтимал деген ой айтады. Ақкөл ауылы маңындағы Қызылрысбек тұрағының материалдарын (100 дана тас бұйымдар) Х.А. Алпысбаев былайша жіктейді: екі жағы өңделген чопинг-тул; диск пішінді құралдар; өзектас тәріздес құралдар; унифастар; тас жаңқадан жасалған құралдар немесе қырғыштар; тас жаңқалар. Ең көбі тас жаңқалары болып табылады. Олардың саны – 81 дана. Ескерткішті зерттеуші ашель-мустье уақытына жатқызады [4, 66-92, 141-149 бб]. Зерттеуші Тараз қаласынан 280 км солтүстік-батыста орналасқан Қазанғап ескерткішін перспективасы мол нысандардың қатарына жатқызады. Бір маусымда ғана бұл тұрақтан 300-ге жуық тас құралдары жинастырылып алынған.

Оларды Х.А. Алпысбаев былайша жіктейді: екі шетті шабатын құралдар; бір шетті шабатын құралдар; қырғыштар; өзектас тұрпатты шабатын құралдар; қол шапқылар; өзектастар; құрал тұрпатты тас құралдары; тас жаңқалары. Әлбетте, бұл тұрақтағы да ең көп бұйымдар тас жаңқалары (242 дана) болып табылады [146, 113-115 бб]. Н.Н. Костенкомен бірге зерттеуші палеолиттік құралдар антропоген қабаттары бойынша белгілі бір тарихи мерзімге жатуы мүмкін екендігін де айтады, яғни олар тас құралдарына сүйене отырып геологиялық ізденістер негізінде ілкі замандардағы тарихи үдерістерді шешуге болатындығы жайлы қорытынды жасай білді.

Отандық археологияда үңгірлік ескерткіштерді зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Қазіргі таңда зерттеушілер тарапынан бірқатар үңгірлік тұрақтар зерттелініп отыр [147, 68-69 бб], [148], [149].

Кезінде С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедиция мүшелері тарапынан Пещера, т.б. үңгірлердің зерттелінгені белгілі [150, 54-58 бб].

Дегенмен ұзақ жылдар бойы палеолит заманына жататын үңгірлік нысандарды зерделеу кемшін тартып келді Мұндай олықылықтардың орнын толтыру мақсатында Х.А. Алпысбаев 1969-1970 жылдары арнайы бағдарлама дайындап үңгірлік ескерткіштерді зерттеуді қолға алады. Оның бағдарламасының мәні Оңтүстік Қазақстан аумағынан үңгірлік тұрақтарды тауып, зерттеу болғанымен, өзге де материалдарды қосымша зерделеуден бас тарта қоймады.

Нәтижесінде Х.А. Алпысбаев 1969-1971 жылдары Оңтүстік Қазақстанның таулы аудандарынан 30 шақты үңгірлерді тауып, зерттеп шықты. Олардың басым бөлігі тау бөктеріндегі өзен бойларынан шыққандығын айта кеткен ләзім [152, 109 б].

Мәселен, Өгем өзенінің сол жақ тармағы саналатын Азартекенің орта ағысынан екі үңгір тапты. Біріншісі – Қалыпты үңгірі. Оның ауданы 16x4x2,5 м. Екіншісі – Азартеке үңгірі. Ал оның ауданы 16x10x3 м. Сонымен қатар Паршакөл маңынан қатарынан 5 үңгірді тауып, зерттейді. Ғалымның кейбір үңгірлерді қазуға мүмкіндігі болмады, алайда ол үңгір маңындағы аудандарды да мұқият барлап шығады да, сол жерлерден де палеолиттік бұйымдар іздестіреді. Мақпалсай көлі маңындағы үңгірлерді қарап шыққан соң ол сол

маңнан мустье заманына жататын бірен-саран еңбек құралдарын тауып алады. Ғалымның Өгем өзенінің сол тармақтарының бірі болып табылатын Бесағаш өзенінің жоғарғы тұсынан 20 шақты үңгірлерді анықтады. Алайда зерттеуші мұндағы үңгірлердің арасынан тек бір ғана үңгірге шурф түсіре алды. Ол үңгір өзен алабынан 2 км шығыста биік жартас түбінде орналасқан болатын. Ауданы 11x4,5x2 м бұл үңгірдің кірер аузы оңтүстікке қаратылған. Қазылған тікқазба (шурф) бірқатар материалдарды жинастыруға мүмкіндік береді. Қазып алынған материалдар арасында тісті және ойықтық іздері бар құралдар да ұшырасады. Мұндай бұйымдар мустье заманына тән екендігін айта кеткен жөн.

Келесі тік қазба Созақ ауылынан 10 км солтүстік-батысқа қарай орналасқан Алтынсай үңгіріне де түсіріледі. Бұл үңгірдің ауданы 15x16x10 м. Басқаларына қарағанда ол барлығынан үлкендеу. Тікқазбадан 1,2 м тереңдіктен аздап тас бұйымдар шыққан. Құрсай өзеніндегі Ақмешіт үңгірі барлығынан үлкен үңгір болып саналады. Бұл үңгір қазіргі таңда туристік нысанға айналған. Үңгір туралы аңыздар бойынша мұнда жаугершілік заманда (жоңғар шапқыншылығы кезінде болса керек) халық жасырынған екен, онда бір әулие адам мекен еткен екен, т.б. Х.А. Алпысбаев Ақмешіт үңгіріне тікқазба түсіріп, жаңа тас дәуіріне, аздап ашель-мустье замандарына жататын бірен-саран еңбек құралдарын аршып алады. Кейбір үңгірлерден тас құралдарымен қатар түз тағыларының сүйектері де шыққан. Мысалы, Кіші Қаратаудағы Ақтоғай өзені алабындағы үңгірден палеолит заманына жататын нақты 1 дана бұйым және хайуанаттардың сүйектері анықталған. Ескерткіште кең көлемдегі қазба жұмыстары жүргізілмеген. [152, 29-30 б]. 1971 жылғы далалық маусымда ашылған үңгірлік тұрақтың бірі Сарыүңгір болып табылады. Ол Өгем өзенінің жоғарғы ағысында, өзен алабының баурайында орналасқан. Археологиялық барлау кезінде түсірілген тікқазбадан мустье дәуіріне сай келетін еңбек құралдары алынған. Сонымен қатар Х.А.Алпысбаев сақталуы нашар болса да үңгір қабырғаларынан қызыл және қара қоңыр бояумен салынған суреттердің іздерін де аңғарған екен [153, 29-30 б] Айта кету керек, үңгірлік тұрақтарды зерделеудің өзіндік әдіс-тәсілдері, ерекшеліктері және қиындықтары бар. Олардың қауіпсіз болуы, орналасуы, т.б. ескерілмесе, онда зерттеушіге едәуір қиындықтар туғызуы ықтимал. Сірә, Х.А. Алпысбаев осындай жайттардың есебінен өзі ашқан үңгірлердің біразын дер кезінде зерттей алмаған секілді. Сонымен қатар үңгірлік тұрақтар туралы берген мәліметтері де тым аз. Мұның себебі ғалым жоғарыда аталған ескерткіштердің біразын әлі де зерттейміз деген жоспар құрған да болса керек.

1970 жылдар ортасына қарай Х.А. Алпысбаев Қаратау өңірін зерттеуін жалғастыра берді. Осы кездері ол таулы аймақтардан жырақта орналасқан елді-мекендердің де маңында, өзен алаптарында зерттеу жүргізген болатын. Ол 1973-1974 жылдары ондаған ескерткіштерді ашып, ғылыми айналымға енгізеді. Бұлардың арасынан шелль-ашель немесе ашель-мустье замандарына жататын Қызылкіндік, Жаңатас, Байқадам ескерткіштерін және де бірнеше ғана еңбек құралдары алынған Көктал археологиялық нысанын атап кеткен ләзім.

Мейлінше көп еңбек құралдары Жаңатас тұрағынан шыққан. Олардың саны 429 дана тас бұйым. Ал Қызылкіндіктен 228 дана тас құралдары жинастырылған. Байқадам тұрағынан болса барлығы 47 дана бұйым алынған. Алынған тас бұйымдар топтамасы екі шеті өңделген шабатын құралдар, тас жаңқалар, қырғыштар, қол шапқылар, өзектастар секілді заттардан тұрады екен [154, 55-63 б].

Археолог Х.А. Алпысбаевтың ерекше мән берген аудандарының бірі Қаржантау мен Қараоба болып табылады. Бұл шартты түрде алынған аудандар (Оңтүстік Қазақстан облысы: Ордабасы ауданы, Бәйдібек ауданы, Қазығұрт ауданы, т.б.; Жамбыл облысы: Жаңатас қаласы маңы, т.б.), ал олардың аралары жүздеген шақырым және де негізінен алғанда Қаратаудан төменгі жазық далалы аймақтарды, сонымен қатар ішінара таулы жерлерді де қамтиды. Аталған аймақтарда тас дәуірі ескерткіштері көптеп шоғырланған. Мұндағы тас дәуірінің бірнеше мәдени-тарихи кезеңдерімен мерзімделінетін ондаған археологиялық нысандар анықталған.

Алайда өз зерттеулерінде Х.А. Алпысбаев олардың барлығы жайлы толымды мәлімет бере қоймайды, ең маңызды дегендеріне, әсіресе палеолитпен мерзімделінетін археологиялық нысандарға баса назар аударып қана кеткен. Мысалы, зерттеуші-ғалым Сусіңген, Жалпақсу-1-3, Жалғызарша-1-2, Қияқты, Өгем (Талдысай), Қаржантау, Жаужүрек, Шағалысай, Жиенқұм, Қызылжар, Жүзімдік-Арыстанды, Жаңатас-3, Майтөбе, т.б. палеолиттік ескерткіштер ерекше атайды. Сонымен қатар Шалқия-1 секілді неолиттік тұрақтармен палеолиттен келе жатқан дәстүрді және тарихи-генетикалық байланыстарды өрбітуге ұмтылды. Зерттеуші Сусіңген өзенінің (Өгемнің сол тармағы) шығыс жағалауынан табылған 3 дана қол шапқы мен 1 дана тас жаңқаны ежелгі ашельмен, Жиенқұмнан (Бәйдібек ауданы) терілген заттарды ашель-мустьемен, ал Қызылжар маңынан (Ордабасы ауданы) 2 жерден табылған тас бұйымдарды төменгі палеолитпен мерзімдейді де, содан кейін Жалғызарша-1-2 ескерткішінен табылған леваллуалық өзектасқа ерекше тоқталады. Айта кету керек, Өгем өңірі маңында Х.А. Алпысбаев алғаш рет 1960 жылы болған. 1961 жылы ол Абай ауылы маңынан дөңгелек пішінді өзектас, порфириттен дайындалған тас жаңқаларын тапқан еді. 1973 жылы Талдысайдан үшбұрышты тас тіліктерін ұшырастырып, кейіннен бірнеше өзектастар, тас жаңқаларын табады. Осы кездері Қияқты, Жаужүрек, Қаржантау ескерткіштері ашылады. Далалық ізденістер барысында өзектастар, тілікшелі тас жаңқаларын, кәдуілгі тас жаңқаларын, т.б. бұйымдарды жинастырып та алады.

Ал Ордабасы ауданындағы Шаян өзені алабындағы (Төрткүл ауылы маңы) палеозойлық конгломераттардан палеолитке жататын от орындарын да Х.А.Алпысбаев анықтаған болатын. Олардан басқа Бәйдібек ауданындағы Жүзімдік ауылы маңынан, Арыс-Түркістан каналының баурайларынан бірен-саран палеолит құралдарын тапқан еді.

Жамбыл облысындағы Жаңатас маңынан Жаңатас-3 ескерткішінен, Тараз қаласынан батысқа қарай орналасқан Майтөбеден де палеолит дәуіріне жататын

еңбек құралдары жинастырылған. Техникалық-типологиялық жағынан олар былайша жіктелінеді: теріс-призмалық өзектастар, тас жарықшақтары, тас жаңқалары, тас тіліктері, т.б. Аталған ескерткіштердің материалдарын Х.А. Алпысбаев ілгеріректе ашылған Бүркітті, Көктас тұрақтарынан алынған бұйымдарға ұқсас деген пайымдама жасады [155, 117-129 бб].

Шығыс Қазақстан аумағында да Х.А. Алпысбаев зерттеулер жүргізіп, тас дәуірінің 20 шақты ескерткіштерін анықтаған болатын. 1977 жылы Ертіс өзені алабындағы Шүлбі ГЭС құрылысына байланысты Шүлбі археологиялық экспедициясы ұйымдастырылады. Оның палеолит отрядын палеолиттанушы Х.А. Алпысбаев басқарады. Отряд мүшелері Шығыстағы Шүлбі, Осиха, Оба, Қызылсу өзендерінің алаптарында барлау жұмыстарын жүргізеді. Алайда бұл кездегі зерттеу жұмыстарын нәтижелерін Х.А. Алпысбаев толыққанды жариялап үлгерген жоқ. Ол жоғарыда аталған өзендер мен өзге елді мекендер маңынан тас дәуірінің нысандарына қысқаша сипаттама ғана жасады [156, 508-509 бб].

Оның ізденістерін кейіннен Ж.Қ. Таймағамбетов жалғастырып, шығысқазақстандық тас ғасыры ескерткіштерін жүйелеп шықты [157, 107-110 бб].

Х.А. Алпысбаевпен бірлесе тапқан Шүлбі секілді ескерткіште қазба жұмыстарын жалғастырып, мыңдаған тас құралдарын, ежелгі адамдар қалдырған от орындарын анықтады [158 161-167 бб]. Ж.Қ. Таймағамбетов іргелі ғылыми ізденістер жариялап, ғалымның ісін одан ары қарай дамытты [159, 9-23 бб].

Шүлбі тұрағының тас құралдарына техникалық-типологиялық талдаулар жүргізіп, әрбір құралдың сипаттамасын жасады, су астына кеткен аумақтағы тас дәуіріндегі тарихи дамуларды қалпына келтірді [160].

Сайып келгенде, Шығыс Қазақстан аумағында да Х.А. Алпысбаев нәтижелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ұзақ жылдардан кейін тас ғасыры ескерткіштерінің қайта зерттелуіне мұрындық бола білді.

Жоғарыдағы аталған ескерткіштерді зерттей жүріп ғалым мынадай тұжырымдамалар жасаған: Қазақстан жерін алғашқы адам баласы бұдан 800 мың жылдай бұрын мекендеді; республика аумағы еуразиялық және африкалық ежелгі мәдениеттерге ұқсас болды; еліміздің территориясынан әлі де болса көптеген тың археологиялық нысандар табыла береді және олар ежелгі мәдени дамуларды айқындап береді.

Тараушаны қорытындылар болсақ, Қазақстан палеолит ескерткіштерін зерттеуге археолог Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев мол үлес қосты. Тіпті отандық палеолиттанудың негізін қалады деуге де болады. Бұлай деуге себеп те көп: біріншіден, ең жарқын ескерткіштерді ашты; екіншіден, палеолит дәуіріне жататын ең көп археологиялық нысандарды тапқандардың бірі де бірегейі болды; үшіншіден, осы бағытта жоспарлы және жүйелі түрде жұмыс істеді

3.2. Мезолит және неолит мәдени-тарихи кезеңдеріне қатысты ғалымның ізденістері

Саналы ғұмырын Қазақстан археологиясына арнаған Х.А. Алпысбаевты тас дәуірінің барлық кезеңдерін зерттеуге үлес қосқан ғалым деп атап кетсек артық бола қоймас. Өйткені ол тас дәуірінің барлық кезеңдеріне, оларда қордаланған сауалдарға қатысты кесек-кесек мақалалар жазған болатын. Жоғарыда оның палеолиттік кешендерді зерттеуге қосқан үлесі талданса, бұл бөлімшеде мезолит және неолит мәдени-тарихи кезеңдеріне қатысты жүргізген далалық ізденістерін талдауды алдымызға мақсат етіп отырмыз.

Қазақстан аумағында орналасқан мезолиттік кешендерді анықтау, олардан жинастырылған еңбек құралдарын техникалық-типологиялық тұрғыдан талдау, хронологиясын, кезеңдестірілуін және корреляциясын анықтау, ескерткіштер материалдарын сипаттап жазып шығу сынды ғылыми-зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың 60-70 жылдары ғана қолға алына бастады. Олардың зерттелу тарихы мамандар тарапынан біршама қарастырылған [161, 7-14 бб].

Айта кететін бір жайт, отандық тарихнамада сол кездерге дейін мезолиттік кешендер жайлы сауалдар мүлдем көтеріле қойған жоқ. Ғылыми басылымдарда мезолит дәуірі жайлы ақпарат мүлдем болмағандықтан академиялық басылымдарда, оқу құралдары мен оқулықтарда ештеңе айтыла қоймады. Бұл заңды нәрсе еді. Алайда мезолиттік ескерткіштерге мамандар тарапынан күмәнмен қарау, ғылыми ізденістердің жетістіктерін жеткілікті дәрежеде бағаламау ашылған археологиялық нысандардың біраз жылдарға дейін көпшілікке жетуіне кедергі келтірді.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының соңында шыққан «Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» (қазақшасы 1980 жылы жарияланды) сынды бестомдық ұжымдық монографияда бірен-саран мезолиттік ескерткіштер айтылып кеткенімен, бұл мәдени-тарихи дәуір арнайы түрде бөлініп көрсетіле қоймады. Мезолит дәуіріне арнайы параграф арналмағандығын ескерткіштер санының аздығымен түсіндіруге де болады. Алайда осы академиялық басылымдағы тас дәуірі мәселелеріне қатысты тарауларды жазған Х.А.Алпысбаев болған еді. Оның тарапынан соңғы палеолит пен неолит туралы таспаланған тарауларда мезолит дәуірінің ескерткіштері аталғанымен ол өзі зерттеген оңтүстік Қазақстандық ескерткіштерді мүлдем атап кете қоймады.

Әуел бастан мезолиттік ескерткіштерді зерттеу кездейсоқ сипатта орын алып келеді деуге болады. Мезолиттік ескерткіштер ашылған күннің өзінде де Қазақстан аумағында орналасқан мезолиттік кешендер әрбір өңірде әрқалай зерттелінді. Яғни, кең байтақ қазақ сахарасында жүргізілген археологиялық ізденістер белгілі бір аудандардан ғана мезолиттік орындары анықтап отыр. Олардың арасындағы байланыстар, өзара мәдени-тарихи алмасулар жайлы мүлдем сөз қозғалмайтындығын да айта кеткен жөн. Дегенмен қазіргі таңда қазақстандық мезолиттік кешендердің негізгі белгілерін көрсететін, осы

замандағы мәдени дамуды біршама сипаттап беретін бірқатар эталонды археологиялық нысандар анықталынып отыр деуге болады. Көпшілік ескерткіштер бұдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын анықталғандығын да айта кеткен ләзім. Мысалы, Солтүстік Қазақстандағы В.Ф. Зайберт, Г.Б. Зданович, В.Н. Логвин, т.б. зерттеушілер Виноградовка-10, 12, Дүзбай-6, Евгеньевка, Дачная, Явленка-2, Мичуринская-1, Тельмана-7, 8а, 9а, 14а, т.б. тұрақтарын ашып ғылыми айналымға енгізді, өңірдегі мезолиттік даму жайлы сөз қозғады [162, 9-10 бб], [163].

Орталық Қазақстан аумағынан Әкімбек, Қарағанды-15, Гранада, Дермен, т.б. ескерткіштері зерттелінген [164, 10-16 бб], [165, 408-409 бб]. Кейбір көпқабатты археологиялық нысандардан мезолиттік мәдени қабаттар ұшырасып та жатады. Олардың арасында Торғайдағы Бестамақ қонысы [166, 628-629 бб], павлодарлық Ертіс өңіріндегі Шідерті нысаны [167, 11-17 бб], Шығыс Қазақстан жеріндегі Шүлбі тұрағы [160, 50-59 бб] т.б. бар.

Соңғы аталған ескерткіштегі мезолиттік кешендер әлі өзінің ғылыми бағасын нақты түрде ала қойған жоқ. Мамандар шүлбілік тас құралдар топтамасындағы мезолиттік индустрия жайлы ішінара айтып кеткенімен, олардың толыққанды ғылыми негіздемесін әлі жасай қоймады. Ал Оңтүстік Қазақстан мен Қаратау өңіріндегі мезолиттік археологиялық нысандардан Жаңашілік-1-3, Маятас, Шахантай-1, Соркөл-1-2, т.б. атап кеткен ләзім [16, 9-18 бб]. Қазақстанның батыс өңірлерінен де бірнеше мезолиттік орындар анықталып отыр. Әсіресе Маңғыстау (Қызылсу-1, Шақбақата-2, т.б.), Қамаш-Самар көлдерінің аудандарындағы (Сор-Айдын-1, 3. Мыңдәлі-1,3) және Солтүстік Каспий аймағындағы Новая Казанка-1 тұрақтарынан қызықты материалдар алынған [168, 47 б], [169, 79-80 бб].

Сонымен қатар Мұғалжар таулары мен Арал өңірінен анықталған мезолиттік кешендердің де ғылыми құндылығы жоғары саналады [170, 9-12 бб]. Міне, осы аталған және олардан өзге де археологиялық нысандар негізінде қазіргі Қазақстан аумағындағы мезолиттік кешендердің тарихы, мәдени дамуы мен өткені жайлы сөз қозғалып тұрады. Қазіргі таңда осы аталған археологиялық нысандардан алынған алуан түрлі тас топтамалары негізінде мезолит дәуіріндегі тастан жасалған құралдардың техникалық-типологиялық сипаттамасы анықталып отыр.

Шындығына келгенде, XX ғасыр 70-80 жылдарында жаңадан анықтала бастаған қазақстандық мезолиттік нысандардың тас құралдары туралы зерттеушілер арасында әртүрлі көзқарастар орын алды. Қазақстан аумағы мен онымен іргелес жерлердегі мезолиттік нысандар жайлы материалдар санының ұлғаюы түрлі гипотезалардың қалыптасуына мүмкіндік берді. Және де олар уақыт өте келе түрлене түсті. Кейбір зерттеушілер (Бадер, т.б.) жергілікті мезолиттік кешендерге макролиттік сипат берсе, басқалары (Окладников, т.б.) мезолит заманында ірі құралдар негіз болған палеолиттегі орын алған ежелгі дәстүрлер сақталды және геометриялық микролиттер болмады деп есептеді, зерттеушілердің келесі бір тобы (Старков, т.б.) пластиналық индустрияда

микролитизм болды, ал еңбек құралдары арасында геометриялық бұйымдар және шеттері жонылған тас тіліктері бола қоймады деген пікір айтты. Бірқатар трасолог-мамандар Орталық Азия аумағындағы тас құралдарының негізіне көз жүгіртіп, кейбір бұйымдарға, соның ішінде екінші қайта өңделген тас тіліктері мен тас тілікшелеріне негізделген құралдарға ерекше мән берді және де осы еңбек құралдарының негізінде мәдени-тарихи дамуды жүйелеуге ұмтылды [171, 8-26 бб].

Дегенмен кейінгі жылдары ғалымдардың көзқарастары қайта толықтырылып, қазақстандық мезолитке қатысты жаңаша концептуальдық ойлар кеңінен айтыла бастады. Аудандардағы мезолиттік нысандар тас құралдары топтамасында бұйымдардың пайыздық көрсеткіштері, еңбек құралдарының өзге де өлшемдері, негізгі белгілері мамандар тарапынан нақты қарастырылып отыр. Әсіресе Торғай даласындағы бірқатар ескерткіштер толығымен зерттелініп, тас бұйымдары бүге-шегесіне дейін талданды [172, 101-107 бб].

Ескерткіштердің белгілі бір аудандардағы толық әрі жан-жақты зерттелуі ғылыми көпшілікті мезолиттік дамуға қатысты тың ойларға жетелейді. Әзірге Торғай өңірі мезолиттік кешендері ғана отандық археология тарихнамасында біршама толымды зерттелініп отыр деп айта аламыз.

Ал Қазақстан аумағындағы алғашқылардың бірі болып ашылған мезолит дәуіріне жататын ескерткіштері бар Қаратау өңірі жайлы бұлай айта қою қиын. Мұнда бірқатар мезолиттік кешендерді Х.А. Алпысбаевтың зерттегендігі белгілі. Ол 1958-1963 жылдары Қаратау палеолиттік отрядын басқарып жүрген кезде Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Бүркітті өзені алабынан 140-тан астам еңбек құралдарын қазып алады да, оларды мезолиттік заманға жатқызады. Тас құралдарының арасында бүйір қырлары мен үстіңгі жағы бұрама ретушь арқылы тегістелген трапеция пішінді бұйымға ерекше мән берді.

Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев Қаратау сілемдеріндегі Ақтау тауының етегіндегі Үшбұлақтан (III б) алынған қарындаш тәрізді, конус пішінді, ұзындығы 3-6 см шамасындағы призмалық өзектастарды, микролиттерді, тескіштер мен трапеция пішінді бұйымдарды, 56 дана пышақ секілді тас тіліктерін, т.б. мезолит дәуіріне жатқызады [173, 31-32 бб].

Осы мезолиттік ескерткіштердің келесі тобын археолог Х.А. Алпысбаев 1974 жылы Отырар өңірінен тапты. Олар – Жаңашілік-1-3, Маятас тұрақтары еді [174, 93-98 бб]. Жаңашілік-1-3 тұрақтары Отырар ауданындағы Жаңашілік ауылы маңынан анықталған. Аралары бірнеше жүз метр шамасында. Тұрақтардан құмдақ тас пен кварциттік жұмыр тастардан дайындалған жаңқалар, сегменттер, тас тіліктері, трапеция пішінді бұйымдар, ретушьтелген тілікшелер, өзектастар, жарықшақтар, т.б. аршып алынады. Мәдени қабаттардан күл қалдықтары, тұз тағыларының сүйектері, т.б. шыққан. Зерттеушінің пікірінше: Жаңашілік индустриясында еңбек құралдарының жаңа тұрпаттары бар. Олар: пышақ пішінді тас тілікшелері мен сүйірұштар, шеттері

мүжілген тас тіліктері, кескіш-тескіштер, ұзынша жасалған трапециялар, сүңгі тәрізді құралдар, т.б.

Яғни, жаңашіліктік материалдардан кейінгі палеолиттік келбетті байқауға болады. Демек, Х.А. Алпысбаев бұл кешендерден тас дәуірінің үздіксіз дамуда болғандығын аңғара білді деп айта аламыз. Зерттеуші автохтонды мезолиттік тайпалар мәдениеті жайлы сөз қозғап, оңтүстік өңірдегі тарихи дамуды толыққанды түрде сипаттап беруге ұмтылды.

Ал осы кездері анықталған Маятас тұрағының материалдары Отырар ауданындағы Темір бекетінен оңтүстік-шығысқа қарай 7 км жердегі елді мекен маңынан табылған болатын. Тұрақтан өзектастар, тас тіліктер мен тілікшелер, кескіштер, үшкіртастар, тас жаңқалары мен қабыршақтары, т.б. алынады. Х.А.Алпысбаев жаңашіліктік және маятастық материалдардың өзара ұқсастығына мән береді де, олардың барлығы мезолиттік кезбе аңшыларға тиесілі болғандығы туралы ой қозғайды. Ол Жаңашілік-1-3 тұрақтарын Жебел тұрағының төменгі мәдени қабаттарымен байланыстырады және де бұл ойын микролиттік және геометриялық құралдар, ойықты пышақ тәрізді тіліктер, тас жаңқаларынан дайындалған ұсақ қырғыштар бойынша дәлелдеуге тырысты. Сонымен қатар ол жаңашіліктік материалдардан мезолиттік мәдениеттің жаңа тұрпаттарын да кездестіріп қалуымыз ықтимал екендігін долбарлайды [174, 97-98 бб].

Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев Жаңашілік-1-3, Маятас материалдарында кейінгі палеолиттік және неолиттік бұйымдардың кездесетіндігін байқауға болады деп пайымдайды. Бұған қарағанда бұл аймақта тас дәуірі үзіліссіз дамуда болғандығын аңғарамыз. Ғалым жаңашілік мезолиттік мәдениеті жергілікті палеолиттік Тұрлан тұрағы сынды мәдениеттен бастау алады деп тұжырымдайды. Сондай-ақ зерттеуші Отрар аймағындағы жергілікті мезолиттік кешендер көршілес Орта Азия мезолиттік мәдениеттерінен өзгешелеу екендігін де айтып өтеді.

Алайда кеңестік замандағы ірі ғалымдардың бірі Г.Ф. Коробкова өз кезегінде Х.А. Алпысбаевтың Отрар өңірінен, Қаратау сілемдерінен ашқан мезолиттік ескерткіштерінің материалдарына күмәнмен қарайды [175, 170 б].

Бұл зерттеуші қаратаулық мезолиттік орындардан алынған материалдар туралы ақпараттар аз, оларда тек жергілікті шикізат көздері мен жинастырылған заттардың қысқаша тізімі ғана берілген, призма, қалам, конус тәрізді өзектастар, сонымен қатар пышақ тәрізді тіліктер, шағын тастар (микролиттер), қырғыштар, жонғыштар, бірен-саран трапециялар аталғанымен олардың суреті берілмеген, қаратаулық-отырарлық материалдар шартты түрде ғана мезолитке жатқызылған, археологиялық нысандардың осы дәуірге жататындығына толыққанды сенімділік жоқтың қасы деген сыңайдағы пікірін айтты. Кезінде Д.С. Байгунаков жаңашілік-маятастық мезолиттік кешендер бір кезеңнің туындылары және де олар Шаян жазирасындағы бірегей кешендерді құрайды деп баға берген болатын. Біздің тарапымыздан қосарымыз, келешекте

бастауын Қаратаудан алатын Шаян, Боралдай, Бөген, т.б. өзендердің алаптары археологиялық тұрғыдан зерделенуі тиіс деген ойдамыз.

Дегенмен уақыттың өзі Қаратау өңірі мезолиттік кезбе аңшылардың жиі қоныстанғандығын дәлелдеп берді және нақты көрсетті. Мысалы, тәуелсіздік жылдарында, яғни өткен ғасырдың соңғы онжылдығында Қазақстан тас дәуірі ескерткіштерін қарқынды түрде зерттеген Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясының отрядтары Х.А. Алпысбаев айтқан ойлардың рас екендігін, пікірінің дұрыс екендігін анықтап берді.

Өрі кезінде Х.А. Алпысбаев зерттеген кейбір ескерткіштердің мезолит дәуіріне жататындығын нақтылап өткен еді. Мәселен, Шахантай-1 (Ақкөл көлі маңы), Соркөл-1-2 (Саудакент өңірі), т.б. ескерткіштерді зерттеген археологиялық экспедиция отрядтары далалық ізденістер барысында бұрынғы мәліметтерге қосымша тың материалдар жинастырып, Қаратау сілемдеріндегі тас дәуірінің эволюциясына қатысты татымды пайымдауларға қол жеткізді.

Соркөл материалдарын кезінде Х.А. Алпысбаев кейінгі палеолит заманымен мерзімдеген болатын. Заманауи археологиялық ізденістер жүргізуді ұйымдастырған Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясының мүшелері оның тұжырымдарына түзетулер мен толықтырулар енгізді. Экспедицияның белді мүшелерінің бірі Ғ.Т. Бексеитов Қаратау жеріндегі ерте голоцендік тарихи-мәдени дамуды зерттей жүріп қызықты мәліметтерге қол жеткізе алды. Ол Х.А. Алпысбаевтың ойларын қуаттап, одан ары дамыта түсті. Шахантай-1 нысанынан шыққан 2,5 мыңдай тас құралдарына, Соркөл-1-2 ескерткіштерінен алынған 1,5 мыңнан астам еңбек құралдарына техникалық-типологиялық талдаулар жүргізген Ғ.Т. Бексеитов бұл кешендердің мерзімін б.з.б. XV-V мыңжылдықтармен белгіледі [16, 24 б].

Былайша айтқанда, аталып отырған кешендер кейінгі палеолиттен бастап неолитке дейінгі мыңжылдықтарды қамтиды. Мұнда палеолиттік тас құралдарын өңдеудің жергілікті дәстүрі сақталынғандығын және тас индустриясын жасау технологиясының үздіксіз дамығандығын көре аламыз.

Кеңестік заманда жарық көрген энциклопедиялық басылымда Қараүңгір тұрағы туралы жазған мақаласында Х.А. Алпысбаев бұл ескерткіштің ерте кезеңін мезолит дәуіріне жатқызады. Зерттеуші ескерткішті былай сипаттайды: Үңгір тектоникалық және карст үдерістері нәтижесінде әктас жыныстарында түзелген. Қалыптасқан қуыстың өлшемдері келесідей: ең жоғарғы биіктігі – шамамен 15 м, ені – 43 м жуық және тереңдігі – шамамен 39 м. Үңгір мекендеуге өте ыңғайлы, жанынан өзен ағып өтеді, жарық жақсы түседі, кең және түзу қалқалы табаны бар. Археологиялық жұмыстардың нәтижесі үңгірге адамдар неолит уақытында қоныстанғаны және одан кейінгі энеолит, қола және ерте темір дәуірлерінде қоныстану іздерінің бары жайлы ақпарат береді. Бірнеше қабаттан тұратын осы нысанда оқтын-оқтын жүргізілген шағын зерттеу жұмыстарына қарағанда, палеолит дәуірінің қалдықтарын табу мүмкіндігі де бар.

Тұрақта жүргізілген қазба барысында тас және сүйек артефактілер, жануарлардың сүйектері мен тістерінен жасалған әшекейлер, қабыршақтан жасалған бұйымдар, керамика сынықтары және одонтологиялық олжалар табылған. Тас құралдар микроөзектастар мен микротілікшелерден, екі жақтамалы ірі өзектастардан тұрады. Еңбек құралдары арасында екі шеті түзетілген тілікшелер, қыстырмалар, қырғыштар, сонымен қатар геометриялық микролиттер, өткір жүзді құралдар, кескіштер, кельтеминар типті жебе ұштары және т.б. кездеседі. Сүйектен жасалған бұйымдар: тескіш, ине, жебе ұштары, «қалақша» және де алқа және моншақ түріндегі әшекей бұйымдар. Беті жақсы тегістелген, екі жағы өрнектелген тас сынықтары ерекше қызығушылық тудырады: әр 2–5 мм сайын бір жағында алты, екінші жағында жеті кертігі бар (сынған жеріне дейін).

Арқар, қабан, елік, марал, жабайы қой сияқты және тағы басқа тұяқты жануарлардың табылған сүйек қалдықтары Қараүңгір тұрғындарының шаруашылық негізін аңшылық құрағандығын көрсетеді [176].

1980 жылы аударылып басылып шыққан 5-томдық академиялық еңбектің бірінші томында да Х.А. Алпысбаев Қараүңгірді қазғанда неолит дәуіріне қатысты ең көп және көрнекті материал алында дей келе, мұнда қалың мәдени қабат сақталған, оның жоғарығы бөлімі ғана соңғы мезолиттен қоса есептегенде неолитке дейінгі уақытты қамтиды дейді [95, 93 б]. Сайып келгенде, Х.А.Алпысбаев кем дегенде екі еңбегінде Қараүңгір тұрағының ерте кезеңін кейінгі мезолитпен белгіледі. Алайда ол сөзін толыққанды негіздеп бере алмады. Оған оның уақыты да, мүмкіндігі де бола қоймаған еді. Дегенмен кейінгі зерттеушілер тарапынан (Таймағамбетов, Нохрина, т.б.) Қараүңгір ескерткіші жайлы қосымша ақпараттар алынған болатын.

Бұл археологиялық нысанның өзіндік зерттелу тарихы да бар. Ол төмендегідей: Қараүңгір қазіргі таңда Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы өзімен аттас ауыл маңында орналасқан ескерткіш болып табылады. Ол отандық тарихнамада кеңінен аталып та, жазылып та келеді. Әлемге танымал болып отырған бұл археологиялық нысанды Х.А. Алпысбаев алғаш рет 1959 жылы ашып, зерттеген [177, 87 б]. Ал 1973 жылы археолог қосымша ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарады. Зерттеу барысында ошақ қалдықтары, от орындары анықталған. Олардың жанынан тас құралдарынан бөлек түз тағыларының сүйектері көптеп аршып алынады. Ежелгі қараүңгірліктер аулаған аңдардан басқа жер ошақ маңынан бұқаның, иттің сүйектері анықталған. Мұның өзі ежелгі қараүңгірліктердің өнім өндіруге көше бастағандығын нақты дәлелдейді.

1990 жылдар бас кезінде Қараүңгірде Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясының мүшелері далалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді де, көптеген қосымша мәліметтер алды. Сонымен қатар, зерттеушілер Х.А. Алпысбаев коллекцияларына толымды түрде талдаулар жүргізіп, жекелеген заттардың ғылыми құндылығын бағамдады [178, 42-44 бб]. Кейіннен Х.А. Алпысбаев топтамалары мен жаңадан алынған мәліметтер негізінде мамандар тарапынан монографиялық еңбек те жарыққа шықты [179,

123-129 бб]. Монографияда жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерінің нәтижесі бойынша Қараүңгірді адамдар б.з.б. 5 мыңжылдықтар шамасында мекендей бастағандығы анықталған. Сонымен қатар тас, сүйек материалдарынан жасалған еңбек құралдарына, қыш ыдыстарының бөліктеріне, тұз тағыларының сүйектеріне терең ғылыми талдау жүргізілген. Қараүңгірден алынған алғашқы қауымдық құрылыста өмір сүрген адамдардың одонтологиялық материалдары да қызықты.

Сөйтіп, қысқаша қайырғанда Х.А. Алпысбаев Оңтүстік Қазақстан мен Қаратау аумағынан 6 мезолиттік кешендерді тауып ғылыми айналымға енгізді дей аламыз. Олар туралы ақпараттар жоғарыда берілді.

Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев бұл аймақтан бірқатар неолиттік кешендерді де зерттеді. Олардың ең көрнектісі жоғарыда аталған Қараүңгір тұрағы болып табылады. Бұл ескерткіш жайлы жоғарыда біздің тарапымыздан біршама ақпараттар берілді. Одан басқа Хасан Алпысбаев 1974 жылы неолиттік дәуірге жататын ондаған археологиялық нысандарды анықтап, ғылыми айналымға енгізген болатын.

Бұл ескерткіштер жайлы және қазақстандық неолит дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы Д.С. Байгунаков еңбегінде көтерілді [180, 6-20 бб].

Алайда ғалымның еңбегінде ХХ ғасырдағы (60 жылдардан бастап) ашылған неолиттік кешендер жайы ғана қозғалған. Келешекте осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс деген өз ойымызды айта кеткенді жөн санаймыз. Әлбетте, В.Ф. Зайберт, В. Логвин, В.К. Мерц, Ғ.Т. Исаков, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде неолиттік ескерткіштердің зерттелу тарихы біршама баяндалды. Дегенмен бұл зерттеушілердің ізденістері Оңтүстік Қазақстан аумағынан тыс жерлерді қамтитындығын айта кеткен жөн.

Осы жерде атап кететін бір дүние – 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы құрылған болатын. Аталған экспедиция 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы болып қайта жасақталады. Экспедицияны көрнекті археолог К.А. Ақышев басқарады [181, 45-48 бб].

Экспедиция отрядтары Отырар шұраттарындағы Отырар, Қостөбе, Көк-Мардан, Мардан-Күйік, Құйрықтөбе; Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Түркістан, Раң және Күлтөбе қалалары көп жылдық тұрақты қазба жұмыстарына негізгі нысан етіп алып, ұзақ жылдар бойы зерттеді. Қалалар мен қоныстардың орындарымен бірге экспедиция мүшелері түрлі дәуірдің обаларын, соның ішінде белгілі және бұрын зерттелмеген Бөріжар обасын, Шаға, Көк-Мардан сынды ондаған нысандарды да зерттеді. Экспедиция мүшелерінің қажырлы еңбектерінің арқасында Оңтүстік Қазақстанның барлық аймағында кең көлемді және шағын зерттеулер жүргізілді. Далалық жұмыстар барысында ескерткіштер орналасқан аудандардың археологиялық картасы жасалынды, Сырдарияның сол жағалауындығы, Қаратаудың оңтүстік және солтүстік етегіндегі, Арыс бойындағы жаңа қалалардың тобы анықталды. Бұл экспедиция отандық археология ғылымына тың серпін берді. Кейіннен

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясын белгілі ғалым К.М. Байпақов басқарып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырған болатын [182, 138-139 бб].

Әсіресе тәуелсіздік жылдарында экспедиция мүшелері жаңа технологиялар мен ғылымының соңғы жетістіктеріне сүйене отырып жарқын ашылулар жасай алды, түрлі концептуалдық ойларды қозғап, тың мәліметтер ұсынды. Бұл экспедиция мүшелері әлі күнге дейін Түркістан аумағында далалық ізденістерді қарқынды түрде жалғастырып келеді [183, 144-167 бб].

Біздің ойымызша Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясына Х.А. Алпысбаевты уақытында К.А. Ақышев шақырса керек. Өйткені Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы қола дәуірінен, ерте темір дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларды қамтитын жүздеген археологиялық нысандарды тауып ғылыми айналымға енгізгенімен, тас дәуірі ескерткіштері зерттелінбей жатты. Отырар жазирасындағы тас дәуірі туралы мәліметтер мүлдем бола қоймады. Міне, осы олқылықтардың орнын Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев толтыруы тиіс болды. Бұл міндетті Х.А.Алпысбаев абыроймен орындап шықты деп айта аламыз. Себебі ол Отырар жазираларынан, осы алқаптан тас дәуірінің жаңа нысандарын ашып, ғылыми айналымға қоса білді. Мұны 1974 жылғы далалық ізденістер нақты көрсетеді.

Жаңадан алынған тың мағлұматтар 1974 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы құрамында Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев басқарған тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отрядының құрылуы кездейсоқ еместігін көрсетті. Отряд абройлы түрде бірнеше ескерткіштерді тауып, көне Отырар аймағы ежелден адам баласын қызықтырғандығын нақты дәлелдеп берді.

Зерттеуші Х.А. Алпысбаев Отырар және Құйрық-Мардан қалаларының аумағынан бірнеше тас құралдарын анықтаған. Осы уақытқа дейін бірде-бір маман Отырар мен Құйрық-Мардан қалаларынан шыққан тас құралдарына назар аудармай келеді. Археолог Х.А. Алпысбаев аталған қалалар аумағынан бұрыс призма және конус пішінді өзектастар, жұмыс істейтін шеті дөңгеленген екі қырғыш, екі кескіш-тескіш, негізі өңделген екі өркешті және екі бүйірлі трапеция және бірнеше тас тіліктері жинастырылғандығын тілге тиек етеді. Ол табылған тас құралдарының ерте неолитке жататын Тасқотан топтамасына өте ұқсас екендігін де айтып өтеді [174, 98 б].

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы құрамындағы тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отрядын басқарып жүрген кезінде Х.А. Алпысбаев Арыс (қазіргі Ордабасы – *авт.*) және Қызылқұм (қазіргі Отырар – *авт.*) аудандарындағы қазаншұңқырларды, құдықтарды, бұлақтарды (23-тен астам) қарап шығып неолит пен ерте қола дәуіріне жататын бірнеше ескерткіштерді анықтаған. Алайда олардың көпшілігі туралы материалдарын жарияламады. Тек нақты әрі көрнекті деген бірнеше ескерткіштерге ғана тоқталды. Олардың арасында Шілік, Дермене-1-4, Арыс-1, Тасқотан бар.

Шілік тұрағы Шәуілдір ауылынан солтүстікке қарай 43 км жердегі бір төбешіктің орталық ауданынан анықталған [174, 98 б]. Тұрақты зерттеу барысында 89 дана тас құралдары жинастырылған. Х.А. Алпысбаев тас топтамасындағы қысқа жаңқадан дайындалған дөңгелек әрі шеттері түзетілген екі қырғышты, 25 дана пышақ тәрізді тас тіліктерін, ерекше атап кетіп, соларды техникалық-типологиялық жағынан сипаттаған. Оның ойынша 12 дана тас тілік түзетілмеген, яғни ретушь түсірілмеген, ал 5 данасында түзету іздері айқын байқалады. Және де бір қызығы, барлық пышақ тәрізді тас тіліктер түрлі тасжыныстарынан, соның ішінде шақпақтастан, кварциттен, халцедоннан дайындалған. Сонымен қатар тұрақтан қыш ыдыстарының бөлшектері жинастырылып алынады. Осы мәліметтер негізінде зерттеуші Шілікті тұрағын кейінгі неолит пен ерте қола дәуіріне жатқызады.

Неолиттік ескерткіштердің бір тобын Х.А. Алпысбаев Дермене ауылы маңынан тапты. Бұл ауыл (бұрынғы кеңшер – *авт.*) маңынан оңтүстік қазақстандық неолиттік кешендер жайлы біршама толымды ақпарат беретін Дермене-1-4 тұрақтары анықталынады. Дермене-1 тұрағы ауылдан солтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Мұнда Темір-Ақдала жолынан сәл солтүстікке қарай шақпақтасты порфириттен дайындалған пышақ секілді тіліктер мен тас жаңқалар теріліп алынған. Құралдардың басым бөлігі қатып-семіп қалған қабықтармен қапталған, бір тас тілік бүйірінен түзетілген. Тас құралдарын жасау техникасы мен түзету сипатына қарап Х.А. Алпысбаев Дермене-1 тұрағын неолит мәдени-тарихи кезеңімен мерзімдейді. Одан 600-800 м жерден Дермене-2 тұрағы орналасқан. Мұнда палеолиттік және неолиттік тас құралдары араласып кеткен.

Дегенмен табылған олжалардың басым бөлігі неолит заманына жатады. Зерттеуші шаруашылық қаракеттер барысында олар араласып кеткен болса керек деп пайымдайды. Мұнда да порфириттен жасалған тас тілікшелік жаңқалар көптеп жинастырылған. Х.А. Алпысбаев бұл жер палеолиттік ескерткіштерді зерттеу ісінде перспективасы бар аудандардың бірі болуы ықтимал екендігін де айтып өтеді. Ал Дермене-3 тұрағы Дермене кеңшарынан солтүстік-батысқа қарай 5 км жерден анықталған. Тұрақтан пышық тәрізді тас тіліктері және олардың сынған бөлшектері алынған. Бір тас тілігі бүйір тұсынан түзетілген. Тас құралдары порфириттен дайындалған. Жасалу техникасына және олардың формасына қарап Х.А. Алпысбаев Дермене-3 тұрағын да неолит дәуіріне жатқызады. Дермене-4 тұрағына келер болсақ, аталмыш тұрақ ауылдан солтүстік-шығысқа қарай 2,5-3 км жерден табылады. Бұл тұрақтан да неолиттік және палеолиттік тас жаңқалары теріліп алынады. Олар халцедоннан дайындалған. Тас топтамасын кескіштер, жаңқалар, т.б. тұрады. Дермене-4 тұрағының мәдени қабаттарын Х.А. Алпысбаев шаруашылық жұмыстар нәтижесінде араласып кеткен деп есептейді [174, 98-99 бб].

Тағы бір ерекше әрі қызықты ескерткіштердің бірі Арыс-1 тұрағы болып табылады [174, 99 б]. Ескерткіш Арыс қаласынан солтүстікке қарай 8 км жерден анықталған. Далалық жұмыстар кезіндегі тазалау мен жинастыру

барысында 89 данадан тұратын бұйымдар топтамасы жинақталады. Барлық бұйымдар ақшыл-сұр порфириттен жасалған. Тас бұйымдардың басым бөлігі орташа және ұсақ пышақ тәрізді тіліктерінен (39 дана) және олардың сынықтарынан (21 дана) тұрады. Олардан басқа призма, конус, эллиптика және дөңгелек пішінді миниатюрлы өзектастар, қырғыштар (6 дана), т.б. кездескен. Көпшілік бұйымдар түзетілген. Ерекше типтегі неолиттік алғашқы қоныстардың бірі ретінде Х.А. Алпысбаев Тасқотан ескерткішін атайды. Тасқотан қонысы Қожатоғай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 47 км жерде өзімен аттас бұлақ маңында орналасқан. Негізгі материалдар бұлақтың шығыс жағынан жинастырылған. Басқа ескерткіштерге қарағанда Тасқотанға шурф түсіріледі. Сондай-ақ шағын жыраларды тазалау жүргізіледі. Далалық ізденістер кезінде барлығы 1766 дана тас бұйымдары жинастырылады. Зерттеуші сонымен қатар 12079 дана қысқа жаңқалар мен тас қабыршақтарын да теріп алады. Негізгі бұйымдар арасында өзектастар, қырғыштар, кескіштер, жонғыштар, кескіштер, жебе ұштары, тескіштер, сүйірұштар, т.б. ұшырасады. Х.А. Алпысбаев еңбегінде тасқотандық материалдарды толымды түрде сипаттайды, әрбір топты техникалық-типологиялық жағынан суреттеп, функционалдық қызметтеріне тоқталады. Тасқотан материалдарына қарап кейбір қарулардың нұсқалары Жебел мен Қараүңгір құралдарына ұқсас екендігін атап өтеді [174, 99-102 бб].

Әсіресе жебе ұштарына ерекше мән беріп, мұндай бұйымдар Жебел (4-ші мәдени қабат), Жанбасқала-4 сынды ескерткіштер материалдарына аздап келіңкірейтіндігін айтып өтеді.

Тағы да бір айта кететін жайт Х.А. Алпысбаев Шілік, Дермене-1-4 тұрақтарынан шыққан тас құралдарының жалпы санын көрсетпейді. Есесіне Арыс-1, Тасқотан материалдарының жалпы санын нақты көрсетеді. Осыған қарағанда, алғашқы топқа кіретін ескерткіштерден ондаған ғана бұйымдар шыққан болса керек. Ал екінші топтағы ескерткіштер құрамы толыққанды суреттелуіне қарағанда, олардың неолит заманына жататындығына ғалым сенімді болған болса керек.

Өз кезегінде Х.А. Алпысбаев жоғарыда аталған ескерткіштерден басқа Арыс-2, Бесқотан, Байтоғай секілді ескерткіштерді де атап өтеді. Алайда бұл археологиялық нысандар жайлы мүлдем ақпарат бермейді. Өкінішке орай аталған археологиялық нысандар жайлы біз ешқандай ақпарат ұшырастыра алмадық.

1972 жылы Х.А. Алпысбаев Ақтөбе облысында Елек өзені алабындағы су қоймасы маңында зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл жерден ол бірнеше неолит дәуіріне жататын археологиялық нысандарды анықтады. Ежелгі дәуірлерге жататын қорғандарды есепке алып, арасында тас дәуіріне жататын ескерткіштерді іздестіруді де қолға алады. Алайда табылған ескерткіштердің ешбірін толыққанды түрде суреттеп көрсетпеді. Оның ізденістері мұрағаттарда ғана сақталған. Зерттеушінің жазуы бойынша IV-II мыңжылдықтарға жататын неолиттік бірнеше ескерткіш су қоймасы маңынан анықталған [125, 8 б].

Елек өзенінің 1-ші су арнасы террасасынан неолит және қола дәуірлеріне жататын ескерткіш орнынан шақпақтас бұйымдары, керамика қалдықтары анықталған. Шурф түсірілген. Алайда одан алынған заттар туралы мәліметтер жоқ. Екінші бір ескерткіш Елек ауылынан солтүстікке қарай 3 км жерден анықталған. Аумағы 100-150 м жерден қырғыштар, тас тіліктері, керамика бөлшектері, т.б. заттар анықталған. Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев дөңгелек және тікбұрышты келген баспана орындарының сұлбасын түсіріп алған [125, 2 б].

Бұдан өзге ақпарат жоқ. Х.А. Алпысбаев ғылыми есептеріне қарағанда зерттеуші Елек маңынан неолит заманына жататын кемінде 2 ескерткішті анықтаған секілді.

Неолиттік ескерткіштердің бір тобын Х.А. Алпысбаев Шығыс Қазақстан аумағынан тапты. 1977 жылы Ертістегі ГЭС құрылысына байланысты Шүлбі археологиялық экспедициясы ұйымдастырылған болатын. Экспедицияның палеолит отрядын Х.А. Алпысбаев басқарып, нәтижелі жұмыстар жүргізуге тырысты. Далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары Шүлбі, Оба, Осиха, Қызылсу секілді өзендердің алаптарын қамтиды. Осы аудандардан Х.А.Алпысбаев басқарған отряд 20 шақты тас дәуірінің ескерткіштерін тауып, ғылыми айналымға қосады. Мамандардың есептеуінше палеолиттен энеолитке дейінгі кезеңдерді қамтитын Қарашат, Бөдене-1, Азово, Қайыңды, Қызылсу, Арман, Қойтас, т.б. археологиялық нысандарда далалық ізденістер жүргізілген. Алайда бұл ескерткіштер жайлы Х.А. Алпысбаев «Археологические открытия» секілді хабарландырулық-ақпараттық басылымда ғана мәлімет бере алды. Оның өзінде тас дәуірінің ескерткіштері басқа мәдени-тарихи кезең нысандарымен бірге ғана аталып кетті [156, 508 б].

Тың ашылулар өзге археологиялық нысандар тасасында қалып қалды. Былайша айтқанда, осы аталған ескерткіштерде тиянақты түрде қазба жұмыстары атқарыла қоймағандығын байқаймыз. Зерттеушілер берген шағын көлемдегі ақпарат легімен ғана шектелуге мәжбүрміз. Мұндай олқылықтардың орнын келешектегі ғылыми ізденістер ғана толықтыруы ықтимал екендігін айта кеткен жөн.

Сайып келгенде, Х.А. Алпысбаевты Қазақстанның оңтүстік, батыс және шығыс өңірлерінен мезолиттік және неолиттік ескерткіштерді ашып, ғылыми айналымға енгізген ғалым дей аламыз. Ол мезолит пен неолит дәуірлері ескерткіштерін аз зерттегенімен, бұл мәдени-тарихи кезеңдерге қатысты іргелі мәселелерді шешуге толығымен ат салысты. Әрбір ескерткіштің тарихи орнын анықтауға тырысты. Далалық зерттеулер нәтижелерін жариялауға асықпады. Әрбір ойын, пікірін толығымен жеткізуге тырысып бақты. Нәтижесінде берік әрі мығым концептуалдық пікірлер мен тұжырымдарға келе алды.

Зерттеуші еліміздің шығыс, оңтүстік және батыс өңірлерінен 30 шақты неолит дәуірі ескерткіштерін ашты. Алайда ғалым анықтаған ескерткіштердің біразы әлі күнге дейін көпшілікке белгісіз болып келе жатыр. Оған материалдардың дер кезінде жарияланбауы, белгілі бір ескерткіштен шыққан

бірен-саран тас құралдарына зерттеуші тарапынан орын алған немқұрайдылық, мезолит пен неолит дәуірлері ескерткіштерін зерттеуге деген ерекше ықылыс пен ынта-жігердің бола қоймауы өзіндік әсерін тигізсе керек.

Дегенмен бірқатар өңірлер бойынша, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан мезолиті мен неолиті туралы Х.А. Алпысбаевтан кейін бұл аймақтан ешкім іргелі ескерткіштерді ашып зерттей қойған жоқ. Оның ғылыми ізденістері көп басында тұр. Зерттеген ескерткіштерінің біразы эталонды нысандар қатарында әлі де ұзақ жылдар бойы қала беретін сияқты. Мұның өзі зерттеушіге тиесілі ғылыми ойлардың отандық археологиядағы көкейкесті дүниелерімен астасып жатқандығын нақты көрсетеді. Олар тек Оңтүстік Қазақстан археологиясы үшін ғана емес, сонымен қатар отандық археология үшін де аса маңызды.

3.3. Ғалымның жарық көрмеген тас ғасыры ескерткіштері мен материалдары: ғылыми айналымға енгізу тәжірибелері

Х.А. Алпысбаев 1957-1962 жылдар аралығында Қаратау палеолиттік отардын басқарып Қаратау жотасында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген [184, 180-186 бб]. Осы археологиялық зерттеулердің негізгі мақсаты тас ғасыры ескерткіштерін анықтап ғылыми айналымға енгізу болатын. Х.А. Алпысбаев Қазақстанның тас ғасырын зерттеу барысында 200 астам жаңа ескерткіштерді ашқан болатын. Х.А. Алпысбаев табылған ескерткіштердің материалдарын өңдеп, ғылыми мақалар, оқулықтар мен ғылыми еңбектер жариялаған. Бұл жұмыстар ғалымның соңғы күніне дейін жалғасын тапты. Ғалым өмірден озғаннан кейін әр жылдары табылған ескерткіштердің тас құралдары Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының қорында кейінен Қ. И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының қорында жинақталады.

2000 жылы Х.А. Алпысбаевтың шәкірті академик Ж.К. Таймағанбетовтың бастамасымен Қ. И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының қорында сақталған тас құралдар коллекциялары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне көшіріліп, осы тас құралдар коллекциясы негізінде Қазақстан палеолиті мұражайы құрылған болатын [185, 33-34 бб].

Қазақстан палеолиті мұражайының қорында сақталған Х.А. Алпысбаевтың тас құралдар коллекциясын зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ғалымның зерттеп үлгермеген ескерткіштердің тас құралдары анықталды.

Табылған ескерткіштердің тас құралдарына технико-типологиялық сипатамалар жасалып табылған жеріне байланысты ескерткіштерге атау берілді.

Саудакент ескерткіші (КПО-58. LVIII-X-2.)

Ескерткіш Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы Саудакент (Байқадам) елді мекенінен шығысқа қарай 16-17 км жерде орналасқан. Тас заттары сол жердегі төбеден жинап алынған. Барлығы осы ескерткіштен 12 дана тас артефактілері жинақталды. Заттардың сақталу деңгейі өте қатты және орташа дефляцияланған, сыртқы беттерін әк басып, карбонаттық жамылғы пайда болған.

Ескерткіш ашық түрдегі жер бетінде орналасқан ескерткіштер қатарына жатады. Шикізат ретінде сұр, ашық қызыл түсті кремний қолданылған. Бұл тас коллекциялар тобы алғашқы жаңқалау және қалдықтар тобынан тұрады. Нуклеус - дискілер тобы 3 дана. Олардың жалпы түрі дискі тәріздес болып келген. Олардың көлемі 7,6х6,8х3,8см ден 8,1х7,4х3,7см болып келген.

Сұр түсті кремний шикізатынан жасалған дискі тәріздес нуклеус (сурет А.1). Екі бүйірі өңделіп, жүйелі шағып алынған жаңқалар іздері бар. Сыртқы беті орташа деңгейде дефляцияға ұшыраған. Нуклеустың бойлау қырлары оның ұру алаңы болып табылады. Көлемі 7,4х8х3,5см.

Келесі нуклеус екі ұру алаңы бар, екі жағынан жүйелі түрде шағып алынған жаңқалар іздері бар (сурет А.2). Тіктөртбұрыш тәріздес болып келген. Беткі қабатында нуклеустің жарты бетін қаптаған табиғи жамылғысы сақталған. Ұру алаңдары бір немесе бірнеше жүйелі түрде көлденеңінен шағу әдісімен дайындалған. Көлемі 4,8х7,1х5,8см. Сыртқы беті кішігірім дефляцияланған, бетін әк басқан және карбонаттық қабаты бар. Пренуклеусте екі ұру алаңы бір немесе бірнеше жүйелі түрде көлденеңінен ұру арқылы жасалған (сурет А.3). Сыртқы бетін әк басқан, карбонаттық қабаты бар және табиғи жамылғысы оның беткі жағының жартысын алып жатыр. Өңдеу алаңы бір жағында орналасқан, бірақ ол жағынан жүйелі түрде шағып алынған жаңқалар мен тілікшелердің іздері жоқ. Орташа дефляцияланған, Бесбұрыш тәріздес, сұр түсті кремний шикізатынан жасалған. Көлемі 7,6х8,3х4,4см. Жаңқалардың жалпы саны 7дана. Оның ішінде бір жаңқаның жүзі өңделген, ол қарулар тобына жатады (сурет А.4).

Үшбұрыш тәріздес болып келген, қызыл түсті халцедоннан жасалған. Сыртқы бетінде кішігірім карбонаттық жамылғысы бар. Жаңқаның бір қырындағы жүзі өңделген. Көлемі 6,3х2,4х0,8см. Техникалық- типологиялық сараптама бойынша мына тұрақ табылу орнының заттары кейінгі палеолит кезеңімен мерзімделеді.

Кесте 1 Саудакент ескерткіші тас құралдары жыйындығы

№	Алғашқы жаңқалау	Саны
1	Нуклеус-дискілер	3
2	Пренуклеус	1
3	Нуклеус	1
4	Жаңқалар	6
	Екінші жаңқалау (қарулар тобы)	

1	Жүзі өңделген пластина	1
Барлығы		12

Сарыкөл ескерткіші (КПО-58. ЛП-С-1.)

Ескерткіш Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы Саудакент (Байқадам) елді мекенінен шығысқа қарай 25-26 км Саудакент-Тараз тас жолындағы Сарыкөл деген көлдің екінші террассасының төменгі бөлігінде орналасқан. Бұл ескерткіш ашық түрдегі, мәдени қабаты жоқ ескерткіштер қатарына жатады. Барлығы ескерткіштен 69 дана тас заттары жинап алынған.

Тас заттарын дайындауда шикізат ретінде сұр және ақшыл-сұр түсті кремний қолданылған. Заттардың барлығы орташа және қатты дефляцияланған. Кейбіреулерінің сыртқы бетінде табиғи жамылғысы мен карбонаттық қабаттары сақталған. Тас коллекцияларының қатарында нуклеустер, пренуклеус, үшкіртас, жаңқалар, жүзі өңделген пластиналар, бөлшек тастар, тісті-ойықты тас заттары бар.

Кесте 2 Сарыкөл ескерткішінің тас құралдары жыйындығы

№	Алғашқы жаңқалау	Саны
1	Нуклеустер	5
2	Пренуклеус	1
3	Жаңқалар	29
4	Бөлшек тастар	4
5	Нуклеус тәріздес заттар	4
6	Таблетка	1
	Екінші жаңқалау (қарулар тобы)	
1	Жүзі өңделген пластиналар	8
2	Жүзі өңделген жаңқалар	13
4	Үшкіртас	1
5	Қырғыштар	3
Барлығы		69

Нуклеустер тобы 5 дана. Нуклеус төртбұрыш тәріздес болып келген, сұр түсті кремнийден жасалған (сурет А.5). Көлемі 5,3х5,2х2,3см. Ұру алаңы көлденеңінен бір-екі ұру арқылы жасалған. Екі жағы өңделмеген, ұру алаңынан бірнеше шағып алынған жаңқалар іздері бар. Дефляцияға ұшырамаған.

Келесі нуклеус ақшыл- сұр түсті сопақша келген, екі ұру алаңы бар. Нуклеустің бір жағы қырғыш болып табылады (сурет А.6). Өңдеу алаңынан қарама-қарсы бағытта, жүйелі түрде шағылып алынған пластиналар іздері сақталған. Көлемі 4,7х1,7х1,6см. Ұру алаңдары көлденеңінен бір жаңқаны шағып алу нәтижесінде дайындалған. Нуклеус жаңқадан жасалған, шикізат ретінде сұр түсті кремний қолданылған. Сыртқы бетін әк басқан, карбонаттық

жамылғысы бар. Орташа дефляцияға ұшыраған. Бір қырында өңделген жүздің іздері бар. Көлемі 5,1x4,3x1,9 см. Өңдеу алаңы бір жағында орналасқан. Өңдеу алаңынан бірнеше шағып алынған жаңқа іздері бар.

Бифасиалды техника үлгісінде дайындалған нуклеус ақшыл-сұр түсті халцедон шикізатынан жасалған (сурет А.7). Төртбұрышты болып келген, көлемі 5,8x3,8x2,3см. Бұл нуклеустың әрбір жақтары ұру алаңы болып табылады. Өңдеу алаңдарынан шағып алынған кішігірім жаңқа іздері бар. Сыртқы беті өзгеріске ұшырамаған.

Микронуклеус үшбұрыш тәріздес болып келген. Сұр кремний шикізатынан жасалған. Ұру алаңы көлденеңінен бір-екі жаңқаны шағып алу нәтижесінде дайындалған. Көлемі 3x3,5x2,1см. Өңдеу алаңы сыртқы жағынан екі бүйіріне өткен. Өңдеу алаңына кішігірім сопақша келген пластинкалар алынғандығының іздері сақталған.

Пренуклеус сұр түсті кремнийден жасалған, көлемі 7,5x6x4см. Екі ұру алаңы бар. Ұру алаңдары өңдеу алаңынан келесі бетіне қарай қиғашынан бір-екі жаңқаларды шағып алу нәтижесінде дайындалған. Өңдеу алаңын дайындау аясында екі ұру алаңдарынан бір-біріне қарсы бағыттағы шағып алынған жаңқалар іздері бар. Пренуклеустің сыртқы бетін әк басқан және табиғи, карбонаттық жамылғысы бар.

Жаңқалар тобының жалпы саны 29 дана. Көлемдері 2,3x2,6x0,8см ден 4,9x4,7x1,5см аралығында. Бұл жаңқаларды дайындауда сұр, ақ-сұр түсті кремнийді қолданған. Жаңқалар тобын 2 топқа бөлуге болады: алғашқы шағып алынған жаңқалар және екінші жаңқалау іздері бар жаңқалар. Осы топ жаңқаларының қырлары мен бүйірлерінде қосымша өңдеу іздері жоқ.

Келесі тас заттарының тобы бөлшек тастар. Олардың белгілі бір ұру, өңдеу алаңдары жоқ. Сыртқы беттерін әк басқан, орташа дефляцияланған, табиғи және карбонаттық жамылғылары бар. Нуклесу тәріздес формасындағы тас заттары бөлшек және жаңқа түрінде болып келген, ақ және сұр түсті кремний шикізатынан дайындалған. Нуклеуске қатысты белгілері бар болғанымен бұл заттардың өңдеу алаңдарынан жартылай дайындалып, жүйелі түрде жаңқа мен пластиналардың шағып алынған іздері болмайды. Сақталу деңгейі орташа.

Сыртқы беттерінде табиғи, карбонаттық жамылғылары бар. Техникалық қалдықтар тобына жататын 1 дана зат ол таблетка. Таблетка ол нуклеустің ұру алаңы қолданысқа жарамсыз болған жағдайда бір көлденеңінен ұрып алу нәтижесінде алынатын тас заты. Осы техникалық қалдық тас затының қырларына жүздер салып, оны қырғышқа айналдыруға болады. Көлемі 3,5x3,2x1,3см. Шикізат ретінде сұр түсті кремний қолданылған (сурет А.8). Ескерткіштегі екінші жаңқаланудағы қарулар-құралдар. Олардың жалпы саны 25дана. Шикізат ретінде ақ, сұр, қызыл түсті кремний қолданылған.

Қарулар қатарында бір немесе екі жағында жүзі бар пластиналар тобы жатады. Пластиналардың көлемі 2,5x1,9x0,98см ден 5,2x2,9x1см. Пластиналар бірқырлы және екіқырлы болып келген. Өңделген жүздері пластиналардың

сыртқы және қарама-қарсы беттерінде орналасқан. Ұру алаңдары үшбұрышты және төртбұрышты болып келген.

Келесі қарулар тобындағы зат үшкіртас. Үшкіртастың сақталу деңгейі нашар, сыртқы бетін әк басқан, карбонаттық жамылғысы бар (сурет А.9). Көлемі 5x4x1,4см. Үшкіртас үшбұрышты болып келген. Ұру алаңы бір-екі көлденеңін ұрып алу арқылы дайындалған. Үшкіртастың екі қырында жүздері бар.

Жүзі өңделген жаңқалар тобы 13 дана. Сақталу деңгейі орташа және нашар. Сыртқы беттерін әк басқан, кейбіреулерінің сыртқы бетінде табиғи, карбонаттық жамылғысы бар. Көлемдері 2,8x3x1,3см ден 7,1x4,8x1,5см.

Бұл жаңқалар тобының қырларында жүздері орналасқан. Араларында қырғышқа ұқсас жаңқалар кездеседі, бірақ олардың қырғышқа тән белгілер нақты жоқ. Екінші қайтара жаңқалау немесе өңдеу тас коллекциялары қатарында еңбек құралдар тобы ол қырғыштар.

Қырғыштар тобы 3 дана. Қырғыштарды дайындауға жаңқаларды пайдаланған. Шикізат ретінде ақшыл сұр және сұр түсті кремний қолданылған. Кішігірім қырғыш, пішіні дөңгелек түсті болып келген, ақшыл сұр түсті кремнийден жасалған. Көлемі 4,5x4,6x1,4см. Қырғыштың ұру алаңының пішіні трапеция тәріздес, көлденеңінен жаңқаларды шағып алу нәтижесінде ұру алаңы дайындалған. Жұмыс алаңы мен өңделген жүздері қырғыштың қырларында орналасқан. Келесі қырғыш сұр, қара түсті кремний жаңқадан жасалған. Сыртқы пішіні сопақтау болып келген. Көлемі 3,1x4x1,4см. Ұру алаңы үшбұрыш тәріздес болып келген, көлденеңінен жаңқаларды қарама-қарсы бағытта шағып алу нәтижесінде дайындалған. Жұмыс алаңы мен жүздері қырғыштың 3/1 бөлігінің қырларында орналасқан. Қырғыш пластина тәріздес жаңқадан жасалған. Шикізат ретінде сұр қара түсті кремний қолданылған. Сыртқы пішіні тіктөртбұрыш тәріздес болып келген. Жұмыс алаңдары қырғыштың екі параллель жатқан жандарында орналасқан. Жүздері қырғыштың ішкі және сыртқы бетінде екі қырынан жасалған. Қырғыштардың бетінде әк басқан дақтары бар. Сақталу деңгейлері орташа дефляцияға ұшыраған.

Ескерткіштің тас коллекциялары салыстырмалы, техникалық-типологиялық әдіс нәтижесінде кейінгі палеолит кезеңімен мерзімдеуге болады.

Құршабақты ескерткіші (КПО-58. LXV-пл4)

Ескерткіш Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы Шабақты мен Құршабақты өзендерінің 3-ші террасасының үстінде орналасқан. Тас заттары осы террассадан 40-50 м жоғары жазықтықтан табылған. Барлық жинап алынған тас коллекциялар саны 38 дана.

Тас заттары қатты, орташа және дефляцияға ұшырамаған күйінде сақталған. Нуклеустер тобы 8дана. Көлемдері 3,6x2,2x1,8см-ден 10,8x12x5,1см. Шикізат ретінде ақшыл, сұр түсті кремний пайдаланған. Нуклеустердің бетін кішігірім әк басқан, кейбіреулерінде карбонаттық және табиғи жамылғысы бар.

Өңдеу алаңдары бір немесе бірнеше жақтарында орналасқан. Екі ұру алаңы бар нуклеус, көлемі 10,8x12x5,1см. Сыртқы беті қатты дефляцияға

ұшараған, шағып алынған жаңқа іздері тегістелген, табиғи фактордан қоңырқай түске айнала бастаған. Өңдеу алаңының қарама-қарсы беті өңделмеген, табиғи жамылғысы бар. Нуклеустің қыралары жаңқалау арқылы өңделген. Ұру алаңдары бір немесе бірнеше жаңқаларды көлденеңінен шағып алу арқылы жасалған. Өңдеу алаңынан жүйелі түрде бір біріне қарама қарсы бағытта шағып алынған жаңқалар іздері бар.

Келесі нуклеус үшбұрыш тәріздес болып келген. Көлемі 6,7x3,8x»,7см. Сұр түсті кремний шикізатынан, нуклеус жаңқада жасалған. Бір ұру алаңы көлденеңінен кішігірім жаңқаларды өңдеу алаңынан қарама-қарсы бетіне қарай шағып алу барысында жасалған.

Өңдеу алаңынан параллельді бағытта шағып алынған пластинкалардың іздері сақталған. Бір жағы тегіс болып келген және табиғи жамылғысы бар. Келесі нуклеустың бірнеше ұру алаңы мен өңдеу алаңы бар. Пішіні төртбұрыш тәріздес болып келген. Өңдеу алаңдарынан шағын шағып алынған жаңқалар іздері байқалады. Шикізат ретінде сұр түсті кремний тасын қолданған. Көлемі 5,3x4,6x2,9см.

Үшбұрыш тәріздес микронуклеус. Бір ұру алаңы бар. Ұру алаңы бір көлденеңінен жаңқаны шағып алу барысында дайындалған. Өңдеу алаңынан 2 микропластинка шағып алынған іздері бар. Көлемі 2,6x2,1x2,2см. Екі жағының қырларында өңдеу орындары байқалады.

Ескерткіштегі келесі бір тобы пренуклеустер. Жалпы саны 9 дана. Пренуклеустердің сыртқы беттерінде қатты, орташа және аз дефляцияға ұшырағандары бар. Осы топтың тең жартысында табиғи мен карбонаттық қабаттан тұратын жамылғылары бар.

Шикізат ретінде ақшыл сұр түсті және қара сұр түсті кремний қолданылған. Пренуклеустердің ұру алаңдары мен өңдеу алаңдары дайындалған, бірақ жүйелі жаңқалар мен пластиналарды шағып алу орын алмаған. Пішіндері үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек тәріздес болып келген. Көлемдері 5,5x5,2x1,9см ден 9,5x7,1x5,3см.

Пластина тәріздес жаңқалар тобы 5 дана.

Бұл коллекциялар тобына пішіні мен жасалу техникасы пластинаға ұқсас жаңқалар жатады. Пластина тәріздес жаңқалардың қырларында өңделген жүздері болмайды. Шикізат ретінде сұр және қызыл реңді кремнийден жасалған. Көлемдері 4,4x3,8x1,6см ден 6,8x3,5x1,4см.

Жаңқалар тобы 5 дана. Жаңқалар бірінші және екінші рет шағылып алынған жаңқалар деп бөлінеді.

Сыртқы беттері қатты және орташа дефляцияға ұшыраған. Көлемдері 5,2x5,5x2,5см ден 7,9x8,3x2,7см. Табиғи жамылғысы бар. Жаңқалардың қырларында өңделген жүздері жоқ.

Екінші жаңқалау (қарулар тобы) 11 дана. Жүзі өңделген пластиналар 7 дана. Пластиналардың сақталу деңгейі әртүрлі. Сұр және қара түсті кремнийден жасалған. Жүздері пластиналардың екі қырында сыртқы және ішкі жағында орналасқан.

Сыртқы бедерлерінде екінші қайтара өңделген іздері бар. Көлемдері 4,7х3,8х1,2см ден 8,1х6х1,9см. Жүзі өңделген жаңқалар 2 дана. Дефляцияланған және табиғи жамылғы қабаты бар. Ұру алаңдары үшбұрыш, бесбұрыш тәріздес болып келген. Көлемі 4,3х2,8х1,2см ден 5,6смх5,5х2,2см. Қырғыш тіктөртбұрыш тәріздес, сұр түсті кремнийден жасалған. Жаңқадағы қырғыштың көлемі 4,2х4,7х1,3см. Ұру алаңы төртбұрыш тәрізді болып келген. Жұмыс алаңы қырғыштың қыпларының 3/1 бөлігін алып жатыр. Сыртқы бетін әк басқан, орташа дефляцияланған. Унифас миндаль тәріздес, сұр, қоңыр түсті кремнийден жасалған. Сыртқы бетінің бір жағының бір қырында өңделіп шағып алынған жаңқалар іздері бар. Карбонаттық және табиғи жамылғысы бар. Сақталу деңгейі орташа, қару аяғына дейін жасалмаған. Көлемі 13,2х8,8х4,7см.

Кесте 3 Құршабақты ескерткішінің тас құралдары жыйындығы

№	Алғашқы жаңқалау	Саны
1	Нуклеустер	8
2	Пренуклеус	9
3	Жаңқалар	5
4	Пластина тәріздес жаңқалар	5
	Екінші жаңқалау (қарулар тобы)	
1	Жүзі өңделген пластина тәріздес жаңқалар	7
2	Жүзі өңделген жаңқалар	2
4	Унифас	1
5	Қырғыштар	1
Барлығы		38

Шолақтау ескерткіші (КПО-58.XXIII-Y-I.) Ескерткіш Жамбыл облысы Сарысу ауданы Шолақтау қаласынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Жинақталған тас коллекциялардың саны 207 дана. Осы заттар іріктеліп, мәлімет беретіндері жинап алынған. Шикізат ретінде сұр, ұара түсті кремний мен қызыл түсті халцедон пайдаланған.

Мұндай ескерткіш орындары мәдени қабаты жоқ ашық түрдегі ескерткіштер қатарына жатады. Себебі шикізат көздері жақын жерде орналасқан себептен. Артефактілердің сақталу деңгейі әртүрлі, басым бөлігі қатты өзгеріске ұшырамаған күйінде сақталған.

Осы тұрақ орнынан табылған заттарды 2 топқа бөліп қарастырсақ болады. Алғашқы жаңқалау және екінші рет жаңқалау, қару мен құралдар болып. Тас коллекцияларындағы көзге түсетін топ жиынтығында нуклеустердің көптігі болып табылады. Нуклеустер өз ішінде бірнеше топқа бөлінеді.

Кесте 4 Шолақтау ескерткішінің тас құралдары жыйындығы

№	Алғашқы жаңқалау	Саны
---	------------------	------

1	Нуклеустер	37
2	Нуклеус тәріздес формалар	22
3	Жаңқалар	94
4	Техникалық қалдықтар	4
5	Пластиналар	21
	Екінші жаңқалау (қарулар тобы)	
1	Жүзі өңделген пластиналар	7
2	Жүзі өңделген жаңқалар	13
3	Қырғыштар	9
Барлығы		207

Нуклеус тәріздес формалар 22 дана. Шикізат ретінде сұр қара түсті кремний тасын пайдаланған. Сыртқы пішіндері төртбұрыш, доғалдау, үшбұрыш тәріздес болып келген. Сақталу деңгейі орташа және аз ғана дефляцияланған. Беттерінде әк басқан дақтары мен кейбіреулерінде карбонаттық жамылғысы бар. Нуклеуске тән белгілері болғанымен нақты шағып алынған жаңқа мен пластиналардың іздері жоқ. Көлемдері 3,2х2,1х1,1см ден 11,8х6,2х3см дейін. Бұл топтағылар жаңқа мен бөлшек тастардан құралған.

Жаңқалар тобы 94 дана. Жаңқаларға тән сипат бірінші және екінші жаңқалау өндеуден өту, бірақ одан қару-құрал дайындалмаған. Ақшыл сұр, қара сұр кремний мен ақшыл қызыл түсті халцедон шикізат ретінде пайдаланылған.

Сақталу деңгейі орташа және дефляцияға аз ұшыраған. Сыртқы беттерінде әк пен карбонаттық және табиғи жамылғылары бар. Барлық жаңқаларда ұру алаңдары бар. Сыртқы пішіндері сопақша, дөңгелек, төртбұрыш тәріздес болып келген. Қырларында өңделген жүздері жоқ. Көлемдері 1,7х1,2х0,8см ден 6,6х6,1х1см болып келген.

Техникалық қалдықтар тобына 4 дана тас заты жатқызылды. Көп жағдайда техникалық қалдық нуклеустің ұру немесе өндеу алаңын жаңартып, қайта қолданысқа пайдалану мақсатында шағып алынады.

Кей жағдайда техникалық қалдықтың түріне байланысты оларда қырғыш, кескіш және жебе ұшы дайындалатын болған қосымша өндеу нәтижесінде. Сыртқы пішіндері төртбұрыш, сопақша, үшбұрыш тәрізді болып келген. Сыртқы беттерінде әк басқан іздері бар. Ұру алаңдары үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша сызық сияқты болып келген. Көлемдері 4,3х1,3х1,1см ден 7,2х3,4х1,7см болып келген.

Келесі алғашқы жаңқалауға жататын ол пластиналар тобы 21 дана.

Бұл коллекцияларға тән нәрсе үстінде бір немесе параллель жақан екі қырдың болуы. Екі жақ қырларында жүздері жоқ. Шикізат ретінде сұр-қара түсті кремний мен ақшыл қызыл түсті халцедонды пайдаланған. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, трапеция, параллелограм тәрізді болып

келген. Сақталуы аз ғана дефляцияға ұшураған. Сыртқы беттерінде әк басқан дақтары бар. Көлемдері 2,8x2x0,5см ден 6x3x0,7см болып келген.

Нуклеустер саны 37 дана. Олар параллельдік, призмалық, бүйірінен шағып алынған, жаңқадағы нуклеустер, ортогоналды тәріздес деп бөлінеді. Призмалы нуклеустер тобында ұру алаңы, жұмыс алаңы, түбі тоқпак сияқты тас заттары жатады. Бұл топта бір немесе екі ұру алаңдары болады.

Призмалы нуклеустер қатарында 12 дана нуклеусті жатқызамыз. Призмалы нуклеус пішіні үшбұрыш тәріздес болып келген.

Шикізат ретінде қара кремний пайдаланған. Бір ұру алаңы жұмыс алаңынан қарама-қарсы жағына қарай көлденеңінен бірнеше жаңқаларды шағып алу нәтижесінде дайындалған. Жұмыс алаңынан қарама-қарсы бағытта жүйелі шағып алынған жаңқа іздері бар. Түбі сүйірленіп келген. Жұмыс алаңына қарама-қарсы беті тегіс, Ұру алаңының пішіні төртбұрыш тәріздес. Дефляцияға ұшырамаған. Бетін әк басқан. Көлемі 6,8x5,2x4,1см.

Призмалық нуклеус, үшбұрыш тәріздес. Екі ұру алаңы бар, пішіні үшбұрыш тәрізді. Нуклеустің бір бөлігінде табиғи жамылғысы бар. Бір ұру алаңынан жүйелі шағып алынған жаңқалар іздері көрініс табады. Түбі сүйірленіп келген. Екінші ұру алаңы нуклеустің бір жақ бүйірінде орналасып нуклеустің қырын қалыптастырған. Дефляцияға ұшырамаған. Сыртқы бетін әк басқан. Көлемі 6x4,9x3,9см.

Үшбұрышты призмалық нуклеус. Бір алаңды. Жұмыс алаңынан жүйелі түрде шағып алынған пластинкалар іздері байқалады.

Қарама-қарсы беті жұмыс алаңының унифас түрінде болып келген. Екі қыры бар. Сақталу деңгейі дефляцияға ұшырамаған. Сыртын әк басқан. Көлемі 6,4x4,8x3,5см.

Призмалық нуклеус төртбұрыш тәрізді, бір ұру алаңы бар. Шикізат ретінде кремний тасын пайдаланған. Ұру алаңы тіктөртбұрыш сияқты, көлденеңінен ұрып шағып алу нәтижесінде дайындалған. Жұмыс алаңы нуклеустің екі жақ қырын алып жатыр. Жұмыс алаңына қарама-қарсы жағы тегіс, жүйелі шағылған іздер жоқ. Ал жұмыс алаңынан пластиналар мен пластикалардың шағып алынған іздері сақталған. Нуклеустің түбі сүйірлеу болып келген. Сыртын кішігірім әк басқан. Сақталу деңгейі жақсы. Көлемі 5,8x4x3,6см.

Конус тәріздес нуклеус, бір алаңды ақшыл қызыл түсті халцедоннан дайындалған. Ұру алаңы пішіні доғал тәріздес. Жұмыс алаңы қарама-қарсы бетіне дейін өткен. Түбі сүйір. Жұмыс алаңынан шағылып алынған микропластикалардың іздері бар. Сақталу деңгейі жақсы. Көлемі 4,3x4,3x3,3см (сурет А.10).

Үшбұрышты призмалық нуклеус. Бір ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Ұру алаңының пішіні тіктөртбұрыш тәріздес, тегіс болып келген. Шикізат ретінде қызғылт түсті халцедонды пайдаланған. Жұмыс алаңынан шағып алынған жаңқа ізі бар. Түбі сүйірленіп келген. Көлемі 4,3x3,3x1,8см. Төртбұрыш тәріздес призмалық нуклес. Екі ұру алаңы бар. Ұру алаңының

пішіні доғал тәріздес. Жұмыс алаңынан бір ұру алаңынан ғана шағып алынған микропластикалардың іздері бар. Шикізат ретінде ақшыл сұр түсті кремний тасы пайдаланылған. Жұмыс алаңына қарама-қарсы беті тегіс. Көлемі 4,3х3,3х2,9см.

Үшбұрыш тәрізді призмалық нуклеус. Орташа дефляцияланған. Бетін әк басқан және карбонаттық жамылғысы бар. Түбі сүйір. Бір ұру алаңы мен жұмыс алаңы бар. Жұмыс алаңынан жаңқа мен пластинка шағып алған іздер орны сақталған. Шикізат ретінде ақшыл сұр түсті кремний пайдаланылған. Көлемі 3,8х3,2х3см. Призмалық екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар нуклеус. Сұр түсті кремнийден жасалған. Ұру алаңдары бір-біріне қарама-қарсы жатыр. Жұмыс алаңынан тек бір бағытта ғана шағып алынған жаңқа іздері байқалады. Көлемі 3х3,2х1,8см.

Призмалық бір алаңды нуклеус. Сұр кремний тас затынан жасалған. Ұру алаңының пішіні үшбұрыш тәрізді. Түбі сүйірленген. Жұмыс алаңынан жүйелі түрде бір бағытта микропластинкалар шағып алынған іздері бар. Көлемі 4х2,5х2см.

Бүйірінен шағып алынған нуклеустер тобына 5 дана тас затын жатқызуға болады. Нуклеустің екі ұру алаңы бар. Түрі тіктөртбұрышты, бір бүйірінде жұмыс алаңы орналасқан. Түбі мен жұмыс алаңына қарама-қарсы жағында қыры бар. Ұру алаңдары сопақ және дөңгелек тәріздес болып келген. Сыртқы бетін кішігірім әк басқан және түп жағында табиғи жамылғы қабаты бар. Қара түсті кремний шикізатынан дайындалған. Нуклеустің бүйірінен бір бағытта жүйелі түрде жаңқалардың шағып алынған орындары бар. Жақсы сақталған. Көлемі 3,8х4,7х3,3см. Бүйірінен шағып алынған нуклеус. Үшбұрышты. Бір ұру алаңы мен екі жұмыс алаңы бар. Түбі сүйір. Екі жағында тегіс. Сақталу деңгейі жақсы. Сұр түсті кремний шикізатынан дайындалған. Екі бүйірінен жүйелі түрде микропластинкалар шағып алынған іздерінің орны бар. Ұру алаңының түрі төртбұрыш тәріздес. Көлемі 3,7х3,4х2,4см.

Үшбұрышты нуклеус. Бір ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Бір жағы тегіс, екінші жағында карбонаттық және табиғи жамылғысы бар. Ұру алаңының түрі доғал тәрізді. Жұмыс алаңы бір бүйірінде орналасқан және одан жүйелі түрде микропластикалар шағып алынған іздер орны бар. Көлемі 3,1х3,2х2,3см. Үшбұрыш болып келген бүйірлі нуклеус. Бір ұру алаңы мен жұмыс алаңы бар. Екі жағы тегі. Түбі сүйір болып келген. Сақталу деңгейі орташа. Сыртқы бетін әк басқан және карбонаттық жамылғысы бар. Шикізат ретінде сұр түсті кремнийді пайдаланылған. Бүйірінен бір шағылу орны байқалады. Көлемі 4х4,4х3,3см.

Параллельдік шағып алу нуклеустер саны 8 дана. Бұл топқа тән нәрсе жұмыс алаңынан жаңқалар мен пластикалар бір-біріне қарама-қарсы бағытта параллель орналасып, шағып алу дәстүрі. Нуклеус бесбұрыш тәріздес, қара кремний шикізатынан дайындалған. Екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Жүйелі жаңқаларды шағып алу жұмыс алаңынан қарама-қарсы бағытта жаңқаларды шағып алған іздері сақталған. Нуклеус дефляцияға ұшырамаған,

жақсы сақталған. Ұру алаңдарының пішіні тіктөртбұрыш және доғал тәрізді. Көлемі 6,2х6,1х5см. Нуклеус тіктөртбұрыш тәріздес, қара түсті кремнийден жасалған. Екі ұру алаңы мен екі жұмыс алаңы бар. Жаңқалар мен пластиналарды шағып алу екі жұмыс алаңынан қарама-қарсы бағытта параллель жүргізілген. Ұру алаңдарының пішіні параллелограм және сопақтау борлып келген. Дефляцияға ұшырамаған. Сақталу деңгейі жақсы. Көлемі 5,2х8,3х4,7см.

Пирамида тәріздес екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар нуклеус. Қара сұр түсті кремний шикізатын пайдаланған. Пластиналарды параллельді түрде бір жұмыс алаңында қарама-қарсы бағытта шағып іздері орны бар. Сыртқы бетін аздап әк басқан, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарының пішіні тіктөртбұрыш және доғалдау болып келген. Бір қырында кішігірім табиғи жамылғысы бар. Нуклеустің көлемі 6х6,5х5см. Нуклеус төртбұрышқа ұқсас келген, сұр түсті кремний шикізатынан жасалған. Екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Пластиналарды шағып алу осы жұмыс алаңынан қарама-қарсы бағытта параллель орналасқан түріндегі іздері сақталған. Ұру алаңдары төртбұрыш және жіңішке сопақша болып келген. Сақталу деңгейі жақсы. Көлемі 6,8х6х2,3см.

Нуклеус төртбұрышқа ұқсас келген, қара түсті кремний шикізатынан жасалған. Екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Жаңқаларды шағып алу осы жұмыс алаңынан қарама-қарсы бағытта параллель орналасқан түріндегі іздері сақталған. Ұру алаңдары доғал тәріздес болып келген. Сақталу деңгейі жақсы. Жұмыс алаңына қарама-қарсы бетінде табиғи жамылғысы бар және тегіс. Көлемі 7,8х7,5х5см. Нуклеус тіктөртбұрышқа ұқсас келген, қара түсті кремний шикізатынан жасалған. Екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар.

Пластиналарды шағып алу осы жұмыс алаңынан қарама-қарсы бағытта параллель орналасқан түріндегі іздері сақталған. Ұру алаңдары доғал тәріздес болып келген. Сақталу деңгейі жақсы. Жұмыс алаңына қарама-қарсы бетінде кішігірім табиғи жамылғысы бар және тегіс. Көлемі 4,3х4х2,8см.

Жаңқадағы нуклеустер саны 6 дана. Оларға тән сипат жаңқадан жасалуы.

Төртбұрыш тәрізді жаңқадағы нуклеус, екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Қара сұр түсті кремнийден дайындалған. Сақталу деңгейі аздап дефляцияланған, сыртқы бетін әк басқан. Жұмыс алаңынан бір бағытта шағып алынған бір пластина ізі бар. Ұру алаңдарының пішіні трапеция тәрізді болып келген. Жұмыс алаңына қарама-қарсы жағы тегістеу болып келген. Көлемі 4,7х4,5х1,6см.

Төртбұрыш тәрізді жаңқадағы нуклеус, екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Қара сұр түсті кремнийден дайындалған. Сақталу деңгейі аздап дефляцияланған, сыртқы бетін әк басқан. Жұмыс алаңынан бір бағытта шағып алынған бір пластина ізі бар. Ұру алаңдарының пішіні үшбұрыш тәрізді болып келген. Жұмыс алаңына қарама-қарсы жағы тегістеу болып келген. Көлемі 5,3х3,9х2см.

Сопакша тәрізді жаңқадағы нуклеус, бір ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Қара сұр түсті кремнийден дайындалған. Сақталу деңгейі аздап дефляцияланған, сыртқы бетін әк басқан. Жұмыс алаңынан бір бағытта шағып алынған бір пластина ізі бар. Ұру алаңының пішіні үшбұрыш тәрізді болып келген. Жұмыс алаңына қарама-қарсы жағы тегістеу болып келген. Көлемі 5,2x4,3x2,1см.

Үшбұрыш тәрізді жаңқадағы нуклеус, бір ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Қара сұр түсті кремнийден дайындалған. Сақталу деңгейі аздап дефляцияланған, сыртқы бетін әк басқан. Жұмыс алаңынан бір бағытта шағып алынған бір пластина ізі бар. Ұру алаңының пішіні үшбұрыш тәрізді болып келген. Жұмыс алаңына қарама-қарсы жағы тегістеу болып келген. Қырларында қосымша өңдеу жоқ. Көлемі 5x4,3x2,3см.

Үшбұрыш тәрізді жаңқадағы нуклеус, екі ұру алаңы мен бір жұмыс алаңы бар. Қара сұр түсті кремнийден дайындалған. Сақталу деңгейі аздап дефляцияланған, сыртқы бетін әк басқан. Жұмыс алаңынан шағып алынған бір пластина мен жаңқаның ізі бар. Ұру алаңдарының пішіні доғал және трапеция тәрізді болып келген. Жұмыс алаңына қарама-қарсы жағы тегістеу болып келген. Қырларында қосымша өңдеу жоқ. Көлемі 3,7x3,5x1,6см.

Ортогоналды нуклеустер тобына 8 данасы жатқызылды.

Бұл топқа бірнешеі ұру алаңдары мен өңдеу алаңдары бар нуклеустер жатқызылды. Ортогоналды нуклеус төртбұрышты, қара кремнийден дайындалған. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, доғал тәріздес болып келген. Дефляцияға ұшырамаған, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарында шағып алынған жаңқалардың іздері бар. Нуклеустің қырлары олардың ұру алаңдары болып табылады. Көлемі 5,5x5,6x4см.

Ортогоналды нуклеус домалақ, қара кремнийден дайындалған. Бір кішігірім бөлігінде түзету іздері бар. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, төртбұрыш тәріздес болып келген. Дефляцияға аздап ұшыраған, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарында шағып алынған жаңқалардың іздері бар. Нуклеустің қырлары олардың ұру алаңдары болып табылады. Көлемі 5,7x5,1x2,8см.

Ортогоналды нуклеус төртбұрыш тәрізді, қара сұр кремнийден дайындалған. Бір кішігірім бөлігінде табиғи жамылғысы ізі бар. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, трапеция тәріздес болып келген. Дефляцияға аздап ұшыраған, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарында шағып алынған жаңқалардың іздері бар. Сыртқы бетін аздап әк басқан. Нуклеустің қырлары олардың ұру алаңдары болып табылады. Көлемі 6,4x5,2x2,6см.

Нуклеус ортогоналды, төртбұрыш тәрізді, қара сұр кремнийден дайындалған. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, трапеция тәріздес болып келген. Орташа дефляцияға ұшыраған, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарында шағып алынған жаңқалардың іздері бар. Сыртқы бетін аздап әк басқан. Нуклеустің қырлары олардың ұру алаңдары болып табылады. Көлемі 7,3x5,1x2,5см.

Нуклеус ортогоналды, домалақ тәрізді, сұр кремнийден дайындалған. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, төртбұрыш тәріздес болып келген. Орташа дефляцияға ұшыраған, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарында шағып алынған жаңқалардың іздері бар. Сыртқы бетін аздап әк басқан және бір бөлігінде табиғи жамылғысы бар. Нуклеустің қырлары олардың ұру алаңдары болып табылады. Көлемі 5,3х6,7х3,4см.

Нуклеус ортогоналды, төртбұрыш тәрізді, ақшыл түсті халцедоннан дайындалған. Ұру алаңдарының пішіндері үшбұрыш, төртбұрыш тәріздес болып келген. Орташа дефляцияға ұшыраған, сақталу деңгейі жақсы. Ұру алаңдарында шағып алынған жаңқалардың және пластинканың іздері бар. Сыртқы бетін аздап әк басқан. Нуклеустің қырлары олардың ұру алаңдары болып табылады. Көлемі 5,7х4,8х3,8см.

Екінші жаңқалау (қарулар тобы). Жүзі өңделген пластиналар 7 дана.

Бұл топтағы пластиналардың бір немесе екі жағындағы қырларының үстіңгі немесе астыңғы ішкі жағында арнайы жасалған жүздері болады. Олар кесу, қыру, егелеу сияқты қызмет атқаруы мүмкін. Сыртқы беттерінде бір қыры бар, ұру алаңдарының пішіні үшбұрыш тәрізді болып келген. Сақталуы аз дефляцияланған. Жүздері майда және төсеніш тәрізді тәсілмен жасалған. Шикізат ретінде қара түсті кремний тасын пайдаланған. Көлемдері 3х1,6х0,6см ден 5,3х3,6х1,3см болып келген. Осы топтағы бір микропластинка геометриялық үлгідегі зат-трапеция да болуы ықтимал.

Жүзі өңделген жаңқалар саны 13 дана. Пішіндері тіктөртбұрыш, үшбұрыш, сопақша болып келген. Сақталу деңгейі орташа және аз дефляцияланған. Сыртқы беттерін әк басқан және карбонаттық жамылғысы бар. Жаңқалардың қырларында арнайы жасалған жүздері бар. Жүздері ірі немесе майда төсеніш үлгісінде жасалған. Ұру алаңдары ромбы, трапеция, үшбұрыш болып келген.

Жүздері жаңқалардың қырларында үстіңгі және ішкі бөліктерінде орналасқан.

Қырғыштар тобы 9 дана. Қырғыш пластинада жасалған. Шикізат ретінде қара кремний қолданған. Сақталуы бүтін, аз ғана дефляцияланған. Ұру алаңының пішіні үшбұрыш тәріздес. Ішкі жағы дөңестеу, үстіңгі жағының екі қырында жүздері орналасқан. Жүздері майда кішігірім шағу арқылы дайындалған. Пластинадағы қырғыштың ұру алаңына қарама қарсы жағында да жүздері бар. Қырғыштың көлемі 7,9х2,8х1,8см болып келген.

Жаңқада жасалған қырғыш. Қара түсті кремний тасынан дайындалған. Сақталуы аз ғана дефляцияланған, кішігірім табиғи жамылғысы бар. Ішкі жағы дөңестеу, жүздері жоқ. Үстіңгі жағында жұмыс алаңы қырғыштың қырларын бойлай орналасқан. Ұру алаңының пішіні паралеллограм тәрізді. Көлемі 7,4х4,4х1,7см болып келген. Жүздері майда төсеніш үлгісіндегі әдіспен жасалған.

Қырғыш пластина тәріздес жаңқада жасалған. Жоғарғы үлгідегі қырғыш болып табылады. Шикізат ретінде қара түсті кремний қолданған. Ішкі жағы

тегістеу, қырлары өңделмеген. Үстіңгі Жағындағы қырларын бойлай жүздері орналасқан. Сақталуы орташа деңгейде дефляцияланған. Көлемі 5,5x2,3x1,7см.

Қырғыш жаңқада, сұр қара түсті кремний шикізатынан дайындалған. Жұмыс алаңы үстіңгі бетінің $\frac{3}{4}$ бөлігін алып жатыр. Ішкі бөлігі тегістеу. Ұру алаңының пішіні үшбұрыш тәрізді. Сыртқы бөлігін аздап әк басқан. Жүздері майда төсеніш әдісімен жасалған. Қырғыштың көлемі 6,3x4,8x2,5см.

Жаңқадағы қырғыш ромбы тәріздес пішінді. Қара түсті кремний тасынан дайындалған. Ұру алаңы трапеция тәріздес болып келген. Жұмыс алаңы қырғыштың үстіңгі жағында бір қырынан ұшына бойлай алып жатыр. Ішкі жағы дөңестеу. Орташа дефляцияланған. Жүздері 45 градус құрайтын әдісте жасалған. Көлемі 5,4x3,6x1,7см.

Төртбұрыш тәріздес жаңқадан жасалған қырғыш. Шикізат ретінде қара сұр түсті кремний тасын қолданған. Ұру алаңы үшбұрыш болып келген. Жұмыс алаңының жүздері қырғыш көлемінің $\frac{4}{3}$ бөлігін құрайды. Сыртқы бетінде әк іздері бар. Ішкі жағы тегістеу. Жүздері майда төсеніш әдісімен жасалған. Қырғыштың көлемі 4x3,6x1,2см болып келген (Сурет А.11).

Келесі қырғыш түрі жаңқада жасалған. Тіктөртбұрыш тәріздес. Ұру алаңының пішіні үшбұрыш тәрізді. Ішкі бөлігі тегістеу. Сақталуы аз ғана дефляцияға ұшыраған. Жұмыс алаңы қырғыштың үстіңгі сыртқы бетінде орналасқан. Жүздері қырғыштың бір жақ қыры мен ұшын алып жатыр. Жүздері майда төсеніш әдісімен жасалған. Көлемі 4,2x3,6x1,6см.

Қырғыш жаңқада дөңгелек пішінді болып келген. Сұр түсті кремний шикізатынан дайындалған. Ұру алаңы трапеция тәрізді болып келген. Жұмыс алаңында жүздері қырғыштың қырларының ұшы жағында орналасқан. Жүздері өте майда төсеніш әдісімен жасалған. Аз ғана дефляцияланған. Ішкі бөлігі доғалдау. Көлемі 2,8x2,5x1,1см болып келген.

Жаңқадағы қырғыш доғалдау келген. Сұр түсті кремний шикізатынан жасалған. Ішкі жағы дөңестеу. Үстіңгі бетін әк басқан және карбонаттық жамылғысы бар. Аз ғана дефляцияға ұшыраған. Ұру алаңы үшбұрыш болып келген. Жұмыс алаңы қырғыштың сыртқы бетінде Ұшы немесе бас жағында орналасқан. Жүздері майда төсеніш әдісімен жасалған. Көлемі 2,7x3,4x1,3см.

Жоғарыда аталған археологиялық орындардың материалын технико-типологиялық талдау барысында алғашқы жаңқалау мен қайта өңдеу барысы, тас шикізаты әртүрлі технологиялық дәстүрлермен ерекшеленетінін көруге болады. Бұл тас коллекцияларының 4 түрлі уақытта жасалған тас құралдарының жиынтығы деп болжауға болады [186, 272-278 бб].

Артефактілердің сақталуына қарай, оның әртүрлі кезеңге жататындығын көреміз. Барлық артефактілер белгілі бір табиғи-климаттық жағдайда болғандықтан және бір шикізат көзінен алынған материалдан жасалғандықтан, артефактілердің сыртқы бетінің сақталу дәрежесіне назар аударып отырып, олардың салыстырмалы жасы арасындағы байланыстың бар екендігін белгілі бір сенімділікпен айтуға болады. Тас заттарының қатты дефляцияға

ұшырауына байланысты бұл топтағы тас артефактілерін ерте палеолит кезеңіне жатқызамыз.

Бұл технология тас заттары бойынша алғашқы жаңқалау мен өңдеу барысында тасты шағуда пластиналық әдіс қолданылмайды, оның орнына параллельді және субпараллельді шағу арқылы жаңқалар алынады, олардан тас құралдар мен қарулар дайындалады.

Дегенмен осы әдіспен өңделген артефактілер арасында Леваллуа техникасы үлгісіне тән белгілері бар тас құралдар кездескен жоқ. Өңделген тас құралдар арасында қатты дефляцияланған тас құралдардың болуы, біздің ойымызша мустьерге дейінгі кезеңмен мерзімдейміз.

Орташа дефляцияланған артефактілерді алғашқы жаңқалау және қайта өңдеу процесстері барысында ерте кешенінің формаларына қарағанда тас құралдарды дайындауда технологиялары өзгеріске ұшыраған. Тұтастай алғанда, тастарды өңдеуде параллель, субпараллель және леваллуазиялық шағу принциптеріне негізделген. Орташа дефляцияланған тас құралдардың шағу технолоиясының өзгергендігі байқалады оны біз жаңқалардан аңғара аламыз. Бұл ең алдымен, нуклеустердің соққы алаңдарының үлесінің едәуір артуымен көрінеді. Тасты алғашқы жаңқалау технологиясы өзгергенмен, жаңқалардан тас құралдар дайындау жалғасын тапты. Тас заттарының орташа дифляцияға ұшырауына байланысты бұл топтағы тас артефактілерін орта палеолит кезеңіне жатқызамыз.

Әлсіз дефляцияланған артефактілерді алу барысында параллель, субпараллель жаңқалау әдісі пайдаланып келді. Тас құралдарды шағып алу технологиясы өзгеріп нуклеустердегі шағып алу алаңдары көптігімен ерекшеленді. Осы орайда жоғарыда аталынған өзгерістерге қарай отырып бұл топтағы тас құралдарды орта палеолит пен кейнгі палеолит арасындағы өтпелі кезеңмен мерзімдейміз.

Мүлдем дефляцияға ұшырамаған артефактілердің ерекшелігіне келетін болсақ тас құралды жаңқалау барысында нуклеустарда бүйірден ұрып шағу немесе призмалық әдіс бойынша алынған нуклеустер кездеседі. Бұндай белгілері бар тас құралдар тобын кейінгі палеолит кезеңімен мерзімдеуге болады.

Х.А. Алпысбаевтың Жамбыл облысының Қаратау жоталарынан тапқан ескерткіштері дерлік өзен, көлдер мен шикізат орындары бар жерлерде орналасқан. Бірақ та көп жағдайда мұндай ескерткіш заттары жер бетінде шашылып жатқан күйінде кездеседі.

Мәдени топырақ қабаты жоқ ескерткіштерде кездескен ескерткіштер тобының жасын анықтауда біраз қиындықтарға тап болғаны мен оларды техникалық-типологиялық, салыстырмалы анализ жасап қана ескерткіштердің болжамды жасын анықтауға мүмкіндік береді. Жер бетінде тас коллекциялары ұзақ жатқандықтан олар коррозияға, дефляцияға ұшырайды. Дефляцияның өзі 3 түрі болады. Қатты, орташа және аз немесе дефляцияға ұшырамаған болып бөлінеді. Қаратау жоталарындағы қатты дефляцияға ұшыраған тас заттары

көбінесе өзінің көнелілігімен ерекшеленеді. Мына сипатталып отырған ескерткіштер коллекцияларында көбінесе орташа және дефляцияға аз ұшыраған тас заттары бар [187, 17-28 бб].

Бұл тас заттары өзінің сақталу көрсеткішімен палеолит кезеңінің кейінгі немесе жоғары палеолит екендігің көрсетеді. Бірақ та ескерткіштің тас заттарында бүйірінен шағып алынған нуклеустердің болуы олардың жаңа кезеңімен байланыстығын көрсетеді.

Яғни осы нуклеустердің болуы сол ескерткіштерді кейінгі палеолиттің соңғы кезеңі мен микролиттік дәуірге аяқ баса бастағанын көрсетеді. Жоғарыда сипаттап өтілген ескерткіштер материалдары осы өңірде ашылып белгілі болған Ащысай, Ш. Уалиханов, Соркөл және т.б. ескерткіштер материалдарымен салыстырмалы анализ жасау барысында осы Жамбыл облысының Сарысу ауданында орналасқан ескерткіштері материалдары өзара сабақтастықта екеніне көз жеткізуге болады.

Материалдардың сақталу деңгейі, техникалық–типологиялық. салыстырмалы сараптамалар бұл ескерткіштердің өмір сүру кезеңі кейінгі палеолит пен микролитке өтер аралық арасында орналасқан деп топшылауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан тас дәуірін зерттеу өткен ғасырлардан бері жалғасып келеді. Оның негізі патшалық Ресей тұсында қаланды да, кеңестік дәуірде толығымен қалыптасып, негізгі бағыттары айқындалды, әрбір өңірде далалық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып, тас дәуірі секілді мәдени-тарихи кезеңдердегі адамзаттың даму қарқыны мен пәрмені жайлы толымды ақпараттар легі пайда болды, ауқымды деректік қор жинақталды. Тас дәуірі археологиялық нысандарын зерттеумен оның әрбір кезеңінде көптеген ғалымдар шұғылданды. Олардың арасынан Г.П. Сосновский, С.С. Черников, А.Х. Марғұлан, И.И. Гохман, А.А. Крылова, М.Н. Клапчук, А.Г. Медоев, Ж.Қ. Таймағамбетов, В.С. Волошин, О.А. Артюхова, В.К. Мерц, Ғ.Т. Бексеитов, Д.С. Байгунаков, Ғ.Т. Искаков, Д. Ожерельев, Т.Б. Мамиров т.б. атап кетуге болады. Сонымен қатар көптеген шетелдік мамандардың да (А.П. Деревянко, В.Т. Петрин, С.А. Гладышев, Р. Иовица т.б.) атсалысқанын атап кеткен ләзім. Осы аралықтағы атқарылған далалық ізденістер зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын, қалтарысты тұстарын, өзекті мәселелерін айқындап берді және деректемелік қордың шоғырлануына мүмкіндік жасады.

Осы жерде тас дәуірі туралы алғашқы ғылыми ойлар айтып, алынған мәліметтерді концептуалдық тұрғыдан өрбіткен, отандық палеолиттанудың негізін қалаған ғалымдардың көшбасшысы деп Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев десек артық айтпаған болар едік. Ол мәдени-тарихи үдерістерді сатылы (стадиялық) даму тұрғысынан түсініп, өз зерттеулерінің нәтижелерін соның негізінде өрбітті. Мұндай практикалық ізденістер сол замандағы көптеген мамандардың танымының өзегін құрады. Қазақстан аумағындағы бірқатар аймақтардың археологиялық тұрғыдан игерілмей жатуы кезінде мәдени-тарихи ұстанымға ғылыми ізденістерді негіздеу уақытында оң шешім болғаны белгілі. Өйткені заман талабы, яғни кеңестік үкімет пен коммунистік партия талаптары сондай болғандығы мәлім. Мәдени-тарихи ұстанымның материалдарды интерпретация жасауда кеңінен қолданыста болуы ілкі замандардағы тарихтың қалтарысты тұстарын толықтыруға мұрындық бола алды. Оған қол жеткізу үшін Х.А. Алпысбаев кеңейтілген қазба жұмыстарын жолға қоюға, тарихи интерпретацияларды шұғыл түрде жүргізуге, типологиялық әдісті аналогтармен алмастыруға ұмтылды. Кеңестік мәдени-тарихи құрылымдарға негізделген әдіснаманы қолдану сол кездегі тарихи-идеологиялық талаптармен астасып жатқан болатын. Әйтсе де XX ғасырдың екінші жартысында тас дәуірі, соның ішінде палеолит археологиясы материалдарының аздығы палежүйені зерттеуге мүмкіндік беретін басқа ғылым салаларына да жүгіну қажеттілігін көрсеткен еді. Әсіресе палеоботаника, топырақтану, топография, геология, палеогеография, археозология, палеоэкология, палеоботаника т.б. ғылым салаларының мәліметтеріне сүйену қажеттілігі байқалды. Осыған орай ол геолог т.б. басқа мамандармен бірге (Н.Н. Костенко, Вислогузова т.б.) бірлескен мақалалар жазды немесе олардың еңбектеріне сүйенді. Сайып

келгенде ол оқырманға тың мәліметтерді ұсынып, ғылыми жаңалықтар легіне өз ойларын қосуға үнемі тырысып бақты. Мұны ғалымның әрбір ескерткіштен алынған мәліметтерді бермес бұрын сол аудандағы жер жапсарына, геологиялық ерекшеліктеріне, археологиялық нысанның орналасқан теліміне, географиялық нысандармен байланысына назар аударып отырғандығынан да байқауға болады. Нәтижесінде Х.А.Алпысбаев тарапынан жүргізілген тарихи-археологиялық интерпретациялар алуан түрлі дерекнамалық мәліметтермен толығып, шынайы ғылыми тұжырымдамалардың қалыптасуына мүмкіндік берді.

Оңтүстік Қазақстан палеолиті бойынша Х.А. Алпысбаев жинақтаған мағлұматтар осы тарихи-мәдени кезең бойынша кеңістіктік-хронологиялық байланыстардың ежелден-ақ орын алғандығын айғақтап қана қоймады, сонымен қатар Орталық Азия бойынша да эталондық үлгі бола алды. Бөріқазған, Тәңірқазған, Қазанғап, т.б. ескерткіштер Орталық Азия аудандарындағы палеолиттік мәдениеттердің жарқын индустрияларын көрсетті. Жүздеген палеолиттік ескерткіштерді тауып, ғылыми айналымға енгізген Х.А. Алпысбаев болды десек артық айтпаған болар едік. Ол ұсынған мәденигенез сызбасы мен кезеңдестіру отандық палеолиттану тарихнамасында әлі де болса көкейкестілігін жоя қойған жоқ. XX ғасыр 60-70 жылдары жинақталған материалдар оларды толықтырып, тың мәліметтер алуға мұрындық болды. Әсіресе көп мәдени қабаттан тұратын Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тұрақтың Х.А. Алпысбаев тарапынан зерттелуі отандық палеолиттанудағы игі бастама болған еді. Себебі стратиграфиясы сақталған ескерткішті зерттеу шөлді және шөлейтті аймақтардағы жер бетінде ашық үлгіде жатқан нысандардың кезеңдестірілуін шешуге жәрдемін тигізеді. Яғни, стратиграфиялық мәдени қабаты сақталған ескерткіштерден алынған еңбек құралдарын ашық үлгіде жатқан археологиялық нысандардан алынған артефактілермен өзара салыстыра отырып, олардың жас мөлшерін, хронологиясын, кезеңдестірілуін, тіпті корреляциясын айқындауға мүмкіндік алынды. Сайып келгенде, осы саладағы ізденістерінің арқасында Х.А.Алпысбаевты ғылыми жұртшылық палеолиттанушы ретінде кеңінен таниды.

Ал, археолог Х.А. Алпысбаевтың тек палеолитке қатысты ғана емес, сонымен қатар мезолит, неолит, қола дәуірі сынды тарихи-мәдени кезеңдерді зерттеуге де өзіндік үлес қосқандығы бүгінгі таңда кеңінен белгілі болып отыр. Сондай-ақ Х.А. Алпысбаев жартас суреттеріне қатысты да ғылыми ізденістер жүргізді. Былайша айтқанда, ғалымның зерттеу жұмыстарының хронологиялық диапазоны біз ойлағаннан әлдеқайда кеңірек деуге болады. Ол жалпылама түрде айтқанда ғылыми-зерттеу жұмыстарын екіге бөліп жүргізді: бірінші кезекте, кең көлемдегі қазба жұмыстарын атқаруға тырысты; ал екінші кезеңде материалдарды өңдеумен шұғылданды. Нәтижесінде осы жоғарыда айтылған тарихи-мәдени кезеңдердің қордаланған мәселелеріне қатысты тың әрі татымды ғылыми пайымдамалар жасай алды. Мәселен, жартас суреттерін зерделеген кезде Х.А. Алпысбаев олардың мәдени-хронологиялық интерпретациясын

анықтау үшін бірнеше сауалдарға ерекше мән берді. Олар: біріншіден – сюжет, композиция, бейне; екіншіден – жартас беті мен үсті; үшіншіден – стильдік ерекшелік; төртіншіден – жартас шимайларының аналогияларын қарастыру; бесіншіден – нысанды басқа да археологиялық аспектілермен байланыстыру; алтыншыдан – семантикалық талдау жүргізу. Осындай ғылыми-зерттеу сызбасы арқылы ғалым археологиялық нысанды толыққанды суреттеп шығуға ұмтылды. Материалдарға былайша жан-жақты тұрғыдан немесе кешенді түрде келу Х.А. Алпысбаев ғылыми-зерттеушілігіне тән қасиет еді деуге негіз бар.

Оның ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ашқан жаңалықтары көбіне 60-80 жылдар аралығына тұспа-тұс келеді. Алайда ол өзі зерттеген ескерткіштердің материалдарын ұзақ жылдар бойы мұқият зерделеуден өткізіп отырды. Яғни, материалдарды сенсация қуып бірден жариялай салған жоқ. Оларды сол жылдардағы дәстүрлі археологиялық әдістерді қолдана отырып мейлінше мұқият зерделеуге тырысты, археологиядағы тарихилық принципін сақтай отырып концептуалды пікірлер ұсынуға ұмтылды. Өз ізденістерін суреттемелік сипаттағы емес, жүйелі ұстанымдарға негіздеуге тырысты, тастан жасалған деректемелердің морфологиясына, қызметіне, технологиясына, шикізатына ерекше мән беріп, көтерілген тақырыптарды кешенді түрде баяндауға тырысып бақты.

Қазіргі таңда отандық археологияда палеолиттану мектебі қалыптасқан деп айтуға толық негіз бар. Ал оның басында Х.А. Алпысбаевтың тұрғандығы белгілі. Жекелеген археологтар белгілі бір өңірлерде зерттеу жүргізсе, бірқатар шетелдік әріптестер де ежелгі тас дәуірінің зерттелуіне өзіндік үлестерін қосуда. Олардың ғылыми-танымдық дәстүрлері әрқилы болғанымен, өзіндік нәтижелері ортақ деуге болады. Қазақстан палеолиті туралы біркелкі концепция туралы сөз қозғаудың да реті жоқ сияқты, себебі әрбір өңірдегі тас дәуірінің дамуы әрқилы бағытта өрбігендігі белгілі. Сонда да болса отандық археологияда тас дәуірінің әрбір кезеңіне қатысты ортақ тұжырымдамалардың орын алып отырғандығы анық. Түрлі ақпараттық деректемелер алуан көзқарастардың, теориялар мен гипотезалардың отандық археология тарихнамасында орын алуы келешекте ғылымның дамуына әкелері анық. Ал отандық археология ғылымының қайнар-бастауында Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев та тұрды дей аламыз. Алдағы ізденістер оның көзқарастарын дамытып, ғылыми пайымдауларын дамытады деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Каменный век Казахстана и сопредельных территорий (материалы международной конференции, посвященной 70-летию Х.А. Алпысбаева) // Туркестан: ТОО «Мирас», 1998.
2. Байгунаков Д.С. Х.А. Алпысбаев және Қаратау тас дәуірі ескерткіштерінің сауалдары // «Ахинжановские чтения – 2004». Тезисы докладов научной конференции молодых ученых. – Алматы, 2004. – Б. 3-5.
3. Оспанов Е.Б., Бексеитов Ғ.Т. Мезолит пен ертеголоцендік кезең мәдениеттерін айқындаушы факторлар мәселесі // ҚазҰУ-нің Хабаршысы. Тарих сериясы. №2(77) Алматы. 2015. 206-212 бб.
4. Алпысбаев Х.А. Памятники Нижнего палеолита Южного Казахстана. – Алма-Ата: Издательство Наука Казахской ССР, 1979. – 208 с.
5. Таймағамбетов Ж.Қ. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч. Валиханова. – Алма-ата: Наука КазССР, 1990. – 128 с.
6. Таймағамбетов Ж.Қ. История изучения палеолита Казахстана // Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана. – Алматы: Наука, 1989. – С.22-40.
7. Байгунаков Д.С. Қазақстан тас ғасыры дәуірі: зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері / Тарих ғылымдары канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф.: 07.00.06. – Археология. – Алматы, 2003. – 29 б.
8. Таймағамбетов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 266 б.
9. Байгунаков Д.С., Бексеитов Ғ.Т. Қаратау өңіріндегі палеолит ескерткіштері және жаратылыстану ғылымдары: зерттеулер, әдістер және нәтижелер // «Далалық археологиялық зерттеулердегі жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен әдіснамасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 18 қыркүйек 2019 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 290 б. – Б.11-15.
10. Байгунаков Д.С. А.Г. Медоевтың (1934-1980) Қазақстанның тас ғасырын зерттеуге қосқан үлесі // ҚазМУ хабаршысы. – Тарих сериясы. – 1999. – №12. – Б. 92-95.
11. Ожерельев Д.В. Позднепалеолитические памятники Казахстана дис. ... канд исторических наук: 07.00.06. Археология // – Алматы, 2007. – С. 240.
12. Таймағамбетов Ж.К. Палеолит Казахстана (основные проблемы): автореферат дис.доктора исторических наук: 07.00.06. – Новосибирск, 1993. – 54 с.
13. Деревянко А.П., Петрин В.Т., Зенин А.Н., Таймағамбетов Ж.К., Гладышев С.А., Цыбанков А.А., Славинский В.С. Исследования Российско-Казахстанской археологической экспедиции в Казахстане (1998-2001 гг.) // – Новосибирск: Издательство института археологии и этнографии СО РАН, 2003. – С.184

14. Дервянко А.П., Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И., Бексейтов Г.Т., Цыбанков А.А. Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан) // – Алматы-Новосибирск: «Қазақ университеті», 2007. – С. 342.
15. Дервянко А.П., Петриним В.Т., Таймагамбетов Ж.К., Исабеков З.К., Рыбалко А.Г., Отт М. Раннепалеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана // – Новосибирск: ИАЭ СО РАН, 2000. – 300 с.
16. Оспанов Е.Б., Бексейтов Г.Т. Мезолит пен ертеголоцндік кезең мәдениеттерін айқындаушы факторлар мәселесі // ҚазҰУ-нің Хабаршысы. Тарих сериясы. №2(77) Алматы. 2015. 206-212 бб.
17. Цыбанков А.А. Палеолитические комплексы Қызылтау (Южный Казахстан) // автореф. Дис... кан.ист.наук. – Новосибирск, 2004. – 28 с.
18. Сулейменов Т., Сала Р. О неопубликованной рукописи Алана Медоева // Геология в XXI веке. Материалы Международной научно-практической конференции «Сатпаевские чтения», посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан 14-15 апреля 2011 г. – Алматы, 2011. – С. 429-430.
19. Таймағамбетов Ж. Алпысбаев Хасан Алпысбайұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 бет. –Б. 298.
20. Байғонаков Д. Алпысбаев Хасан // Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 456 б. – Б. 70.
21. Төленова З. Алпысбаев Хасан // Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған З.Е.Қабылдинов. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2018.
22. Кариев Е.М. Археологические памятники исследуемые в рамках национальной программы «Культурные наследия» как источники по истории народов Евразии // Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) : 6D020300 – История. – Казахский национальный университет имени Аль-Фараби. – Алматы, 2021. – 220 с.
23. Аникович М.В. О месте археологии в системе исторических наук // Вопросы методологии истории, историографии и источниковедения: Сб. статей / Под ред. Л.И.Боженко, Б.Г. Могильницкого, М.Е. Плотниковой. – Томск: Изд-во ТГУ, 1984. – С. 22-23.
24. Иванов Г.М. О методологических основах марксистской теории исторического источника // Вопросы методологии истории и историографии. Доклады научной конференции. Вып. 3. – Томск: Изд-во Томского университета, 1974. – С.3-5.
25. Клейн Л.С. Структура археологической теории // Вопросы философии. – 1980. – №3. – С.100-101.
26. Клейн Л.С. Функции археологической теории // Stratum plus. – 1999. – №3. – С.8-25.

27. Широкова Н.А. Проблема социального познания в интерпретации Ю.Хабермаса // Методологические проблемы общественных наук (Специальные науки: Общественные науки и внеаучные факторы). – М.: Институт философии АН СССР, 1986. – С. 57-66

28. Бедельбаева М.В. Изучение скифо-сакской эпохи Казахстана в трудах отечественных и российских исследователей (вторая половина XX – начало XXI вв.). Автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.09 – Историография, источниковедение и методы исторического исследования. – Караганды, 2010. – 29 с.

29. Таймагамбетов Ж.К., Сойкина Н.Ю., Рустем К.М. Музей палеолита Казахстана: учебное пособие. – Алматы: Қазақ Университеті, 2011. – 90 с.

30. Таймагамбетов Ж.К., Деревянко А.П., Петрин В.Т., Гладышев С.А., Зенин А.Н. Ашельские комплексы Мугоджарских гор (Северо Западная Азия). – Новосибирск: ИАЭ СО РАН, 2001. – 136 с.

31. Плешаков А.А. Характер и развитие орудий труда населения каменного века эпохи голоцена Приишимья. Автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.06. – Археология. – Алматы, 1993. – 22 с.

32. Бортко Т.Г. Научно-теоретические основы социализации учащихся общеобразовательных школ в Казахстане. Автореферат дисс. докт. пед. наук: 13.00.01 – Общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2009. – 49 с.

33. Туровская Т.В. Исторические концепции Т.Б.Маколя (1800-1859). Автореферат дисс. канд. истор. наук: 07.00.02 – Всеобщая история. – Алматы, 1991. – 19 с.

34. Исаева Ә.И. М.С. Мұқановтың еңбектеріндегі қазақ этнографиясының және тарихының мәселелері: тар. ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф: 07.00.07. – Этнография, этнология және антропология. – Алматы, 2007. – 24 б.

35. Даниярова А.Е. Изучение персоналии в процессе исторического познания // Вестник КарГУ. Серия «История. Философия». 2008. – С.17-21.

36. Турадилов М.У. Археологическая деятельность В.А.Каллаура. Автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.06. – Археология. – Алматы, 2007. – 30 с.

37. Манапова Ә.М. Әлкей Хаканұлы Марғұлан-археолог. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс автореферат. 07.00.06. – Археология. – Алматы, 2010. – 25 б.

38. Байгунаков Д.С. Ә.Х. Марғұлан – көне дәуір зерттеушісі // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2006. – №3 (42). – 123-126 бб.

39. Ганиева А.С. Вклад К.А. Акишева в археологию Казахстана и Евразии тар. ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф: 07.00.06. – Археология. – Алматы, 2010. – 30 с.

40. Айтбаева А.Е. Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде Спец 6D020800-Археология и этнология Диссертация на соискания степени доктора философии (PhD). – Алматы, 2022.
41. Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. Оразбаевтың Қазақстан археологиясына қосқан үлесі: тар. ғылымд. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. автореф: 07.00.06. – Археология. – Алматы, 2010. – 30 с.
42. Толеубаев А.Т. Жизнь и научная деятельность А.М. Орзбаева // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 4-8.
43. Толеубаев А.Т. Место и роль А.М. Оразбаева в археологии Казахстана // Орталық Қазақстанның археологиялық мұрасы: зертеу және қорғау. ҚҒА Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрылуының 70 жылдығына арналған ғылыми мақалар жинағы. 1 Том., – Алматы, 2017. – С. 103-107.
44. Байгунаков Д.С. Көне Қазақстанды зерттеген ғалымдар. Бірінші кітап. – Алматы: «Credos LTD С» баспасы, 2015. – 176 б.
45. Артықбаев Ж. Баянауыл. – Астана: Фолиант, 2009. – 312 б.
46. Нуралиев А. Казахи Таджикистана. – Душанбе: Истедод, 2016. – 160 с.
47. Массон М.Е. Краткий очерк истории изучения Средней Азии в археологическом отношении // Труды САГУ. Археология Средней Азии. Новая серия. Вып. LXXXI. – Ташкент: Издательство САГУ, 1956. – С. 29-36.
48. Березкин Ю. Е. Краткий очерк жизни и научной деятельности В.М. Массона (к 70-летию со дня рождения и 55-летию с начала полевых археологических изысканий) // Вадим Михайлович Массон: Биобиблиографический указатель / Сост. Л.М. Всевиов. – СПб.: ИИМК РАН, 1999. – С. 3-6.
49. «Ғылым ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіп орын архиві Х.А. Алпысбаев қорынан Ф-81, ОП-1 Д-59.
50. Березкин Ю.Е. В.М. Массон и социальная антропология XX века // Взаимодействие древних культур и цивилизаций. В честь юбилея В.М. Массона. – СПб.: ИИМК РАН, 2000. – С. 32-45.
51. Лунин Б.В. Ученый, педагог, общественный деятель // История и археология Средней Азии. – Ашхабад: Ылым, 1978. – С. 12-19.
52. Массон М.Е. Южно-Туркменистанская археологическая комплексная экспедиция (ЮТАКЭ) 1946 года // Тр. ЮТАКЭ. Т. I. – Ашхабад, 1949. – С. 5-15.
53. Пугаченкова Г. Михаил Евгеньевич Массон – основатель центральноазиатской археологической школы // Кумбезд. – 1998. – №1.
54. Қожа М., Есжан Е., Бегалиева А. Орта Азия мен Қазақстан археологиясы және М.Е. Массон. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 133 б.
55. Конопацкий А.К. Прошлого великий следопыт: (акад. А.П. Окладников: страницы биогра.) / А.К. Конопацкий; [вступ. ст. Б. Тучина]. – Новосибирск: Сиб. хронограф, 2001. – 492 с.

56. Деревянко А.П. Академик А.П. Окладников – основатель сибирской археологической школы / А.П. Деревянко, В.Е. Медведев // Гуманитар. науки в Сибири. – 2007. – №. 2. – С. 22 – 26.
57. Деревянко А.П., Медведев В.Е., Молодин В.И. Великан в науке: к 100-летию со дня рождения академика А. П. Окладникова (03.10.1908 - 18.11.1981 // Вестник НГУ. Серия «История, филология». – 2008. – Т. 7. – № 3. – С. 3-9.
58. «Ғылым ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіп орын архиві Х.А. Алпысбаев қорынан Ф-81, ОП-1 Д-71.
59. Маргулан А.Х. Мир казаха. – Алматы: Ин-т развития Казахстана, 1997. – 57 с.
60. Маргулан А.Х. Некоторые итоги и перспективы археологического изучения Казахстана // ИАН КазССР. №46. Серия археологии. – Вып. 1, – 1948. – С. 3-9.
61. А.П. Окладниковтың Ә. Марғұланға хаты. 26.12.1953. Академик Әлкей Марғұланның отбасы архивіндегі қоры.
62. Борисковский П.И. Древнейшее прошлое человечества. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1957. – 224 с.
63. Праслов Н.Д. Памяти П.И. Борисковского // Российская археология. – 1992. – № 3. – С. 288-296.
64. П.И. Борисковский Палеолитические местонахождения в Туркмении // КСИ-ИМК. – 1947. – Вып. 18. – С. 3-8.
65. Столяр А.Д. Памяти П.И. Борисковского // Археологические вести. – 1994. – № 3. – С. 256-260
66. Газета «Казахстанская правда» от 6 мая 1959 г стр 3 Автор Р.Б. Сулейменов аспирант Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР.
67. «Ғылым ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіп орын архиві Х.А. Алпысбаев қорынан Ф-81, ОП-1 Д-57, Св-1
68. Архив Института истории археологии и этнографии Ф-2, Д-1277, св 81
69. Акишев К.А. Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 9-12.
70. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I том. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1980. – 496 б.
71. Алпысбаев Х.А. Олдувея мен соан малтатас индустриясы және оның Қаратаудағы тас құралдарымен өз ара қатысы // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1972. – Б. 47-55.
72. Монгайт А.Л. Археология Западной Европы. Каменный век. – Москва: Изд-во «Наука», 1973. – 355 с.
73. Plummer T.W., Bishop L.C. Oldowan hominin behaviour and ecology at Kanjera South, Kenya. *J. Anthropol. Sci.* №94. – P.1-12 (2016);
74. Blumenschine, R. J. et al. Late Pliocene Homo and hominid land use from western Olduvai Gorge, Tanzania // *Science*. – №299. – P.1217-1221 (2003)..

75. Leakey L.S.B. A new fossil from Olduvai // *Nature*. – №184. – P.491-494 (1959).
76. Leakey M.D. Olduvai Gorge: Excavations in Beds I and II. 1960-1963. Vol. 3 (Cambridge Univ. Press, 1971).
77. Barksy D. et al. The Early Oldowan stone-tool assemblage from Fejej FJ-1A. // *Ethiop. J. Afr. Archaeol.* -№9, -P.207-224 (2011);
78. Kimbel W. et al. Late Pliocene *Homo* and Oldowan tools from the Hadar formation (Kada Hadar Member), Ethiopia // *J. Hum. Evol.* №31, -P.549-561 (1996);
79. Braun D.R. et al. Earliest known Oldowan artifacts at >2.58 Ma from Ledi-Geraru, Ethiopia, highlight early technological diversity // *Proc. Natl Acad. Sci.* №116, -P.11712-11717 (2019).
80. Uno, K. T. et al. Large mammal diets and paleoecology across the Oldowan-Acheulean transition at Olduvai Gorge, Tanzania from stable isotope and tooth wear analyses. *J. Hum. Evol.* №120. -P.76-91 (2018)
81. Albert R.M., Bamford M.K., Cabanes D. Taphonomy of phytoliths and macroplants in different soils from Olduvai Gorge (Tanzania) and the application to Plio-Pleistocene palaeoanthropological samples. *Quat. Int.* №148, 78-94 (2006)
82. Soto, M. et al. Fingerprinting of quartzitic outcrops at Oldupai Gorge. *Tanzan. // J. Archaeol. Sci. Rep.* №29. -P.102-110 (2020)
83. Sikes N.E., Ashley G.M. Stable isotopes of pedogenic carbonates as indicators of paleoecology in the Plio-Pleistocene (upper Bed I), western margin of the Olduvai Basin, Tanzania // *J. Hum. Evol.* №53, P.574-594 (2007).
84. Dennell, R. W., & Hurcombe, L. (1993). Paterson, the British Clactonian and the Soan Flake industry: a re-evaluation of the Early Palaeolithic of Northern Pakistan. In C. Jarrige (Ed.), *South Asian archaeology* (pp. 69-72). Madison: Prehistory Press.
85. Chauhan, P. R. (2007). Soanian lithic occurrences and raw material exploitation in the Siwalik Frontal zone, northern India: a geoarchaeological perspective. *Journal of Human Evolution*, №54, -P.591-614;
86. Chauhan, P. R. (2009). Was there an Oldowan occupation in the Indian Subcontinent?: A critical appraisal of the earliest paleoanthropological evidence. In K. Schick, N. Toth (Eds.), *The Cutting Edge: New Approaches to the Archaeology of Human Origins*. Stone Age Institute Press. pp. 35-54)
87. Sankalia H.D., Deo S.B. The Middle Palaeolithic Culture of the Deccan, Kamatak and Central India // *Journal Palaontological Society of India.* -№3. -1958. -P.158-169;
88. Ahmad Hasan Dani. Prehistoric Pakistan // *Asian Perspectives*, 1964. - №7. -P.183-188;
89. Armand J. The middle pleistocene pebble tool site of Durkadi in Central India // *Paleorient*, 1979. -№5. -P.105-144).
90. Харари Ювал Ноаh. Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 368 б.

91. Алпысбаев Х.А., Костенко Н.Н. Геолого-исторические условия в хребте Каратау в эпоху палеолита // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата: 1968. – С. 5-20.
92. Костенко Н.Н., Алпысбаев Х.А. Значение палеолита для расчленения антропогенных отложений // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. –Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1969. – С. 107-120.
93. Алпысбаев Х.А. Были ли каменные орудия у первобытного человека // Известия АН КазССР. – 1966. – №4. – С. 90-92 .
94. Алпысбаев Х.А. Открытие нижнего палеолита в Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1960. – №5. – С. 59-61.
95. Алпысбаев Х.А. Соңғы палеолит // Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I том. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1980. -496 б.
96. Калыш А.Б., Исаева А.И. Бексеитов Г.Т. Историческое Краеведение Казахстана по археологическим и письменным источникам. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 256 с.
97. Ефименко П.П. Значение женщины в ориньякскую эпоху. – Л., 1931.
98. Ефименко П.П. Костенки I. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1958. – 487 с.
99. Бухтоярова И.М. Сергей Николаевич Замятнин и его вклад в изучение палеолита. Автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.06. – СПб., 2013. – 22 с.
100. Замятнин С.Н. О возникновении локальных различий в культуре палеолитического периода // Происхождение человека и древнее расселение человечества / Труды Ин-та этнографии АН СССР. Нов. сер. – Т.16. – М., 1951.
101. Бухтоярова И.М. Советские археологи о проблеме распространения палеолитических поселений на территории Верхнего и Среднего Подонья // Тру-ды II (XVIII) Всероссийского археологического съезда в Суздале. – Т. 1. – М.: ИА РАН, 2008 б. – С. 41-42.
102. Рогачев А.Н. Александровское поселение древнекаменного века у с. Костёнки на Дону. – М.-Л.: Изд-во Акад. Наук СССР, 1955. – 164 с.
103. Аникович М.В. А.Н. Рогачев и «конкретно-исторический подход» в палеолитоведении // РА. – 2007. – № 4. – С. 64-71.
104. Аникович М.В., Попов В.В., Платонова Н.И. Палеолит Костенковско-Борщевского района в контексте верхнего палеолита Европы / РАН. ИИМК. – СПб., 2008. – 302 с.
105. Тарасов Л.М. Палеолитическая стоянка Гагарино // МИА СССР. – №131. Палеолит и неолит СССР. -Т.5. – Москва, Ленинград: Изд-во «Наука», 1965. – С.111-140
106. Алпысбаев Х.А. Позднепалеолитическое поселение Костенки II. Автореферат диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ленинград, 1958. – С. 16.
107. Сунгатуллина Г.М. Историческая геология (краткий конспект лекций). – Казань: К(П)ФУ, 2013. – 128 с.

108. Matthieu Ghilardi, Stéphane Desruelles. Geoarchaeology: where human, social and earth sciences meet with technology // *S.A.P.I.E.N.S* [Online], 2.2 | 2009, Online since 20 December 2008, connection on 17 July 2021.
109. Кожамкулова Б.С. Позднекайнозойские копытные Казахстана. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 144 с.
110. Семенов С.А. Первобытная техника (опыт изучения древнейших орудий и изделий по следам работы) // Материалы и исследования по археологии СССР. №54. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1957. – 240 с.
111. Амальрик А.С., Монгайт А.Л. 'В поисках исчезнувших цивилизаций' – Москва: Издательство Академии наук, 1959. – 311 с.
112. Байгунаков Д.С. Көне замандардағы діни наным-сенімдер тарихнамасы // *SHYGYS*. – 2008. – №2. – Б. 210-218.
113. Самашев З. Наскальные изображения Казахстана как исторический источник. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук по специальности 07.00.06 – археология. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2010. – 53 с.
114. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 231 с.
115. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Сары-Арка, Мангышлак. Ч. 1. – Алма-Ата: «Жалын», – 1979. – 174 с.
116. Байтилеу Д.А. История изучения петроглифов Казахстана. Автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.06. – Археология. – Новосиб., 2007. – 26 с.
117. Сойкина Н.Ю. Живопись эпохи палеолита в системе культурных ценностей Евразии. Автореф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.06 – Археология. – Алматы, 2009. – 30 с.
118. Алпысбаев Х.А. Новые наскальные изображения Бостандыкского района // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 1. – 1956. – С. 182-188.
119. Хужаназаров М.М. Наскальные изображения Ходжакента и Каракияся. – Самарканд: Институт археологии Республики Узбекистан, 1995. – 174 с.
120. Байгунаков Д.С. Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы (палеолиттен ерте орта ғасырларға дейін). 07.00.09 – Тарихнама, деректану және тарихи зерттеу әдістері. Тар. ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2010. – 385 б.
121. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. МИА. №88. – Москва: Изд. АН СССР, 1960. – 271 с.
122. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана / Под ред. акад. А.Х. Маргулана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 435 с.
123. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1979. – 360 с.

124. Құрманқұлов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері): Монография. – Алматы: «КІЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. – 192 б.
125. Алпысбаев Х.А. Предварительный отчет о работе Актюбинской археологической экспедиции в 1972 г. Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Опись 2. Дело 1278. Связка. 81. – 9 с.
126. Ярмек Г.А. Первые находки палеолитических орудий в Южном Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1957. – №7. – С.104-108
127. Алпысбаев Х.А. Находки нижнего палеолита в Южном Казахстане // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Т.7. – 1959. – С. 232-241.
128. Алпысбаев Х.А. Нижнепалеолитические местонахождения в Малом Каратау // Вестник АН КазССР. – 1959. – Вып. 2. – С. 64-70.
129. Костенко Н.Н., Алпысбаев Х.А. Палеолит в районе Турланского перевала хребта Каратау // Вестник АН КазССР. – 1966. – №8. – С. 66-69.
130. Алпысбаев Х.А. Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 227-240.
131. Алпысбаев Х.А. Первая многослойная палеолитическая стоянка в Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1960. – №11 (188). – С.103.
132. Алпысбаев Х.А. Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 237-239.
133. Таймагамбетов Ж.К. О значении многослойной палеолитической стоянки им. Ч. Валиханова // Хроностратиграфия палеолита Северной, Центральной и Восточной Азии и Америки: тез. докл. Междунар. симпозиума. – Новосибирск, 1990. – С. 281–283.
134. Алпысбаев Х. О раскопках палеолитической стоянки. Дневник. ЦА НАН РК. Ф.81, оп. 1., д.31. св. 2
135. Таймагамбетов Ж.К. Исследования каменной индустрии на стоянке им. Ч. Валиханова // Археологические и этнографические исследования Восточной Сибири: тез. докл. к региональной конф. (г. Иркутск, 13–15 октября 1986 г.). – Иркутск: изд-во ИГУ, 1986. – С. 72–73
136. Таймагамбетов Ж.К. Периодизация эпохи палеолита Южного Казахстана (по материалам стоянки имени Ч. Валиханова): автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Новосибирск, 1984. – 25 с.
137. Таймагамбетов Ж.К. К проблеме эволюции каменной индустрии на стоянке им. Ч. Валиханова // Тез. докл. научн.-практ. конф., посвящ. 70-летию организации Чимкентского областного историко-краеведческого музея (10–12 октября 1990 г.). – Алма-Ата, 1990. – С. 50–52.
138. Таймагамбетов Ж.К. Новые данные о стоянке им. Ч.Ч. Валиханова // Ата-Мура: сб. статей, посвящ. 75-летию Южно-Казахстанского музея. – Шымкент, 1995. – С. 43–45.

139. Таймагамбетов Ж.К., Ожерельев Д.В. Позднепалеолитические памятники Казахстана. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 256 с.
140. Таймагамбетов Ж.К. Геоморфологическая ситуация и стратиграфия много-слойной палеолитической стоянки им. Ч.Ч. Валиханова // Палеоэкология и расселение древнего человека в Северной Азии и Америке: тез. Междунар. симпозиума. – Красноярск, 1992. – С. 234–237
141. Привалов В., Лунин И. Узел цивилизаций // Областная общественно-политическая газета «Южный Казахстан». 30.07.2018. – С.5.
142. Таймагамбетов Ж., Кунитаке С. 60 лет со дня открытия многослойной палеолитической стоянки им. Ч. Валиханова // Қазақстан археологиясы. – 2019. – №3 (5). – С.62-71.
143. Taimagambetov Zh.K. De L' importance de la sequence paleolithique du site Ch.Ch. Valikhanov // Recherches archelologiques Au Kazakhstan. T. X, de Bocard. Paris, 1998. P. 141–143.
144. Taimagambetov Zh.K. De l'importance de la station paleolithique a pluseiurs niveaux “Tch. Valikhanov” // Prehistoire d’Anatolie Genese des deux mondes – Actes du colloque international (Liege, 28 avril – 3 mai 1997). Liege, 1998b. P. 845–848.
145. Мамиров Т.Б. Казахстанский археолог удостоен японской награды «орден восходящего солнца с золотыми лучами, с лентой на шее // Археология Казахстана. – №1 (7). – С. 156-160.
146. Костенко Н.Н., Алпысбаев Х.А. Значение палеолита для расчленения антропогенных отложений // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1969. – С. 107-120.
147. Григорьев В.П., Волчков Б.А. Новые материалы о пещере Ушбас (Южный Казахстан) // Вестник университета Ясави. – 1998. – №1. – С. 68-75.
148. Cuthbertson, P.P, Ullman, T., Büdel, C., Varis, A.G, Namen, A.G, Seltmann, R., Taimagambetov, Z., Iovita, R. (2021). Finding karstic caves and rockshelters in the Inner Asian Mountain Corridor using predictive modelling and field survey. PloS One 16(1):
- 149 . Fitzsimmons K.E., Iovita R., Sprafke T., Glantz M., Talamo S., Horton K., Beeton T., Alipova S., Bekseitov G., Ospanov Y., Deom J.-M., Sala R., Taimagambetov Z. A Chronological framework connecting the early Upper Palaeolithic across the Central Asian piedmont // Journal of Human Evolution, 113, 2017 pp. 107 – 126
150. Гохман И.И. Палеолитическая стоянка «Пещера» на Бухтарме // КСИИМК. – 1957. – Вып. 67. – С. 54-58.
151. Алпысбаев Х.А. Малоизученные пещеры Казахстана // Природа. – 1972. – №12. – С. 109.
- 152 Алпысбаев Х.А. Предварительные итоги изучения памятников каменного века в пещерах Южного Казахстана в 1969-1970 гг. // Успехи среднеазиатской археологии. Вып. 1. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 29-30.

153. Алпысбаев Х.А. Разведка памятников каменного века Казахстана в 1971 году // Успехи среднеазиатской археологии. Вып. 2. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 29-30.
154. Алпысбаев Х.А. Индустрия палеолита Южного Казахстана // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1980. – С.54-64.
155. Алпысбаев Х.А. О находках индустрии каменного века в Каржантау и Караоба // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1978. – С. 117-129.
156. Акишев К.А., Алпысбаев Х.А., Максимова А.Г. Исследования в зоне Шульбинского водохранилища // Археологические открытия 1977 года. – Москва: Наука, 1978. – С. 508-509.
157. Таймагамбетов Ж.К. Памятники каменного века в Восточном Казахстане // Палеолит Сибири. – Новосибирск, 1983. – С. 107-110.
158. Таймагамбетов Ж.К. Шульбинская стоянка // Археология эпохи камня и металла Сибири. – Новосибирск, 1983. – С.161-167.
159. Таймагамбетов Ж.К. Памятники каменного века // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 9-23.
160. Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из Верхнего Прииртышья. – Алматы, 2000. –168 с.
161. Байгунаков Д.С. Қазақстанда мезолиттің зерттелуінің кейбір мәселелері // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 1999. – №14. – 7-14 б.
162. Зайберт В.Ф., Потемкина Т.М., Хотинский Н.А. К вопросу о мезолите лесостепной части Тоболо-Иртышского междуречья // Советская археология. – 1981. – № 3. – С. 9-10.
163. Логвин В.Н. Новые памятники каменного века Кустанайской области // Советская археология. – 1977. – №4.
164. Чиндин А.Ю. Каменные индустрии племен Центрального Казахстана эпохи мезолита-энеолита (на основе типологии, трасологии, эксперимента). Авторф. дисс. канд. истор. наук: 07.00.06 – Археология. – СПб., 1992. – 21 с.
165. Тебаев Д.Б. Раннеголоценовая стоянка Дермен на р. Нуре // Культурология и история древних и современных обществ Сибири и Дальнего Востока. Материалы XLII Региональной археолого-этнографической студенческой конференции. – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2002. – С. 408-409.
166. Подзюбан Е.В. Разновременное поселение на территории Тургайского прогиба // Вестник Санкт-Петербургского университета. История. – 2021. – Т. 66. – Вып. 2. – С. 602-629.
167. Мерц В.К. Краткая история развития материальной культуры Павлодарского Прииртышья: иллюстрированное научно-популярное издание. – Павлодар, 2019. – 142 с.
168. Иванов И.И., Васильев И.Б. Человек, природа и почвы Рын-песков Волго-Уральского междуречья в голоцене. – М.: Интеллект, 1995. – 259 с

169. Артюхова О.А., Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е. О мезолитической стоянке Новая Казанка 1 в Северном Прикаспии (материалы 2005 года) // Самарский научный вестник. – 2017. – Том 6. – №3 (20). – С. 79-85.
170. Искаков Г.Т. Каменная индустрия Мугоджар и Северного Приаралья в мезолите-энеолите: автореф. дис. ... канд. ист. наук: 07.00.06 – Археология. – Алматы, 2006. – 28 с.
171. Коробкова Г.Ф. Культурные и локальные варианты мезолита и неолита Средней Азии (по материалам каменной индустрии) // СА. – 1975. – № 3. – С. 8-26.
172. Подзюбан Е.В. Раннеголоценовые памятники на территории Тургайского прогиба // Вестник НГУ. Серия: История, филология. – 2009. – Том 8. – Выпуск 5: Археология и этнография. – С. 98-108.
173. Алпысбаев Х.А. Находки памятников каменного века в хребте Каратау // Труды Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч.Валиханова АН КазССР. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1962. – Т.14. – С.12-37.
174. Алпысбаев Х.А. Мезолитические и неолитические стоянки Южного Казахстана // Археологические исследования в Отраре. – Алматы: Наука КазССР, 1977. – С. 93-103.
175. Коробкова Г.Ф. Мезолит Средней Азии и Казахстана // Археология СССР. Мезолит СССР. – М.: Наука, 1989. – С. 149-173.
176. Қазақ совет энциклопедиясы. Бас редакторы М. Қ. Қаратаев. Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. – Алма-Ата, 1973. – 1–12 том;
177. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур (Южный Казахстан) // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1969. – Вып. 2. – С. 85-87.
178. Нохрина Т.И., Таймагамбетов Ж.К. Украшения из камня, кости и раковин из пещеры Караунгур (Южный Казахстан) // Актуальные проблемы Сибирской археологии. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1996. – С.42-44.
179. Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И. Археологические комплексы пещеры Караунгур (Южный Казахстан). – Туркестан: Мирас, – 1998. – 186 с.
180. Байгунаков Д.С. Неолит ескерткіштерінің зерттелу тарихы (1960-2000 жж.) // Вопросы истории Казахстана. Исследование молодых ученых. – Алматы, 2000. – 6-20 бб.
181. Мобилизованный археологией. К 80-летию Акишева Кималя Акишевича (1924-2003 гг.). – Астана: ЕНУ, 2004. – 137 с.
182. Байгунаков Д.С. Қазақстан археологиясының көшбасшысы (К.М.Байпақов 65 жаста) // Алаш. – 2005. – №3. – 138-140 б.
183. Дашковский П.К., Савельева Т.В. Карл Молдахметович Байпаков – выдающийся ученый и организатор науки Казахстана. Народы и религии Евразии, 19(2), 2019. С.144-167.
184. Таймағамбетов Ж.К., Бексеитов Г.Т., Оспанов Е.Б. Х.А. Алпысбаевтың ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры // Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-нің Хабаршысы, «тарих» сериясы №3(78), Алматы 2015 ж., 180-186 бб

185. Бексеитов Г.Т., Оспанов Е.Б. Алғашқы тұрмыстық қауым археологиясын оқытудағы музей экспозициясын қолдану (Қазақстан палеолиті музейі негізінде) // Материалы 46-й научно-методической конференции «Модернизация образовательных программ: аккредитация и гарантия качества подготовки кадров» Қазақ университеті, Алматы 2016 г. С. 33-34


186. Оспанов Е.Б. Тас дәуірінің теориялық-методологиялық мәселері мен әдістері // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» журналы, «Тарих және саяси-әлеуметтік» сериясы. №2(57), Алматы. 2018 ж., 272-278 бб

187. Оспанов Е.Б., Мамиров Т.Б. カザフスタン後期旧石器文化の研究. 奈良文化財研究所. //General Archaeological Survey of Upper Paleolithic Sites in the North Foot of Tien Shan Mountains of Southeast Kazakhstan 2019., pp. 17 – 28.

Қосымша А



Сурет – А.1 Дискі тәріздес нуклеус



Сурет –А.2 Дискі тәріздес нуклеус



Сурет –А.3 Пренуклеус



Сурет –А.4 Қырғыш



Сурет –А.5 Нуклеус



Сурет – А.6 Нуклеус қырғыш



Сурет – А.7 Бифасиалды нуклеус



Сурет – А.8 Таблетка



Сурет – А. 9 Үшкіртас



Сурет –А.10 Конус тәріздес нуклеус



Сурет –А.11 Қырғыш

Қосымша Б
Х.А. Алпысбаевтың ғылыми еңбектерінің тізімі

1. Некоторые результаты изучения кремневых орудий // КСИИМК. – 1959. – Вып 76. – С.10-16 По материалам стоянки Костенки II
2. Палеолитическое жилище в Костенках II, археологические и этнографические параллели к нему // ВАН КазССР. – 1958. – №5. – С. 95-105.
3. Позднепалеолитическое поселение Костенки II. Автореферат диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ленинград, 1958.
4. Находки нижнего палеолита в Южном Казахстане // ТИИАЭ АН КазССР. – 1959. – Т.7. – С. 212-241.
5. Находки памятников каменного века в хребте Каратау // ТИИАЭ АН КазССР. – 1962. – Т.14. – С. 12-37.
6. Открытие нижнего палеолита в Казахстане // Вестник АН КазССР. – 1960. – №5. – С. 59-61.
7. Были ли каменные орудия у первобытного человека // Известия АН КазССР. – 1966. – №4. – С. 90-92.
8. Олдувея мен соан малтатас индустриясы және оның Қаратаудағы тас құралдарымен өзара қатысы // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1972. – Б. 47-55.
9. Алпысбаев Х.А., Костенко Н.Н. Геолого-исторические условия в хребте Каратау в эпоху палеолита // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата, 1968. – С. 5-20.
10. Нижнепалеолитические местонахождения в Малом Каратау // ВАН КазССР. – 1959. – №2. – С. 64-70.
11. Новые палеолитические местонахождение в бассейне рек Арыстанды-Бурылтай (Борлдай) в Южном Казахстане // ТИИАЭ АН КазССР. – 1961. – Т.12. – С. 3-20.
12. Открытие памятников древнего и позднего палеолита в Южном Казахстане // СА. – 1961. – №1. – С. 128-138.
13. Первая многослойная палеолитическая стоянка в Казахстане // ВАН КазССР. – 1960. – №11. – С. 103.
14. Костенко Н.Н. Алпысбаев Х.А. палеолит в районе Турланского перевала хребта Каратау // ВАН КазССР. – 1966. – №8. – С. 66-69.
15. Малоизученные пещеры Казахстана // Природа. – 1972. – №12.
16. Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. – С. 227-240.
17. О локальных различиях палеолитических культур Средней Азии и Казахстана // УСА. – 1972. – Вып 2. – С. 5-7.

18. Палеолитические изделия как маркирующий индикатор антропогенных отложений Казахстана // ИАН КазССР. Серия общественных наук. – 1968. – №4. – С. 34-38.
19. Предварительные итоги изучения памятников каменного века в пещерах Южного Казахстана в 1969-1970 гг. // УСА. – 1972. – Вып 1. – С. 29-31.
20. Разведка памятников каменного века Казахстана в 1971 г. // УСА. 1972. – Вып 2. – С. 30-31.
21. Костенко Н.Н., Алпысбаев Х.А. Значение палеолита для расчленения антропогенных отложений // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. – Алма-Ата, 1969. – С. 107-120.
22. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. (Юж. Казахстан) // ИАН. КазССР Серия общественных наук. – 1969. – №2. – С. 85-87.
23. Разведка в Кызылкумском р-не Казахстана // Археологическая открытия 1974 года. – М., 1975. – С. 481.
24. Стратиграфические условия некоторых палеолитических стоянок Южного Казахстана // В глубь веков. – Алма-Ата, 1974. – С. 3-15.
25. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. Т. 1. Первобытно общинный строй. Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 49-79.
26. Акишев А.К., Алпысбаев Х.А., Максимова А.Г. Исследования в зоне Шульбинского водохранилища // Археологическая открытия 1977 года. – М., 1978. – С. 508-509.
27. Мезолитические и неолитические стоянки Южного Казахстана // Археологические исследования в Отраре. – Алма-Ата, 1977. – С. 93-103.
28. О находках индустрии каменного века в Каратау и Караоба // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата, 1978. – С. 117-129.
29. Палеогеография Южного Казахстана (хребет Каратау) в эпоху раннего палеолита Палеоэкология древнего человека. – М., 1977. – С. 202-208.
30. Индустрия палеолита Южного Казахстана // Археологические исследования древнего средневекового Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 54-64.
31. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана (О древнейшем заселении Казахстана первобытным человеком). – Алма-Ата: Наука, 1979.

Қосымша В
Х.А. Алпысбаевтың жеке құжаттары мен фотосуреттері



Сурет – В.1 Х.А. Алпысбаевтың жоғарғы білім туралы құжаты



Сурет – В.2 Х.А. Алпысбаевтың Тарих ғылымдарының кандидаты құжаты

ВОЕННЫЙ БИЛЕТ

АГ № 118036

Алпысбаев
(фамилия)

Насан
(имя и отчество)

Личный № *Р-207768*



Алпысбаев Н. А.
(личная печать)

АГ № 118036

1. Число, месяц, год и место рождения
6 ноября 1928г.
Саян-Аульский р-н
Павлодарской обл.
Казах ССР

2. Национальность *казах*

3. Военный билет выдан *Советами*
Райвоенкоматом
(наименование военкомата)
г. Кызыл-Аты
(город, область, край, республика)

военный комиссар
А. А. А. А.
(подпись)
А. А. А. А.
(подпись)

Дата выдачи *16* *ноября* 19*68* г.

Сурет – В.3 Х.А. Алпысбаевтың әскери құжаты



АППШЕСШАП
СТАРШЕГО НАУЧНОГО
СОТРУДНИКА

МСН № 008774

Москва 4 июля 1968г.

Решением
Президиума Академии Наук
Казахской ССР
от 29 июля 1968г. (протокол № 29/68)

Алпысбаев Насан Алпысбаевич
УТВЕРЖДЕН В УЧЕНОМ ЗВАНИИ
СТАРШЕГО НАУЧНОГО СОТРУДНИКА
ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ
"археология"

 Президиум Академии Наук
Казахской ССР
Главный Ученый Секретарь
Президиума Академии Наук
Казахской ССР

М. А. А. (Ш. Ч. ЧО)
Б. А. А. Б. БАЕ

Сурет – В.4 Х.А. Алпысбаевтың аға ғылыми қызметкер құжаты



Сурет –В. 5 Х.А. Алпысбаев археолог М.Е. Массоның Оңтүстік Түркімения кешенді археологиялық экспедициясында



Сурет – В.6 Х.А. Алпысбаев археологиялық далалық зерттеулерде



Сурет – В.7 Х.А. Алпысбаев Костенки ескерткішінде



Сурет –В.8 Ш.Уалиханов (Қарасу) ескерткішінде



Сурет –В. 9 Х.А. Алпысбаев Ш.Уалиханов (Қарасу) ескерткішін көпшілікке таныстыруда



Сурет – В.10 Х.А. Алпысбаев Ленинград археологтарымен



Сурет – В.11 Х.А. Алпысбаев және шәкірті Ж.К. Таймағанбетов



Сурет – В.11 Х.А. Алпысбаев Ленинград қаласында



Сурет – В.12 Х.А. Алпысбаевтың әр жылдағы бейнесі